

Ұлттық қаржылық есептіліктің N 2 стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 21 маусымдағы N 217 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2007 жылғы 17 шілдедегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4816 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 31.01.2013 № 50 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2013 бастап туындаған қатынастарға қолданылады).

РҚАО-ның ескертуі. Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 5-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық қаржылық есептіліктің N 2 стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір қаулыларының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есепке алу әдіснамасы департаментінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік активтерді басқару әдіснамасы департаменті (Ж.Н. Айтжанова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғы » 2 1

м а у с ы м д а ғы

N

2 1 7

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Ұлттық қаржылық есептіліктің N 2 стандарты Мазмұны

- 1 - бөлім. Қолдану аясы
- 2-бөлім. Тұжырымдама және негізгі қағидаттар
- 3-бөлім. Қаржылық есептерді ұсыну
- 4-бөлім. Бухгалтерлік баланс
- 5-бөлім. Пайда мен залал туралы есеп
- 6-бөлім. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп
- 7-бөлім. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
- 8-бөлім. Қаржылық есептерге ескертпелер
- 9-бөлім. Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептер
- 10-бөлім. Есеп саясаты, есептік бағалаулар мен қателер
- 11-бөлім. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер
- 12 - б ө л і м . Қ о р л а р
- 13-бөлім. Ассоциацияланған кәсіпорындарға инвестициялар
- 15-бөлім. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
- 16-бөлім. Негізгі құралдар
- 17-бөлім. Гудвилді қоспағанда, материалдық емес активтер
- 18-бөлім. Бизнесті біріктіру және гудвилл
- 19 - б ө л і м . Ж а л ғ а а л у
- 20-бөлім. Бағалау міндеттемелері мен шартты міндеттемелер
- 21 - б ө л і м . К а п и т а л
- 22 - б ө л і м . К і р і с
- 23-бөлім. Мемлекеттік субсидиялар
- 24-бөлім. Қарыздар бойынша шығындар
- 25-бөлім. Акцияларға негізделген төлем
- 26-бөлім. Қаржылық емес активтердің құнсыздануы
- 27-бөлім. Қызметкерлерге берілетін сыйақылар
- 28-бөлім. Пайдаға салынатын салық
- 29-бөлім. Гиперинфляциялық экономика жағдайындағы қаржылық е с е п т і л і к
- 30-бөлім. Шетел валютасындағы операцияларды ауыстыру
- 31-бөлім. Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар
- 32-бөлім. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу
- 33-бөлім. Мамандандырылған салалар
- 34-бөлім. Тоқтатылған қызмет және сатуға арналған активтер
- 35-бөлім. Аралық қаржылық есептілік
- 36-бөлім. Субъектілер үшін ХҚЕС-ке көшу

4-қосымша

1. Жалпы ережелер § 1. Қолданылу аясы

1. Осы Ұлттық қаржылық есептіліктің N 2 стандартының мақсаты (бұдан әрі - Стандарт) мыналардың бухгалтерлік есепті жүзеге асыруы және қаржылық есептілікті жасауы болып табылады:

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 124 Заңына сәйкес айқындалған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі - субъект);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың коммерциялық емес ұйымдарының, филиалдары мен өкілдіктерінің (бұдан әрі - субъект) ;

жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындардың (қазыналық кәсіпорындар) (бұдан әрі - субъект).

2. Осы Стандарттың әрекеті мыналарға қолданылмайды:

шаруа немесе фермер қожалықтарына, заңды тұлғалар - ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, сондай-ақ оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимдерін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 124 Заңына сәйкес айқындалатын ірі кәсіпкерлік субъектілеріне;

ж а р и я м ү д д е ұ й ы м ы н а ;

мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының секьюритизация туралы заңнамасына сәйкес құрылған қаржы ұйымдарына және арнайы қаржы компанияларына.

3. Осы Стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) актив - болашақ экономикалық пайда алуды күтіп отырған өткен оқиғалардың нәтижесінде дара кәсіпкер немесе ұйым бақылайтын ресурс;

2) амортизация - амортизацияланатын актив құнын оны пайдалы пайдалану мерзімі ішінде жүйелі бөлу;

3) ассоциацияланған ұйым - инвестор едәуір әсер ететін, бірақ еншілес ұйым да, инвестордың бірлескен қызметі де болып табылмайтын ұйым;

4) амортизацияланатын құн - бұл активтің өзіндік құны немесе оның таралу құнын шегергенде, өзіндік құнының орнына қаржы есептілігінде көрсетілген басқа шама;

5) активтердің түрі - сипаты мен субъектінің қызметінде қолданылуы бойынша ұқсас активтер тобы;

6) ақша қаражаты - кассадағы ақша қаражаты мен талап етіп алғанға дейінгі депозиттер;

7) ақша қаражатының қозғалысы - ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының ағылып келуі және қайтуы;

8) азшылық үлесі - еншілес ұйымның пайдасы мен залалының және таза активтерінің бөлігі, ол негізгі ұйым еншілес ұйым арқылы тікелей немесе жанама түрде меңгермейтін капиталдың қатысу үлесіне келеді;

9) (активтің) тарату құны - субъектінің егер актив мейлінше ескі болып, ал оның жай-күйі оның жарамды пайдалану мерзімінің соңында күтілгендей болса, шығуға арналған есеп айырысу шығындарын шегергеннен кейін активті шығару кезінде қазіргі кезде ала алатын есеп айырысу сомасы;

10) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп - субъектінің ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының ақша қаражатының қозғалысы операциялық, инвестициялық қызметтер мен қаржыландыру қызметінен бөлек көрінетін кезеңдегі өзгерісі туралы ақпарат бар қаржылық есеп;

11) ақша қаражаты есеп айырысу бойынша жүргізілетін акцияларға негізделген төлем операциясы - акцияларға негізделген төлем операциясы, ол кезде ұйым акциялардың немесе ұйымның басқа да үлестік құралдарының бағасына (немесе құнына) негізделген сомада осы тауарларды немесе қызметтерді жеткізушіге ақша қаражаты мен басқа да активтерді беру міндеттемесін қабылдау арқылы тауарлар мен қызметтерді ұйым сатып алатын акцияларға негізделген төлем операциясы;

12) аралық қаржылық есептер - құрамында қаржылық есептердің толық жинағы немесе аралық мерзімнің жинақталған қаржылық есептер жинағы бар қаржылық есептілік;

13) аралық кезең - толық қаржылық жылдан қысқа болатын қаржылық есепті кезең;

14) акцияларға негізделген төлем операциялары - ұйымның үлестік құралдары үшін өтем ретінде тауарларды немесе қызметтерді (акцияларды немесе акцияларға арналған опциондарды қоса алғанда) алатын немесе акциялардың немесе кәсіпорынның басқа да үлестік құралдарының бағасына негізделетін сомалардың мөлшерінде осы тауарлар мен қызметтерді жеткізушінің алдындағы міндеттемелерді қабылдау арқылы тауарлар мен қызметтерді сатып алатын операция;

15) ақша қаражатының баламалары - ақша қаражатының бұрын белгілі болған сомаға жеңіл айналатын және құны өзгеруінің елеусіз қауіп-қатерін туындататын қысқа мерзімдік жоғары тиімді салымдар;

16) ағымдағы салық - ағымдағы кезеңдегі салық салынатын пайдаға (салықтық залалға) қатысты төлеуге (өтеуге) тиіс пайдаға салынатын салық сомасы;

17) ауыл шаруашылық қызметі - ауыл шаруашылығы өнімдерін немесе сату үшін қосымша биологиялық активтер алу мақсатында биологиялық активтерді тасымалдауды басқаруға бағытталған субъектінің қызметі;

18) ауыл шаруашылығы өнімдері - субъектінің биологиялық активтерінен жиналған өнімдер;

19) әділ құн - актив алмастырылуы мүмкін, ол бойынша міндеттеме өтелуі мүмкін немесе оған жақсы хабардар болған, осындай операциялар жасауға ниет білдірген тәуелсіз тараптар арасында операция жасау кезінде берілетін үлестік құрал алмастырылуы мүмкін сома;

20) әзірлеу - жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған материалдарды, құрылғыларды, өнімдерді, процестерді, жүйелерді немесе оларды коммерциялық өндіруді бастағанға не қолданғанға дейінгі қызметтерді жоспарлау немесе өндірісін жобалау кезінде зерттеулер мен басқа білімдердің нәтижелерін қолдану ;

21) баланс - белгілі бір уақыт кезеңінде субъект активтерінің, міндеттемелерінің және капиталының өзара байланысын білдіретін қаржылық есеп;

22) баланстық құн - актив немесе міндеттемелер баланста танылатын сома;

23) биологиялық актив - жануар немесе өсімдік;

24) белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарына берешек - мұндай міндеттемелерді тікелей орындауға арналған есепті күнге арналған (егер мұндай болса) жоспар активтерінің әділ құнын шегергендегі есепті күнге арналған белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің әділ құны;

25) басты ұйым - бір немесе бірнеше еншілес ұйымдары бар ұйым;

26) бағалау міндеттемелері - шамасы бойынша белгісіз не орындалу мерзімі белгіленбеген міндеттеме;

27) бизнесті біріктіру - жекелеген ұйымдардың немесе бизнестердің есеп беретін бір ұйымға бірігуі;

28) белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспары бойынша міндеттеме (берілген құны) - жоспардың активтерін шегерместен, ағымдағы және өткен кезеңдерде жұмыскерлердің қызметтеріне байланысты міндеттемелерді орындау үшін қажетті күтілетін болашақ төлемдердің берілген құны;

29) байланысты тараптар арасындағы операция - төлемнің жүргізілу, жүргізілмеуіне қарамастан, байланысты тараптар арасындағы ресурстарды, қызметтерді немесе міндеттемелерді беру;

30) белгіленген жарналармен зейнетақы жоспары - еңбек жолын аяқтағаннан кейін сыйлықақылар беру жоспарлары, олардың шеңберінде субъект белгіленген мөлшерде жарналарды жекелеген субъектіге (қорға) төлейді және қосымша жарналар төлеу не қорда ағымдағы және алдыңғы кезеңдерде жұмыскерлердің қызметтеріне жататын жұмыскерлерге барлық сыйлықақыларды төлеу үшін қолма қол жеткілікті активтер болмаған жағдайда жұмыскерлерге тікелей сыйлықақылар төлеу жөніндегі заңдық немесе практикадан туындайтын міндеттемелер оған жүктелмейді;

31) белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарлары - белгіленген жарналармен зейнетақы жоспарынан ерекшеленетін еңбек жолын аяқтағаннан кейін сыйлықақылар беру жоспарлары;

32) бірлескен кәсіпорын - екі немесе бірнеше сараптардың бірлескен бақылауға жататын экономикалық қызметті жүзеге асыратын шарттық келісім. Бірлескен ұйымдар бірлесіп бақыланатын активтердің, бірлесіп бақыланатын қызметтің немесе бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың нысанын қабылдауы мүмкін;

33) бірлесіп бақыланатын кәсіпорын - бірлескен қызметке қатысушылардың әрқайсысының өзінің қатысу үлесі бар корпорацияны, серіктестікті немесе өзге де ұйымды құру көзделетін бірлескен қызмет. Ұйым, бірлескен қызметтің қатысушылары арасында шарттық келісім ұйымның экономикалық қызметін бірлескен бақылауды белгілейтінін қоспағанда, басқа ұйымдар сияқты қызметін жүргізеді;

34) бірлескен бақылау - экономикалық қызметті бақылауды белгілі бір шартпен бөлу. Осы қызметке жататын стратегиялық қаржылық және операциялық шешімдер бірлесіп бақылауды жүзеге асыратын (бірлескен қызметке қатысушылар) тараптардың бірауыздан келісімін талап еткенде ғана болады;

35) берілген құн - әдеттегі қызметінің барысында ақша қаражатының болашақ таза ағындарының дисконтталған құнын ағымдық есептік бағалау;

36) болжанатын шартты бірлік әдісі - актуарлы бағалау әдісі, мұны сыйлықақының қосымша бірлігіне құқықты көбейту үшін негіздеме ретінде қызметтің әрбір кезеңінде қарайды және түпкілікті міндеттемені қалыптастыру мақсатында әрбір бірлікті бөлек өлшейді (кейде қызмет кезеңіне пропорционалды бөлінген есептелген сыйлықақы беру әдісімен немесе қызметтің ұзақтығын/сыйлықақы беру әдісімен);

37) бухгалтерлік есепте есептеу қағидаты операциялар мен өзге де оқиғалардың нәтижелері олар туындағанда танылады (ақша қаражатын немесе

оның баламаларын алу немесе төлеу кезінде емес) және есепке алу жазбаларында көрсетіледі және өздері жатқызылатын есепті кезеңдердің қаржы есептеріне енгізіледі;

38) гудвилл - жеке сәйкестендіруге және жеке танып, қабылдауға болмайтын активтерден түсетін болашақ экономикалық табыстар;

39) дұрыс ұсыну - активтердің, міндеттемелердің, табыстар мен шығыстардың анықтамаларына және өлшеулеріне сәйкес операциялардың, басқа да оқиғалар мен жағдайлардың нәтижелерін дұрыс ұсыну;

40) еншілес ұйым - негізгі ұйым ретінде белгілі басқа ұйым бақылайтын ұйым;

41) есептілік валютасы - қаржылық есептерде ұсынылатын валюта;

42) еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар - еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төлеуге жататын сыйақылар (жұмыстан шығу жәрдемақыларынан басқа);

43) еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақы жоспарлары - оларға сәйкес субъект бір немесе бірнеше қызметкерлерге олардың еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақы беретін ресми немесе ресми емес келісімдер;

44) есепті күн - қаржылық есептерде немесе аралық қаржылық есептілікте қамтылатын ең ақырғы кезеңнің соңы;

45) есепті кезең - қаржылық есептерде немесе аралық қаржылық есептілікте қамтылатын кезең;

46) есептік бағалаудағы өзгеріс - активтің немесе міндеттеменің баланстық құнын немесе активтер мен міндеттемелердің ағымдағы жай-күйін және активтер мен міндеттемелерге байланысты болашақтағы пайдадан және міндеттемелерден күтілетін бағалау нәтижесінде туындайтын активті кезең-кезеңмен тұтыну сомасын түзету. Есептік бағалаулардағы өзгерістер жаңа ақпарат немесе оқиғалардың дамуы нәтижесінде туындайды және тиісінше қателерді түзету болып табылмайды;

47) ескертпе (қаржылық есептерге) - ескертпелерде баланстағы, пайда мен залалдар туралы есептердегі, капиталдағы өзгерістер туралы есепте және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептегі ақпаратқа енгізілген қосымша ақпарат болады. Ескертпелерде осы есептердегі ашылған баптарды баяндап сипаттау немесе егжей-тегжей талдау және осы есептерде танып, қабылдауға жатпайтын баптар туралы ақпараттар беріледі;

48) есеп айырысу үлестік құралдарымен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлем операциясы - кәсіпорынның үлестік құралдары (акцияларды немесе акцияларға опциондарды қоса алғанда) үшін өтеу ретінде тауарларды немесе қызметтерді ұйым алатын акцияларға негізделген төлем операциясы;

49) жарамды пайдалану мерзімі - субъектінің пайдалануы үшін активтің жарамды болуы күтілетін уақыт кезеңі немесе өнімнің белгілі бір саны немесе субъект осы активтің көмегімен алуды көздейтін ұқсас көрсеткіш;

50) жылжымайтын мүлікке инвестиция - жалға беру төлемдерін немесе капитал құнының өсуін немесе оның да, басқасының да, бірақ:

әкімшілік мақсаттағы тауарларды, қызметтер көрсетуді өндіруде және ж е т к і з у д е п а й д а л а н у ;

әдеттегі шаруашылық қызметтің барысында сату үшін арналмаған ұсталатын (қаржылық жалға беру шарты бойынша иесінің немесе жалдаушының) жылжымайтын мүлкі (жер немесе ғимарат не ғимараттың бөлігі мен сол және басқасы);

51) жоспардың (зейнетақы жоспарының) активтері - қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар қорының активтері және "Қызметкерлерге сыйақы" деген 19 ХҚЕС (IAS) сәйкес белгіленген талаптарды қанағаттандыратын сақтандыру полистері;

52) жеке қаржылық есептер - негізгі ұйым, қауымдасқан ұйымның инвесторы немесе инвестициялардың ұсынылған нәтижелерінің және объектінің таза активтерінің негізінде емес, инвестициялар капиталға тікелей қатысу үлесінің негізінде есепке алынатын бірлескен бақыланатын ұйымдағы бірлескен қызметтің қатысушысы ұсынатын қаржылық есептер. Егер қауымдасқан ұйымның инвесторы немесе бірлескен қызметтің қатысушысы әлі негізгі ұйым болып табылмаса, онда оның қаржылық есептері жекелеген қаржылық есептердің анықтамасына жатпайды;

53) жалға беру - жалға беруші жалға алушыға келісілген уақыт кезеңі ішінде активті пайдалану құқығының төлеміне немесе төлемнің сериясына алмастыруға беретін шарт;

54) жалпы мақсаттағы қаржылық есептер - акционерлер, кредиторлар және жалпы қоғам сияқты пайдаланушылардың кең ауқымды ортасының жалпы ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қаржылық есептер;

55) жұмыс берушілер тобының жоспарлары (зейнеттік) - белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары (мемлекеттік зейнетақы жоспарларынан басқа) немесе белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары (мемлекеттік зейнетақы жоспарларынан басқа), олар:

жалпы бақылаудан тыс жатқан әртүрлі ұйымдар енгізген активтерді б і р і к т і р е д і ;

сыйлықақылардың мөлшері мен жарналар оларды алатын қызметкерлердің қандай ұйымда жұмыс істейтініне қарамастан, белгіленетін жағдайда бірнеше ұйымның қызметкерлеріне сыйлықақылар беру үшін осы активтерді пайдаланады;

56) зерттеулер - жаңа ғылыми немесе техникалық білімдерді алудың перспективасы бар жүргізілген бастапқы және жоспарлы зерттеулер;

57) инвестициялық қызмет - ұзақ мерзімді активтер мен ақша қаражатының баламасына жатпайтын басқа да инвестицияларды сатып алу және шығару;

58) капитал - дара кәсіпкердің немесе ұйымның активтеріндегі барлық міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған үлес;

59) кірістер - бұл субъектінің әр түрлі, оның ішінде сату, сыйақы, пайыздар, дивидендтер мен роялти деп аталатын қарапайым қызмет түрлерінен қаражаттың түсуі;

60) кейінге қалдырылған салық активтері - болашақ кезеңдерде мыналарға:
шегерілетін уақытша айырмаларға;
пайдаланылмаған салық шығындарын келешек кезеңге ауыстыруға;
пайдаланылмаған салық несиелерін келешек кезеңге ауыстыруға қатысты өтелуі тиіс пайдаға салынатын салық сомалары;

61) кейінге қалдырылған салық міндеттемелері - салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты келешек кезеңде төленуге тиіс пайдаға салынатын салықтар сомалары;

62) капиталдағы өзгерістер туралы есеп - кезеңдегі пайда мен залалды, кезеңдегі тікелей капиталдың құрамында танып, қабылданған кірістер мен шығыстар бабын, кезеңдегі есеп саясатындағы қателер мен өзгерістерді түзетуге әсер ететін, және ұйымның негізделетін капиталдағы өзгерістер туралы есептің форматына байланысты - ұйым капиталының иелеріне жүргізілген инвестициялар сомасы және кезеңдегі оларға төленген дивидендтер мен өзге де бөлулердің сомаларын білдіретін қаржылық есеп;

63) кезеңдегі табыстар және бөлінбеген табыстар туралы есеп - кезеңдегі капиталда пайда немесе зиян және оған өзгерістерді білдіретін қаржылық есеп;

64) қызметкерлерге сыйақылар - субъект қызметкерлерге олар көрсеткен қызметтерге айырбасқа беретін барлық өтеу нысандары;

65) құрамдасқан қаржылық құралдар - эмитенттің көзқарасы бойынша міндеттемелер мен капитал элементтерін құрайтын қаржылық құрал;

66) қорлар - активтер:
әдеттегі қызмет барысында сатуға арналған;
осындай сату үшін өндіріс процесінде;
өндірістік процесте немесе қызметтер көрсету кезінде пайдалануға арналған шикізаттар немесе материалдар нысанында;

67) қарыздар бойынша шығындар - қаражатты қарызға алуға байланысты субъект келтірген пайыздық және басқа да шығыстар;

68) қателер - бір немесе бірнеше алдыңғы кезеңдер үшін субъектінің қаржылық есептеріндегі, сенімді ақпаратты пайдаланбау немесе қате пайдалану

салдарын туындататын қалып қойған жерлер мен бұрмалаулар:
сол кезеңдерге қаржылық есептер шығаруға бекітілген кезде орын алған;
осы қаржылық есептерді дайындау және беру барысында алынуы және
қаралғаны күтілуі негізделуі мүмкін;

69) қызметтің нәтижелері - пайда мен залал туралы есепте берілген
субъектінің кірістері мен шығыстарының өзара байланысы;

70) құрылысқа арналған шарт - активтің немесе өзінің құрылысына,
технологиясы мен функциясына немесе олардың түпкі мақсатына не
пайдаланылуына өзара тығыз байланысты және өзара тәуелді активтер кешенін
салуға арнайы жасалған шарт;

71) қатты келісім - болашақта белгілі бір күнге (күндерге) көрсетілген баға
бойынша белгілі бір ресурстар санымен айырбастауға міндетті күші бар келісім;

72) құнсызданудан болатын шығындар - бұл:
аяқтауға және сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде сату бағасынан
асатын артық қорлардың баланстық құнына арналған сома, не
сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде әділ құнынан асатын өзге де
қаржылық емес активтердің баланстық құнына арналған сома;

73) қаржылық есептердің мақсаты - пайдаланушылардың ақпараттық
талаптарын ескере отырып, жасалған есептілік беруді талап етудің мүмкіндігі
болмайтын экономикалық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушылардың кең
ауқымды ортасы үшін пайдалы қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және
ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпарат ұсыну;

74) қаржылық жалға алу - жалға беру, оның шарты бойынша активке меншік
құқығына лайық барлық тәуекелдер мен пайдаларды беру жүргізіледі. Меншік
құқығы берілуі де, берілмеуі де мүмкін. Жалға алудың қаржылық жалға алудан
ерекшеленетін кез келген нысаны операциялық жалға алу болып табылады;

75) қаржылық актив - мынадай:

а қ ш а қ а р а ж а т ы ;

б а с қ а с у б ъ е к т і н і ң ү л е с т і к құ р а л ы ;

ш а р т п е н :

басқа субъектіден ақша қаражатын немесе өзге де қаржылық активті алу;
субъект үшін ықтимал пайдалы шарттарда басқа субъектімен қаржылық
активтермен немесе қаржылық міндеттемелермен алмасу құқығын білдіретін;
есеп айырысу субъектінің меншікті үлестік құралдарымен жүзеге
асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін және мынадай:

субъектінің меншікті үлестік құралдарының ауыспалы санын субъект алатын
және алуға міндетті болатын өндірістік емес құралдар;

ақша қаражатының немесе басқа қаржылық активтің белгіленген сомасын
алмастыруға қарағанда есеп айырысу субъектінің меншікті үлестік

құралдарының белгіленген санына өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін өндірістік құрал. Бұл мақсаттар үшін субъектінің меншікті үлестік құралдарына болашақта субъектінің меншікті үлестік құралдарын алуға немесе жеткізуге шарт болып табылатын құралдар қосылмайтын шарт болып табылатын кез келген актив;

76) қаржылық құрал - нәтижесінде бір субъектідегі актив пен қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал басқа субъектіге туындайтын шарт;

77) қаржылық міндеттеме - мынадай:
ш а р т п е н :

ақша қаражатын немесе өзге де қаржылық активті басқа субъектіге беру;
субъект үшін ықтимал тиімсіз жағдайларда басқа субъектімен қаржылық активтермен немесе қаржылық міндеттемелермен алмасу белгіленген міндеттеме ;

есеп айырысу субъектінің меншікті үлестік құралдарымен жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін және мынадай:

кәсіпорынның меншікті үлестік құралдарының ауыспалы санын субъект беретін және беруге міндетті болатын;

ақша қаражатының немесе басқа қаржылық активтің белгіленген сомасын алмастыруға қарағанда есеп айырысу субъектінің меншікті үлестік құралдарының белгіленген санына өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін. Бұл мақсаттар үшін ұйымның меншікті үлестік құралдарына болашақта субъектінің меншікті үлестік құралдарын алуға немесе жеткізуге шарт болып табылатын құралдар қосылмайтын шарт болып табылатын кез келген міндеттеме ;

78) қаржылық жағдай - субъектінің баланста ұсынған активтерінің, міндеттемелерінің және капиталының өзара байланысы;

79) қаржылық есептер - субъектінің қаржылық жағдайын, қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын құрылымдап ұсыну ;

80) қаржылық қызмет - субъектінің енгізілген капиталының және қарыз қаражатының мөлшеріндегі және құрамындағы өзгерістерге әкелетін қызмет;

81) қаржылық есептердің элементтері - операциялар мен басқа да оқиғалардың және жағдайлардың қаржылық нәтижелерінің ауқымды санаттары;

қаржылық жағдайды өлшеумен тікелей байланысты элементтер активтер, міндеттемелер мен капитал болып табылады,

қызметтің нәтижелерін өлшеуге тікелей байланысты элементтер табыстар мен шығыстар болып табылады.

82) мемлекеттік субсидиялар - субъектінің операциялық қызметіне жататын өткен немесе болашақта орындауға белгіленген шарттарды алмастыруда субъектіге ресурстарды беру нысанындағы мемлекеттік көмек;

83) мемлекеттік (зейнетақы) жоспары - барлық ұйымдарды қамту үшін заңмен құрылған (немесе белгілі бір санаттағы барлық ұйымдар үшін, мысалы нақты сала) және ұлттық немесе жергілікті үкімет не есеп беретін бақыланбайтын және оның қол астында болатын басқа мекеме (мысалы, осы мақсат үшін арнайы құрылған өзін-өзі басқару органы) басқаратын зейнетақы жоспарлары;

84) материалдық емес актив - табиғи нысаны жоқ сәйкестендірілетін немонетарлық актив. Мұндай актив мынадай жағдайларда:

бөлек болып табылса, яғни оны ұйымнан бөліп алуға, сатуға, беруге, лицензиялауға, жалға беруге тапсыруға немесе онымен байланысты шартпен, активпен және міндеттемемен бірге не бөлек алмастыруға болса;

шарттық немесе басқа да заңды құқықтар нәтижесінде осы құқықтарды беруге немесе субъекіден немесе басқа да құқықтар мен міндеттемелерден бөліп алуға болатынына қарамастан, туындағанда сәйкестендірілетін болып табылады;

85) міндеттеме - бұл реттеу экономикалық табыстарды құрайтын ресурстардың шығуына әкелетін бұрынғы оқиғалардан туындайтын дара кәсіпкердің немесе ұйымның қолданыстағы міндеті;

86) негізгі құралдар - бұл:

тауарларды шығаруда немесе қызметтерді көрсетуде немесе беруде пайдалануға, басқа адамдарға жалға беруге арналған немесе әкімшілік мақсаттарға арналатын;

күтіліп отырғандай бір кезеңнен астам ішінде пайдаланылатын материалдық активтер;

87) операциялық қызмет - негізгі түсімді әкелетін субъектінің қызметі және инвестициялық қызметтен және қаржыландыру қызметінен ерекшеленетін өзге де қызметтер;

88) операциялық жалға беру - шарты бойынша меншік құқығына лайықты барлық қауіп-қатерлер мен табыстарды беру жүргізілмейтін жалға беру. Операциялық жалға беруден ерекшеленетін кез келген жалға беру нысаны қаржылық жалға беру болып табылады;

89) операциялық сегмент - операциялық сегмент:

қызмет барысында ол табыс кіргізетін және шығыстарды көтеретін экономикалық қызметті жүзеге асыратын (субъектінің басқа да компоненттерімен операция жүргізуге қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда),

сегментке және оның қызметінің нәтижелерін бағалауға арналған

ресурстарды бөлу жөніндегі шешімдерді қабылдау үшін операциялық шешімдер қабылдауға жауапты ұйымның жоғары лауазымды тұлғасы әдетте қарайтын қызметтің нәтижелері, және

жеке қаржылық ақпараты бар ұйым үшін субъектінің құрамдас бөлігі болып табылады;

90) өзгертілген пайыз ставкасы - мыналардан:
эмитенттің ұқсас қаржылық құралы үшін төлем қабілетінің ұқсас рейтингінен б а с ы м с т а в к а д а н ;

қолданылуы қаржылық құралдың номиналдық сомасын дисконттау үшін тауарлар мен қызметтердің оларды мерзімін ұзартпай төлеу кезінде ағымдық сату бағасын алуға ықпал ететін пайыздық ставкадан неғұрлым анық белгіленетін шама;

91) өлшеу - қаржылық есептердің элементтері танылуы әрі баланста және пайда мен залал туралы есепте көрінуі тиіс ақша сомаларын айқындау процесі;

92) пайыздың тиімді ставкасының әдісі - қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу (немесе қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің топтары) және тиісті кезеңге пайыздық табысты не пайыздық шығысты бөлу әдісі;

93) пайдаға салынатын салық - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салынатын кіріске қатысты (салықтық залал) бюджетке төлеуге (бюджетке қайтаруға) жататын корпоративтік табыс салығы;

94) практикадан туындайтын міндеттеме - субъектінің мынадай жағдайда:
бұрынғы қызметін практикамен құрған, саясатпен немесе нақты ағымдық мәлімдемемен мәлімдеген субъект басқа тараптарға өзіне белгілі бір міндеттемелер қабылдайтынын көрсеткендегі;

нәтижесінде субъект бұл тараптардан өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындайтынына қатысты негізделген күтуді құрғандағы іс-қимылынан туындайтын міндеттеме;

95) пайда мен залалдар туралы есеп - субъектінің қызметінің нәтижелері, яғни табыстар мен шығыстардың өзара байланысы туралы ақпарат берілетін қаржылық есеп;

96) пайда - табыстан шығыстарды шегергеннен кейін қалған қалдық шама;

97) перспективалық қолдану (есеп саясатындағы өзгерістер) - саясат өзгерген күннен кейін болған операцияларға, басқа оқиғаларға және міндеттемелерге жаңа есеп саясатын қолдану;

98) пайыздың тиімді ставкасы - бұл қаржылық құралдың болуының күтілетін мерзімі ішінде есеп айырысудың келешек ақшалай төлемдерін немесе түсімдерін

дисконттау үшін қолдану нәтижесінде немесе неғұрлым қысқа мерзімдегі болатын, қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына тең шамада алынатын ставка;

99) ретроспективті қолдану (есеп саясатындағы өзгерістер) - бұл есеп саясаты әрқашан пайдаланылатындай операцияларға, басқа да оқиғалар мен жағдайларға жаңа есеп саясатын қолдану;

100) сөзсіз сыйақылар - зейнетақы жоспарының шарттарына сәйкес оған құқық қызметкерлердің одан арғы жұмысына байланысты емес сыйақылар;

101) сақтандыру шарты - бір тарап (сақтандырылушы), егер болашақта туындайтын мәлімделген оқиға белгілі болмайтын, (сақтандырылған оқиға) (полис ұстаушыға) қолайсыз әсер ететін елеулі сақтандыру тәуекелін екінші тараптан полисті ұстаушыдан қабылдайтын шарт;

102) салық базасы - активтің, міндеттеменің немесе үлестік құралдың қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес айқындалатын шамасы;

103) салық салынатын уақытша айырмалар - активтің баланстық құны өтелетін немесе міндеттеменің баланстық құны өтелетін болашақ кезеңдердегі салық салынатын табыстарды (салық шығынын) айқындау кезінде салық салынатын сомалар болып табылатын уақытша айырмалар;

104) салық бойынша кейінге қалдырылған шығыс (салықты өтеуден түскен табыс) - кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің өзгерістеріне қатысты кезеңдегі пайданың немесе зиянның есеп айырысуына енгізілген салық бойынша шығыс (салықты өтеуден түскен табыс);

105) салық төлеу бойынша шығыстар (салықты өтеуден түсетін табыстар) - кезең ішінде ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған салыққа қатысты есеп айырысуға енгізілген жалпы шама;

106) сату үшін қолда бар қаржылық актив - баланстық құны негізінен сату жолымен өтелетін, бірақ жүргізіліп жатқан пайдаланудың нәтижесінен болмайтын актив;

107) төлеуге жататын қарыздар - төлеу мерзімін ұзартудың қарапайым шарттарымен қысқа мерзімді дебиторлық берешек сауданы қоспағанда, қаржылық міндеттемелер;

108) танудың тоқтауы - бұрын танылған қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені субъектінің балансынан алып тастау;

109) тоқтатылған қызмет - субъектінің шыққан не сатуға арналып жіктелген ж ә н е :

қызметтің белгілі бір түрін немесе қызметін жүргізетін географиялық а у д а н д ы б і л д і р е т і н ;

қызметтің жеке белгілі бір түрінің немесе қызметті жүргізудің географиялық

ауданының бірыңғай үйлестірілген шығу жоспарының бөлігі болып табылады; кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес кәсіпорын болып табылатын құрамдас бөлігі;

110) тану - бұл балансқа немесе пайда мен залал туралы есепке элементтердің бірін айқындауға сәйкес келетін және мынадай өлшеулерді қанағаттандыратын бапты енгізу процесі:

бапқа байланысты болашақтағы кез келген экономикалық пайданы субъект алатын немесе жоғалтатын ықтималдық бар;

іс жүзіндегі шығындар немесе баптың құны сенімді өлшенуі мүмкін;

111) уақытша айырмалар - бұл активтің немесе міндеттеменің және оның салық базасының арасындағы айырмалар;

112) ұсыну күні - субъект мен қарсы тараптың келісім шарттарын бірдей түсінігі болған жағдайда субъекті мен екінші тарап (жұмыскерді қосқанда) акцияларға негізделген төлемдер туралы келісім-шарт жасасатын күн. Енгізу күніне субъект қарсы тарапқа, егер бұлар болса, көшудің белгіленген шарттарын сақтаған жағдайда ұйымның ақша қаражатына, басқа активтеріне немесе үлестік құралдарына құқық береді. Егер бұл келісім бекітуге жататын болса (мысалы, акционерлер), онда енгізу күні осы бекіту тапсырылған күн болып табылады;

113) (ұйымды) бақылау - ұйымның қызметінен пайда алу үшін оның қаржылық және операциялық саясатын басқару құқығы;

114) функционалдық валюта - субъект қызмет ететін негізгі экономикалық ортадағы валюта;

115) хеджирленетін құрал - осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес хеджирлеуді есепке алу мақсаттары үшін хеджирленетін құрал мыналар болып табылады:

осы Стандарттың 193-тармағының талаптарына жауап беретін пайыздық свопты; хеджирленетін бап сияқты шетелдік валютаға байланысты пайыздық свопты немесе форвардты валюталық келісім-шартты; немесе хеджирленетін бап сияқты сол тауарға байланысты форвардты келісім-шартты білдіреді;

осы Стандарттың 192-тармағының өзге де талаптарын қанағаттандырады. Бұл ретте "Қаржылық құралдар - тану мен бағалау" ХҚЕС (IAS) 39 қолдануды шешкен ұйым қаржылық құралдарды есепке алу үшін осы анықтаманы емес, осы ХҚЕС-тен хеджирлеуді есепке алудың анықтамасын пайдалануы тиіс;

116) халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі - ХҚЕС) - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттар комитетінің қоры бекіткен қаржылық есептілік стандарттары;

117) хеджирленетін бап - осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес хеджирлеуді есепке алу мақсаттары үшін хеджирленетін бап мыналар болып табылады: амортизацияланған құны бойынша қарыз құралының пайыздық қауіп-қатері; тұрақты келісімнің немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операцияның

валюталық

катері;

жеңіл анықталатын нарықтық бағасы бар тауар бағасының өзгеру қаупі, ол бойынша субъект меңгерген немесе тұрақты келісімге сәйкес не ықтималдығы жоғары болжанатын операцияның нәтижесінде сатуы не сатып алуы тиіс; шетелдік қызметке инвестицияның таза сомасы бойынша валюталық қауіп-қатері;

118) хеджирлеудің тиімділігі - хеджирленетін қауіп-қатерге жататын, әділ құнының өзгерістерімен немесе хеджирлеу құралдарының ақша қаражатының ағындарымен өтемақы берілетін хеджирленетін баптың әділ құнының немесе хеджирлеу құралдарының ақша қаражаты ағындарының өзгерістері болатын дәреже;

119) шегерілетін уақытша айырмалар - нәтижесі активтің баланстық құны өтелетін немесе міндеттеменің баланстық құны өтелетін болашақ кезеңдердің салық салынатын пайданы (салық шығынын) анықтау кезіндегі шегерімдер болып табылатын уақытша айырмалар;

120) шығу жәрдемақылары - мынадай:

субъектінің қызметкерді зейнеткерлік жасқа дейін жұмыстан шығару туралы шешімінің, не

қызметкердің штаттың қысқаруы бойынша осындай сыйақыға айырбасқа жұмыстан босатуға ерікті түрде келісімі туралы шешімінің нәтижесі болып табылатын қызметкерлерге сыйақылар;

121) шығуға арналған топ - бір операцияның және осы операцияның барысында берілетін активтермен тікелей байланысты міндеттемелер нәтижесінде сату жолымен немесе өзге тәртіппен топ ретінде бірге шығуға тиісті активтер тобы;

122) шоғырланған қаржылық есептер - негізгі ұйымнан және бір немесе бірнеше еншілес ұйымнан тұратын кәсіпорындар тобының қаржылық есептері;

123) шығыстар - активтердің қайтуы мен азаюының немесе капиталға қатысушы тұлғаларға бөлумен байланысты капиталдың азаюына әкелетін міндеттемелердің пайда болу нысанында есепті кезең ішінде экономикалық пайдалардың азаюы;

124) шартты актив - өткен оқиғалардың нәтижесінде туындайтын және оның болуы бір немесе бірнеше белгіленбеген, субъектінің толық бақылауында болмайтын келешектегі оқиғалардың болуымен не болмауымен ғана расталатын ықтимал актив;

125) шарты міндеттеме - бұл:

өткен жағдайлардың нәтижесінде туындайтын және оның болуы бір немесе бірнеше белгіленбеген, субъектінің толық бақылауында болмайтын келешектегі оқиғалардың болуымен не болмауымен ғана расталатын ықтимал міндеттеме;

өткен жағдайлардың нәтижесінде туындайтын, бірақ: міндеттемелерді реттеу үшін экономикалық пайдасы бар ресурстардың шығуын талап ететін ықтималдықтың жоқтығынан; немесе міндеттеменің шамасы сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен өлшенбейтіндіктен, танылмайтын қолданыстағы міндеттеме;

126) шартты сома - қаржылық құрал болып табылатын шартта көрсетілген ақша бірліктерінің, бушельдердің, фунттардың немесе өзге де бірліктердің саны;

127) іс жүзінде жүзеге аспайтын - қандай да бір талапты орындау субъект барлық қажетті талаптанып, қабылдаудан кейін оны қолдана алмаса, іс жүзінде жүзеге аспайтын болып табылады.

2. Тұжырымдама және негізгі қағидаттар § 2. Қаржылық есептердің мақсаты және қаржылық есептерде берілетін ақпараттың сапалық сипаттамалары

4. Субъектілердің қаржылық есептерінің мақсаты пайдаланушылардың кең ауқымының ақпараттық қажеттілігінің ерекшелігін көрсететін қаржылық есептерді талап етуге мүмкіндігі жоқ олар үшін пайдалы субъектілердің ақша қаражатының қаржылық жағдайы мен қозғалысы туралы ақпарат беру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қаржылық есептер субъектінің басшылығына сеніп берілген ресурстарды басқарудың нәтижелерін де көрсетеді.

Пайдаланушылар үшін пайдалы ақпаратты алу мақсатындағы қаржылық есептілікте берілетін ақпараттың сапалық сипаттамалары. Негізгі қаржылық сипаттамалар түсініктік, орындылық, сенімділік пен салыстырмалылық болып табылады.

§ 3. Түсініктік

5. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат бизнес, экономикалық қызмет пен бухгалтерлік есеп туралы жеткілікті білімі бар және ақпаратты тиесілі ынтазарлықпен зерделеуге ниет білдірген пайдаланушыларға түсінікті болатындай етіп ұсынылуға тиіс. Солай бола тұрса да, жоғарыда айтылғандар кейбір пайдаланушылардың қабылдауы үшін оның аса қиындығы тұрғысынан орынды ақпаратты қамтымауы үшін сылтау болмауға тиіс.

§ 4. Орындылық

6. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, орынды болуға тиіс.

Ақпарат пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне оларға өткен, қазіргі немесе болашақ оқиғаларды бағалауға көмектесе отырып немесе олардың бұрынғы бағалауларын түзете отырып әсер еткен жағдайда орындылық сапасына ие болады.

§ 5. Маңыздылық

7. Ақпарат, егер оның өтуі немесе бұрмалануы пайдаланушылардың қаржылық есептердің негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер ете алатын болса маңызды болып саналады. Маңыздылық құжаттың көлеміне немесе нақтылы жағдайларда қаралатын қателерге, оны өткізуге немесе бұрмалауға байланысты.

§ 6. Сенімділік

8. Қаржылық есептерде берілетін ақпарат сенімді болуға тиіс. Ақпарат онда елеулі қателер болмаса, ол бір жақты болып табылмаса; және ақылға қонымды күтулерге сәйкес білдіру немесе білдіруі мүмкін мақсатты дұрыс білдірсе сенімді болып табылады. Қаржылық есептер осындай есептердегі ақпаратты іріктеу немесе ұсыну шешім қабылдауға әсер етуді көрсетуге немесе жоспарланған нәтижеге немесе салдарға қол жеткізу мақсатында пікір қалыптастыруға бағытталғанда бір жақтылықты қамтитын болады.

§ 7. Мазмұнның нысаннан басымдығы

9. Операциялар мен басқа да жағдайлар мен оқиғалар олардың заңды нысанына ғана қарамастан, олардың мазмұнына және экономикалық мәніне сәйкес есепке алынуға және есептілікке ұсынылуға тиіс. Бұл қаржылық есептердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

§ 8. Сақтық

10. Субъектінің қызмет барысында көптеген оқиғалар мен жағдайларға қатысты әр түрлі сипаттағы белгісіздіктер туындамай тұрмайды. Мұндай белгісіздіктердің сипаты мен шамасын қаржылық есептерде сақтық мәніне сәйкес ашқан жөн. Сақтық - бұл активтердің немесе кірістердің тым арттырылмауы, ал міндеттемелер немесе шығыстар тым төмендетілмеуі үшін белгісіздік жағдайында есептік бағаларды жүзеге асыру үшін қажетті субъективтік бағаларды қолдану кезінде белгілі бір сақтық дәрежесін сақтау. Солай бола тұрса да, сақтық пікірі активтерді немесе түскен пайданы әдейі төмендету немесе міндеттемелерді немесе шығыстарды әдейі арттыру үшін

пайдаланылмауға тиіс. Басқаша айтқанда, сақтық біржақтылық үшін сылтау болып табылмайды.

§ 9. Толықтық

11. Сенімді болу үшін қаржылық есептердегі ақпарат елеулілік пайымдауларын және осындай ақпарат беруге жұмсалатын шығындарды ескере отырып, толық көлемде берілуге тиіс. Қандай да болмасын мәліметтерді қоспау ақпаратты жалған немесе адастыруға әкелетіндей және, ізінше, оның орындылығы тұрғысынан сенімсіз және жеткіліксіз етуі мүмкін.

§ 10. Салыстырмалылық

12. Пайдаланушылар оның қаржылық жағдайындағы және қызмет нәтижелеріндегі үрдістерді айқындау үшін субъектінің әр түрлі кезеңдердегі қаржылық есептерін салыстыру мүмкіндігін иеленуге тиіс. Пайдаланушылар, сол сияқты әр түрлі субъектілердің қаржылық есептерін олардың салыстырмалы қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын бағалау үшін салыстыру мүмкіндігін иеленуге тиіс. Осылайша, ұқсас операциялардың қаржылық нәтижелері мен басқа операцияларды әрі жағдайларды өлшеу және көрсету барлық субъект үшін оның жұмыс істеу кезеңінде кезекпен және әр түрлі субъектілер үшін кезекпен жүзеге асырылуға тиіс. Бұдан басқа, пайдаланушыларға қаржылық есептерді жасаған кезде пайдаланылатын есеп саясаты туралы және есеп саясатындағы өзгерістер және осындай өзгерістердің нәтижелері туралы хабарлануға тиіс.

§ 11. Уақтылылық

13. Орынды қаржылық ақпарат - бұл пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдерге әсер ете алатын ақпарат. Ақпараттық уақтылылығы оның шешімдер қабылдау кезіндегі қол жетімділігінде. Ақпарат беруді ұзақ уақыт кешіктірген жағдайда ол өзінің орындылығын жоғалтуы мүмкін. Басшылыққа есептілікте уақтылы көрсету мен сенімді ақпарат беруде салыстырмалы құндылық арасындағы балансты табуы әкелуі мүмкін. Орындылық пен сенімділік арасындағы балансты айқындау кезінде негіз құрайтын түсінік пайдаланушылар экономикалық шешімдер қабылдаған кезде олардың қажеттіліктерін ең қанағаттандыру деңгейін жоғарылату түсінігі болуға тиіс.

§ 12. Пайда мен залал арасындағы баланс

14. Ақпараттан алынатын пайда оны беру жөніндегі шығындардан асып түсуге тиіс. Пайда мен залалды бағалау едәуір дәрежеде субъективті пайымдауларды пайдалануға негізделген. Оның үстіне шығындардың пайда алатын пайдаланушыларға жатуы міндетті емес. Залал пайда арасындағы балансты айқындау кезінде кәсіпорын ақпарат беруден түсетін пайданы сырттан пайдаланушылардың кең ауқымы да алуы мүмкін екендігін ескеруге тиіс.

§ 13. Қаржылық жағдай

15. Субъектінің қаржылық жағдайы - бұл оның белгілі бір күнгі жағдай бойынша активтері, міндеттемелері мен жеке капиталы. Қаржылық жағдайды өлшеуге тікелей байланысты қаржылық есептердің элементтері активтер, міндеттемелер мен жеке капитал болып табылады. Олар былайша айқындалады:

1) актив - бұл кәсіпорын болашақ экономикалық пайда алуды күтіп отырған өткен оқиғалардың нәтижесінде дара кәсіпкер немесе ұйым бақылайтын
р е с у р с т а р ;

2) міндеттеме - бұл реттеу экономикалық табыстарды құрайтын ресурстардың шығуына әкелетін бұрынғы оқиғалардан туындайтын дара кәсіпкердің немесе ұйымның қолданыстағы міндеті;

3) капитал - дара кәсіпкердің немесе ұйымның активтеріндегі барлық міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған үлес.

16. Активті немесе міндеттемені айқындауға сәйкес келетін кейбір баптар бухгалтерлік баланста осындай баптар осы Стандарттың 27-32-тармақтарда баяндалған тану өлшеулерін орындамаған кезде мұндайлар ретінде танылмауы мүмкін. Атап айтқанда, болашақта активті немесе міндеттемені танымастан бұрын экономикалық пайда алуда немесе оның жылыстауына жеткілікті дәрежеде сенімділік болуға тиіс.

§ 14. Активтер

17. Активте жасалған болашақ экономикалық пайда - бұл субъектіге ақша қаражатының және олардың баламасының түсуіне тікелей немесе жанама ықпал ету мүмкіндігі. Ақшалай қаражаттың мұндай түсімдері активті пайдалану немесе сату салдарынан болуы мүмкін.

18. Көптеген активтер, мысалы, негізгі құралдар табиғи нысанда болады. Солай бола тұрса да, табиғи нысан активтің міндетті қасиеті болып табылмайды. Кейбір активтер материалдық емес болып табылады.

19. Активтің болуын айқындаған кезде меншік құқығы міндетті болып табылмайды. Мысалы, субъектінің жалдау құқығында иеленген мүлкі, егер

субъект осы мүліктен түседі деп күтілетін пайданы бақылайтын жағдайда актив болып саналады.

§ 15. Міндеттемелер

20. Міндеттеменің ажырамас сипаттамасы субъектіде нені болмасын қандай да болмасын белгілі бір түрде әрекет ететін немесе қолданатын міндеттеменің бар болуы болып табылады. Міндеттеме қандай да болмасын заңды тұлғадан шыққан, сол сияқты практикадан алынған болуы мүмкін. Заңды міндеттеме міндетті шарттан немесе заңнамалық шарттан шығады және мәжбүрлі тәртіппен орындалуы мүмкін. Практикадан шығатын міндеттеме - мынадай жағдайларда субъектінің іс-әрекетінен туындайтын міндеттеме:

1) саясат немесе жеткілікті түрде нақтылы ағымдағы өтініш деп жарияланған өткен қызметтің орныққан практикасында субъект басқа тараптарға ол өзіне белгілі бір міндеттерді қабылдайтындығын көрсетсе; және

2) нәтижесінде субъект осы тараптарда өзіне қабылдаған міндеттерді орындайтындығына қатысты негізделген күтулер жасаса.

21. Қолданыстағы міндеттемені реттеу, әдетте, ақша қаражатын төлеуді, өзге де активтерді беруді, қызметтер көрсетуді, қолданыстағы міндеттемені басқа міндеттемемен ауыстыруды немесе міндеттемені жеке капиталға ауыстыруды көздейді. Міндеттеме, сондай-ақ кредит берушінің өзінің құқықтарынан ерікті немесе мәжбүрлі бас тартуы сияқты басқа да құралдармен өтелуі мүмкін.

§ 16. Капитал

22. Капитал - танылған міндеттемелерді танылған активтердің құнынан шегеру нәтижесінде пайда болатын қалдық. Бухгалтерлік есепте "Капитал" бөлімі кіші санаттарға бөлінуі мүмкін. Мысалы, акционерлік қоғамда кіші санаттар мынадай түрде болуы мүмкін: акционерлер енгізген қаражат, таратылмаған пайда және капиталдың шоттарына тікелей жатқызылатын пайда немесе залал.

§ 17. Қызмет нәтижелері

23. Қызмет нәтижесі пайда және залал туралы есепте берілген субъектінің кірістері мен шығыстарының өзара байланысы болып табылады. Пайда көп жағдайда қызмет нәтижелерінің өлшеуі ретінде немесе инвестицияларға кіріс немесе акцияға пайда сияқты басқа өлшеулер үшін негіз ретінде пайдаланылады. Пайданы өлшеуге тікелей байланысты қаржылық есептердің элементтері кірістер мен шығыстар болып табылады. Олар мынадай түрде айқындалады:

1) кіріс - активтердің ағыны немесе өсімі нысанындағы есепті кезең ішіндегі экономикалық пайданың ұлғаюы немесе капиталға қатысатын адамдардың жарналарына байланысты ұлғаюдан ерекшеленетін капиталдың ұлғаюына әкелетін міндеттемелердің азаюы.

2) шығыстар - активтердің жылыстауы немесе азаюы нысанындағы есепті кезең ішінде экономикалық пайданың азаюы немесе капиталға қатысатын адамдарға бөлуге байланысты азаюдан ерекшеленетін капиталдың азаюына әкелетін міндеттемелердің пайда болуы.

24. Пайда мен залал туралы есептегі кіріс пен шығысты тану активтер мен міндеттемелерді тануға және өлшеуге тікелей байланысты. Кірістер мен шығыстарды тану өлшемі осы Стандарттың 27 - 32-тармақтарында қаралады.

\$ 18. Кіріс

25. Кірісті айқындау өзіне негізгі қызметтен түскен кірісті, сол сияқты өзге де кірістерді қамтиды.

Кірістер өзіне субъектінің қарапайым қызметінің түрлерінен алынған қаражаттың түсуін, оның ішінде өнім мен қызмет көрсетуді, сыйақыны, пайыздар, дивидендтер мен роялтиді сатудан түскен кірістерді қамтуы мүмкін.

Өзге де кірістер субъектінің қарапайым қызметі үдерісінде туындауы немесе туындамауы мүмкін кірісті айқындауды қанағаттандыратын түсімдерді білдіреді. Өзге де кірістерді кірістер мен залалдар туралы есепте таныған кезде олар әдетте жеке беріледі, себебі олар туралы ақпарат экономикалық шешімдер қабылдаған кезде пайдалы.

\$ 19. Шығыстар

26. Шығыстарды айқындау залалды, сондай-ақ субъектінің қарапайым қызметі барысында туындайтын шығыстарды қамтиды.

Субъектінің қарапайым қызметі барысында туындайтын шығыстар, мысалы, сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын, жалақыны және негізгі құралдардың амортизациясын қамтиды. Олар, әдетте, активтердің, мысалы ақша қаражатының және олардың баламаларының, қорлардың, негізгі құралдардың жылыстауы немесе азаюы нысанын қабылдайды.

Залалдар - бұл шығыстар анықтамасына келетін және субъектінің қарапайым қызметі барысында туындауы немесе туындамауы мүмкін басқа да баптар. Өзге де залалдарды пайда мен залал туралы есепте таныған кезде олар әдетте жеке беріледі, себебі олар туралы ақпарат экономикалық шешімдер қабылдаған кезде пайдалы.

§ 20. Қаржылық есептер элементтерін тану

27. Тану бухгалтерлік баланста немесе пайда мен залал туралы есепте элементтердің бірін айқындауға сәйкес келетін және мынадай өлшеулерді қанағаттандыратын бапты көрсету үдерісін білдіреді:

1) бапқа байланысты болашақтағы кез келген экономикалық пайданы субъект алатын немесе жоғалтатын ықтималдық бар; және

2) іс жүзіндегі шығындар немесе баптың құны сенімді өлшенуі мүмкін.

28. Мұндай баптарды танымау пайдаланылатын есеп саясатын ашумен де, ескертпелермен немесе түсіндірме материалдармен де түзетілмейді.

§ 21. Болашақтағы экономикалық пайданың ықтималдығы

29. Ықтималдық түсінігі субъектінің баппен ассоциацияланатын болашақтағы экономикалық пайданы алуының немесе жоғалтуының белгісіздігі дәрежесін беруге арналған тану өлшеулерінде пайдаланылады. Болашақтағы экономикалық пайда ағынына қолданылатын белгісіздік дәрежесін бағалаулар қаржылық есептерді дайындау сәтінде бар есепті кезеңнің аяғындағы міндеттемелер бойынша дәлелдемелер негізінде жүргізіледі. Мұндай бағалаулар жеке мәнді баптар үшін дара және жекелеген баптар бойынша мәні аз ірі жиынтықтар үшін топтап жүргізіледі.

§ 22. Өлшеудің сенімділігі

30. Танудың екінші өлшеуі іс жүзіндегі шығындарды немесе құнды сенімді өлшеу мүмкіндігінің болуы болып табылады. Көптеген жағдайларда құн немесе шығындар белгілі. Басқа жағдайларда құнды немесе шығынды бағалау керек. Негізделген есептік бағалауларды пайдалану қаржылық есептерді дайындаудың маңызды бөлігі болып табылады және оның сенімділік дәрежесін төмендетпейді. Негізделген есептік шаманы алу мүмкін болмаған жағдайларда бап баланста немесе пайда мен залал туралы есепте танылмайды.

31. Тану өлшеуін қанағаттандырмайтын бап келесі оқиғалар немесе жағдайлар нәтижесінде кешіректеу тануға жарамды болуы мүмкін.

32. Тану өлшеуін қанағаттандырмайтын бап, солай бола тұрса да, ескертпелерде, түсіндірме материалда немесе іліспе көрсетілімдерде ашылуға тиіс. Бұл бап туралы ақпарат субъектінің қаржылық жағдайын, қызметінің нәтижелерін және қаржылық жағдайына өзгерістерді қаржылық есептерді пайдаланушының бағалауы үшін орынды болып табылады.

§ 23. Қаржылық есептер элементтерін өлшеу

33. Өлшеу - олар бойынша субъект өзінің қаржылық есептеріндегі активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды өлшеуге тиіс ақша шамасын айқындау процесі. Өлшеу үшін өлшеу базасын сайлау қажет. Осы Стандартта субъект активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың әр түрлеріне қатысты пайдалануға тиіс өлшеу базалары көрсетілген.

34. Екі таралған өлшеу базасы - бұл тарихи құн мен әділ құн:

1) активтер үшін тарихи құн - олар үшін төленген ақша қаражатының немесе ақша қаражатының баламасының сомасы немесе актив сатып алу үшін оны сатып алған кезде берілген әділ кері өндіріп алу құны болып табылады. Міндеттемелер үшін тарихи құн - бұл ақша қаражатының түсімдерінің немесе ақша қаражатының баламасының сомасы немесе міндеттеме туындаған сәтте міндеттемеге айырбастауға алынған монетарлық емес активтердің әділ құны б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) әділ құн - бұл актив айырбасталуы немесе мұндай операцияны жасауға ниет білдірген жақсы мәлімделген, тәуелсіз тараптар арасындағы міндеттеме бойынша есептеме жүргізілуі мүмкін сома.

§ 24. Тану мен өлшеудің негізгі қағидаттары

35. Осы Стандарттағы активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды тану және өлшеу жөніндегі талаптар ХҚЕС қағидаттарына негізделген. Сол немесе өзге операцияны, оқиғаны немесе жағдайды есепке алудың тиісті тәртібін айқындаған кезде субъект осы Стандартта қаралатын операцияға тікелей қолданылатын ережелер болмаған жағдайда ХҚЕС ережелері қолданылатын оқиғаны немесе жағдайды ұстануға тиіс.

§ 25. Есептеу қағидаты

36. Субъект есептеу қағидатын пайдалана отырып, ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпаратты қоспағанда, қаржылық есептерді жасайды. Есептеу қағидаты пайдаланылған кезде, баптар осы баптар үшін белгіленген тану анықтамалары мен өлшеуіне сәйкес келсе активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер мен шығыстар (қаржылық есептердің элементтері) ретінде танылады.

§ 26. Қаржылық есептердегі тану

37. Субъект активті болашақ экономикалық пайданың ағыны ықтимал болғанда, ал актив сенімді өлшенетін құнда немесе бағада болғанда баланста таниды. Актив ағымдағы есепті кезеңнен тысқары экономикалық пайда ағынының ықтималдығын болдырмайтын шығындар келтірілген кезде жылдың балансында танылмайды. Мұның орнына мұндай операция шығысты пайда мен залал туралы есепте тануға әкеледі.

38. Субъект қазіргі бар міндеттемені өтеу нәтижесінде экономикалық пайда бар ресурстар ағыны туындаса және осы өтеудің шамасы сенімді түрде өлшенетін болса, міндеттемені жылдың балансында таниды.

39. Кірісті тану активтер мен міндеттемелерді тануға тікелей байланысты. Субъект кірісті активтің ұлғаюына немесе міндеттеменің азаюына байланысты болашақтағы экономикалық пайданың ұлғаюы орын алған кезде пайда және залал туралы есепте таниды және мұндай өзгерістің шамасы сенімді өлшенуі мүмкін.

40. Шығыстарды тану активтер мен міндеттемелерді тануға тікелей байланысты. Субъект шығыстарды активтің азаюына немесе міндеттеменің ұлғаюына байланысты болашақтағы экономикалық пайданың азаюы орын алған кезде пайда және залал туралы есепте таниды және мұндай өзгерістің шамасы сенімді өлшенуі мүмкін.

41. Пайда немесе залал бұл кірістер мен шығыстар арасындағы арифметикалық айырманы білдіреді.

Пайда қаржылық есептердің жеке элементі болып табылмайды және ол тануды жеке өлшеуіне мұқтаж емес.

§ 27. Бастапқы тану кезіндегі өлшеу

42. Активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде субъект активтер мен міндеттемелерді осы Стандартта өлшеудің өзгеше базасын пайдалану ұйғарылған ерекше жағдайларды қоспағанда (мысалы - әділ құн), тарихи құн бойынша өлшеуге тиіс.

§ 28. Келесі өлшеулер

43. Бастапқы танығаннан кейін субъектінің қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді одан әрі өлшеуі осы Стандартта өлшеудің өзгеше базасын пайдалану ұйғарылған немесе жол берілген ерекше жағдайларды қоспағанда (мысалы - өзіндік құн немесе амортизацияланған өзіндік құн), әділ құн бойынша жүзеге асырылады.

44. Бастапқыда тарихи құны бойынша өлшенген қаржылық емес активтердің көпшілігі бұдан әрі өзге де өлшеу базасы негізінде өлшенеді. Мысалы, субъект

негізгі құралдарды екі шаманың азы бойынша өлшейді: амортизацияланған құн мен сату құнын аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегеріп. Активтерді азы құнымен өлшеу актив субъект осы активті сатудан немесе пайдаланудан алуды күтетін сомандан асып түсетін сомада өлшенбейтіндігін қамтамасыз етеді.

45. Субъект бастапқыда тарихи құнмен өлшеген кейбір қаржылық емес активтер үшін осы Стандарт келесі өлшеулерде әділ құнды пайдалануға рұқсат береді. Мыналар мысал бола алады:

1) әділ құнмен өлшенетін ассоциацияланған және бірлескен ұйымдарға инвестициялар;

2) субъект әділ құн бойынша өлшейтін жылжымайтын мүлікке инвестициялар;

3) субъект қайта бағаланған құн бойынша өлшейтін негізгі құралдар;

4) субъект қайта бағаланған құн бойынша өлшейтін материалдық емес активтер;

5) субъект есептік өтімді шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша өлшенетін ауыл шаруашылығы активтері (оны жинау сәтіндегі биологиялық активтер мен ауыл шаруашылығы өнімі).

46. Қаржылық емес міндеттемелердің көпшілігі міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін есепті күнгі соманы үздік есептік бағалау бойынша өлшенеді.

47. Субъект осы Стандартта мұндайлар ұйғарылған немесе рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда, активтер мен міндеттемелерді немесе кірістер мен шығыстарды өзара есепке алуды жүзеге асырмайды.

1) активтерді бағалау резервтерін, мысалы, дебиторлық берешек бойынша күмәнді борыштарға арналған резервті шегеріп өлшеу өзара есепке алу болып табылмайды;

2) егер субъектінің қарапайым операциялық қызметі өзіне ұзақ мерзімді активтерді (инвестициялар мен операциялық активтерді қоспағанда) сатып алуды және сатуды қамтымаған жағдайда, мұндай активтердің шығуынан болған кірістер мен залалдар активтің және активтің шығуынан түскен соманың тиісті өтімді шығыстарының балансты құнын шегеру жолымен есептерде беріледі.

3. Қаржылық есептерді беру § 29. Дұрыс беру

48. Қаржылық есептер субъектінің қаржылық жағдайын, қызметінің қаржылық нәтижелері мен ақша құралдарының қозғалысын объективті білдіруге тиіс. Дұрыс беру үшін операциялардың нәтижелерін, өзге де оқиғалар мен жағдайларды активтердің, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды танудың анықтамаларына және өлшеулеріне сәйкес әділ көрсету талап етіледі.

§ 30. Осы Стандартқа сәйкес келу

49. Осы Стандартқа сәйкес қаржылық есептерді жасайтын субъект бұл туралы ескертпелерге сәйкес баяндайды. Қаржылық есептер осы Стандартта баяндалған барлық талаптарға сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, Стандартқа сәйкес келетіндей етіп баяндалмауға тиіс.

50. Басшылық осы Стандарттың сол немесе өзге талабына сәйкес келу қаржылық есептіліктің мақсатына қайшы келетіндей жаңылуға әкелуі мүмкін қорытындыға келетін сирек жағдайларда субъект бұл талаптан, егер тиісті регулятивті база мұндай шегіністі талап ететін болса немесе қандай да болмасын өзге де тәсілмен тыйым салса, осы Стандарттың 51-тармағында белгіленгендейден шегінеді.

51. Субъект осы Стандарттың талаптарынан шегінген жағдайда субъект мынадай мәліметтерді ашады:

1) басшылық қаржылық есептер қаржылық жағдайды, қызметтің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын дұрыс беретіндігі туралы қорытындыға келгендігін көрсету;

2) субъект дұрыс беруге қол жеткізу мақсатында қандай да болмасын нақты талаптан шегінгеннен басқа жағдайларда, осы Стандартқа сүйенгендігін көрсету;

3) осы Стандартта ұйғарылған есепке алу тәртібін сипаттауды қоса алғанда, мұндай шегіністің сипаты туралы мәліметтер; ұйғарылған есепке алу тәртібі осы Стандарттың 2-бөлімінде көрсетілген қаржылық есептердің мақсатына қайшы келетін дәрежеде жаңылысуға әкелетін себептерді түсіндіру; пайдаланылған есепке алу тәртібі;

4) берілген кезеңдердің әрқайсысына талап сақталған кезде көрсетілген қаржылық есептердің әрқайсысына шегіністің қаржылық әсері.

52. Егер субъект алдыңғы кезеңде осы Стандарттың талабынан шегінсе және осы шегініс ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептерде танылған сомаға әсер етсе, онда ол осы Стандарттың 51-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес ақпаратты ашуға тиіс.

53. Басшылық Стандарттың сол немесе өзге талабына сәйкес келу қаржылық есептіліктің мақсатына қайшы келетіндей жаңылуға әкелетін, бірақ тиісті регулятивті база осы талаптан шегінуге тыйым салатын қорытындыға келген ерекше сирек жағдайларда субъект мынадай ақпаратты аша отырып, мүмкіндігінше талаптарды сақтағандықтан жаңылысуға әкеледі деп санайтын аспектілерді төмендетуге тиіс:

1) сөз болып отырған осы Стандарт талаптарының сипаты және басшылық осы талапты сақтау осындай жағдайларда бұл қаржылық есептіліктің мақсатына

қайшы келетін жаңылысуға әкелетіні туралы қорытындыға келген себептер;

2) басшылықтың қорытындысы бойынша дұрыс беруді қамтамасыз ету үшін қажетті қаржылық есептердің әрбір бабы бойынша түзетудің әрбір берілген кезеңі үшін.

§ 31. Қызметтің үздіксіздігі

54. Қаржылық есептерді дайындаған кезде осы Стандартты пайдаланатын субъектінің басшылығы өзінің қызметін үздіксіз жалғастыруға өзін қабілетін бағалайды. Субъект басшылық кәсіпорында не таратуды не коммерциялық қызметті тоқтатуды немесе осыны жасағаннан басқа, нақты баламасы жоқ жағдайларды қоспағанда, өзінің қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілетті болып саналады. Басшылыққа қызметтің үздіксіздігінің перспективаларын айқындау кезінде үздіксіз қызметті жалғастыруға қабілеттілікке едәуір күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе талаптарға байланысты елеулі белгісіздіктер туралы белгілі болғанда бұл белгісіздіктер ашылуға тиіс. Қаржылық есептер қызметтің үздіксіздігі туралы рұқсаттар негізінде емес жасалатын кезде бұл факт қаржылық есептер жасалған негіз сияқты ашылады және оның себебі субъектінің үздіксіз жұмыс істейді деп саналмайтындығында.

§ 32. Есептіліктің кезеңділігі

55. Субъект жылына кемінде бір рет қаржылық есептердің толық жинағын (салыстырмалы ақпаратты қоса алғанда) беруге тиіс. Субъектінің есепті кезеңі ауысқан және субъектінің жыл сайынғы қаржылық есептері бір жылдан ұзақ немесе қысқа кезеңді қозғайтын жағдайда субъект мыналарды ашады:

- 1) есепті кезеңнің өзгеру фактісі;
- 2) неғұрлым ұзақ немесе неғұрлым қысқа кезеңді пайдалану себептері; және
- 3) пайда және залал туралы есептегі, капиталдағы өзгерістер туралы есептегі, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептегі және тиісті ескертпелердегі салыстырмалы сомалар толық салыстырмалы болып табылмайды.

§ 33. Берудің кезектілігі

56. Баптарды субъектінің қаржылық есептерінде беру және сыныптау мынадай жағдайларды қоспағанда, бір кезеңнен келесіге сақталуға тиіс:

- 1) субъект қызметінің сипаты едәуір өзгеруі немесе оның қаржылық есептерін қайта қарау нәтижесінде беру мен сыныптаудың басқа нысаны осы

Стандарттың 10-бөліміне сәйкес есеп саясатын таңдау мен қолдану өлшеулерін ескере отырып, неғұрлым қолайлы болар еді;

2) осы Стандарт беру нысанын өзгертуді ұйғарады.

57. Баптарды қаржылық есептерде беру мен сыныптау өзгергенде, салыстырмалы сомалар кері сыныпталғанда, мұндай кері сыныптау іс жүзінде жүзеге асырылмайтындай болып табылған жағдайларды қоспағанда.

Салыстырмалы сомалар кері сыныптауға ұшыраса, субъект мыналарды ашады:

- 1) кері сыныптау сипатын;
- 2) кері сыныпталған әрбір баптың немесе бап түрінің шамасын; және
- 3) кері сыныптау себебін.

58. Егер салыстырмалы сомаларды кері сыныптау іс жүзінде мүмкін болмаса, субъект мыналарды ашады:

- 1) сома кері сыныпталмаған себепті; және
- 2) егер сомалар кері сыныпталған болса, жасауы мүмкін түзетулер сипаты.

§ 34. Салыстырмалы ақпарат

59. Осы Стандарт өзгешеге рұқсат беретін немесе талап ететін жағдайларды қоспағанда, субъект қаржылық есептер мен ескертпелерде берілген барлық сомалар үшін алдағы салыстырмалы кезеңге қатысты салыстырмалы ақпаратты ашады. Мұндайлар ағымдағы жылғы қаржылық есептерді түсіну үшін қолайлы болған жағдайларда субъект, сондай-ақ дәлелді және суреттеме ақпарат үшін салыстырмалы ақпаратты ашуға тиіс.

§ 35. Елеулілік пен жинақтау

60. Субъект ұқсас баптардың елеулі түрін жеке-жеке беруге тиіс. Субъект олар елеулі болмаған жағдайлардан басқа жағдайларда, өзінің сипаты немесе функциялары бойынша әр түрлі баптарды жеке-жеке берген жөн.

61. Баптарды тастап кету немесе бұрмалау, егер олар жеке-жеке немесе жинақталып пайдаланушылардың қаржылық есептерінің негізінде қабылданған экономикалық шешімдерге әсер ете алатындай болса, елеулі болып саналады. Елеулілік ілеспе жағдайлардың шеңберінде бағаланатын тастап кеткен немесе бұрмаланған ақпараттың мөлшері мен сипатына байланысты. Баптың мөлшері немесе сипаты немесе олардың үйлесуі айқындаушы фактор болуы мүмкін.

§ 36. Қаржылық есептердің толық жинағы

62. Субъектінің қаржылық есептері өзіне мыналарды қамтиды:

- 1) бухгалтерлік баланс;

- 2) пайда мен залал туралы есеп;
- 3) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- 4) капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- 5) түсіндірме жазба.

§ 37. Қаржылық есептер нысанын айқындау

63. Субъект қаржылық есептердің және оларға қосымшалардың әрқайсысын нақты бөліп көрсетуге және оларды сол құжаттағы өзге де ақпараттан бөлуге тиіс. Бұдан басқа, субъект мынадай ақпаратты бөлуге және оны мұндайлар ұсынылатын ақпаратты түсіну үшін қажет жағдайларда қайталауға тиіс:

- 1) есеп беретін субъектінің атауы және өткен есепті кезеңнің аяғынан бастап өткен оның атауына кез келген өзгерістер;
- 2) қаржылық есептілік жеке ұйымды немесе ұйымдар тобын қамтиды ма екендігін көрсету;
- 3) есепті кезеңнің және қаржылық есептерде қамтылған кезеңнің аяқталған күні;
- 4) есептілік валютасы;
- 5) қолайлы болған жерде - қаржылық есептердегі сомаларды ұсынған кезде пайдаланылған дөңгелектеу дәрежесі.

4. Бухгалтерлік баланс § 38. Мақсаты және бухгалтерлік баланстың өзінде тікелей беруге тиіс ақпарат

64. Бухгалтерлік баланс субъектілердің белгілі бір күнгі жағдай бойынша активтерін, міндеттемелері мен капиталын білдіреді.

65. Субъект бухгалтерлік баланстың өзінде тікелей беруге тиіс ақпарат өзіне ең болмағанда мынадай сомалардың біріктірілген көрсеткіштерін қамтуға тиіс:

- 1) ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары;
- 2) сауда және өзге де дебиторлық берешек;
- 3) қаржылық активтер (осы тармақтың 1), 2) және 8) тармақшаларында көрсетілген сомаларды қоспағанда);
- 4) қорлар;
- 5) негізгі құралдар;
- 6) материалдық емес активтер;
- 7) биологиялық активтер;
- 8) үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілген инвестициялар;
- 9) осы Стандарттың 616 - 618-тармақтарына сәйкес сатуға арналғандар ретінде сыныпталған ұзақ мерзімді активтердің және істен шығуға арналған

топтарға енгізілген және сатуға арналғандар ретінде сыныпталған активтердің қ о р ы т ы н д ы с о м а с ы ;

10) сауда және өзге де кредиторлық берешек;
11) қаржылық міндеттемелер (осы тармақтың 10) және 15) тармақшаларында көрсетілген сомаларды қоспағанда);

12) ағымдағы салықтар бойынша міндеттемелер мен активтер;
13) кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен кейінге қалдырылған салықтық активтер (бұл активтер барлық уақытта ұзақ мерзімді активтер ретінде с ы н ы п т а л у ғ а т и і с) ;

14) сату үшін ұсталатындар ретінде сыныпталатын шығуға арналған топтарға е н г і з і л г е н д е р ;

15) бағалау міндеттемелері;
16) басты ұйым акционерлерінің капиталынан жеке берілген азшылықтың ү л е с і ;

17) басты ұйым акционерлеріне жататын капитал.

66. Қосымша баптар, тақырыптар мен аралық сомалар мұндай беру субъектінің қаржылық жағдайын түсіну үшін қолайлы бухгалтерлік баланстың өзінде тікелей берілуге тиіс.

67. Осы Стандарт баптарды немесе баптар берілуі жөніндегі форматты баяндаудың кезектілігін белгілемейді.

68. Субъект қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтерді және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді өтімділік негізінде беру сенімді және неғұрлым қолайлы ақпаратты беретін жағдайларды қоспағанда, осы Стандарттың 69-72-тармақтарына сәйкес баланстың өзінде жеке сыныптама түрінде береді. Бұл ерекшелік қолданылғанда барлық активтер мен міндеттемелер үлгілі өтімділік тәртібімен еркін ұсынылады.

§ 39. Қысқа мерзімді активтер

69. Субъект активті мынадай жағдайларда қысқа мерзімді ретінде с ы н ы п т а й д ы :

1) субъект активті сатуды болжайды немесе активті қалыпты операциялық цикл барысында сатуды немесе пайдалануды ұйғарады;

2) субъект негізінен активті сауда мақсаты үшін ұстап тұрады;

3) субъект активті есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішінде сатуды б о л ж а й д ы ; н е м е с е

4) бұл актив ақша құралдарын немесе міндеттемелерді есепті күннен кейін кемінде 12 ай ішінде өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеу болатын жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатына баламалы активті білдіреді .

70. Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде сыныпталады. Субъектінің қалыпты операциялық циклі дәл анықталмаса, оның ұзақтығы 12 айға тең болып қабылданады.

§ 40. Қысқа мерзімді міндеттемелер

71. Субъект міндеттемені мынадай жағдайларда қысқа мерзімді ретінде сыныптайды:

1) субъект оны кәсіпорынның қалыпты операциялық циклі барысында өтеуді болжайды;

2) субъект міндеттемені негізінен сауда мақсаты үшін ұстап тұрады;

3) субъект міндеттемені есепті кезеңнің аяғынан бастап он екі ай ішінде өтеуді болжайды; немесе

4) субъектінің осы міндеттемені өтеуді есепті кезеңнен кейін кемінде 12 айға қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ.

72. Барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде сыныптауға тиіс.

§ 41. Баптарды берудің кезектілігі мен оларды бухгалтерлік баланста беру форматы

73. Осы Стандарт баптардың немесе баптар берілуге жөн форматтың баяндалу кезектілігін белгілемейді. 65-тармақ тек өзінің сипаты немесе функциясы бойынша ол баланстың өзінде жеке берілу үшін негіз болуы үшін жеткілікті түрде ерекшеленетін баптар тізбесін білдіреді. Бұдан басқа:

1) баптың сипаты мен функциясы немесе ұқсас баптардың жиынтығы субъектінің қаржылық жағдайын түсіну үшін жеке беру қолайлы болғанда, жекелеген баптар қосылады;

2) пайдаланылатын атау және баптардың орналасу тәртібі немесе ұқсас баптардың бірігуі субъектінің қаржылық жағдайын түсіну үшін қолайлы ақпаратты ұсыну үшін субъект қызметінің және оның операцияларының сипатына сәйкес өзгеруі мүмкін.

74. Қосымша баптарды жеке ұсыну керек пе деген түсінік мыналарды бағалауға негізделеді:

1) активтердің сипаты мен өтімділігін;

2) субъект шеңберінде активтердің функциясын; және

3) міндеттемелер кезінде сомаларды, сипаты мен бөлуді.

§ 42. Тікелей бухгалтерлік баланстың өзінде не ескертпелерде берілуге тиіс ақпарат

75. Субъект баланстың өзінде не ескертпелерде мынадай кіші сыныптарды ашуға тиіс:

1) осы Стандарттың 16-бөлімінің ережелеріне сәйкес негізгі құралдар баптарының сыныптары;

2) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі, байланысты тараптардан берешек, алдын ала төлемдер мен өзге де сомалар;

3) осы Стандарттың 12-бөліміне сәйкес қорлар сыныптары - мыналар: тауарлар, өндірістік материалдар, аяқталмаған өндіріс пен дайын өнім сияқты;

4) қызметкерлерге сыйақы төлеу жөніндегі бағалау міндеттемелері мен басқа да бағалау міндеттемелері; және

5) капитал сыныптары - мыналар: төленген капитал, эмиссиялық кіріс, таратылмаған пайда мен осы Стандарттың талаптарына сәйкес тікелей капиталда танылуға тиіс кірістер мен шығыстардың баптары.

5. Пайда мен залал туралы есеп \$ 43. Қолдану

76. Пайда мен залал туралы есеп субъектінің кезеңдегі кірістері мен шығыстарын көрсетеді.

77. Пайда мен залал туралы есеп өзіне осы Стандартта өзгеше көзделген атауларды қоспағанда, кезеңде танылған кірістер мен шығыстардың барлық баптарын қамтуға тиіс. Осы Стандарт мынадай жағдайларда берудің өзгешетәртібін ұйғарады:

1) есеп саясатындағы қателер мен өзгерістердің әсері олар туындаған кезеңдегі кірістер мен шығыстар түрінде емес, өткен кезеңдердің түзетулері ретінде беріледі; және

2) қайта бағалаудан мүліктің құнының өсуі, осы Стандарттың 30-бөліміне сәйкес шетелдік қызметтің қаржылық есептерін аудару нәтижесінде туындайтын кейбір пайда мен залал және хеджингтік құралдардың әділ құнындағы кейбір өзгерістер пайда немесе залал түрінде емес, олар туындаған кезде капиталда тікелей көрінеді.

\$ 44. Пайда мен залал туралы есептің тікелей өзінде беруге тиіс ақпарат

78. Пайда мен залал туралы есептің тікелей өзінде берілетін ақпарат өзіне ең болмағанда мынадай сомалардың біріктірілген көрсеткіштерін қамтуға тиіс:

1) кіріс;

2) қаржыландыруға арналған шығындар;

3) үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ассоциацияланған ұйымға және бірлескен қызметке инвестициялардан түсетін пайданың немесе залалдың үлесі;

4) салықтар төлеу жөніндегі шығыстар;

5) тоқтатылған қызметтен салынатын салықтардан кейін пайдадан немесе залалдан жиынтық соманы құрайтын бірыңғай сома және осы Стандарттың 34-бөліміне сәйкес тоқтатылған қызметті білдіретін шығуға арналған активтерді немесе топты (топтарды) сатуға немесе шығаруға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құн өзгерген кезде танылған салықтардан кейін өзге де кіріс н е м е с е з а л а л ; ж ә н е

б) пайда немесе залал.

79. Субъект мынадай баптарды тікелей пайда мен залал туралы есепте кезеңдегі пайданы немесе залалды бөлу ретінде ашуға тиіс:

1) азшылықтың үлесіне жататын пайда немесе залал; және

2) басты ұйымның үлестік құралдарының иесіне жатқызылатын пайда немесе залал.

80. Қосымша баптар, тақырыптар мен аралық сомалар тікелей пайда мен залал туралы есептің өзінде мұндай беру субъект қызметінің қаржылық нәтижелерін түсіну үшін қолайлы болғанда беріледі.

81. Субъект пайда мен залал туралы есептің тікелей өзінде емес, оған ескертпелерде емес, "төтенше баптар" ретінде кірістер мен шығыстардың қандай да болмасын баптарын беруге немесе сипаттауға тиіс емес.

§ 45. Пайда мен залал туралы есептің тікелей өзінде немесе оған ескертпелерде берілуге тиіс ақпарат

82. Едәуір құрайтын әрбір кірістер мен шығыстар бойынша субъект осындай құрауыштың сипаты мен сомасын жеке ашуға тиіс. Мұндай ашулар өзіне м ы н а л а р д ы қ а м т у ғ а т и і с :

1) қорлар құнын аяқтауға және өткізуге және қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды шегергендегі сату бағасына дейін қорлар құнын есептен шығару;

2) негізгі құралдар құнын өткізуге және қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ бағаға дейін негізгі құралдар құнын есептен ш ы ғ а р у ;

3) субъектінің қызметін қайта құрылымдау және қайта құрылымдауға жұмсалатын шығындар бойынша бағалау міндеттемелерінің барлық түрлері б о й ы н ш а р е в е р с и в т і ж а з б а л а р ;

4) негізгі құралдар объектілерінің шығуы;

5) инвестициялардың шығуы;

6) тоқтатылған қызмет;

7) сот дауларын реттеу; және

8) өзге резерв түрлері бойынша реверсивті жазбалар.

§ 46. Шығыстарды талдау

83. Субъект олардың сенімді және неғұрлым орынды ақпарат беретіндігіне байланысты шығыстар сипаттамасына не кәсіпорын шеңберінде шығыстар функциясына негізделген сыныптаманы пайдалана отырып, шығыстарды талдауды білдіруге тиіс.

§ 47. Шығыстар сипаты бойынша талдау

84. Осы әдіс шеңберінде шығыстар олардың сипатына (мысалы, негізгі құралдардың амортизациясы, материалдарды сатып алу, көліктік шығыстар, қызметкерлерге сыйақы және жарнамаға жұмсалатын шығындар) сәйкес пайда және залал туралы есепте бірігеді және субъект ішінде әр түрлі функционалдық бағыттар арасында қайта бөлінбейді.

§ 48. Шығыстар функциясы бойынша талдау

85. Сыныптаудың осы әдісі шеңберінде шығыстар олардың функционалдық бағыттарына сәйкес олардың функциялары бойынша жинақталады (мысалы, өтімді шығыстар, әкімшілік шығындар). Осы әдіске сәйкес субъект, ең болмағанда сатудың өзіндік құнын басқа шығыстардан бөлек ашады.

86. Субъектілердің мұндай талдауды пайда мен залал туралы есептің тікелей өзінде беруі қолданады. Осы Стандартқа қоса берілетін иллюстрациялық қаржылық есептер өзіне берудің екі әдісінің мысалдарын қамтиды.

87. Шығыстарды функциялары бойынша сыныптайтын субъект материалдық және материалдық емес активтерді амортизациялауға жұмсалатын шығыстар мен қызметкерлерге сыйақы төлеуге жұмсалатын шығыстар туралы ақпаратты қоса алғанда, шығыстар сипаты туралы қосымша ақпаратты ашуға тиіс.

6. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп § 49. Капиталдағы өзгерістер туралы есептің өзінде тікелей берілуге тиіс ақпарат

88. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп кезеңдегі пайда немесе залалды, кезеңде капиталдың құрамында танылған кірістер мен шығыстардың баптарын, кезеңдегі есеп саясатындағы қателерді түзету мен өзгерістердің әсері, және есеп форматына байланысты субъект ұстанатын капиталдағы өзгерістер туралы есепті - субъект капиталының иелері жүргізген соманы және оларға кезеңде төленген дивидендтер мен өзге де бөлулердің сомасын қамтиды.

89. Субъект тікелей есептің өзінде мыналарды көрсете отырып, капиталдағы өзгерістер туралы ұсынуға тиіс:

1) кезеңдегі пайда немесе залал;
2) осы Стандарттың талаптарына сәйкес тікелей капиталдың құрамында танылатын кезеңдегі кіріс пен шығыстың әрбір бабын және мұндай баптардың жиынтық сомасын;

3) кезеңдегі кірістер мен шығыстардың жалпы сомасы (басты ұйымның үлестік құралдарының иелеріне және азшылықтың үлесіне жататын жалпы сомаларды жеке көрсетіп, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларын сомалау жолымен есептелген);

4) капиталдың әрбір құрамдас бөлігі бойынша есеп саясатындағы өзгерістердің және осы Стандарттың 10-бөліміне сәйкес танылған қателерді түзетудің әсері.

90. Субъект сол сияқты капиталдағы өзгерістер туралы есептің немесе өзінде немесе ескертпелерде мынадай ақпаратты беруге тиіс:

1) капиталдың иелері жүргізген сомалар және дивидендтердің және акцияларды шығарудан алынған сомаларға бөліп, оларға өзге де бөлулердің сомалар, сатып алынған акциялармен жасалатын операциялар бойынша сомалар мен үлестік құралдарды ұстаушыларға өзге де бөлулер бойынша сомалар;

2) есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы бөлінбеген пайданың сальдосы (яғни жинақталған пайда немесе залал), сондай-ақ кезеңнің ішіндегі өзгерістер;

3) енгізілген капиталдың әрбір сыныбының және әрбір өзгерісті жеке ашып, кезеңнің басындағы және аяғындағы капиталдың құрамында тікелей танылатын кірістер мен шығыстардың әрбір бабының баланстық құны арасындағы салыстырма.

7. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп \$ 50. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мазмұны

91. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп өзіне ақша құралдарындағы өзгерістер мен осындай өзгерістерді операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен өзгерістерге бөліп, субъектінің кезеңдегі ақша қаражатының баламалары туралы ақпаратты қамтиды.

92. Ақша қаражатының баламалары инвестициялаудан немесе басқа мақсаттардан гөрі қысқа мерзімді ақша міндеттемелерін өтеу үшін ұсталады. Осылайша, әдетте, инвестиция алынған күннен бастап үш ай немесе одан аз болатын өтеу мерзімі болған кезде ғана ақша қаражатының баламасы анықтамасында болады. Банктік овердрафттар, әдетте, қарыз алумен ұқсас, яғни қаржылық қызмет ретінде қаралады. Солай бола тұрса да, егер банктік овердрафт

талап ету бойынша өтеуге жатса және субъектінің ақша қаражатын басқарудың инструментарийінің ажырамас бөлігі болып табылатын болса, банктік овердрафттар ақша қаражатының құрамдас бөлігі және ақша қаражатының баламасы болып табылады.

93. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте кәсіпорын тиесілілігі бойынша операциялық қызметке, инвестициялық және қаржылық қызметке сыныпталған кезеңдегі ақша қаражатының ағынын көрсетеді.

§ 51. Операциялық қызмет

94. Операциялық қызметтен алынатын ақша қаражатының ағыны басым түрде субъектінің пайда әкелетін қызметінен алынады. Осылайша, әдетте, олар пайданы немесе залалды айқындау кезінде ескерілетін операциялар мен басқа да оқиғалардың нәтижесі болып табылады. Операциялық қызметтен алынатын ақша қаражаты ағынының мысалдары мыналар болып табылады:

1) тауарларды сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін ақшалай түсімдер ;

2) роялтиден, алымдардан, комиссиялық сыйақылардан түсетін ақшалай түсімдер және өзге де түсім;

3) берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін ақшалай төлемдер;

4) қызметшілерге және олардың атынан ақшалай төлемдер;

5) ақшалай төлемдер немесе олар инвестициялық немесе қаржылық қызметке жатқызылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, пайдаға салынатын салықты өтеу;

6) ақша қаражатының түсімдері және мәмілелер жасау үшін немесе қайта сату үшін арнайы сатып алынған қорлар ретінде қаралатын сауда мақсаттарында ұсталатын инвестициялық шарттар, қарыз шарттары мен өзге де шарттар шеңберіндегі төлемдер .

Жабдықтың бір бірлігін сату сияқты кейбір операциялар қызметтің нәтижесіне енгізілетін пайданың немесе залалдың туындауына әкелуі мүмкін. Алайда, осындай операцияларға байланысты ақша қаражатының қозғалысы инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы болып табылады.

§ 52. Инвестициялық қызмет

95. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағыны болашақ кірісті және ақша қаражатының ағынын генерирлеуге арналған ресурстарды қалыптастыру мақсатында жүргізілген шығындарды білдіреді.

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты қозғалысының мысалдары мыналар болып табылады :

1) негізгі құралдарды (өздігінен жүргізілген қаражатты қоса алғанда), материалдық емес активтерді (өңдеуге арналған күрделенген шығындарды қоса алғанда) және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу үшін ақша қаражатын төлеу ;

2) негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсетін ақшалай түсімдер;

3) басқа да субъектілердің үлестік немесе борыштық құралдарын және бірлескен қызметтегі қатысу үлестерін сатып алуға арналған ақшалай төлемдер (ақша қаражатының баламалары немесе мәмілелер жасауға немесе сауда мақсаттарына арналғандары ретінде қаралатын құралдарға төленетін төлемдерден басқа) ;

4) басқа да субъектілердің үлестік немесе борыштық құралдарын және бірлескен қызметтегі қатысу үлестерін сатудан түсетін ақшалай түсімдер (ақша қаражатының баламалары немесе мәмілелер жасауға немесе сауда мақсаттарына арналғандары ретінде қаралатын құралдардан түсетін түсімдерден басқа);

5) басқа тараптарға берілген ақша қаражатының аванстық төлемдері мен кредиттер ;

6) басқа тараптарға берілген аванстар мен кредиттерді қайтарудан түсетін ақша қаражатының түсімдері ;

7) фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциндар мен своптар бойынша ақшалай төлемдер, осы келісім-шарттар мәмілелер жасау үшін немесе сауда мақсаттарында ұсталатын немесе осы төлемдер қаржыландыру жөніндегі қызмет ретінде сыныпталатын жағдайлардан басқа жағдайларда;

8) фьючерстік және форвардтық келісім-шарттардан, опциндар мен своптардан түсетін ақшалай түсімдер, осы келісім-шарттар мәмілелер жасау үшін немесе сауда мақсаттарында ұсталатын немесе түсімдер қаржыландыру жөніндегі қызмет ретінде сыныпталатын жағдайлардан басқа жағдайларда.

Егер келісім-шарт осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес хеджингтік ретінде ескерілсе, субъект келісім-шарттан түскен ақша ағынын хеджирленетін баптан түсетін ақша ағыны сыныпталатындай етіп сыныптағаны жөн.

§ 53. Қаржыландыру жөнінде қызмет

96. Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаты қозғалысының мысалдары мыналар болып табылады :

1) акциялар эмиссияларынан немесе басқа да борыштық құралдардан түскен ақшалай түсімдер ;

2) субъектінің акцияларын алу немесе сатып алу үшін иегерлерге ақшалай төлемдер ;

3) қамтамасыз етілмеген облигацияларды, қарыздарды, вексельдерді, қамтамасыз етілген қарыздарды, бетбелгі қағаздары мен ұзақ мерзімді қарыз қаражатын шығарудан түсетін ақшалай түсімдер;

4) кредитке алынған сомалардан алынған ақшалай өтемдер; және

5) қаржылық жалға алу жөніндегі өтелмеген берешекті азайту үшін жалға берушінің ақшалай түсімдері.

§ 54. Операциялық қызметтен алынатын ақшалай қаражаттың қозғалысы жөнінде деректер беру

97. Субъект операциялық қызметтен алынатын ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы не мыналарды пайдаланып есеп береді:

1) тікелей әдіс, онда жалпы ақшалай түсімдер мен төлемдердің негізгі түрлері туралы ақпарат ашылады;

2) жанама әдіс, онда пайда немесе залал монетарлық емес операциялардың, кейінге қалдырылған немесе есептелген өткен немесе болашақтағы ақшалай түсімдердің немесе операциялық қызметтен алынатын төлемдердің және инвестициялық немесе қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты кірістердің немесе шығыстардың баптарының нәтижесінде түзетіледі.

98. Жанама әдісті пайдаланған кезде операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза қозғалысы мыналарды ескере отырып, пайданы немесе залалды түзету жолымен айқындалады:

1) кезең ішіндегі қорлардағы және дебиторлық және кредиторлық берешектегі өзгерістер;

2) амортизация, бағалау міндеттемелері, мерзімі ұзартылған салықтар, шетелдік валютадағы операциялардан түскен іске асырылмаған пайда мен залал, қауымдастырылған ұйымдар мен азшылық үлесінің таратылмаған пайдасы сияқты монетарлық емес баптар;

3) нәтижесі инвестициялық немесе қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы болып табылатын барлық өзге де баптар.

Балама ретінде операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза қозғалысы туралы деректер пайда мен залал туралы есептерде ашылатын кірістер мен шығыстарды және қорлардағы өзгерістер мен кезең ішіндегі операциялық дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету жолымен берілуі мүмкін.

99. Тікелей әдісті пайдаланатын субъект "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп" деген ХҚЕС (IAS) 7 ережелерін қолдануға тиіс.

§ 55. Инвестициялық немесе қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы туралы деректер беру

100. Субъект инвестициялық немесе қаржылық қызметтен туындайтын жалпы ақшалай түсімдер мен төлемдердің негізгі түрлері туралы ақпаратты бөлек беруге тиіс. Еншілес кәсіпорындар мен басқа да құрылымдық бөлімшелерді сатып алу және шығу нәтижесінде туындайтын ақша қаражатының жиынтық қозғалысы жеке берілуге тиіс және операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы ретінде сыныпталуға тиіс.

§ 56. Шетелдік валютадағы ақша қаражатының қозғалысы

101. Субъект шетелдік валютадағы операциялар нәтижесінде туындайтын ақша қаражатының қозғалысын шетелдік валютадағы сомаға ақша қаражаты қозғалысының сол күнгі функционалдық валюта мен шетелдік валюта арасындағы айырбас бағамды қолдану жолымен субъектінің шетелдік валютадағы, функционалдық валютадағы операциялары нәтижесінде туындайтын ақша қаражатының қозғалысын ескеруге тиіс.

102. Субъект шетелдік еншілес ұйымның ақша қаражатының қозғалысын ақша қаражаты ағындары күнгі функционалдық валюта мен шетелдік валюта арасындағы айырбас бағамдары бойынша аударуға тиіс.

103. Валюталардың айырбас бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын іске асырылмаған пайда мен залал ақша қаражатының қозғалысы болып табылмайды. Солай бола тұрса да, кезеңнің басындағы және аяғындағы ақша қаражатын және ақша қаражатының баламасын айқындау үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте айырбас бағамның өзгерістерінің шетелдік валютадағы немесе шетелдік валютада төлеуге жататын ақша қаражатына және ақша қаражатының баламасына әсерін көрсеткен жөн. Сондықтан субъект кезеңнің аяғындағы ақша қаражатына және ақша қаражатының баламасын кезеңнің аяғындағы валюталық бағамдарға қайта санауға тиіс. Субъект алынған іске асырылмаған пайданы немесе залалды операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарынан бөлек көрсетуге тиіс.

§ 57. Пайыздар мен дивидендтер

104. Субъект пайыздар мен дивидендтерден (алынған және төленген) ақшалай ағындарды жеке ашады, бұл ретте төленген пайыздар өзіне есеп саясатына және осы Стандарттың 24-бөліміне сәйкес күрделендірілген сомаға

қосуға тиіс. Субъект операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысына ақша ағындарын кезекпен сыныптауға тиіс.

105. Субъект төленген пайыздарды, алынған пайыздар мен дивидендтерді операциялық қызметтен түскен ақшалай пайданы немесе залалды анықтаған кезде қосылады. Балама ретінде субъект төленген пайыздар мен дивидендтерді тиісінше қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы және инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы ретінде сыныптай алады, себебі олар тиісінше қаржылық ресурстарды тартуға жұмсалатын және инвестициялық қызметтен кіріс алу болып табылады.

106. Субъект дивидендтер төлеуді қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы ретінде сыныптай алады, себебі олар қаржы ресурстарын тартуға жұмсалатын шығындар болып табылады. Балама ретінде субъект төленген дивидендтерді операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы ретінде сыныптай алады, себебі мұндай төлемдер операциялық қызмет шеңберінде түскен ақша қаражатынан жүргізіледі.

§ 58. Пайдаға салынатын салық

107. Корпоративтік табыс салығын төлеуге байланысты туындайтын ақша қаражатының қозғалысын субъект жеке ашуға және мұндай қозғалыс қаржылық қызметке немесе инвестициялық қызметке нақты байланысты болуы мүмкін жағдайлардан басқа жағдайларда, операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы ретінде ашылуға тиіс. Ақша қаражатының салық ағындары бірден астам қызмет түріне жататын болған кезде субъект төленген салықтардың жалпы сомасын ашуға тиіс.

§ 59. Ақшалай емес операциялар

108. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке субъект ақша қаражатын немесе ақша қаражатының баламаларын пайдалануды талап етпейтін инвестициялық және қаржылық операцияларды қамтымайды. Мұндай операцияларды субъект қаржылық есептердің басқа бөлімінде бұл ашулар субъектінің мұндай инвестициялық және қаржылық қызметі туралы барлық қолайлы ақпаратты беретіндей ашылуға тиіс.

109. Инвестициялық және қаржылық қызметтің едәуір бөлігі ол субъектінің капиталы мен активтерінің құрылымына әсер етсе де, ақша қаражатының ағымдағы қозғалысына тікелей әсер етпейді. Ақшалай емес операцияларды ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алып тастау осы есептің мақсатына жауап береді, себебі бұл баптар ағымдағы кезеңдегі ақша қаражатының

қозғалысына әсер етпейді. Ақшалай емес операциялардың мысалдары мыналар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

- 1) не өзіне тиісті міндеттемелерді қабылдай отырып не қаржылық жалдау арқылы активтер сатып алу;
- 2) субъектінің капиталды шығару арқылы сатып алуы; және
- 3) борыштық міндеттемелерді капиталға аудару.

§ 60. Ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының құрамдас бөліктері

110. Субъект ақша қаражаты мен олардың баламаларының құрамдас бөліктерін ашуға және сомаларды ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте бухгалтерлік баланстағы баламалы сомаларымен салыстыруды өзінің есебінде беруге тиіс.

111. Субъект субъектіде бар, бірақ субъект пайдалану үшін қол жетімсіз ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының едәуір қалдықтарының сомасын ашуға тиіс. Ашудан басқа субъект осы сомалар бойынша басшылықтың тиісті түсіндірмесін келтіруге тиіс. Субъектінің пайдалануы шектеулі болуы мүмкін ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының мысалдарының біріне пайдалануы валюталық немесе қандай да болмасын өзге реттеу заңнамасымен шектелген қаражатты келтіруге болады.

8. Қаржылық есептерге ескертпелер § 61. Мақсаты, құрылымы мен ашу

112. Қаржылық есептерге ескертпелер тікелей қаржылық есептерде берілетін ақпаратқа қосымша ақпаратты қамтиды. Ескертпелерде осы есептерде ұсынылған баптарды баяндау сипаты мен осы есептерде танылуға жататын баптар туралы ақпарат қамтылады.

1 1 3 . Е с к е р т п е л е р д е :

- 1) қаржылық есептерді дайындау негізі және осы Стандарттың 116 және 117-тармақтарына сәйкес пайдаланылған есеп саясатының нақты ережелері туралы а қ п а р а т т ы б е р у ;
- 2) осы Стандарттың ережелері бойынша ашылуға міндетті, бірақ тікелей қаржылық есептердің өздерінде берілмеген ақпаратты ашу; және
- 3) тікелей қаржылық есептердің өздерінде жоқ, бірақ қаржылық есептерді түсіну үшін қолайлы ақпаратты беру қажет.

114. Ескертпе ол неғұрлым мүмкін болатындай реттелген түрде берілуге тиіс. Ескертпелерде оларға тиісті ақпарат бар қаржылық есептерде берілген әрбір бапта субъект тікелей қаржылық есептерде қиылысқан сілтеме көрсетуге тиіс.

115. Әдетте, субъект ескертпені мынадай кезектілікпен баяндайды:

- 1) қаржылық есептер осы Стандартқа сәйкес құрылғандығы туралы өтініш;
- 2) есеп саясатына қолданылатын едәуір ережелердің жиынтығы;
- 3) тікелей қаржылық есептерде ұсынылған баптарға арналған ілеспе ақпарат, мұндай ақпараттың баяндалу кезектілігі қаржылық есептер мен оларда баптар берудің кезектілігімен сәйкес келуге тиіс;
- 4) мыналарды қоса алғанда, өзге де ашулар:
осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес шартты міндеттемелер мен шартты активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер;
қаржылық емес ақпараттың ашылуы;
қаржылық есептілікті шығаруға бекіткенге дейін ұсынылған немесе жарияланған, бірақ кезең ішінде капиталдың иегерлері арасында қаражат тарату ретінде танылмаған дивидендтер сомасы, сондай-ақ бір акцияға қайта есептегендегі көрсетілген сома;
артықшылықты аккумулятивті акциялар бойынша кез келген танылмаған дивидендтердің сомасы.

116. Есеп саясатының едәуір элементтерін жинақтауда субъект мыналарды ашады:

- 1) қаржылық есептерді дайындау үшін пайдаланылған өлшеу базасы (немесе базалары);
- 2) осы Стандарт оқиганы, операцияларды немесе міндеттемелерді есепке алу тәртібін таңдауға - субъект жасаған есеп саясатын талдаудың сипаттамасына жол берген жағдайда.
- 3) қаржылық есептілікті түсіну үшін қолайлы есеп саясатын пайдаланатын басқа да элементтер.

117. Субъект есеп саясатының едәуір элементтерінің жинақтарында немесе басқа ескертпелерде басшылық субъектінің есеп саясатын қолдану процесінде қабылдаған, қаржылық есептерде танылған сомаларға неғұрлым едәуір әсер ететін осы Стандарттың 118-тармағына сәйкес есептік бағалауларға байланысты шешімдерден басқа, шешімдер туралы ақпаратты ашады.

118. Субъект ескертпелерде келесі қаржы жылында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер жүргізуге едәуір қатер және қажеттілік жасайтын өткенге қатысты негізгі жолсыздықтар туралы ақпаратты ашады. Осы активтер мен міндеттемелерге қатысты ескертпелерде толық ақпаратты қамтиды:

- 1) олардың сипаты туралы; және
- 2) олардың есепті кезеңнің аяғындағы баланстық құны.

119. Егер субъектіге сыртқы тараптар белгілеген капиталдың деңгейіне қойылатын талаптар қолданылатын жағдайда, субъект мұндай талаптардың сипатын осындай талаптарды сақтау қалай болатындығына қарай ашуға тиіс.

9. Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептер § 62. Бақылау

120. Осы Стандарттың 121-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, басты ұйым ол өзінің инвестицияларын осы Стандартқа сәйкес еншілес ұйымдарға шоғырландыратын шоғырландырылған қаржылық есептерге беруге тиіс. Шоғырландырылған қаржылық есептер басты ұйымның барлық еншілес ұйымдарын қамтуға тиіс.

121. Басты ұйым шоғырландырылған қаржылық есепті мынадай жағдайларда б е р м е й д і :

- 1) басты ұйымның өзі еншілес ұйым болып табылса;
- 2) аралық немесе басты ұйым ХҚЕС немесе осы Стандартқа сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті білдірсе.

122. Еншілес ұйым - бұл басты ұйым бақылайтын ұйым.

Егер қандай да болмасын тар және дәл анықталған мақсатты орындау үшін субъект арнайы мақсаттағы кәсіпорын (бұдан әрі - АМК) құрса, субъект, егер өзара байланыстың мәні АМУ-ды осы субъект бақылайтындығын көрсетсе, АМУ есептілігін шоғырландыра алады.

123. Бақылаудың болуы басты ұйым мұндай иелену субъектіні бақылауды қамтамасыз етпейтіндігін дәл көрсететін жағдайларды қоспағанда, тікелей немесе еншілес ұйымдар арқылы басқа субъектінің дауыс беретін акцияларының жартысынан астамын иеленсе болжанады. Бақылау, сондай-ақ басты ұйымға субъектінің дауыс беруші акцияларының жартысынан астамы тиесілі болса жұмыс істейді, бірақ мыналар болады:

- 1) басқа инвесторлармен келісімнің негізінде жартыдан көп дауысқа құқық;
- 2) жарғыға немесе келісімге сәйкес ұйымның қаржылық және операциялық с а я с а т ы н а й қ ы н д а у қ ұ қ ы ғ ы ;

3) директорлар кеңесінің немесе басқарманың ұқсас органының мүшелерінің көпшілігін тағайындау немесе ауыстыру және субъектінің қызметін директорлар кеңесі немесе басқарманың ұқсас органы арқылы бақылау құқығы; немесе

4) директорлар кеңесінің немесе басқарманың ұқсас органының отырыстарында көпшілік дауыс беру және субъектінің қызметін директорлар кеңесі немесе басқарманың ұқсас органы арқылы бақылау құқығы.

124. Еншілес ұйым инвестор венчурлік капитал ұйым немесе өзге де ұқсас ұйым болып табылатындығы себебінен ғана шоғырланудан шығарылмайды.

125. Еншілес кәсіпорын оның қызметі өзінің сипаты бойынша шоғырлану шеңберінде басқа ұйымдардан ерекшеленетіндігі, сондай-ақ еншілес ұйым қызметін осы аумақтан ақшалай қаражатты немесе өзге де активтерді шығаруға шектеу қолданылатын аумақта жүзеге асыратындығы негізінде шоғырланудан шығарылмайды. Қолайлы ақпарат осындай еншілес ұйымдарды шоғырландыру және шоғырландырылған қаржылық есептерде еншілес ұйымдардың қызметінің әр түрлері туралы есептерде қосымша ақпаратты ашу жолымен қамтамасыз етіледі.

§ 63. Шоғырлану рәсімдері

126. Шоғырландырылған қаржылық есептер бірыңғай шаруашылық жүргізуші субъект туралы сияқты топ туралы қаржылық есептер ұсынады. Шоғырландырылған қаржылық есептерді жасаған кезде субъект:

1) басты ұйымның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептерін активтердің, міндеттемелердің, капиталдың, кірістер мен шығыстардың ұқсас баптарын қосу жолымен баппен біріктіруге;

2) басты ұйымның әрбір еншілес ұйымға инвестицияларының баланстық құнын және басты ұйымға тиесілі әрбір еншілес ұйымның капиталының сол бір б ө л і г і н а л ы п т а с т а у ғ а ;

3) шоғырландырылған еншілес ұйымдардың есепті кезеңдегі пайдасына немесе залалына азшылықтың үлесін басты ұйымның үлесінен бөлек өлшеуге ж ә н е б е р у г е ;

4) азшылықтың шоғырландырылған еншілес ұйымдардың активтеріндегі үлесін басты ұйым акционерлерінің олардағы капиталының үлестерінен бөлек өлшеуге және беруге тиіс. Таза активтердегі азшылықтың үлесі мыналардан т ұ р а д ы :

азшылықтың бастапқы біріккен күнгі үлесінің сомасынан, және азшылықтың біріккен күннен бастап болған капиталдың өзгерістеріндегі үлесі.

127. Әлеуетті дауыс беру құқықтары болған жағдайларда (акцияларды, варранттарды сатып алуға немесе айырбасталатын бағалы қағаздарды айырбастауға арналған опциондарды орындау нәтижесінде туындауы мүмкін дауыс беру құқығы сияқты) пайданың немесе залалдың және басты ұйымға бөлінген капиталдағы өзгерістер мен азшылық үлесінің ара қатынасы меншік қолданыстағы үлесі негізінде айқындалады және әлеуетті дауыс беру құқығын ықтимал орындауды немесе айырбастауды көрсетпейді.

128. Ішкітоптық қалдықтар мен операциялар, оның ішінде кірістер, шығыстар мен дивидендтер толығымен алынып тасталуға тиіс. Ішкітоптық операциялар

салдарынан туындайтын, активтерде танылған қорлар мен негізгі құралдар сияқты пайда мен залал толығымен алынып тасталады. Топтың ішіндегі залалдар шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануды талап ететін құнсыздануды көрсетуі мүмкін. Осы Стандарттың 28-бөлімі топтың ішіндегі операциялардың нәтижесінде туындайтын пайда мен залалды алып тастау нәтижесі болып табылатын уақытша айырмашылықтарға қолданылады.

129. Басты ұйымның және оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептерді дайындау үшін пайдаланылатын қаржылық есептілігі мұндай іс жүзінде мүмкін болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, сол бір есепті күнге жасалуға тиіс.

130. Шоғырландырылған қаржылық есептер ұқсас операциялар мен ұқсас жағдайларда өзге де оқиғалар үшін бірдей есеп саясатын пайдаланып дайындалуға тиіс. Егер топ мүшесі ұқсас операциялар мен ұқсас жағдайлардағы оқиғалар үшін шоғырландырылған қаржылық есептерде қабылданған есеп саясатынан өзгеше есеп саясатын пайдаланса, онда оның қаржылық есептері шоғырландырылған қаржылық есептерді дайындау кезінде тиісті түрде түзетіледі.

§ 64. Еншілес ұйымдарды иелену және олардан шығу

131. Еншілес ұйымның кірістері мен шығыстары алынған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептерге енгізіледі. Еншілес ұйымның кірістері мен шығыстары шоғырландырылған қаржылық есептерге басты ұйым еншілес ұйымды бақылауды жоғалтатын күнге дейін енгізіледі. Еншілес ұйымнан шығудан түскен түсімдер мен еншілес ұйымға жатқызылған және осы Стандарттың 30-бөліміне сәйкес капиталдың құрамында танылған бағамдық айырманың акумулятивті сомасын қоса алғанда, оның баланстық құны арасындағы айырма пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте еншілес ұйымнан шығудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады.

132. Егер ұйым еншілес ұйым болуды тоқтатса, бірақ инвестор (бұрынғы басты ұйым) капиталдағы кейбір үлесті ұстап тұруды жалғастырса, бұл үлес ұйым еншілес болуды аяқтаған күннен бастап және ұйым афилиирленген ұйым немесе бірлесіп бақылайтын ұйым болмайтын кезде осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес қаржылық актив ретінде ескерілуге тиіс. Ұйым еншілес болуды аяқтайтын күнгі инвестицияның баланстық құны қаржылық активтің бастапқы өзгеруі кезіндегі сатып алу құны ретінде қаралуға тиіс.

§ 65. Еншілес кәсіпорындардағы азшылықтың үлесі

133. Субъект азшылықтың үлесін шоғырландырылған бухгалтерлік баланста капиталдың бөлімінде еншілес ұйымның капиталынан бөлек көрсетуге тиіс.

134. Субъект топтың пайдадағы немесе залалдағы азшылықтың үлесін пайда мен залал туралы есепте бөлек ашуға тиіс.

135. Шоғырландырылған еншілес ұйымдағы азшылыққа жататын залал еншілес ұйымның капиталындағы азшылықтың үлесінен асып түсуі мүмкін. Мұндай асып түсу мен азшылыққа жататын кез келген келесі залалдар азшылық залалдың орнын толтыру үшін қосымша инвестициялар жасауға міндетті және қабілетті жағдайларды қоспағанда, көпшіліктің үлесіне бөлінеді. Егер кейіннен еншілес ұйым есепте пайда көрсеткен жағдайда, бұл пайда көпшілік бұрын жұтқан азшылықтың үлесіне жататын залалдың бүкіл сомасы өтелгенге дейін көпшіліктің үлесіне жатады.

§ 66. Жеке қаржылық есептер

136. 120-тармақта басты ұйым шоғырландырылған қаржылық есептер дайындауға тиіс талап белгіленген. Осы Стандарт басты ұйымды басты ұйым бойынша немесе жекелеген еншілес ұйымдар бойынша жеке қаржылық есептер беруге міндеттемейді. Басты ұйым үшін жеке қаржылық есептер дайындалатын жағдайларда ұйым мынадай түрде сату үшін ұсталатындар ретінде сыныпталмайтын сол еншілес ұйымдарға, бірлесіп бақылайтын ұйымдарға және ассоциациялаған ұйымдарға өзінің бүкіл инвестициясын ескеруге тиіс:

- 1) іс жүзіндегі шығындар бойынша, немесе
- 2) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша.

137. Егер басты ұйым бірлескен бақылайтын ұйымның үлесі бар бірлескен қызметке қатысушы немесе ассоциацияланған ұйымдағы инвестор жеке қаржылық есептер дайындаса, онда бұл жеке қаржылық есептер мыналарды аш у ғ а т и і с :

1) есептер жеке қаржылық құжаттар болып табылатын факт және егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мұны талап етпесе, - осы есептер д а й ы н д а л а т ы н с е б е п т е р ;

2) атауын, тіркелген елін немесе орналасқан жерін, меншіктегі теңбе-тең қатысу үлесін қоса алғанда, еншілес, бірлесіп бақылайтын және ассоциацияланған ұйымдарға едәуір инвестициялардың тізімі және егер ол ерекшеленетін болса, қолда бар дауыс беруге құқығы бар акциялардың үлесі; ж ә н е

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген инвестициялардың есепке алу үшін пайдаланылған әдістердің сипаттамасы және осы жеке қаржылық есептер жататын шоғырландырылған қаржылық есептердің нұсқауы жатады.

138. Еншілес ұйымдары жоқ ұйымның, ассоциацияланған ұйымның қаржылық есептері немесе бірлесіп бақылайтын ұйымдағы бірлескен қызметке қатысушының үлесі жеке қаржылық есептер болып табылмайды.

10. Есеп саясаты, есептік бағалаулар мен қателер § 67. Есеп саясатын таңдау мен қолдану

139. Осы Стандарт операцияны, оқиғаны немесе жағдайды есепке алу жөніндегі нақты нұсқауларды қамтымайтын жағдайларда басшылық ақпараттың пайда болуына әкелетін осындай есеп саясатын әзірлеу мен қолдану үшін жеке пікірін басшылыққа алғаны жөн, ол:

1) экономикалық шешімдер қабылдаған кезде пайдаланушылардың қажеттіліктері үшін қолайлы; және

2) қаржылық есептер:

субъект қызметінің қаржылық жағдайын, қаржылық нәтижелерін және ақшалай қаражатының қозғалысын дұрыс беретіндігімен; операциялардың, өзге де оқиғалар мен шарттардың заңды нысанын ғана емес, оның экономикалық мазмұнын көрсететіндігімен; өзіне біржақтылықты қамтымайтын бейтарап болып табылатындығымен; консервативті болып табылатындығымен; және барлық елеулі қатынастарда толық болып табылатындығымен сенімді.

140. 139-тармақта көзделгендей пікірді пайдаланған кезде басшылық мынадай көздердің қолданылуын қарауға тиіс (басымдылықтың азаю тәртібімен):

1) ұқсас және байланысты мәселелерді қозғайтын осы Стандарттағы талаптар мен нұсқаулар;

2) осы Стандарттың 2-бөлімінде баяндалған активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар мен негізгі қағидаттар үшін тану анықтамалары, өлшеулер мен өлшеу тұжырымдамалары.

141. Осы Стандарттың 139-тармағында көзделгендей пікірді пайдаланған кезде басшылық сол сияқты ұқсас немесе байланысты жағдайлар үшін ХҚЕС-те баяндалған талаптар мен басшылық нұсқауларды назарға ала алады.

142. Субъект есеп саясатын ұқсас операциялар, өзге де оқиғалар мен шарттар үшін Стандарт баптарды олар үшін өзге есеп саясатын қолданған жөн санаттарға бөлуді арнайы талап ететін немесе бөлуге рұқсат беретін жағдайларды қоспағанда, кезекпен таңдауға және қолдануға тиіс. Егер осы Стандарт санаттарға мұндай бөлуді талап еткен немесе бөлуге жол берген жағдайда қолайлы есеп саясатын таңдаған және ізінше оны осындай әрбір санатқа қолданған жөн.

143. Субъект өзінің есеп саясатын мұндай өзгеріс:

- 1) осы Стандартта өзгерістер орындау үшін қажет; немесе
- 2) қаржылық есептер операциялардың субъектінің қаржылық есебіне, қаржылық нәтижелеріне немесе ақшалай қаражатының қозғалысына әсері туралы сенімді және неғұрлым қолайлы ақпаратты беретін жағдайда ғана өзгертуге тиіс.

144. Келесі іс-әрекеттер есеп саясатындағы өзгерістер болып табылмайды:

- 1) есеп саясатын өзінің табиғатынан бұрын орын алған операциялардан, өзге де оқиғалардан немесе шарттардан ерекшеленетін операцияларға өзге де оқиғаларға немесе шарттарға қатысты қолдану; және
- 2) жаңа есеп саясатын бұрын орын алмаған немесе елеулі болмаған операцияларға өзге де оқиғаларға немесе шарттарға қатысты қолдану.

145. Осы Стандарт қандай да болмасын ерекше операцияны (оқиғаны, жағдаятты) есепке алу тәртібін таңдауға жол беретін және субъект өзінің есептеу тәртібін таңдауды өзгертетін жағдай есеп саясатындағы өзгерістер болып табылады. Ұқсас түрдегі өлшеу базасындағы өзгеріс есеп саясатындағы өзгеріс болып табылады.

146. Субъект есеп саясатындағы өзгерістерді мынадай түрде ескереді:

1) осы Стандарттың талаптарындағы өзгерістер нәтижесінде туындаулар нәтижесінде осындай түзетудегі өтпелі кезеңнің шарттарына сәйкес;

2) ХҚЕС-тің толық версиясынан қандай да болмасын стандарттың талаптары өзгерген, ал осы Стандарт субъектінің ХҚЕС-тің осы стандартын пайдалануды талап ететін немесе рұқсат беретін жағдайларда субъект есеп саясатындағы мұндай өзгерісті - егер мұндайлар осы ХҚЕС-те бар өтпелі кезеңнің шарттарына с ә й к е с ; ж ә н е

3) есеп саясатындағы барлық өзге де өзгерістерді субъект ретроспективті ескереді.

§ 68. Ретроспективті қолдану

147. Субъект осы Стандарттың 146-тармағына сәйкес жаңа есептік саясатты ретроспективті қолданатын жағдайда, ол оны өткен кезеңдердегі салыстырмалы кестеге ол практикалық тұрғыдан жүзеге асырылатындай кейінгі кезеңге және егер жаңа есеп саясаты барлық уақытта қолданылатындай етіп қолданады. Белгілі бір кезеңге жататын есеп саясатындағы өзгерістердің әсерін айқындау іс жүзінде жүзеге асырылмайтын болғанда бір немесе одан да көп кезеңге ұсынылған салыстырма ақпаратқа субъект ретроспективті қайта есептеу іс жүзінде жүзеге асырылатын ең ерте кезеңдегі (бұл кезең ағымдағы болуы мүмкін

) капиталдың тиісті құрамдас бөліктерінің әрқайсысының бастапқы сальдосын қайта есептеуге тиіс және осы кезеңдегі капиталдың сөз болған әрбір құрамдас бөлігінің бастапқы сальдосына тиісті түзету жүргізуге тиіс.

§ 69. Есеп саясатының өзгеруі туралы ақпаратты ашу

148. Егер осы Стандартты бастапқы қолдану немесе осы Стандартқа өзгерістер ағымдағы немесе алдағы кезеңге әсер ететін немесе болашақтағы кезеңдерге әсер ете алатын болса, онда субъект мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

- 1) есеп саясатындағы өзгерістердің сипаты;
- 2) ағымдағы және әрбір берілген кезеңдер үшін түзету сомасын ол іс жүзінде жүзеге асырылатындай дәрежеде; және қаржылық есептерде әрбір сөз болған баптың түзету сомасын; және
- 3) берілген кезеңдердің алдындағы кезеңдерге жататын түзету сомасын ол іс жүзінде жүзеге асырылатындай дәрежеде;
- 4) егер соманы осы тармақтың 2) немесе 3) тармақшаларына сәйкес анықтау іс жүзінде мүмкін болмаған жағдайда мүмкін болмайтын себептерді түсіндіру қажет.

Келесі кезеңдердің қаржылық есептілігіндегі осы ақпаратты қайтадан ашу талап етілмейді.

149. Есеп саясатындағы ерікті өзгеріс ағымдағы кезеңге немесе кез келген алдыңғы кезеңдерге әсер ететін немесе болашақ кезеңдерге әсер ете алатын жағдайларда субъект осы Стандарттың 148-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

- 1) есеп саясатындағы өзгерістердің сипаты;
- 2) жаңа есептік саясатты қолдану сенімді және неғұрлым қолайлы ақпаратты беретін себептер;
- 3) ағымдағы және әрбір берілген кезеңдер үшін түзету сомасын ол іс жүзінде жүзеге асырылатындай дәрежеде; және қаржылық есептерде әрбір сөз болған баптың түзету сомасын;
- 4) берілген кезеңдердің алдындағы кезеңдерге жататын түзету сомасын ол іс жүзінде жүзеге асырылатындай дәрежеде;
- 5) егер соманы осы тармақтың 2) немесе 3) тармақшаларына сәйкес ашуға іс жүзінде мүмкін болмаған жағдайда - мүмкін болмайтын себептерді түсіндіру қажет.

Келесі кезеңдердің қаржылық есептілігіндегі осы ақпаратты қайтадан ашу талап етілмейді.

§ 70. Есептік бағалаулардағы өзгерістер

150. Есептік бағалаудағы өзгерістер - активтің немесе міндеттеменің баланстық құнын немесе активтер мен міндеттемелердің ағымдағы жай-күйін және активтер мен міндеттемелерге байланысты болашақтағы пайдадан және міндеттемелерден күтілетін бағалау нәтижесінде туындайтын активті кезең-кезеңмен тұтыну сомасын түзету. Есептік бағалаулардағы өзгерістер жаңа ақпарат немесе оқиғалардың дамуы нәтижесінде туындайды және тиісінше қателерді түзету болып табылмайды.

151. Осы Стандарттың 152-тармағы қолданылатын өзгерістен ерекшеленетін есептік бағалаудағы өзгерістердің әсері пайдаға немесе залалға енгізу арқылы перспективалы деп танылуға тиіс:

- 1) егер өзгеріс тек осы кезеңге әсер ететін орын алған кезең; немесе
- 2) өзгеріс болашақ кезеңдерде де орын алса, егер ол осы және болашақ кезеңдерге де әсер етсе.

152. Есептік бағалаулардағы өзгерістер активтер мен міндеттемелердегі өзгерістердің себебі болған немесе капиталдың бабына қатынасы болған дәрежеде субъект есептік бағалаулардағы өзгерістерді тиісті активтің, міндеттеменің немесе өзгеріс кезеңіндегі капитал бабының баланстық құнын түзету жолымен тануға тиіс.

§ 71. Есептік бағалаудың өзгерісі туралы ақпаратты ашу

153. Субъект өзгерістердің сипаты мен сомасын ағымдағы кезеңде әсер ететін есептік бағалауларда немесе болашақ кезеңдерге әсер етуді ашу осы әсерді бағалау іс жүзінде мүмкін емес жағдайларды қоспағанда, болашақтағы кезеңдерде әсер етуі күтілетін есептік бағалауларды ашуға тиіс.

154. Егер әсер ететін өзгерістердің сомасы бағалау іс жүзінде жүзеге асырылмайтын болып табылатындықтан болашақтағы кезеңде ашылмаса, онда субъект осы фактіні ашуға тиіс.

§ 72. Алдыңғы кезеңдердің қателерін түзету

155. Алдыңғы кезеңдердің қателері - сенімді ақпаратты орындамауы немесе тиесілі түрде орындамауы салдарынан туындайтын бір немесе бірнеше кезеңдер үшін субъектінің қаржылық есептілігіндегі түсіп қалулар немесе бұрмалаулар, о л а р

- 1) сол кезеңдегі қаржылық есептерді субъект бекіткенде болса; және
- 2) осы қаржылық есептерді дайындау және ұсыну барысында алынған және қаралған болып негізделген күтілсе.

156. Мұндай қателер математикалық қате есептеулер, есеп саясатын қолданған кездегі қателер, аңғармаушылық немесе дұрыс түсіндірмеу, алаяқтық та фактілерінің салдарын қамтиды.

157. Мұны жүзеге асыру тіптен мүмкін болмайтын дәрежеде субъект мыналар арқылы оларды байқағаннан кейін шығаруға бекітілген қаржылық есептіліктің бірінші жинағындағы алдыңғы кезеңдердің елеулі қателерін ретроспективті түзетуге тиіс:

1) қате жіберілген алдыңғы берілген кезеңдегі (-дердегі) салыстырмалы деректерді қайта есептеу; немесе

2) егер қате берілген кезеңдерден өте ерте кезеңге дейін жіберілсе, онда активтердің, міндеттемелер мен капиталдың бастапқы сальдосын берілген кезеңдерден ең ерте кезеңде есептеу.

158. Белгілі бір кезеңге, бір немесе одан да көп берілген кезеңдердегі салыстырмалы ақпаратқа қатысты қатенің әсерін айқындауды жүзеге асыру тіптен мүмкін емес болғанда, субъект ол үшін ретроспективті қайта есептеуді жүзеге асыру мүмкін емес ең ерте кезеңдегі активтердің, міндеттемелер мен капиталдың бастапқы сальдосын қайта есептеуге тиіс.

159. Қайта есептеуді жүзеге асыру тіптен мүмкін емес болғанда, субъект таратылмаған пайда сальдосының ағымдағы кезеңі үшін бастапқыдағы қатеге әсер ету сомасын тануға тиіс.

§ 73. Алдыңғы кезеңдердің қателерін түзету

160. Алдыңғы кезеңдердің қателерін түзетуге қатысты мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

1) алдыңғы кезең қатесінің сипаты;

2) ағымдағы және әрбір берілген кезеңдер үшін түзету сомасын ол іс жүзінде жүзеге асырылатындай дәрежеде; және қаржылық есептерде әрбір сөз болған баптың түзету сомасын;

3) берілген кезеңдерден ең ерте кезеңнің басындағы түзету сомасын; және

4) егер ретроспективті соманы қайта есептеу белгілі бір алдыңғы кезең үшін іс жүзінде жүзеге асырылмайтын болса, осындай күш-жігердің болуына әкелген жағдайлар және қате қандай сәттен бастап түзетілгенін сипаттау.

Келесі кезеңдердің қаржылық есептерінде осы ақпаратты қайтадан ашу талап етілмейді.

11-бөлім. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер § 74. Есеп саясатын таңдау

161. Субъект есепті ненің негізінде жүргізген жөн екендігін таңдауға тиіс:
1) осы бөлімде қамтылған ережелердің негізінде; не
2) өзінің бүкіл қаржы құралдарын есепке алу үшін ХҚЕС(IAS) 39 "Қаржы құралдары: Тану және ашу" негізінде. ХҚЕС (IAS) 39 қолдануды таңдайтын субъект ашуды ХҚЕС (IFRS) 7 "Қаржы құралдары" сәйкес жүргізуге тиіс.

162. Қаржы құралы - бұл нәтижесінде бір субъектіде қаржылық актив және екіншісінде қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал туындайтын шарт.

Мыналар мысал болып табылады:
а қ ш а л а й қ а р а ж а т ;
талап еткенде берілетін депозиттер мен мерзімді депозиттер;
коммерциялық қағаздар мен коммерциялық вексельдер;
қарыздар, шоттар мен вексельдер бойынша дебиторлық және кредиторлық б е р е ш е к ;
облигациялар мен ұқсас борыштық құралдар;
қарапайым және артықшылықты акциялар мен ұқсас үлестік құралдар;
активтермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар - жылжымайтын мүлікке қойылғандармен қамтамасыз етілген облигациялар, РЕПО шарттар мен борыштық құралдардың секьюритизацияланған пакеттері; және
ақшалай құралдар ретінде немесе басқа қаржы құралына айырбастау жолымен пайдаланылуы мүмкін опциондар, артықшылықты құқықтар, варранттар, фьючерлік келісім-шарттар, форвардты келісім-шарттар мен пайыздық своптар.

163. Осы бөлім мынадай жағдайларды қоспағанда, барлық қаржы құралдарына қ о л д а н ы л а д ы :

1) есебі осы Стандарттың 8-бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын еншілес ұйымдарға үлестерді, есебі осы Стандарттың 13-бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын ассоциацияланған ұйымдарға үлестерді және есебі осы Стандарттың 14-бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын бірлескен қызметтегі үлестерді;

2) есебі осы Стандарттың 27-бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын жұмыс берушілердің қызметкерлерге сыйақы жоспарлары бойынша құқықтары мен м і н д е т е м е л е р і н ;

3) сақтандыру шарты мыналарға жатпайтын шарттық міндеттемелердің салдары ретінде тараптардың кез келгенінде залалдың туындауына әкелуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарттары бойынша туындайтын қ ұ қ ы қ т а р д ы :

сақтандырылған тәуекелдегі өзгерістерге;
шетелдік валюталар бағамдарындағы өзгерістерге; немесе
қарсы тараптардың бірінің міндеттемелерді орындамауына; және
4) жалдауға, мыналарға жатпайтын шарттық талаптарды орындау

нәтижесінде жалға берушіде не жалдаушыда жалдаудың туындауына әкелуі мүмкін жалдауды қоспағанда:

жалға алынатын активтің бағасының өзгеруі;
шетелдік валюталар бағамындағы өзгерістер; немесе қарсы тараптардың бірінің міндеттемелерді орындамауы.

164. Қаржылық емес активтерді сатып алу-сату шарттарының көпшілігі - мысалы, қорларды, негізгі құралдарды сатып алу-сату осы бөлімнің қолданылу саласынан алынып тасталады, себебі мұндай активтер қаржы құралдары болып табылмайды. Солай бола тұрса да, осы бөлім өзінің ережелерінің арқасында (қаржылық емес активке бағалардың өзгерісінен, шетелдік валюталар бағамдарындағы өзгерістерден немесе қарсы тараптардың бірінің міндеттемелерді орындамауынан ерекше) сатып алушыны немесе сатушыны залалға әкеп соқтыруы мүмкін барлық шарттарға қолданылады.

165. Осы Стандарттың 164-тармағында көрсетілген шарттардан басқа, осы бөлім, егер осындай шарттар бойынша нетто-есептеу ақшалай қаражаттың немесе басқа қаржы құралының көмегімен немесе кәсіпорынның күтілетін қажеттіліктеріне сәйкес сатып алуларда, сатуларда немесе тұтынуларда қаржылық емес құжат алу немесе беру мақсатында жасалатын ұсталатын осы бөлімнің мақсаттары үшін қаржы құралдары болып табылмайтын шарттарды қоспағанда, қаржы құралдарын айырбастау жолымен жүргізілуі мүмкін.

§ 75. Активтер мен міндеттемелерді алғашқы тану және өлшеу

166. Субъект қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені субъектіге құралдың шарттық ережелері қолданылғанда ғана тануға тиіс.

167. Әрбір есепті күнге субъект төменде санамаланған қаржы құралдарын құнсыздану сомасын шегергендегі өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен өлшеуге тиіс:

1) осы Стандарттың 169-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және оны алғашқы таныған кезде құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен (пайыздың тиімді ставкасы әдісінің көмегімен амортизацияланған) өлшенетін актив ретінде субъект белгілейтін құрал (дебиторлық немесе кредиторлық берешек немесе қарыз сияқты). Пайыздың тиімді ставкасының әдісін қолдану жөніндегі нұсқаулық осы Стандартқа 1-қосымшада келтіріледі.

2) қарыз алуға немесе беруге міндеттеме: ақшалай құралдармен жүргізілуі мүмкін емес нетто-есептеу, күтілетіндей оны орындаған кезде құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен тану жөніндегі талаптарға сәйкес

к е л е т і н ;

ж ә н е

бастапқы таныған кезде субъект құнсыздануды шегергендегі өзіндік құн бойынша өлшейтін бап ретінде белгіленген.

3) ашық нарықта айналымда жоқ үлестік құралдар және олардың әділ құны қандай да болмасын өзге тәсілмен сенімді өзгере алмайтын, сондай-ақ осындай құралдармен байланысты шарттар, олар орындалған жағдайда құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен өлшенуі тиіс осындай құралдарды беруді көздейді.

168. Осы Стандарттың 167-тармағына сәйкес құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен ескерілетін қаржы құралдарын қоспағанда, әрбір есепті күнге субъект барлық қаржы құралдарын әділ құнмен сату немесе істен шығару жөніндегі шығыстарға ешқандай шегерместен өлшеуге тиіс, оны субъект мұндай құралдарды сату кезінде немесе шығаруды ұйымдастыру кезінде қандай да болмасын өзге де тәсілмен тартуы мүмкін.

169. Субъект құралды мұндай актив барлық төмендегі жағдайларға сәйкес келген жағдайларда ғана осы Стандарттың 167-тармағының 1) тармақшасына сәйкес амортизацияланған құн бойынша ескерілетін ретінде белгілей алады:

1) құралдың белгіленген өтеу мерзімі болса немесе талап ету бойынша өтеуге жатса және көрсетілген өтеу мерзімі жетсе немесе мұндай болғанға дейін құралды шығару кезінде алынған немесе төленген өтеудің барлық немесе барлыққа дерлік сомасын төлеуді жүргізуді міндеттесе.

2) Құрал ұстаушының кірістері мыналар болып табылады:

тіркелген сомада тең,

құрал қолданыста болған уақытта тіркелген кірістілік ставкасына тең; абсолютті мәнде ауыспалы, бірақ ЛИБОР сияқты қандай да болмасын бір базистік өлшеуге тең болып табылса, немесе тіркелген ставка мен ауыспалы ставка арасындағы тең комбинация болып табылса.

Тіркелген және тұрақты кірістілік ставкасы бар пайыздар қаралатын кезеңдегі пайыздық ставканы сол кезеңдегі кезең үшін өтелмеген негізгі сомаға көбейту жолымен есептеледі.

3) ұстаушы негізгі соманы ағымдағы немесе алдыңғы кезеңдерде есептелген пайыздарды жоғалтуға әкелуі мүмкін тиісті шарттардағы қандай да болмасын ережелер жоқ болса.

4) эмитентке берешекті мерзімінен бұрын өтеуге мүмкіндік беретін немесе ұстаушыға өтеуге құрал көрсететін шарттық ережелердің жарамдылығы болашақта қандай да болмасын оқиғаның болуына немесе болмауына байланысты емес. Құрал мерзімінен бұрын өтеу құқығын пайдаланатын тарапқа салынатын айыппұл санкцияларын салатын ережелерді қамтуы мүмкін, бірақ мұндай айыппұл санкцияларының мөлшері құқық пайдаланылған сәттегі

инвестицияланған немесе өтелмеген негізгі сомадан тіркелген сомаға, тіркелген пайызға тең болған кезде. Немесе пайыздық ставкалардағы айырманың негізінде және өзге жағдайда мерзімінен бұрын өтеуге арналған құқықты пайдалануға танылған тарап алатын пайда сомасын азайтуға танылған айырма негізінде е с е п т е л е т і н с о м а ;

5) кірістілік пен өтеу бөлігіндегі құрал бойынша өзге де шарттық ережелер осы тармақтың 2) тармақшасында айтылған ауыспалы кірістілік ставкасы туралы шарттық ережелерді және осы тармақтың 4) тармақшасында айтылған мерзімінен бұрын өтеу туралы ережелерді қоспағанда, болашақтағы қандай да бір оқиғалардың болуына немесе болмауына байланысты емес.

Субъект борыштық құрамдас бөлігінің жоғарыда көрсетілген талаптарына құрамдасқан қаржылық құралдың сәйкестігін айқындаған кезде субъект осы Стандарттың 21-бөлімінің 405-тармағының талаптарына сәйкес үлестік құрамдас бөлікті бөлуге тиіс.

170. Құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен өлшенетін (немесе осындай тәсілмен өлшенетін) қаржы құралдарының мысалдары мыналар болып табылады:

1) осы баптар, әдетте, осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетіндіктен, қарапайым сауда дебиторлық және кредиторлық берешек, алуға және төлеуге арналған вексельдер мен банктер мен өзге де үшінші тұлғалардан алынатын қарыздар;

2) мұндай құралдар, әдетте, осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетіндіктен, айырбасталмайтын борыштық құралдарға и н в е с т и ц и я л а р ;

3) үлестік құралдың құны осы Стандарттың 169-тармағына сәйкес құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен өлшенетіндіктен, шарты орындаған немесе құқықты пайдаланған жағдайда әділ құны сенімді өлшенуі мүмкін емес борыштық құралды сатып алуға арналған шарт немесе құқық (опцион);

4) ақшалай ағын осындай шарттар шеңберінде, әдетте, осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетіндіктен, шетелдік валютадағы кредиторлық берешек. Солай бола тұрса да, шетелдік валютадағы, валюталық бағамның ауытқуларымен туындаған кредиторлық берешектің бабындағы өзгерістер осы Стандарттың 30-бөліміне сәйкес пайданың немесе залалдың құнына кіретіндігін атап өткен жөн;

5) олар, әдетте, осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетіндіктен, еншілес немесе ассоциацияланған ұйымдардан алынған қарыздар және осындай ұйымдарға берілген және талап етілген кезде өтеуге ж а т а т ы н қ а р ы з д а р ;

6) мұндай ереже, әдетте, осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған

талаптарға қайшы келмейтіндіктен, эмитент пайыздарды немесе негізгі соманы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда тез арада өтелуге тиіс борыштық құралдар.

171. Төменде құны құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен өлшенбейтін қаржы құралдарының мысалдары келтірілген. Мұндай құралдардың құны пайда немесе залал арқылы әділ құнмен өлшенеді:

1) құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен өлшеуге рұқсат беретіндіктен олар бойынша жарияланатын кесілген баға бар борыштық құралдарға инвестициялар (ашық нарықта айналымда болмайтын және әділ құны қандай да болмасын өзге де тәсілмен сенімді өлшенуі мүмкін емес борыштық құралдар үшін ғана);

2) мұндай своптар мен форвардтық келісімдер осы Стандарттың 169-тармағында баяндалған талаптарға қайшы келмейтіндіктен, ақша қаражатының оң немесе теріс қозғалысы орын алған пайыздық своп немесе қандай да болмасын тауарды немесе қаржы құралын сатып алуға арналған ақшалай қаражатты төлеумен пайдаланылатын немесе орындаған кезде ақша қаражатының оң немесе теріс қозғалысын беретін форвардтық келісім;

3) ұстаушы алатын кірістілік тіркелген болып табылмайтын және тиісінше осы Стандарттың 169-тармағындағы талап орындалмайтын опциондар мен форвардтық шарттар;

4) ұстаушы алатын кірістілік нарықтық пайыздық ставкалардың ауытқуынан ғана емес, эмитенттің борыштық құралдары бағасының өзгеруімен ауысып отыруы мүмкін болғандықтан, айырбасталатын борыштық құралдарға инвестициялар;

5) оларда осы Стандарттың 169-тармағындағы талаптарға қайшы келетін өтеу мерзімі жоқ болғандықтан мерзімді борыштық құралдар.

172. Субъектінің қаржылық активінің немесе міндеттемесінің құнын келесі өлшеу кезінде қаржылық құралды есептеудің өзінің саясатын оны пайда немесе залал арқылы "әділ құн бойынша ескерілген" санатқа аудара отырып немесе оны осы құралды иелену кезеңінде немесе осы құрал айналымда болғанда осы санаттан шығара отырып, ауыстырмауға тиіс.

173. Құны пайда немесе залал арқылы әділ құнмен өлшенетін борыштық құралдың әділ құнын сенімді өлшеу үшін деректер көзі жоғалған жағдайда өзгерген күнгі мұндай құралдың баланстық құны құралдың өзіндік құны болып танылады. Мұндай жағдайда субъект мұндай құралдың құнын әділ құны сенімді өлшеу үшін деректер көзі пайда болғанға дейін құнсызданудан залалды шегергендегі осы өзіндік құнмен өлшейді.

§ 76. Әділ құн

174. Осы Стандарттың 168-тармағы кейбір қаржылық құралдар әділ құнмен өлшенуге тиістігін көздейді. Әділ құн туралы деректердің ең үздік көзі нарықтық баға болып табылады. Егер қаржы құралының нарығы белсенді болып табылмаса, онда субъект бағалау әдісін пайдаланып, әділ құнды белгілейді. Бағалау әдісін пайдаланудың мақсаты тәуелсіз уәжделген қалыпты іскер пікірлермен тараптар арасында айырбас жасалған кездегі өзгерту күні операцияның бағасы қандай болғандығын анықтау болады.

175. Кредитордың талап етуі бойынша өтелетін қаржылық міндеттеменің әділ құны (мысалы, талап етілгенде берілетін депозит) осы соманы төлеу талап етілуі мүмкін бірінші күннен бастап дисконтталған талап ету бойынша төлеуге жататын сомадан аз болмайды.

176. Әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы өлшенетін қаржылық активтер мен міндеттемелер құнының құрамына субъект транзакциялық шығасыларды қоспауға тиіс. Егер активті төлегені үшін мерзімді ұзарту бар болса (тегін немесе ақылы, бірақ пайыздың нарықтық ставкасынан ерекшеленетін) субъект активтің құнын нарықтық пайыздық ставка бойынша дисконтталған барлық болашақтағы төлемдердің келтірілген құны бойынша өлшеуге тиіс.

177. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің әділ құнын анықтаған кезде субъект осы Стандартқа 2-қосымшадағы қосымша нұсқауларды сақтауға тиіс.

§ 77. Өзіндік құны немесе амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары құнының құнсыздануы

178. Әрбір есепті кезеңнің аяғында субъект құны өзіндік құнымен немесе амортизацияланған құнымен өлшенетін барлық қаржы құралдарын құнсыздану мәніне талдау жүргізуге тиіс. Құнсызданудың объективті дәлелдері болған жағдайда субъект пайданың немесе залалдың құрамындағы құнсызданудан залалды тануға тиіс. Құны пайда немесе залал арқылы әділ құнмен өлшенетін қаржы құралдары құнсыздану мәніне жеке талдауды талап етпейді, себебі олардың құнсыздануы, егер мұндайлар болса, олардың құнын әділ құнға келтіру барысында танылып қойылды.

179. Қаржылық активтің немесе активтер тобының құнсыздануының объективті куәсі активті ұстаушыға мәлім болған байқалатын залалға әкелетін мынадай оқиғалар туралы ақпаратты қамтиды:

- 1) эмитенттің немесе борышкердің едәуір қаржылық қиындықтары;

2) шарттың бұзылуы, мысалы, пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелердің мерзімінің өтуі немесе орындалмауы;

3) кредит берушінің қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық немесе заң себептермен борышкерге шарттың ережелерінен ауытқуға рұқсат беруі; кредит беруші өзге жағдайларда бермеуі мүмкін рұқсаты;

4) қандай да болмасын өзге тәсілмен ықтимал болған қарыз алушының банкроттығы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылуы;

5) борышкердің қаржылық қиындықтарына байланысты осы қаржылық актив үшін белсенді нарықтың жоғалуы; немесе

б) қаржылық активтер тобын бастапқы таныған сәттен бастап есептік болашақ ақша қаражаты ағынының осындай активтерден өлшеулі азаюы болғандығын көрсететін байқалатын ақпарат, бұл ретте мұндай азаю сомасы мәселен, мемлекеттегі немесе өңірдегі қолайсыз экономикалық ахуал немесе қолайсыз салалық өзгерістер жағдайында сияқты топқа кіретін жеке қаржылық активтер арасында нақты бөлінуге міндетті емес.

180. Құнсызданудың куәсі басқа да факторлар болуы мүмкін - эмитенттің техникалық, нарықтың, экономикалық немесе нормативтік-құқықтық саладағы теріс салдармен елеулі өзгеруі.

181. Қаржылық активтер құнсыздануға жеке бағаланады, олар жекелігі жағынан ерекше, сондай-ақ олардың мәнділігіне қарамастан, барлық үлестік құралдар. Өзге қаржылық активтер құнсыздануға не бөлек, не кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары негізінде қалыптасқан топтар бойынша бағалануға тиіс.

182. Субъект құнсызданғаннан келген залалды мынадай тәсілмен өлшейді:

1) осы Стандарттың 167-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құнсыздану сомасын шегергендегі амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары үшін құнсызданудан келетін залал активтің баланстық құны мен қаржылық актив бойынша пайыздың бастапқы тиімді ставкасы бойынша дисконтталған болжанатын ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмаға тең ; және

2) осы Стандарттың 167-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен ескерілетін қаржы құралдары үшін құнсызданудан келетін залал активтің баланстық құны мен активтің әділ құны арасындағы айырмаға тең.

183. Егер алдыңғы кезеңде құнсызданудан келетін залалдың құны қысқаратын болса және осы қысқаруды құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланыстыруға болса (мысалы, борышкердің кредит төлеу қабілеті рейтингінің артуымен) құнсызданудан бұрын танылған залалды не тікелей, не бағалау міндеттемесінің шотын түзету жолымен қалпына келтірген

жөн. Құнсызданудан келген залалды қалпына келтіру қаржылық активтің баланстық құны (бағалау міндеттемелерінің сомаларын шегергенде) мұндай қалпына келтірілген құнсыздануды танығанға дейін активтің баланстық құнынан артатындай болмауға тиіс. Субъект қалпына келтіру сомасын пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

§ 78. Қаржылық активті тануды тоқтату

184. Қаржылық активті тануды тоқтату мынадай жағдайларда ғана жүргізіледі:

1) осы қаржылық активтен болған ақша түсімдерді алуға құқық өткенде немесе толық көлемде орындалғанда;

2) субъект басқа тарапқа осы қаржылық активке байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы бергенде; немесе

3) субъект осы қаржылық активке байланысты кейбір елеулі тәуекелдер мен пайданы сақтайтындығына қарамастан, осы активті бақылау басқа тарапқа берілгенде немесе осындай басқа тарап осы активті тұтастай қандай да бір байланыссыз үшінші тарапқа сатуға іс жүзінде мүмкіндігі бар және осындай басқа тарап осы мүмкіндікті бір жақты тәртіппен, осындай беруге қосымша шектеу қою қажеттілігінсіз пайдаланатын болса. Мұндай жағдайда субъект:

активті тануды тоқтатуға, және беру барысында құрылған немесе сақталған барлық құқықтар мен міндеттемелерді жеке тануға тиіс.

Берілген активтің баланстық құны беру сәтіндегі олардың салыстырмалы әділ құнының негізінде сақталған және берілген құқықтар мен міндеттемелер арасында бөлінуге тиіс. Жаңадан құрылған құқықтар мен міндеттемелер олардың осы күнгі әділ құны бойынша өлшенуге тиіс. Алынған өтеу мен танылған құн және оның тануы осы тармаққа сәйкес тоқтатылған құн арасындағы құнның айырмасы беру кезеңінде пайданың немесе залалдың құрамына енгізіледі.

185. Егер беру субъект берілген активке иелік етуге байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы сақтағандықтан, тануды тоқтатуға әкелмесе, субъект берілген активті толық көлемде тануды жалғастыруға тиіс және алынған өтеуге қатысты қаржылық міндеттемені тануға тиіс. Бұл актив пен міндеттеме өзара есепке алынбауға тиіс. Келесі кезеңдерде субъект берілген активтен түсетін барлық кірістерді және қаржылық міндеттеме бойынша шығындалған барлық шығыстарды тануға тиіс.

186. Егер беруші тарап қабылдаушы тарапқа ақшасыз қамтамасыз етуді ұсынатын болса (борыштық немесе үлестік құрал сияқты), онда осы қамтамасыз етуді беруші және қабылдаушы тараптардың есепке алуы алушы тарап осы

қамтамасыз етуді сатуға немесе қайта кепілге салуға құқығы барлығына және беруші тарап өзінің міндеттемелерін орындағандығына немесе орындамағандығына байланысты. Беруші және қабылдаушы тараптар мұндай қамтамасыз етуді мынадай түрде ескеруге тиіс:

1) егер қабылдаушы тараптың шартқа немесе жалпыға бірдей қабылданған практикаға сәйкес осы қамтамасыз етуді сатуға немесе қайта кепілге салуға құқығы бар болса, онда беруші тарап мұндай активті өзінің балансында басқа активтерден бөлек қайта сыныптауға тиіс (мысалы, үлестік құралдардың кепілдігіне берілген қарыздық актив немесе кері сатып алу бойынша дебиторлық б е р е ш е к р е т і н д е) ;

2) егер қабылдаушы тарап оған кепілге берген қамтамасыз етуді сататын болса, онда міндеттеме бойынша бұл қамтамасыз етуді ол сатудан түскен түсімдерді және әділ құнмен өлшенген міндеттемені танып қайтаруға тиіс;

3) егер беруші тарап шарттық талаптарын орындамайтын болса және мұндай қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығы жоқ болса, онда ол осы қамтамасыз етуді тануды тоқтатуға тиіс, ал қабылдаушы тарап бұл қамтамасыз етуді бастапқыда әділ құнмен өлшенген өзінің активі ретінде тануға немесе егер бұл қамтамасыз етуді сатып қойған болса, онда бұл қамтамасыз ету қайтқаннан кейін өзінің міндеттемесін тануды тоқтатуға тиіс;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, беруші тарап бұл қамтамасыз етуді өзінің активі ретінде ескеруді жалғастыруға тиіс, ал қабылдаушы тарап бұл активті өзінің қамтамасыз етуі ретінде ескеруге тиісті емес.

§ 79. Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату

187. Субъект қаржылық міндеттемені (немесе қаржылық міндеттеменің бір бөлігін) ол өтелгенде, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған немесе жойылған немесе оның қолданылу мерзімі өткен кезде ғана балансынан алғаны жөн.

188. Қарыз алушы мен кредит беруші арасындағы қолданыстағы борыштық құралдармен елеулі ерекшеленетін шарттармен алмасуды субъектілер бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеруге тиіс. Ұқсас тәсілде қолданыстағы қаржылық міндеттеменің немесе оның бір бөлігінің шарттарының елеулі өзгеруін (бұл өзгеріс борышкердің қаржылық қиындықтарына байланысты екендігіне немесе байланысты еместігіне қарамастан) субъект бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеруге тиіс.

Өтелген немесе басқа тарапқа берілген қаржылық міндеттеменің (немесе

қаржылық міндеттеменің бір бөлігінің) баланстық құны мен төленген өтеу арасындағы айырманы кез келген берілген ақшасыз активтерді немесе қабылданған міндеттемелерді қоса алғанда, субъект пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

§ 80. Хеджирлеуді есепке алу

189. Субъект төменде баяндалған талаптарды ескере отырып, хеджирлеу құралы мен хеджирленетін бап (хеджирлеу объектісі) арасындағы хеджирлеу қатынастарын ресімдеген кезде мұндай қатынастар хеджирлеу операциясы ретінде ескерілуі мүмкін. Көрсетілген өлшеулерді сақтаған кезде хеджирлеу құралы бойынша және хеджирленетін бап бойынша пайда немесе залал пайданың немесе залалдың құрамына бір уақытта енгізілуі мүмкін.

190. Операция хеджирлеу операциясы ретінде ескерілуі үшін субъект төменде санамаланған барлық талаптарды орындауға тиіс:

1) субъект хеджирлеу қатынастарының болуын көрсетеді және мұндай қатынастарды хеджирленетін тәуекелдің түрі, хеджирлеу объектісі және хеджирлеу құралы дәл анықталатындай және хеджирлеу объектісіндегі тәуекел хеджирлеу құралының хеджирлену тәуекелі болатындай құжаттамаланады;

2) хеджирленетін тәуекел осы Стандарттың 191-тармағында айтылған тәуекелдердің бірі болуға тиіс;

3) хеджирлеу құралы осы Стандарттың 192-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келеді;

4) субъект хеджирлеу субъектісі белгіленген хеджирленетін тәуекелді сақтандыруда жоғары тиімділікті иеленетіндігін күтеді.

Хеджирлеудің тиімділігі - бұл хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін баптың әділ құнының немесе ақшалай қаражаты ағынының өзгеруі хеджирленетін құралдың әділ құнының немесе ақшалай қаражаты ағынының өзгерулерімен өтелетін дәреже.

191. Осы Стандарт мынадай операцияларды ғана хеджирлеу операциясы ретінде ескеруге жол береді:

1) амортизацияланған құнмен өлшенетін борыштық құрал бойынша пайыздық тәуекел;

2) қатты келісім немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операция бойынша валюталық тәуекел;

3) субъект ұстанатын немесе сатып алудың немесе сатудың ықтималдығы жоғары болжамданатын операция бар тауар бойынша бағалау тәуекелі; немесе

4) шетелдік қызметке инвестициялардың таза сомасы бойынша валюталық тәуекел.

192. Осы Стандарт хеджирлеу құралы төменде санамаланған талаптарға сәйкес келетін операцияларды ғана хеджирлеу операциясы ретінде ескеруге жол б е р е д і :

1) құрал осы Стандарттың 191-тармағында көрсетілген және хеджирленетін тәуекел ретінде белгіленген тәуекелді сақтандыруда тиімділігі жоғары болады деп күтілетін пайыздық свопты, валюталық свопты, форвардтық валюталық келісім-шартты немесе форвардтық тауарлы келісім-шартты білдіреді;

2) құрал есеп беретін субъектіге қатысты (яғни ол бойынша есептілік жасалатын топқа, сегментке немесе жеке ұйымға қатысты) сыртқы тараптың қ а т ы с у ы н к ө з д е й д і ;

3) оның шартты сомасы хеджирлеу объектісінде негізгі немесе шартты ретінде белгіленген сомаға тең;

4) онда белгіленген өтеу мерзімі бар, ол мыналардан кеш болмауға тиіс: хеджирленетін қаржы құралын өтеу мерзімі; тауарды сатып алуға арналған шартты болжанып отырған орындау күні; н е м е с е

шетелдік валюта немесе тауар бойынша ықтималдығы жоғары болжанатын хеджирленетін операцияның болуы;

құрал алдын ала төлеу, мерзімінен бұрын өтеу немесе ұзарту туралы ұсыныстарды қамтымайды.

§ 81. Тіркелген пайыздық ставканың тәуекелін танылған қаржылық құрал бойынша немесе бағалық тәуекелді ұсталатын тауар бойынша хеджирлеу

193. Егер осы Стандарттың 190-тармағында көзделген шарттар орындалған болса, ал хеджирленетін тәуекел амортизацияланған құнмен бағаланатын борыштық құрал бойынша тіркелген пайыздық ставканың тәуекелге ұшырауы немесе субъект ұстайтын тауар бойынша тауар құнының тәуекелі болып табылса, с у б ъ е к т :

1) хеджирлеу құралын актив немесе міндеттеме ретінде, ал хеджирлеу құралының әділ құнына өзгерістерді пайданың немесе залалдың құрамында т а н у ғ а ; ж ә н е

2) хеджирленетін тәуекелге байланысты хеджирлеу объектісінің әділ құнындағы өзгерістерді пайданың немесе залалдың құрамында тануға және хеджирлеу объектісінің баланстық құнына тиісті түзетулер жүргізуге тиіс.

194. Егер амортизацияланатын құнмен өлшенетін борыштық құрал бойынша тіркелген пайыздық ставканың тәуекелі хеджирленетін тәуекел объектісі болып табылған жағдайда субъект тиісті кезеңдегі пайданың немесе залалдың құрамына

ақшалай құралдар хеджирлеу құралы болып табылатын пайыздық своп бойынша жүретін мерзімді нетто-есептерді қамтуға тиіс.

195. Осы Стандарттың 193-тармағында көрсетілген операцияны субъект есепке алуды хеджирлеу операциясы ретінде тоқтатуға тиіс, егер:

1) хеджирлеу құралының мерзімі өтіп кетсе не құрал сатылып қойса немесе о р ы н д а л с а ;

2) хеджирлеу операциясы бұдан әрі осы Стандарттың 190-тармағында белгіленген өлшеулерді қанағаттандырмайтын болса; немесе

3) субъект операцияларды ресімдеуді хеджирлеу операциясы ретінде жойса.

196. Операцияны есептеуді хеджирлеу операциясы сияқты тоқтатқан жағдайда, ал хеджирлеу объектісінің өзі амортизацияланған құнмен ескерілетін актив немесе міндеттеме болып табылса және оны тану тоқтатылмаса, хеджирлеу объектісінің баланстық құнын түзету ретінде танылған барлық пайда немесе залал хеджирлеу құралы қолданылатын қалған мерзімнің ішінде пайыздың тиімді ставкасының әдісін пайдаланып, пайданың немесе залалдың есебіне амортизацияланады.

§ 82. Ауыспалы пайыздық ставканың тәуекелін танылған қаржылық құрал бойынша, валюталық тәуекелді немесе бағалық тәуекелді қатты келісім бойынша немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операция бойынша немесе шетелдік қызметке таза инвестициялар бойынша хеджирлеу

197. Егер осы Стандарттың 190-тармағындағы талаптар орындалған жағдайда , ал хеджирленетін тәуекел мыналар болып табылады:

1) амортизацияланатын құнмен өлшенетін борыштық құрал бойынша ауыспалы пайыздық ставка тәуекелі;

2) қатты келісім бойынша немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операция бойынша валюталық тәуекел;

3) қатты келісім бойынша немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операция бойынша бағалық тәуекел;

4) шетелдік қызметке таза инвестициялар бойынша валюталық тәуекел субъект пайданың немесе залалдың құрамына хеджирлеу құралының әділ құнының ақшалай құралдың күтілетін қозғалысының әділ құнынан асып түсуін енгізуге тиіс. Хеджирлеудің қатынасы осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында хеджирленетін операция басталған кезде, ал осы тармақтың 4) тармақшасында шетелдік қызметке таза инвестицияларды сатқан кезде

аяқталады. Капиталдың құрамында танылған кіріс немесе залал кері сыныптауға және хеджирлеу объектісін пайданың және залалдың құрамына бір мезгілде енгізе отырып, пайданың және залалдың құрамына енгізуге тиіс.

198. Егер хеджирленетін тәуекел амортизацияланатын құнмен өлшенетін борыштық құрал бойынша ауыспалы пайыздық ставканың тәуекелі болып табылатын жағдайда, субъект тиісті кезеңдегі пайданың немесе залалдың құрамына хеджирлеу құралы болып табылатын пайыздық своп бойынша жүретін ақшалай қаражаттағы мерзімді нетто-есептерді енгізуге тиіс.

199. Субъект осы Стандарттың 197 және 198-тармақтарында көрсетілген операцияларды хеджирлеу операциясы ретінде ескеруді тоқтатуға тиіс, егер:

1) хеджирлеу құралының мерзімі өтіп кетсе не құрал сатылып қойса немесе о р ы н д а л с а ;

2) хеджирлеу бұдан әрі осы Стандарттың 190-тармағында баяндалған хеджирлеуді есепке алудың өлшеулерін қанағаттандырмайтын болса;

3) болжанатын операцияның хеджесінде болжанатын операцияның ықтималдығы бұдан әрі жоғары болып табылмайтын болса; немесе

4) субъект операцияларды ресімдеуді хеджирлеу операциясы ретінде жойса.

Егер болжанатын оқиға бұдан әрі ықтимал болып табылмайтын болса немесе егер амортизацияланатын құнмен өлшенетін хеджирленетін борыштық құралды тану тоқтатылатын жағдайда, капиталда тікелей танылған хеджирлеу құралы бойынша пайда немесе залал капиталдан алынып тасталады және пайданың немесе залалдың құрамына кіреді.

§ 83. Ақпаратты ашу

200. Осы Стандарттың 8-бөліміне сәйкес субъект есеп саясатының елеулі ережелерінің жинағында мынадай ақпаратты ашады: қаржылық құралдарға қатысты пайдаланылатын өлшеу базасы (немесе базалары), сондай-ақ қаржылық құралдарға қатысты қолданылатын және қаржылық есептерді түсіну үшін қолайлы есеп саясатының өзге де ережелері.

201. Не тікелей баланстың өзінде, не ескертпелерде субъект қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің төменде санамаланған әрбір санаттарының баланстық құны туралы деректерді ашуға тиіс (әрбір санат бойынша жиынтық деректер сияқты, әрбір санаттағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әрбір мәнді түрі бойынша қорытындыларын):

1) пайда немесе залал арқылы әділ құнмен ескерілген қаржылық активтер;

2) құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен өлшенген қ а р ж ы л ы қ а к т и в т е р ;

3) өзіндік құнымен өлшенген үлестік құралдар;

4) құнсыздануды шегергендегі өзіндік құнмен өлшенген қарыздар бойынша міндеттемелер ;

5) пайда немесе залал арқылы әділ құнмен ескерілген қаржылық міндеттемелер ; және

б) құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен өлшенген қаржылық міндеттемелер.

202. Барлық қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер үшін субъект әділ құнды анықтаудың базасы туралы деректерді, яғни белсенді нарықтағы нарықтық кесілген бағаларды немесе бағалау әдістерін ашуға тиіс. Егер субъект бағалау әдістерін пайдаланса, субъект қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің негізгі сыныптарының әрқайсысының құнын анықтау үшін пайдаланылған негізгі жолсыздықтар туралы ақпаратты ашуға тиіс. Мысалы, субъект жолсыздықтар туралы ақпаратты мерзімінен бұрын өтеулер деңгейінде, есептік кредиттік залалдар нормасында және пайыз немесе дисконттау ставкасында ашуға тиіс.

203. Құны пайда немесе залал арқылы әділ құнмен өлшенетін үлестік құралдың әділ құнын сенімді өлшеуге арналған деректер көзі жоғалған жағдайда субъект осы фактіні ашуда ұсынуға тиіс.

204. Егер субъект тануды тоқтату жөніндегі талаптарға сәйкес келмейтін операциялар шеңберінде басқа тарапқа қаржылық активтерді берсе, онда осындай активтердің әрбір сыныбы үшін субъект мынадай ақпаратты ашады:

1) активтердің сипаты ;

2) тәуекелдер мен субъектіде қалатын иелікке байланысты пайданың сипаты; және

3) активтердің баланстық және субъект тануды жалғастырып отырған барлық байланысты міндеттемелердің құны.

205. Егер субъект қаржылық активтерді міндеттемелерді немесе шартты міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде берсе, субъект мынадай ақпаратты ашуға тиіс :

1) қамтамасыз етуге берілген қаржылық активтердің баланстық құнын; және

2) мұндай берудің шарттары мен мерзімдерін.

206. Субъект төлеуге жататын және есептілік күні танылған қарыздар бойынша мынадай ақпаратты ашады :

1) мұндай тәртіп бұзушылықтар кредит берушіге қарызды қайтаруды талап етуге мүмкіндік беретін есепті кезең уақытындағы өтеу қорының немесе өтеу шарттарының негізгі сомасын төлеу, пайыздарын төлеу бөлігінде қарыздар бойынша міндеттемелердің бұзылуы туралы мәліметтер;

2) олар бойынша субъект өзінің міндеттемелерін бұзатын төлеуге арналған қарыздардың баланстық құны; және

3) қаржылық есептерді бекіту күнге, шығаруға тәртіп бұзушылықтар жойылғандығы немесе кредит берушілермен қарыз шарттарының өзгерісі туралы уағдаластыққа қол жеткізілгендігі туралы мәліметтер.

207. Егер кезең ішінде осы Стандарттың 206-тармағында айтылмаған бөлікте қарыз міндеттемелерінің бұзылуы болған жағдайда, субъект осы Стандарттың 206-тармағында көзделген субъектінің тәртіп бұзуы кредит берушіге мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге мүмкіндік береді ме деген ақпаратты беруге тиіс (көрсетілген тәртіп бұзушылықтар қарыз шарттары есептілік күнінен кешіктірмей қайта қаралды ма).

208. Субъект төменде келтірілген кірістер, шығыстар, өзге де кірістер мен залалдар құрауыштар туралы деректерді ашады (не пайда немесе залал туралы тікелей есептің өзінде не ескертпелерде):

1) мыналар бойынша танылған пайданың немесе залалдың таза сомасы: пайда немесе залал арқылы әділ құнмен ескерілген қаржылық активтер; пайда немесе залал арқылы әділ құнмен ескерілген қаржылық міндеттемелер; құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен өлшенген қаржылық активтер ; және

құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен өлшенген қаржылық міндеттемелер ;

2) пайда немесе залал арқылы әділ құнмен ескерілмейтін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер үшін жалпы пайыздық кірістер мен жалпы пайыздық шығыстар (пайыздың тиімді ставкасы әдісі бойынша есептелетін); және

3) қаржылық активтердің әрбір сыныбы үшін құнсызданудан келген залалдың сомасы.

209. Субъект осы Стандарттың 191-тармағында көрсетілген төрт тәуекелдің әрқайсысын хеджирлеу жөніндегі мынадай ақпаратты бөлек ашады:

1) хеджирлеу сипаттамасы ;

2) хеджирлеу құралы ретінде айқындалған қаржы құралдарының және оларды есепті күнгі әділ құнының сипаттамасы; және

3) хеджирлеу объектісінің сипаттамасын қоса алғанда, хеджирленетін тәуекелдердің сипаты.

210. Тіркелген пайыздық ставканың тәуекелін немесе ұсталатын тауар бойынша бағалық тәуекелді хеджирлеу кезінде осы Стандарттың 193-196-тармақтарына сәйкес субъект мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

1) пайданың немесе залалдың құрамында танылған хеджирлеу құралының әділ құнындағы өзгерістер сомасын; және

2) пайданың немесе залалдың құрамында танылған хеджирлеу объектісінің әділ құнындағы өзгерістер сомасын.

211. Танылған қаржылық құрал бойынша ауыспалы пайыздық ставканың тәуекелін, қатты келісім бойынша немесе ықтималдығы жоғары болжанатын операция бойынша немесе шетелдік қызметке таза инвестициялар бойынша валюталық тәуекелді немесе бағалық тәуекелді хеджирлеу кезінде осы Стандарттың 197-199-тармақтарына сәйкес субъект мынадай ақпаратты ашуға тиіс :

1) ақшалай қаражаттың түсуі күтілетін және осы түсімдер пайдаға немесе залалға әсер ететін кезеңдер;

2) бұрын хеджирлеу операциясы ретінде ескерілген және олардың қазір болуының ықтималдығы төмен барлық болжанған операциялардың сипаттамасы;

3) осы Стандарттың 197-тармағына сәйкес кезең ішінде капиталдың құрамында танылған хеджирлеу құралының әділ құнына өзгерістер;

4) осы Стандарттың 198 және 199-тармақтарына сәйкес капиталдың құрамынан алынып тасталған және пайда және залал туралы есептің әрбір жолына енгізілген соманы көрсетіп, кезеңдегі пайданың немесе залалдың құрамында танылған сома.

Өзіндік құнмен немесе амортизацияланған құнмен бағаланатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдер.

212. Құнсыздануды шегергендегі амортизацияланған құнмен өлшенетін қаржылық активтерге қатысты кәсіпорын уақыт өлшеміне, бөлуге және пайыздық ставканың тәуекелдерін, валюталық тәуекелдер мен кредиттік тәуекелдерді қоса алғанда, ақшалай қаражаттың болашақ ағынының айқындылығына әсер ете алатын елеулі ережелерді ашуға тиіс.

12. Қорлар § 84. Қолданылу саласы

213. Қорлар - бұл :

1) қарапайым қызмет барысында сатуға арналған;

2) осындай сату үшін өндіру процесіндегі; немесе

3) өндірістік процесте немесе қызметтер көрсету кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтер.

214. Осы бөлім мыналарда бар қорларды өлшеуге қолданылмайды:

1) ауыл және орман шаруашылығы өнімін өндірушілерде оны жинағаннан кейін ауыл шаруашылығы өнімі, пайда немесе залал арқылы өткізуге жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құнмен өлшенетін шамада пайдалы қазбалар мен пайдалы қазбаларды қайта өңдеу өнімі; немесе

2) пайда немесе залал арқылы өткізуге жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құнмен өзінің қорларын өлшейтін тауар нарықтарындағы делдалдар мен дилерлерде.

§ 85. Қорларды өлшеу және олардың өзіндік құны

215. Субъект қорларды кемінде екі шамадан өлшеуге тиіс: өзіндік құн мен аяқтауға және өткізуге жұмсалатын шығындарды шегергендегі сату құны.

216. Қорлардың өзіндік құны қорларды оларды қазіргі тұрған жеріне дейін жеткізу және оларды ағымдағы жағдайға жеткізу мақсатында жүргізілген сатып алуға, қайта өңдеуге және өзге де шығындарға жұмсалған барлық шығындарды қамтуға тиіс.

217. Сатып алуға жұмсалатын шығындар сатып алынатын бағаны, импорттық баждарды және басқа да салықтарды (кейіннен салық органдарының субъектісіне өтелетіндерден басқа), сондай-ақ тасымалдауға, өңдеуге жұмсалатын шығыстарды және дайын өнімді, шикізат пен қызметтерді сатып алуға тікелей байланысты басқа да шығыстарды қамтиды. Сауда жеңілдіктері, дисконттар мен өзге де ұқсас баптар сатып алуға жұмсалатын шығындарды анықтаған кезде алынып тасталады.

218. Субъект қорларды кейінге қалдырылған есептеме негізінде сатып ала алады. Егер мәні бойынша шарт қаржыландыру элементін қамтыса, онда бұл элемент, мысалы, кредит берудің қарапайым шарттары кезінде сатып алу құны мен төленген сома арасындағы айырма қаржыландыру кезеңіндегі пайыздар бойынша шығындар ретінде танылады.

219. Қорларды қайта өңдеуге жұмсалатын шығындар еңбекақы төлеуге жұмсалатын тікелей шығындар сияқты өнім бірлігіне тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Оларға сол сияқты жаңа өнімге шикізатты қайта өңдеген кезде туындайтын тұрақты және ауыспалы өндірістік жүкқұжат шығыстарын жүйелі бөлу жатады. Тұрақты өндірістік жүкқұжат шығындары өндіріс көлеміне қарағанда өзгеріссіз қалатын жанама өндірістік шығындар болып табылады, мысалы, амортизация және өндірістік ғимараттар мен жабдықтарға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар мен өндірістік әкімшілік-басқару шығыстары. Ауыспалы өндірістік жүкқұжат шығыстары өндіріс көлемінің өзгеруіне тікелей немесе тікелейге жуық байланысты болатын жанама өндірістік шығыстар, мысалы, материалдардың шығындары мен еңбек шығындары.

220. Субъект тұрақты өндірістік жүкқұжат шығыстарын өндірістік қуаттардың қалыпты жүктемесінің шамасы негізінде қайта өңдеу жөніндегі шығындарға бөлінуге тиіс. Қалыпты жүктеме - бұл жоспарлы техникалық қызмет көрсету нәтижесінде қуаттылықтың жоғалуын ескере отырып, қарапайым

жағдайда орташа есеппен бірнеше кезеңдерде немесе маусым жұмыс істегенде күтілетін жетістік. Өндірістің іс жүзіндегі деңгейі ол қалыпты жүктемеге жақын болған жағдайда пайдаланылуы мүмкін. Өнімнің әрбір бірлігіне жататын тұрақты жүктеме шығыстардың сомасы төмен өндіріс деңгейі немесе тұрып қалған жабдық салдарынан ұлғаймайды. Бөлінбеген жүкқұжат шығыстары олардың туындау кезеңіндегі шығыстар ретінде танылады. Өндіріс тым жоғары деңгейде болған кезеңдерде пайданың әрбір бірлігіне жататын тұрақты жүкқұжат шығыстарының сомасы қорлар өзіндік құннан артық өлшенбейтіндей етіп азаяды. Ауыспалы өндірістік жүкқұжат шығыстары өндірістік қуаттарды іс жүзінде пайдалану негізінде өнімнің әрбір бірлігіне жатады.

221. Өндірістік процестің нәтижесінде бір уақытта бір өнімнен астам өндірілуі мүмкін. Мысалы, бұл бұйымдарды бірлесіп өндірген жағдайда немесе негізгі өнімді өндіру жанама өнімді өндірумен ілесіп жүрсе өтеді. Әрбір өнімді қайта өңдеуге жұмсалатын шығындар бөлек айқындала алмайтын болса, субъект мұндай шығындарды өнімдер арасында ұтымды және кезекті негізде бөлуге тиіс. Бөлу, мысалы, немесе өнімдер бірегейленетін өндірістік процестің осы кезеңінде немесе өндірістік процесс аяқталғаннан кейін айқындалатын әрбір өнім бойынша сатудың салыстырмалы құнына негізделуі мүмкін. Жанама өнімдердің көпшілігі өзінің табиғатында мардымсыз. Жанама өнімдер мардымсыз болған жағдайда субъект мұндай өнімдерді аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі ықтимал сату бағасы бойынша өлшеуге және алынған соманы негізгі өнімнің құнынан алып тастауға тиіс. Нәтижесінде негізгі өнімнің баланстық құны оның өзіндік құнынан мардымсыз ерекшеленеді.

222. Өзге де шығындарды субъект қорларды орналасқан жеріне және оларды осы жағдайға жеткізгенге дейін жеткізуге байланысты дәрежеде ғана қорлардың өзіндік құнына енгізеді. Мысалы, қорлардың өзіндік құнына өндірістік емес жүкқұжат шығыстарын немесе нақты клиенттерге арналған өнімдерді әзірлеу жөніндегі шығындарға енгізу орынды болар еді. Егер субъект қарыздар бойынша шығындарды күрделендіруді таңдаса ХҚЕС (IAS) 23 "Қарыздар бойынша шығындар" қарыздар бойынша шығындар қорлардың өзіндік құнына енгізілетін көптеген міндеттемелер көрсетілген.

223. Осы Стандарттың 11-бөлімінің 193-тармағының 2) тармақшасында белгілі бір жағдайларда қолда бар тауар бойынша тіркелген пайыздық ставканың тәуекелін немесе тауар бағасының тәуекелін хеджирлеудің бір бөлігі болып табылатын хеджингтік құралдың әділ құнына өзгеріс көрсетілген.

224. Төменде қорлардың өзіндік құнынан алынып тасталатын және олардың туындау кезеңінде шығыстар ретінде танылатын шығындардың мысалы келтірілген:

1) шығындалған еңбектің немесе өзге де өндірістік шығындардың

шикізатының нормативтен тыс шығындары;

2) егер олар оның келесі кезеңіне өту үшін өндірістік процесте қажет болмаса, сақтауға жұмсалатын шығындар;

3) қорларды олар орналасқан жерге және оларды осы жағдайға жеткізгенге дейін жеткізуге байланысты әкімшілік жүкқұжат шығыстары; және

4) өткізу жөніндегі шығындар.

225. Егер қызметтерді берушілерде қорлар болса, олар өндірістің өзіндік құны бойынша оларды өлшейді. Мұндай өзіндік құн, ең алдымен, қызметтерді көрсетуге тікелей қатысатын персоналдың, оның ішінде бақылаушы персоналдың жалақысын және басқа да шығындарын, сондай-ақ тиісті жүкқұжат шығыстарын қамтиды. Сауда және жалпы әкімшілік персоналға жалақы және өзге де шығындар қордың өзіндік құнына енгізілмейді, ал олар туындаған сәттен бастап кезеңнің шығыстары ретінде танылады. Қызметтер көрсетуші қорларының өзіндік құны қызметтер көрсеткішінің бағасына жиі қосылатын пайданың немесе жанама жүкқұжат шығыстарының нормаларын қамтымайды.

226. Осы Стандарттың 33-бөліміне сәйкес субъект биологиялық активтерден алған ауыл шаруашылығы өнімінің қорларын бастапқы тану сәтінде егін жинау сәтіндегі өткізу бойынша болжанатын шығындарды шегергендегі әділ құнмен өлшеген жөн. Осындай тәсілмен алынған шама осы бөлімде қолданылған кезде осы күнгі қорлардың өзіндік құнын білдіреді.

§ 86. Өзіндік құнды өлшеу әдістері (нормативтік шығындар бойынша есептеу әдісі мен бөлшек сауда бағасының әдісі сияқты)

227. Өзіндік құнды таныған кезде субъект нормативтік шығындар бойынша есептеу әдісі мен бөлшек сауда бағасының әдісі сияқты әдістерді, егер мұндай пайдаланудың соңғы нәтижелері шамамен іс жүзіндегі өзіндік құнға тең болған жағдайда пайдалана алады. Нормативтік шығындар шикізат пен материалдарды, еңбекті, тиімділік пен қуатты пайдаланудың қалыпты деңгейлерін ескереді. Олар үнемі талданып отырады және қажет болған кезде ағымдағы шарттарда қайта қаралады. Бөлшек сауда бағасының әдісі қорлардың сату құнын жалпы пайданың тиісті пайызының шамасына азайту жолымен өзіндік құнды есептеуді көздейді.

§ 87. Өзіндік құнды есептеу тәсілдері

228. Өзара алмасатын болып табылмайтын қорлардың, сондай-ақ арнайы жобаларға шығарылған және арналған тауарлардың немесе қызметтердің жекелеген баптарының өзіндік құны оларға жұмсалған жеке шығындарды ерекше сәйкестендіру жолымен айқындалуға тиіс.

229. Осы Стандарттың 228-тармағында қаралғандардан басқа, қорлардың өзіндік құны екі тәсілмен айқындалады: "бірінші түсім - бірінші жіберілім" (FIFO)) немесе орташа өлшенген құнның формуласы бойынша. Субъект негізгі қасиеті және оларды субъектінің пайдалану тәсілі бойынша ұқсас барлық қорлар үшін өзіндік құнды есептеудің сол бір тәсілін қолдануға тиіс. Әр түрлі негізгі қасиеттерімен немесе олардың пайдаланылуы бойынша ерекшеленетін қорлар үшін өзіндік құнды есептеудің әр түрлі тәсілдерін қолдану ақталуы мүмкін. Осы Стандарт "соңғы түсім - бірінші жіберілім" әдісін (LIFO) пайдалануға жол бермейді.

§ 88. Қорлардың құнсыздануы

230. Осы Стандарттың 464-466-тармақтарына сәйкес субъект әрбір есепті күнге қорлар құнсызданды ма, жоқ па, яғни қорлардағы шығындардың орнын қаншалықты толтыруға болатындығын (құнсыздану зақымдану, ескіру немесе түскен сауда құны салдарынан болуы мүмкін) айқындауға тиіс. Қорлар баптары (немесе баптар тобы) құнсызданған жағдайларда көрсетілген тармақтар субъектіні аяқтауға және өткізуге жұмсалған шығындарды шегергендегі сату бағасы бойынша қорларды өлшеуге міндеттейді. Осы тармақтарда, сондай-ақ құнсызданған қорлардың құны қалпына келтірілуіне тиіс жағдайлар сипатталады.

§ 89. Шығыс ретінде тану

231. Қорларды сатқаннан кейін олардың баланстық құнын субъект тиісті кіріс танылатын кезеңде шығыс ретінде тануға тиіс.

232. Кейбір қорлар, мысалы, негізгі құралдардың өздігінен жүргізілген объектілерінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылған қорлар басқа да активтердің есебіне жатқызылуы мүмкін. Мұндай тәсілмен басқа активтерге таратылған қорлар осы активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде шығыс ретінде танылады.

§ 90. Ақпаратты ашу

233. Субъект мыналарды ашады:

- 1) қорларды өлшеу үшін қабылданған есеп саясатын, оның ішінде олардың өзіндік құнын есептеудің пайдаланылатын тәсілін;
- 2) қорлардың жалпы баланстық құны мен осы субъект үшін қолайлы сыныптамалардағы баланстық құнды;
- 3) кезең ішінде шығыс ретінде танылған қорлардың сомасын (сатылған тауарлардың өзіндік құны);

4) осы Стандарттың 230-тармағына және 464-466-тармақтарына сәйкес осы кезеңде шығыс ретінде танылған барлық құнсызданған қорлардың сомасын;

5) осы Стандарттың 230 және 466-тармақтарына сәйкес кезең ішінде бұрын танылған құнсызданулардың барлық қалпына келу сомасын және осы қалпына келтірулерге әкелген жағдайлардың немесе оқиғалардың сипаттамасын;

6) міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған қорлардың баланстық құнын.

13. Ассоциацияланған кәсіпорындарға инвестициялар § 91.

Ассоциацияланған ұйымдардың анықтамасы

234. Ассоциацияланған ұйым - инвестор едәуір әсер ететін және еншілес ұйым да, бірлескен қызметтегі қатысу үлесі де болып табылмайтын ұйым (мысалы серіктестікті қоса алғанда);

235. Едәуір әсер ету - инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша, бірақ осы саясатты бақылау немесе бірлесіп бақылау болып табылмайтын шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі.

1) Егер инвестор тікелей немесе жанама (мысалы, еншілес ұйымдар арқылы) инвестициялар объектісінде 20 немесе одан да көп пайыз дауыс беру құқығын иемденсе, инвестор оның мұндай емес екендігін дәл көрсетуге болатын жағдайларды қоспағанда, едәуір әсерге ие деп саналады.

2) Егер инвестор тікелей немесе жанама (мысалы, еншілес ұйымдар арқылы) инвестициялар объектісінде 20 пайыздан аз дауыс беру құқығын иемденсе, инвестор оның мұндай емес екендігін дәл көрсетуге болатын жағдайларды қоспағанда, едәуір әсер ете алмайды деп саналады.

3) Басқа инвестордың акциялардың елеулі бөлігін немесе акциялардың көпшілігін иеленуі инвесторда едәуір әсер етуді болдырмауы міндетті емес.

§ 92. Бастапқы танудан кейінгі өлшеу

236. Инвестор өзінің инвестицияларын барлық ассоциацияланған ұйымдарға мынадай моделдердің бірімен ескеруге тиіс:

1) осы Стандарттың 237-тармағында берілген іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі бойынша.

2) осы Стандарттың 238-тармағында берілген үлестік қатысу моделі бойынша.

3) осы Стандарттың 239-тармағына сәйкес пайданың немесе залалдың құрамына енгізу арқылы әділ құн бойынша.

§ 93. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі

237. Инвестор өзінің инвестицияларын құнсызданудан болған барлық жинақталған залалды шегергендегі іс жүзіндегі шығындар бойынша ассоциацияланған ұйымдарға өлшейді. Инвестор инвестициядан алынатын кірісті инвестор сатып алу сәтінен бастап жинақталған ассоциацияланған ұйымның пайдасынан түскен қаражатты бөлуді алатын деңгейде ғана тануға тиіс. Осындай пайданың үстінен алынған бөлінетін қаражат инвестициялардың орнын толтыру болып табылады және инвестициялардың құнын азайту ретінде танылады. Инвестор осы бөлімде көзделген ақпаратты мынадай ашуды жүргізуге тиіс. Инвестор осы Стандарттың 26-бөліміне сәйкес құнсыздануды тануға тиіс.

§ 94. Үлестік қатысу әдісі

238. Үлестік қатысу әдісі бойынша инвестицияларды ассоциацияланатын ұйымдарға өлшеген кезде инвестор ХҚЕС (IAS) 28 "Ассоциацияланған кәсіпорындарға инвестициялар" сәйкес рәсімдерге жүгінген және ашқан жөн.

§ 95. Пайда немесе залал арқылы әділ құн моделі

239. Пайда немесе залал арқылы әділ құн моделі бойынша ассоциацияланған ұйымдарға инвестицияларды өлшеген кезде инвестор осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес рәсімдерді пайдалануға және ақпаратты ашуға тиіс. Әділ құны дұрыс өлшенуі мүмкін ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялар пайда немесе залал арқылы әділ құн моделінің көмегімен өлшенбеуге тиіс.

§ 96. Ақпаратты ашу

240. Ассоциацияланған ұйымдағы инвестор мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

1) ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялар бөлігіндегі есеп саясатының е р е ж е л е р і ;

2) олар үшін кесілген баға жарияланатын ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялардың әділ құны;

3) активтердің, міндеттемелердің, кірістің біріктірілген сомаларын және пайданы немесе залалды, сондай-ақ ассоциацияланған ұйымдардағы инвестордың меншік үлесін қоса алғанда, ассоциацияланған ұйымдар туралы жиынтық қаржылық ақпарат; және

4) ассоциацияланған ұйымдардың қаражатты инвесторға ақшалай дивидендтер немесе қарыздар немесе аванстар бойынша төлемдер нысанында беру қабілетіне әсер ететін кез келген елеулі шектеулердің (мысалы, қарыз

туралы келісімдер немесе регулятивті органдар талаптарының нәтижесінде туындайтын) сипаты мен дәрежесі.

241. Егер ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін жағдайда инвестор осындай ассоциацияланған ұйымдардағы пайдадағы немесе залалдағы өзінің үлесі туралы ақпаратты, мұндай инвестициялардың баланстық құнын және осындай ассоциацияланған ұйымдардың тоқтатылған қызметіндегі инвестордың үлесін бөлек ашуға тиіс.

242. Инвестор ассоциацияланған ұйымдарға инвестицияларды ұзақ мерзімді активтер түрінде сыныптауға тиіс.

14. Бірлескен қызметке инвестициялар § 97. Бірлескен қызметтің анықтамасы

243. Бірлескен бақылау - шартта айқындалған экономикалық қызметті бақылауды бөлу; бірлескен бақылау осы қызметке жататын стратегиялық қаржылық және операциялық шешімдер бақылауға ие тараптардың (бірлескен қызметке қатысушылар) ынтымақты келісімін талап еткен жағдайда ғана жұмыс істейді.

244. Бірлескен қызмет - екі немесе одан да көп тарап бірлескен қызметке жататын экономикалық қызметті жүзеге асыратын шарттық келісім. Бірлескен ұйымдар бірлесіп бақыланатын активтердің, бірлесіп бақыланатын қызметтің немесе бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың нысанын қабылдауы мүмкін.

§ 98. Бірлесіп бақыланатын операциялар

245. Бірлескен қызметтің кейбір түрлерінің жұмыс істеуі корпорация, серіктестік немесе өзге де ұйым немесе бірлескен қызметтің өзінің қатысушыларынан бөлек қаржылық құрылым құру емес, бірлескен қызметке қатысушылардың активтері мен өзге де ресурстарын пайдалануды қамтиды. Бірлескен қызметке әрбір қатысушы өзінің меншікті негізгі құралдарын пайдаланады және өзінің меншікті қорлары болады. Ол сол сияқты өзінің меншікті шығыстары мен міндеттемелерін алады және оның меншікті міндеттемелерін білдіретін меншікті қаржылық ресурстарды қалыптастырады. Бірлескен қызметті бірлескен қызметке қатысушының қызметкерлері бірлескен қызметке қатысушының ұқсас қызметімен қатарлас жүзеге асыра алады. Бірлескен қызмет туралы келісім, әдетте, бірлескен өнімді сатудан кіріс пен бірлесіп жұмсалған кез келген шығыстар бірлескен қызметке қатысушылар арасында бөлінетін тәсілді көздейді.

246. Бірлесіп бақылайтын операцияларға өзінің қатысу үлесіне қатысты бірлескен қызметке қатысушылар өзінің қаржылық есептілігінде мыналарды

т а н у ғ а

т и і с :

- 1) олар бақылайтын активтер мен қолда бар міндеттемелер; және
- 2) жұмсалған шығыстар мен бірлескен қызмет тауарларын немесе қызметтерін сату нәтижесінде ол алатын кірістердегі өзінің үлесі.

§ 99. Бірлесіп бақыланатын активтер

247. Бірлескен қызметтің кейбір түрлері бірлескен бақылауды және жиірек бірлескен қызмет мақсатында енгізілген немесе сатып алынған және бірлескен қызметтің мақсаттарына арналған бір немесе бірнеше активтерге бірлескен қызметке қатысушылардың бірлескен меншігін қамтиды.

248. Бірлесіп бақыланатын активтердегі өзінің қатысу үлесіне қатысты бірлескен қызметке қатысушы өзінің қаржылық есептілігінде мыналарды тануға

- т и і с :
- 1) активтердің сипатына сәйкес сыныпталатын бірлесіп бақыланатын активтердегі өзінің үлесін;
 - 2) олар қабылдаған міндеттемелерді;
 - 3) бірлескен қызметке басқа да қатысушылармен бірлесіп бірлескен қызметке қатысты ұшыраған кез келген міндеттемелердің өзінің үлесін;
 - 4) бірлескен қызметтен алынған өнімнің өзінің үлесін бірлескен қызметке ұшыраған шығыстардың өзінің үлесімен бірге сатудан немесе пайдаланудан түскен кірісті; және
 - 5) ол бірлескен қызметке өзінің қатысу үлесіне қатысты жұмсаған шығыстарды.

§ 100. Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар

249. Бірлесіп бақыланатын кәсіпорын - бұл бірлескен қызметке қатысушының әрбір қатысушысында өзінің қатысу үлесі бар корпорация, серіктестік немесе өзге де ұйым құруды болжайтын бірлескен қызмет. Кәсіпорын қызметті бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы шарттық келісім кәсіпорынның экономикалық қызметін бірлесіп бақылауды белгілейтінді қоспағанда, дәл басқа да ұйымдар сияқты жүргізеді.

§ 101. Бастапқы танудан кейінгі өлшеу

250. Бірлескен қызметке қатысушы барлық бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға өзінің қатысуын санамаланған әдістердің бірінің көмегімен

- е с к е р е д і :
- 1) осы Стандарттың 251-тармағына сәйкес шығындарды күрделендіру моделі

б о й ы н ш а ;

2) осы Стандарттың 252-тармағына сәйкес үлестік қатысу моделі бойынша;

3) осы Стандарттың 253-тармағына сәйкес пропорционалды шоғырландыру моделі бойынша ; немесе

4) осы Стандарттың 254-тармағына сәйкес пайданың немесе залалдың құрамына енгізу арқылы әділ құнмен.

§ 102. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі

251. Бірлескен қызметке қатысушы бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарға өзінің инвестицияларын барлық құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергендегі іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшейді. Инвестор инвестициядан түскен кірісті инвестор сатып алу сәтінде жинақталған инвестициялар объектісінің пайдасынан түскен қаражатты бөлуді алатын дәрежеде ғана тануға тиіс. Осындай пайдадан артық алынған бөлінетін қаражат инвестициялардың орнын толтыру болып саналады және инвестициялардың құнын азайту ретінде танылады. Бірлескен қызметке қатысушы осы бөлімде көзделген ақпаратты ашуды жүргізуге тиіс. Бірлескен қызметке қатысушы құнсыздануды осы Стандарттың 26-бөліміне сәйкес тануға тиіс.

§ 103. Үлестік қатысу әдісі

252. Бірлесіп бақыланатын қызметке инвестицияларды үлестік қатысу әдісі бойынша өлшеген кезде бірлескен қызметке қатысушы 31 "Бірлескен қызметке қатысу" ХҚЕС-ке (IAS) және 28 "Ассоциацияланатын ұйымдарға инвестицияларды есепке алу" ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес рәсімдерді пайдалануға тиіс. Бірлескен қызметке қатысушы сол сияқты 28 "Ассоциацияланатын ұйымдарға инвестицияларды есепке алу" ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашуды жүргізуге тиіс.

§ 104. Пропорционалды шоғырлану

253. Бірлесіп бақыланатын қызметке инвестицияларды пропорционалды шоғырлану әдісі бойынша есептеген кезде бірлескен қызметке қатысушы 30-37 ХҚЕС (IAS) 31 "Бірлескен қызметке қатысу" сәйкес көзделген рәсімдерді пайдалануға тиіс. Бірлескен қызметке қатысушы сол сияқты "Ассоциацияланатын ұйымдарға инвестицияларды есепке алу" ХҚЕС (IAS) 28-де көзделген ақпаратты ашуды жүргізуге тиіс.

§ 105. Пайда немесе залал арқылы әділ құны моделі

254. Бірлесіп бақыланатын кәсіпорынға инвестицияларды пайда немесе залал арқылы әділ құн моделі бойынша өлшеген кезде бірлескен қызметке қатысушы осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес рәсімдерді пайдалануға және ақпаратты ашуға тиіс. Әділ құнының дұрыс өлшенуі мүмкін емес бірлескен қызметке инвестициялар пайда немесе залал арқылы әділ құнның моделінің көмегімен өлшенбеуге тиіс.

§ 106. Бірлескен қызметке қатысушы мен бірлескен қызмет арасындағы операциялар

255. Бірлескен қызметке қатысушы активтерді бірлескен қызметке енгізсе немесе оларды бірлескен қызметте сатса, операция бойынша пайданың немесе залалдың кез келген бөлігін тану оның мазмұнын көрсетуге тиіс. Активтер бірлескен қызметте болған кезде және бірлескен қызметке қатысушы меншік құқығына байланысты едәуір тәуекелді және сыйақыны берсе, бірлескен қызметке қатысушы пайданың немесе залалдың бірлескен қызметке басқа да қатысушыларды қатысу үлесіне тиесілі бөлігін ғана тануға тиіс. Бірлескен қызметке қатысушы салым немесе сату қысқа мерзімді активтерді сатудың ықтимал таза құнын немесе құнсызданудан келген залалды азайтудың дәлелі болатын болса, залалдың бүкіл сомасын тануға тиіс.

256. Бірлескен қызметке қатысушы бірлескен қызметтен активтер сатып алған кезде ол өзінің осы операция бойынша бірлескен қызмет пайдасындағы үлесін ол активтерді тәуелсіз тарапқа қайта сатқанға дейін тануға тиіс емес. Бірлескен қызметке қатысушы осындай операциялардан келетін өзінің залалының үлесін залал олар құнсызданудан келген залалды білдіретін болса тез арада танылуға тиіс жағдайларды қоспағанда, пайданы есептеген кездегідей ескереді.

257. Бірлескен бақылауы жоқ бірлескен қызмет инвесторы мұндай инвестицияны осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес - егер ол бірлескен қызметке едәуір әсер ете алатын болса осы Стандарттың 13-бөліміне сәйкес ескеруге тиіс.

§ 107. Ақпаратты ашу

258. Бірлескен қызметке қатысушы басқа да шартты міндеттемелердің сомасынан бөлек залалдың болу ықтималдығы жоғары болмайтын жағдайларды қоспағанда, мынадай шартты міндеттемелердің жалпы сомасын ашуға тиіс:

1) бірлескен қызметке оның қатысушы бірлескен қызметке қатысу үлестеріне және ол бірлескен қызметке басқа да қатысушылармен бірге жауап беретін оның әрбір шарттық міндеттемелердегі үлесіне байланысты шеккен шарттық міндеттемелер;

2) ол шартты түрде жауапкершілік жүктейтін бірлескен қызметтің өзіндегі шарттық міндеттемелердегі оның үлесі; және

3) инвестор бірлескен қызметке басқа да қатысушылардың міндеттемелері бойынша шартты түрде жауап беретіндіктен туындайтын шарттық міндеттемелер

259. Бірлескен қызметке қатысушы сол сияқты мынадай ақпаратты ашады:

1) бірлескен қызметке қатысуға байланысты өзінің міндеттемелерінің жиынтық сомасын, қатысушыда өзге де қызметтермен бірлесіп, туындаған капитал бойынша ықтимал міндеттемелердегі өзінің үлесін, сондай-ақ бірлескен қызметтің өзіндегі капитал бойынша міндеттемелердегі өзінің үлесін;

2) бірлескен қызметтегі неғұрлым едәуір қатысу үлестерінің тізбесі мен сипаттамасын және бірлесіп бақылайтын кәсіпорындардағы меншік үлестердің а р а қ а т ы н а с ы ;

3) кәсіпорын өзінің үлесін бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарда тану үшін пайдаланатын әдіс.

15-бөлім. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар § 108. Тану

260. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар - жалдау төлемдерін немесе капитал құнының өсімін немесе соны және басқаны алу мақсатында иеліктегі (меншік иесінде немесе қаржылық жалдау құқығы бойынша жалгерде) жылжымайтын мүлік (жер немесе ғимарат не ғимараттың бір бөлігі және сол ж ә н е б а с қ а л а р ы) , бірақ:

1) тауарлар өндіруде немесе беруге пайдалану, әкімшілік мақсаттарда қызметтер көрсету; немесе

2) қарапайым шаруашылық қызмет барысында сату.

261. Операциялық жалдау шарты бойынша жалгер иеленіп отырған жылжымайтын мүліктің үлесі есепте мұндай жылжымайтын мүлік барлық қалған жағдайда жылжымайтын мүлікке инвестициялар анықтамасына сәйкес келген және жалгер осы объектіні және жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретінде сыныпталатын барлық өзге жылжымайтын мүлік объектілерін есептеу үшін әділ құнмен есептеу моделін пайдаланған жағдайда ғана жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретінде сыныпталуға және көрсетілуге тиіс.

§ 109. Бастапқы тану кезінде өлшеу

262. Бастапқы тану кезінде субъект жылжымайтын мүлікке инвестицияларды сатып алу құны бойынша өлшеуге тиіс. Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың сатып алынған объектісінің сатып алу құны сатып алу құнынан және сатып алуға тікелей байланысты барлық шығындардан тұрады (

мысалы - заңгерлердің, риэлтерлердің, өзге де транзакциялық шығыстар).
Өздігінен салынған жылжымайтын мүлікке инвестициялар объектісінің сатып алу құнын анықтаған кезде субъект осы Стандарттың 273-277-тармақтарын сақтауға тиіс.

§ 110. Бастапқы танығаннан кейінгі өлшеу

263. Бастапқы танығаннан кейін субъект жылжымайтын мүлікке инвестициялардың барлық объектілерін кейіннен өлшеулі екі моделдің бірімен жүзеге асырады :

- 1) осы Стандарттың 264-тармағына сәйкес әділ құнмен есептеу моделі; немесе
- 2) осы Стандарттың 265-тармағында берілген шығындарды күрделендіру моделі бойынша.

§ 111. Әділ құнмен есептеу моделі

264. Әділ құнмен есептеу моделін таңдаған субъект ХҚЕС (IAS) 40 " Жылжымайтын мүлікке инвестициялар " таңдауға тиіс.

§ 112. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі

265. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі таңдаған субъект өзінің жылжымайтын мүлікке инвестицияларын осы Стандарттың 16-бөлімінде баяндалған іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделінің талаптарына сәйкес негізгі құралдар ретінде ескеруге тиіс.

§ 113. Қайта сыныптау

266. Субъект жылжымайтын мүлік объектісін жылжымайтын мүлікке инвестициялар сыныбына енгізуді немесе жылжымайтын мүлік объектісін мұндай сыныптан жылжымайтын мүлік объектісі жылжымайтын мүлікке инвестициялар анықтамасына сәйкес келген (немесе сәйкес келмеген) кезде ғана алып тастауды жүргізуге тиіс.

§ 114. Тануды тоқтату

267. Субъект жылжымайтын мүлікке инвестициялар объектісін тануды мынадай жағдайда тоқтатады :

- 1) объект шығып қалған кезде; немесе
- 2) оны пайдаланудан немесе оның шығып қалуынан ешқандай болашақтағы экономикалық пайда күтілмейтін болғанда.

16. Негізгі құралдар § 115. Тану

268. Негізгі құралдар - бұл:

1) тауарларды шығаруда немесе қызметтерді көрсетуде немесе беруде пайдалануға, басқа адамдарға жалға беруге арналған немесе әкімшілік мақсаттарға арналатын, және

2) күтіліп отырғандай бір кезеңнен астам ішінде пайдаланылатын материалдық активтер.

269. Қосалқы бөлшектер мен қызмет көрсетуші жабдық, әдетте, қорлар ретінде ескеріледі және пайдада және залалда оларды тұтыну шамасына қарай танылады. Алайда, ірі қосалқы бөлшектер мен резервтік жабдық, егер субъект оларды бір кезеңнен астам пайдалануға болжаса, негізгі құралдар ретінде сыныпталады. Ұқсас тәсілмен, егер қосалқы бөлшектер мен қызмет көрсетуші жабдық негізгі құралдар объектісіне байланысты ғана пайдаланыла алатын болса, онда олар негізгі құралдар деп саналады.

270. Негізгі құралдардың кейбір объектілерінің бөліктері тең аралық уақыттан кейін алмастыруды талап ете алады. Егер субъект негізгі құралдар объектісінің бөлшектерін алмастыру болашақ экономикалық пайданың ағынын ұлғайтады деп күтсе, онда мұндай алмастырудың құны бөлшекті алмастыруға жұмсалатын шығындарды тану сәтінде объектінің баланстық құнына қосылуға тиіс. Алмастырылатын бөлшектердің баланстық құны мұндай жағдайда осы Стандарттың 291-294-тармақтарына сәйкес танылуды тоқтатады.

271. Негізгі құралдар объектісін (мысалы, автобус) пайдалануды жалғастырудың шарты осы объектінің бір бөлігін алмастыру болғандығына қарамастан, ақауларды анықтау мәніне үнемі күрделі техникалық қараулар жүргізу болуы мүмкін. Әрбір күрделі техникалық қарау жүргізілген кезде оны құны негізгі құралдардың тиісті объектісінің баланстық құнында, егер тану өлшеуі сақталса алмастыру ретінде танылады. Алдағы техникалық қарауға жұмсалатын шығындардың баланстық құнының қалған бөлігін (табиғи бөлімдерден ерекше) тану тоқтатылады. Бұл объектіні сатып алу немесе салу жөніндегі операциялардың нәтижесінде сәйкестендірілген алдыңғы техникалық қарауға жұмсалған шығындардың болуына қарамастан жүргізіледі. Қажет болған кезде болашақ ұқсас техникалық қарауды жүргізуге жұмсалатын шығындарды

есептік бағалау объектіні сатып алған немесе салған кезде техникалық қарауға жұмсалатын шығындардың қолда бар құрамдас бөлігінің құны қандай болғандығының индикаторы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

272. Жер мен ғимарат бөлінетін актив болып табылады және, егер олар бірге сатып алынса да бөлек ескеріледі.

273. Негізгі құралдар объектісін бастапқы тану кезінде субъект бұл объектіні оның іс жүзіндегі өзіндік құны бойынша өлшеуге тиіс.

§ 116. Өзіндік құнның элементтері мен оны өлшеу

274. Негізгі құралдар объектісінің өзіндік құны мыналарды қамтиды:

1) импорттық баждарды қоса алғанда, оны сатып алу бағасы мен сауда жеңілдіктері мен дисконттарды шегергендегі сатып алуға арналған орны
т о л м а й т ы н с а л ы қ т а р д ы .

2) активті орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оны ағымдағы күйге келтіруге тікелей жататын кез келген шығындар. Мұндай шығындар объектіні орнату орнын дайындауға жұмсалатын шығындар, оны жеткізуге және тиеуге/түсіруге, қондыруға және жинау мен іске қосу-баптау жұмыстарына жұмсалатын шығындарды .

3) объектіні демонтаждауға және шығаруға және ол орналасқан учаскені қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды бастапқы есептік бағалауды, субъектіде не объектіні сатып алу сәтінде не осы объектіні көрсетілген кезең ішінде қорлар өндіруден ерекше мақсаттар үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдалану нәтижесінде туындайтын міндеттемені.

275. Төмендегі шығындар негізгі құралдар объектісінің өзіндік құнына қосылатын шығындар болып табылмайды және субъект олар пайда болған сәтте шығыс ретінде тануға тиіс:

1) жаңа өндірістік қуаттарды ашуға байланысты шығындар;

2) нарыққа жаңа тауарды немесе қызметті шығаруға жұмсалатын шығындар (жарнамалауға және жылжытуға байланысты қызметке жұмсалатын шығындарды қоса алғанда) ;

3) жаңа орында немесе клиенттің жаңа түрімен бизнесті жүзеге асыруға жұмсалатын шығындар (персоналды оқытуға жұмсалатын шығындарды қоса алғанда) ; және

4) әкімшілік және басқа да жалпы жүкқұжат шығыстары.

276. Негізгі құралдар объектісін дайындау немесе әзірлеу барысында болған кездейсоқ операциялар бойынша кірістер мен оларға байланысты шығыстар, егер

мұндай операциялар негізгі құралдар объектісін орналасқан жеріне жеткізу және объектісін жұмыс жағдайына келтіру үшін қажетті болып табылмаса пайданың немесе залалдың құрамына кіруге тиіс.

277. Негізгі құралдар объектісінің құны тану күнгі төлемнің мерзімін ұзартпайтын бағасын білдіреді. Егер төлем кредит берудің қарапайым шарттарынан асып түсетін кезеңге қалдырылса, онда объект құны бүкіл болашақ төлемдердің келтірілген құны болады. Егер негізгі құралдар объектісі ақшасыз актив немесе активтер тобына айырбасталып сатып алынатын болған жағдайда немесе егер негізгі құралдар объектісіне төлем аралас болып табылатын болса және өзіне ақшалай қаражатқа төлемді, сол сияқты қандай да болмасын монетарлық емес активтерді беруді қамтыса, онда сатып алынатын активтердің құны мынадай жағдайларды қоспағанда, әділ құнмен өлшенеді:

1) айырбастау жөніндегі операция жеткілікті түрдегі көлемде коммерциялық мәнде емес; немесе

2) не сатып алынатын активтің әділ құны, не айырбасталатын активтің әділ құны дұрыс өлшенуі мүмкін емес. Мұндай жағдайларда сатып алынатын активтің құны айырбасқа берілетін активтің баланстық құнымен өлшенеді.

§ 117. Бастапқы танудан кейінгі өлшеу

278. Бастапқы танығаннан кейін субъект негізгі құралдардың объектісін келесі өлшеулі екі моделдің бірімен жүзеге асырады:

1) осы Стандарттың 279-тармағына сәйкес шығындарды күрделендіру моделі; немесе

2) осы Стандарттың 280-тармағына сәйкес асыра бағаланған құнмен есептеу моделі бойынша.

§ 118. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есептеу моделі

279. Субъект негізгі құралдар объектісінің құнын жинақталған амортизацияның және құнсызданудан жинақталған залалдың бүкіл сомасын шегергендегі оның өзіндік құнымен ескеруге тиіс.

§ 119. Асыра бағаланған құнмен есептеу моделі

280. Асыра бағаланған құнмен есептеу моделін таңдаған субъект ХҚЕС (IAS) 16 "Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар" сәйкес ақпаратты есептеуді және ашуды жүзеге асырады.

§ 120. Негізгі құралдардың амортизациясы

281. Субъект негізгі құралдар объектісінің қатысты бастапқы танылған соманы оның едәуір бөліктеріне бөлуге және осындай әрбір бөлікті жеке амортизациялауға тиіс. Солай бола тұрса да, егер негізгі құралдар объектісінің едәуір бөлігінде, сол негізгі құралдар объектісінің басқа едәуір бөлігіне ұқсас пайдалы пайдалану мерзімі болса және объектінің екі бөлігіне де қатысты амортизацияның ұқсас әдісі пайдаланылса, онда мұндай бөліктер амортизацияланған аударымдардың сомасын айқындау кезінде топтастырылуы мүмкін.

282. Әрбір кезеңдегі амортизациялық аударымдар басқа активтің баланстық құнына енгізілген мұндай аударымдарды қоспағанда, пайдада немесе залалда танылуға тиіс. Мысалы, өндірістік ғимараттар мен жабдықтардың амортизациясы қорларды қайта өңдеуге жұмсалатын шығындарға қосылады.

§ 121. Амортизацияланатын құн мен амортизациялау кезеңі

283. Активтің амортизацияланатын құны оның пайдалы пайдалану мерзімі бойында жүйелі негізде бөлінуге тиіс.

284. Субъект ең болмағанда әрбір жылдық есепті кезеңге тарату құнын және пайдалы пайдалану мерзімін талдауға тиіс; егер талдау нәтижелері алдыңғы бағалаулардың нәтижелерінен ерекшеленсе, субъект тарату құнын немесе пайдалы пайдалану мерзімін тиісті тәсілмен түзетуге тиіс. Субъект тарату құнындағы немесе пайдалы пайдалану мерзіміндегі өзгерістерді осы Стандарттың 150-154-тармақтарына сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеруге тиіс.

285. Активтің амортизациясы актив пайдалануға дайын болған, яғни ол субъект басшылығы жоспарлағандай жұмыс істей алуы үшін қажетті орында және жағдайда басталады. Активтің амортизациясы мынадай күндерден неғұрлым ерте тоқтатылады: актив осы Стандарттың 626-628-тармақтарына сәйкес сатуға арналғандай (немесе сатуға арналғандай сыныпталған шығуға арналған топқа енгізілген) сыныпталатын күндер және активті тану тоқтатылатын күндер. Ізінше, амортизация актив өзінен өзі амортизацияланған жағдайды қоспағанда, актив тоқтап қалуды бастаған немесе белсенді пайдаланудан шыққан кезде тоқтатылмайды. Алайда, егер амортизациялау әдістері іске қосу негізінде пайдаланылса, амортизациялық аударымдар өндіріс болмаған кезде нөлге тең бола алады.

286. Активтің пайдалы пайдалану мерзімін анықтаған кезде субъект мынадай ф а к т о р л а р д ы е с к е р у г е т и і с :

1) активті пайдаланудың (іске қосудың) күтілетін режимі. Іске қосу күтілетін қуатты немесе активтің табиғи өнімділігін ескере отырып бағаланады;

2) ол үшін бұл активті пайдалану болжанып отырған ауысымның саны және жөндеу мен қызмет көрсету бағдарламасы, сондай-ақ тұрып қалған кезеңде активті ұстау және оған қызмет көрсету сияқты өндірістік факторларға тәуелді күтілетін табиғи тозу;

3) өндірістің өзгерістері немесе жетілдірілуі кезінде немесе активті пайдаланып жүргізілетін немесе берілетін тауарға немесе қызмет көрсетулерге арналған нарықтық сұранымның өзгеруі нәтижесінде туындайтын техникалық немесе коммерциялық тұрғыдан моралдық тозу; және

4) тиісті жалдау мерзімдерінің аяқталу күні сияқты активті пайдалануға арналған заңды немесе ұқсас шектеулер.

§ 122. Амортизациялау әдісі

287. Субъект активтен түскен болашақ экономикалық пайданы субъектінің күтіліп отырған тұтыну сапасын көрсететін осындай амортизация әдісін таңдауға тиіс. Рұқсат етілетін амортизация әдістері өзіне тікелей желілік әдісті, азайтылатын қалдық әдісін және өнім бірлігі әдісін (өндірістік) қамтиды.

288. Субъект амортизация әдісін қолдануды, ең болмағанда, әрбір есепті кезеңнің аяғында талдауға тиіс. Егер талдау нәтижелері активтен түсетін болашақ экономикалық пайданы субъектінің күтіліп отырған тұтыну сипатының елеулі өзгеруін көрсетсе, субъект тиісті түрде амортизациялау әдісін өзгертуге тиіс. Амортизациялау әдісіндегі өзгерісті субъект осы Стандарттың 10-бөліміне сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеруге тиіс.

§ 123. Құнсыздану

289. Әрбір есептік кезеңнің аяғында субъект негізгі құралдардың объектісінде немесе объектілерінің тобында құнсызданудың болуын - мұндай болған жағдайда - құнсызданудан келген залалды тану және өлшеу тәртібін айқындау мақсатында осы Стандарттың 26-бөлімінде көзделген шараларды қабылдауға тиіс. Бұл бөлім субъект қашан және қандай тәсілмен өзінің активтерінің баланстық құнын қайта қарайтын, активті сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергендегі оның әділ құнын қалай айқындайтындығын және ол құнсызданудан келген залалды қашан танитындығын немесе қалпына келтіретіндігін түсіндіреді.

290. Субъект мұндай өтемақы алынуға тиіс болғанда ғана құнсызданған, жоғалған немесе берілген негізгі құралдар объектілеріне қатысты үшінші тараптардан алынған өтемақы сомасын пайданың немесе залалдың құрамына енгізуге тиіс.

124. Тануды тоқтату

291. Субъект негізгі құралдар объектісін тануды мынадай жағдайда тоқтатады :

- 1) объект шығып қалған кезде; немесе
- 2) оны пайдаланудан немесе оның шығып қалуынан ешқандай болашақ экономикалық пайда күтілмеген кезде.

292. Негізгі құралдар объектісін тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал объектіні тану тоқтатылғанда осы Стандарттың 19-бөлімі қайта жалға алумен сату кезінде өзге есепке алуды көздейтін жағдайды қоспағанда) пайдаға немесе залалға қосылуға тиіс. Мұндай пайданы субъект кіріс ретінде жіктемейді.

293. Объектінің істен шығуын анықтау кезінде субъект тауарларды сатудан түсетін түсімді тану үшін осы Стандарттың 22-бөлімінде айтылған өлшемдерді қолдануға тиіс. Осы Стандарттың 19-бөлімі қайта жалға алумен сату кезінде қолданылады.

294. Негізгі құралдар объектісін тануды тоқтату кезінде туындайтын пайданы немесе залалды, егер мұндайлар бар болса, субъект істен шығудан түсетін таза түсімдер мен көрсетілген объектінің баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындауға тиіс.

§ 125. Сату үшін ұсталатын негізгі құралдар

295. Осы Стандарттың 627-628-тармақтарында негізгі құралдарды және сату үшін ұсталатын өзге де ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға қойылатын талаптар ұсынылған.

§ 126. Ақпаратты ашу

296. Қаржылық есептілікте субъект негізгі құралдардың әрбір сыныбы үшін мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

- 1) жалпы баланстық құнды анықтау үшін пайдаланылатын өлшем базасын;
- 2) амортизацияны есептеудің пайдаланылатын әдістерін;
- 3) пайдалы пайдаланудың қолданылатын мерзімі немесе амортизация нормаларын ;

4) жалпы баланстық құны және кезеңнің басы мен соңында жинақталған амортизация (құнсызданудан жинақталған шығынмен жиынтығында); және

5) мыналарды көрсететін кезеңнің басы мен соңында баланстық құнды мұқият тексеру :

түсімдерді ;

сату үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін немесе сату үшін ұсталатын ретінде жіктелетін істен шығаруға арналған топтарға енгізілген активтердің істен шығуын қоса алғанда, активтердің істен шығуы;

бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алу;
осы Стандарттың 26-бөліміне сәйкес табыс немесе залал деп танылған немесе қалпына келтірілген, құнсызданудан болған шығындар;

а м о р т и з а ц и я ;

шетелдік қызметті есеп беретін кәсіпорынның есептілігін ұсыну валютасына аударуды қоса алғанда, қаржылық есептілікті функционалдық валютадан есептілікті ұсыну валютасына аудару кезінде туындайтын таза бағамдық айырмалар ("Шетелдік валютадағы операцияларды ауыстыру" деген 30-бөлімді қ а р а ң ы з) ;

өзге де өзгерістер.

297. Субъект сондай-ақ мыналарды:

1) меншік құқығына және міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген негізгі құралдардың объектілеріне шектеулердің болуы мен оның с о м а с ы н ;

2) негізгі құралдарды сатып алу жөніндегі шарттық міндеттемелердің с о м а с ы н ; ж ә н е

3) егер пайда мен залал туралы есептің өзінде жеке ашылмаған болса, құнсызданған, жоғалған немесе берілген, пайдаға немесе залалға енгізілген негізгі құралдардың объектілері бойынша үшінші тараптардан өтемақы сомасын ашуға тиіс.

298. Сату үшін ұсталатын негізгі құралдардың объектілерін субъект бухгалтерлік баланстың өзінде өзге активтерден бөлек тікелей ұсынуға тиіс. Сату үшін ұсталатын негізгі құралдардың объектілеріне байланысты міндеттемелерді субъект бухгалтерлік баланстың өзінде өзге активтерден бөлек тікелей ұсынуға тиіс.

17. Гудвилді қоспағанда, материалдық емес активтер § 127. Тану

299. Материалдық емес актив - табиғи нысаны жоқ сәйкестендірілетін монетарлық емес актив. Мұндай актив:

1) бөлектенетін болса, яғни тиісті шарттан, активтен немесе міндеттемеден бөлек немесе сонымен бірге кәсіпорыннан бөлек алуға және сатуға, беруге, лицензиялауға, жалға беруге немесе ауыстыруға мүмкін болса; немесе

2) осы құқықты беруге немесе кәсіпорыннан немесе басқа құқықтар мен

міндеттемелерден бөліп алуға болады ма, жоқ па, оған қарамастан, шарттық немесе басқа да заңды құқықтар нәтижесінде туындаса, сәйкестендірілетін болып табылады.

300. Материалдық активті тану кезінде субъект осы Стандарттың 27-тармағына сәйкес тану өлшемдерін пайдаланады. Тиісінше, субъект материалдық активті :

1) осы активке жататын күтілетін болашақ экономикалық пайда субъектіге түсуі ықтимал болса ; және

2) активтің құны сенімді түрде өлшенуі мүмкін болғанда ғана актив ретінде тануға тиіс.

301. Субъект активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде болатын экономикалық шарттар басшылығымен ең үздік есептеу бағасын білдіретін негізгі және қолайлы рұқсаттарды пайдалана отырып, күтілетін болашақ экономикалық пайданың ықтималдығын бағалауға тиіс.

302. Субъект сыртқы деректерге көбірек мән бере отырып, бастапқы тану күні қолда бар деректер негізінде активті пайдаланудан болатын болашақ экономикалық пайданың түсу айқындылығы дәрежесін белгілеу үшін субъективті бағалауды пайдаланады.

303. Осы Стандарттың 300-тармағында ықтималдыққа негізделген тану өлшемдері әрқашан жеке сатып алынатын материалдық емес активтер үшін қанағаттанарлық болып табылады.

304. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынатын материалдық емес актив, әдетте, актив болып саналады, өйткені осы активтің әділ құны сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен өлшенетін болады. Солай бола тұра, бизнесті біріктіру кезінде сатып алынатын материалдық емес актив осындай актив заңдық немесе өзге де шарттық құқықтар нәтижесінде туындайтын жағдайларда танылмайтын болады әрі оның әділ құны сенімділіктің жеткілікті үлесімен өлшене алмайды, өйткені :

1) актив гудвилден бөліп алынатын болып табылмайды; не

2) актив бөліп алынатын болып табылады, бірақ бұл ретте жинақталған тәжірибе немесе дәл осындай немесе ұқсас активтер үшін алмасу операцияларының дәлелі болмайды, ал басқаша есептелетін есептік әділ құн өлшенбейтін ауыспалыларға тәуелді болар еді.

§ 128. Бастапқы өлшеу

305. Субъект материалдық емес активті оның өзіндік құны бойынша бастапқы тануды жүзеге асырады.

§ 129. Сатып алу

306. Жеке сатып алынған материалдық емес активтің өзіндік құны:

1) сатып алуға импорттық баждар мен қайтарылмайтын салықтарды қоса алғанда, оны сатып алу бағасын;

2) активті тағайындауы бойынша пайдалану үшін дайындауға жұмсалатын кез келген салыстырмалы шығындарды қамтиды.

307. Егер материалдық емес актив бизнесті біріктіру кезінде сатып алынатын болса, сатып алатын күнгі әділ бағасы осы материалдық емес активтің өзіндік құны болып табылады.

308. Мемлекеттік субсидиялар түрінде сатып алынатын материалдық емес активтерді есепке алу тәртібі осы Стандарттың 23-бөлімінде келтірілген.

§ 130. Активтермен алмасу

309. Материалдық емес активтер монетарлық емес активтерге немесе монетарлық және монетарлық емес активтердің компонентіне алмастыру жолымен сатып алынуы мүмкін. Осындай материалдық емес активтің өзіндік құнын субъект:

1) алмастыру операциясында коммерциялық мазмұн жеткіліксіз; немесе
2) алынған әрі берілген активтің әділ құны сенімді түрде өлшене алмайтын жағдайларды қоспағанда, әділ құны бойынша өлшеуге тиіс.

310. Егер субъект алынған немесе берілген активтің әділ құнын дұрыс айқындай алатын болса, онда өзіндік құнын айқындау үшін алынған активтің әділ құны неғұрлым айқын болып табылатын жағдайларды қоспағанда, берілген активтің әділ құны пайдаланылады.

311. Егер субъект сатып алынатын активтің әділ құнын сенімді айқындай алмайтын болса, онда оның өзіндік құны ретінде активтің орнына берілетін баланстық құн пайдаланылады.

§ 131. Гудвилді қоспағанда, іштей құрылған материалдық емес активтер

312. Іштей құрылған материалдық емес активті (гудвилді емес) құру зерттеулер кезеңі мен әзірлемелер кезеңін білдіреді. Зерттеулер мен әзірлемелер бойынша жұмыстар бойынша жұмыстар барысында шеккен шығындарды есепке алу үшін субъект шығындарды осы Стандарттың 313-тармағында ұсынылған кезеңнің шығыстарына жатқызу моделі мен осы Стандарттың 314-тармағында ұсынылған шығындарды капиталдандыру моделі арасында таңдай алады.

§ 132. Шығындарды шығыстарға жатқызу моделі

313. Субъект зерттеулер мен әзірлемелер барысында шеккен барлық шығындарды оларды шегу шамасына қарай кезеңнің шығыстары ретінде тануға тиіс.

314. Шығындарды капиталдандыру моделі шеңберінде зерттеулерге байланысты шеккен барлық шығындар оларды айқындау шамасына қарай кезеңнің шығыстары ретінде танылады. Әзірлемелерге байланысты шеккен шығындар да уақыт бойынша белгілі бір нүктеден кейін шеккен, әзірлемелерге жұмсалған шығындарды қоспағанда, шығыстар ретінде танылады, мұндай шығындар материалдық емес активтің өзіндік құны ретінде танылады. Өзінің есеп саясатында шығындарды капиталдандыру моделін таңдаған субъект 38 ХҚЕС (IAS) "Материалдық емес активтер" сәйкес есепке алуды және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асырады.

§ 133. Шығыс ретінде тану

315. Субъект материалдық емес бапқа сәйкес шеккен шығындарды олар материалдық емес активтің өзіндік құнына енгізілетін шығындарды қоспағанда, осы Стандарттың 300-304-тармақтарындағы тану өлшемдеріне сәйкес келгенде таниды.

316. Мына төмендегі баптарды субъект шығыс ретінде тануға тиіс және мұндай шығындарды материалдық емес активтердің құрамына енгізбеуге тиіс:

1) Іштей құрылған брэндке, титулдық деректерге, баспа құқықтарына, клиенттердің тізіміне және мәні бойынша осыған ұқсас баптарға жұмсалған шығындар ;

2) осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес негізгі құралдар объектілерінің өзіндік құнына енгізілетіндерден басқа, қызметтің басталуына байланысты шығындар (яғни бастапқы ұйымдастыру шығындары).

Бастапқы шығындар заңды тұлғаны құру кезінде шеккен заңгерлер мен хатшылыққа жұмсалған шығындар, жаңа өндірістік қуаттар мен бизнес ашуға жұмсалған шығындар (яғни іске қосу алдындағы шығындар) немесе жаңа операциялық қызметті бастауға немесе жаңа өнімдер өндірісін немесе үдерістерді іске қосуға жұмсалған шығындар (яғни операция алдындағы шығындар) сияқты құрылтай шығыстарынан тұруы мүмкін;

3) персоналды оқытуға байланысты қызметке жұмсалған шығындар;

4) тауар жарнамасына және оны жылжыту жөніндегі қызметке жұмсалған

шығындар ;

және

5) субъектінің бір бөлігін немесе бүкілін жылжытуға немесе қайта ұйымдастыруға жұмсалған шығындар.

317. Осы Стандарттың 316-тармағы тауарларды бергені немесе қызметтерді көрсеткені үшін ақы тауарларды бергенге немесе қызметтерді көрсеткенге дейін жүргізілген болса, актив ретінде алдын ала ақы төлеуді тану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

318. Бастапқыда шығыс ретінде танылған материалдық емес активтерге жұмсалған шығындар кейіннен материалдық активтің өзіндік құнының бір бөлігі ретінде танылмауы тиіс.

§ 135. Бастапқы танудан кейін өлшеу - есеп саясатын таңдау

319. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтердің барлық сыныптарының құнын субъект мынадай модельдердің бірінің көмегімен есепке алуға тиіс :

1) осы Стандарттың 320-тармағына сәйкес шығындарды капиталдандыру моделі бойынша ; немесе

2) осы Стандарттың 321-тармағына сәйкес қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі бойынша.

§ 136. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі

320. Субъект материалдық емес активтің құнын жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, іс жүзіндегі құн бойынша есепке алады. Амортизацияға қатысты талаптар осы бөлімде қамтылған . Құнсызданудан болған залал тануға жататын жағдайлар осы Стандарттың 26-бөлімінде сипатталған.

§ 137. Қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі

321. Субъект ХҚЕС (IAS) 38 "Материалдық емес активтер" сәйкес есепке алуды және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырады.

§ 138. Пайдалы түрде қолдану мерзімі

322. Субъект материалдық емес активтің пайдалы түрде қолдануға шектеулі немесе белгіленбеген мерзімі бар не жоқ екендігін бағалауға тиіс, егер шектеулі болса, онда өндірістің ұзақтығын немесе өнімнің санын немесе осы пайдалы түрде қолданудың мерзімінің ұзақтығын айқындайтын осы сияқты көрсеткіштерді бағалауға тиіс. Субъект барлық орынды факторларды талдау

кезінде осы активпен субъект үшін ақша қаражатының таза ағындарын құру күтілетін кезеңнің белгілі аяқталуы болмаған кезде материалдық емес активті пайдалы түрде қолданудың белгіленбеген мерзімі бар ретінде қарауға тиіс.

323. Шарттық немесе заңдық құқықтардың нәтижесі болып табылатын материалдық емес активті пайдалы түрде қолдану мерзімі осы құқықтардың мерзімінен аспауға, бірақ субъект осы активті пайдалануды ұйғарып отырған кезеңге қарай қысқа болмауға тиіс. Егер шарттық немесе басқа да заңды құқықтар ұзартылуы мүмкін шектеулі уақыт кезеңіне берілетін болса, онда материалдық емес активті пайдалы түрде қолдану мерзімі субъектінің елеулі шығынсыз ұзарту мүмкіндігін растайтын деректердің болуы шартымен ұзарту кезеңін (кезеңдерін) қамтуға тиіс.

§ 139. Амортизациялау кезеңі және амортизациялауды есептеу әдісі

324. Шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизацияланатын құнын субъект оны пайдалы түрде қолдану мерзімі бойында жүйелі түрде бөлуге тиіс. Материалдық емес активті амортизациялау ол пайдалануға дайын болғанда, яғни актив субъектінің басшылығы жоспарлағандай, жұмыс істей алатындай қажетті орында және жай-күйде болған кезде басталуға тиіс. Амортизациялау мына күндерден бұрын: осы Стандарттың 626 - 628-тармақтарына сәйкес актив сатуға арналған ретінде жіктелетін (немесе сатуға арналған ретінде жіктелетін істен шығаруға арналған топқа енгізілетін) күнге және активті тану тоқтатылатын күнге тоқталуға тиіс. Субъект активтен болатын болашақ экономикалық пайданы субъектінің күтілетін тұтынуының сипатын көрсететін амортизациялау әдісін таңдап алуға тиіс. Егер субъект күтілетін тұтынудың сипатын сенімді анықтай алмайтын болса, субъект тік сызықты әдісті пайдалануға тиіс. Әрбір кезең үшін амортизациялық аударымдарды субъект осы Стандарт басқа активтің баланстық құнына оларды енгізуге рұқсат ететін немесе талап ететін жағдайлардан басқа, пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

325. Пайдалы пайдалану мерзімі белгіленбеген материалдық емес актив амортизациялануға тиісті емес.

§ 140. Тарату құны

326. Субъект пайдалы түрде пайдаланудың белгіленген мерзімі бар материалдық емес активтегі тарату құны мына:

- 1) үшінші тараптың активті оны пайдалы түрде қолдану мерзімінің соңында сатып алу міндеттемесі болатын;
- 2) осы актив үшін белсенді нарық болатын және:

тарату құны осы нарықтың деректері негізінде айқындалуы мүмкін; және осындай нарық активті пайдалы түрде қолдану мерзімінің соңында болуы ықтимал жағдайларды қоспағанда, нөлге тең болатынына жол берілетінін ескеруге тиіс.

§ 141. Амортизациялауды есептеу мерзімі мен әдісін қайта қарау

327. Пайдалы түрде, қолданудың белгіленген мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизациялауды есептеу мерзімі мен әдісі ең кемінде әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралуға тиіс. Егер активті пайдалы түрде қолданудың күтілетін мерзімінің бұрынғы есептік бағалаудан айырмашылығы болса, тиісті түрде өзгертілуге тиіс. Егер активте жасалған болашақ экономикалық пайданы тұтынудың күтілетін сипатында өзгеріс болса, онда амортизациялауды есептеу әдісі өзгертілген сипатын көрсету үшін өзгертілуге тиіс. Осындай өзгерістерді субъект осы Стандарттың 10-бөліміне сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеруге тиіс. Материалдық емес активтерді амортизациялау кезінде бірқалыпты есептеу әдісін, азайтушы қалдық әдісін және өндіріс бірлігі әдісін қолдануға рұқсат етіледі.

§ 142. Пайдалы түрде қолданудың белгіленбеген мерзімі бар материалдық емес активтер амортизацияланбайды

328. Активтің құнсыздануы болған не болмағанын анықтау үшін кәсіпорын осы Стандарттың 26-бөлімінің ережелерін қолданады. Бұл бөлім субъект қашан және қалайша барлық активтердің баланстық құнын қайта қарайтынын, ол активтің әділ құнын оны сатуға жұмсалған шығыстарды шегере отырып, қалай анықтайтынын және ол қашан танылатынын немесе құнсызданудан болатын залал қалай қалпына келтірілетінін түсіндіреді.

§ 143. Есептен шығару және істен шығу

329. Субъект материалдық активті тануды тоқтатуға тиіс және пайданың немесе залалдың құрамында пайда мен залалды мынадай жағдайларда тануға т и і с :

- 1) активтен істен шыққан кезде; немесе
- 2) осы активті пайдаланудан немесе оның істен шығуынан ешқандай болашақ экономикалық пайда күтілмейтін кезде.

§ 144. Ақпаратты ашу

330. Субъект құрылған және басқа да материалдық емес активтерді қоса алғанда, материалдық емес активтердің әрбір сыныбы үшін мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

1) пайдалы түрде қолдану мерзімі шектеулі немесе белгіленбеген болып табылады ма және, егер олар шектеулі болса, онда пайдалы түрде қолданудың қандай мерзімі немесе амортизациялау нормасы қолданылады;

2) пайдалы түрде қолданудың шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтер үшін қолданылатын амортизацияны есептеу әдістерін;

3) жалпы баланстық құнын және кезеңнің басында және соңында жинақталған бүкіл амортизацияны;

4) материалдық емес активтердің амортизациясы енгізілген пайда мен залал туралы бапты (баптарды);

5) түсімдердің істен шығуды, амортизациялық аударымдарды, құнсызданудан болатын залалды және басқа да өзгерістерді жеке көрсете отырып, кезеңнің басындағы және соңындағы баланстық құн арасындағы мұқият тексеруді.

Субъект сондай-ақ мыналарды ашуға тиіс:

1) пайдалы түрде қолданудың белгіленген мерзімі бар ретінде бағаланған материалдық емес активтің баланстық құнын және пайдалы түрде қолдану мерзімін белгіленбеген ретінде бағалауды негіздейтін есептерді. Осы себептерді ашу кезінде субъект активтің пайдалы түрде қолданудың белгіленбеген мерзімі бар екендігін анықтауды елеулі рөл атқарған факторды немесе факторларды сипаттауға тиіс;

2) субъектінің қаржылық есептілігі үшін айтарлықтай болып табылатын кез келген жеке материалдық емес активтің сипаттамасын, баланстық құнын және амортизациялаудың қалған мерзімін;

3) мемлекеттік субсидия түрінде сатып алынған және әділ құн бойынша бастапқы танылған материалдық емес активтер үшін:

осы активтер үшін бастапқыда танылған әділ құнды;
олардың баланстық құнын;

танудан кейін олардың қалай өлшенгенін: іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі бойынша немесе қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі бойынша;

4) оларға меншік құқығы шектелген материалдық емес активтердің болуы мен баланстық құнын және міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін кепілге берілген материалдық емес активтердің баланстық құнын;

5) материалдық емес активтерді сатып алу жөніндегі шарттық міндеттемелердің сомасын.

331. Субъект кезең ішінде шығыс ретінде танылған зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындардың жиынтық сомасын ашуға тиіс.

18. Бизнесті біріктіру және гудвилл § 145. Бизнесті біріктіру

332. Бизнесті біріктіру - жекелеген ұйымдар немесе бизнестің түрін бір есеп беретін ұйымға біріктіру. Дерлік барлық біріктірудің нәтижесі бір ұйым (сатып алушы) бір немесе бірнеше бизнес түріне (сатып алынатын ұйымдарға) бақылау алатыны болып табылады. Сатып алушы сатып алынатын ұйымға іс жүзінде бақылауды алатын күн сатып алу күні болып табылады.

333. Құрылымдық жағынан бизнесті біріктіру заңдық, салықтық немесе басқа да себептермен әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл бір ұйымның басқа ұйым капиталын сатып алуы, басқа ұйымның барлық таза активтерін сатып алу, өзіне басқа ұйымның міндеттемелерін алуы немесе бір немесе бірнеше бизнесті құратын басқа ұйымның таза активтерінің бір бөлігін сатып алуы мүмкін.

334. Бизнесті біріктіру үлестік құралдарды шығару, ақша қаражатын, ақша қаражатының баламасын немесе басқа активтерді немесе олардың компоненттерін аудару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Операцияны біріктірілетін ұйымдардың акционерлері арасында немесе бір ұйым мен басқа ұйымның акционерлері арасында жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл біріктірілетін ұйымдарды немесе таза берілген активтерді бақылау үшін жаңа ұйымды құру немесе бір немесе бірнеше біріктірілетін ұйымды қайта ұйымдастыру болуы мүмкін.

335. Осы бөлімде ұйымды немесе бірлескен бақылаудағы ұйымдарды біріктіруді қоспағанда, бизнесті біріктірудің барлық түрлерін есепке алу тәртібі көрсетіледі. Бірлескен бақылау біріктірілетін барлық ұйымдарды, сайып келгенде , біріктіруге дейінгі және одан кейінгі кездегідей дәл сол тарап немесе тараптар бақылайтынын және осы бақылау уақытша болып табылмайтынын білдіреді.

§ 146. Біріктіруді есепке алу

336. Барлық бизнес бірлестіктері сатып алу әдісін қолдана отырып, ескерілуге тиіс.

337. Сатып алу әдісін қолдану мынадай сатыларды қамтиды:

- 1) сатып алушыны анықтау;
- 2) бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарды өлшеу; және
- 3) бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарды сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер және шарттық міндеттемелер арасында сатып алу күніне бөлу.

338. Бизнесті біріктірудің барлық жағдайларында сатып алушыны анықтау қажет. Сатып алушы - басқа біріктірілетін ұйымдарға немесе бизнестерге бақылауды сатып алатын біріктірілетін ұйым.

339. Кейде сатып алушыны белгілеу қиын болатынына қарамастан, әдетте оның бар екендігі белгісі болады. Мысалы:

1) егер біріктірілетін ұйымдардың біреуінің әділ құны басқа біріктірілетін ұйымның әділ құнынан едәуір әділ болса, онда көбірек әділ құны бар ұйым сатып алушы болып табылуы ықтимал;

2) бизнесті біріктіру қарапайым, дауыс беру құқығы бар үлестік құралдарды ақша қаражатына немесе басқа да активтерге алмастыру жолымен жүзеге асырылатын болса, онда ақша қаражатын немесе басқа активтерді беретін ұйым сатып алушы болып табылуы ықтимал; және

3) егер бизнесті біріктіру біріктірілетін ұйымдардың біреуінің басшылығы біріктіру нәтижесінде туындайтын ұйымның басшы кадрларын таңдап алу кезінде үстемдік көрсету мүмкіндігіне алып келсе, басшылығы осылайша үстемдік көрсете алатын ұйым сатып алушы болып табылады.

340. Сатып алушы бизнесті біріктіруді мынадай шамалардың жиынтық мәні бойынша ескереді:

1) сатып алушы берген активтердің әділ құны (алмасатын күнгі), сатып алушы өзіне қабылдаған міндеттемелер және сатып алушы сатып алынатын ұйымға бақылау жасауға шығарған үлестік құралдар; қосу

2) осы бизнесті біріктіруге тікелей жатқызылатын барлық шығынның сомасы.

341. Егер бизнесті біріктіру туралы шарт болашақ оқиғаларға негізделген біріктіруге жұмсалатын шығындарды түзетуді көздейтін болса, егер түзету мүмкін болып, оның шамасы сенімді түрде өлшенетін болса, онда түзету сомасын сатып алушы сатып алатын күнгі осы біріктіруге жұмсалатын іс жүзіндегі шығындарға қосуға тиіс.

342. Алайда егер осындай ықтимал түзету сатып алу сәтінде танылмайтын болып, бірақ кейіннен ол ықтимал, ал оның шамасы сенімді түрде өлшенетін болса, онда қосымша өтеу осы біріктіруге жұмсалатын шығындарға түзету ретінде ескерілетін болады.

§ 147. Бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарды бөлу

343. Сатып алушы сатып алатын күні бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарды сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелерді және осы Стандарттың 348-тармағына сәйкес тану өлшемдерін қанағаттандыратын сатып алынатын ұйымның шартты міндеттемелерін тану жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтерді қоспағанда, осы күнгі олардың әділ

құны бойынша бөлуге тиіс, мұндай активтер мен істен шығаруға арналған топтар сатуға жұмсалатын шығындарды шегере отырып, олардың әділ құны бойынша ескерілуге тиіс. Бизнесті біріктіру құны мен сатып алушының меншік үлестері арасындағы айырма танылған сәйкестендірілетін активтердің, міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің таза әділ құнында осы Стандарттың 350-352-тармақтарына сәйкес ескерілуге тиіс.

344. Сатып алушы сатып алатын күні мынадай өлшемдерге сәйкес келетін тек жеке сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелерді және шартты міндеттемелерді ғана тануға тиіс:

1) актив үшін (материалдық активтерден басқа) - егер болашақ экономикалық пайданың сатып алушы ұйымға (сатып алушы) ағыны ықтимал болып, ал осындай ағынның әділ құны сенімді түрде өлшенетін болса;

2) міндеттеме үшін (шартты міндеттемелерден басқа) - міндеттемелерді жабуға арналған ресурстардың жылыстауы ықтимал болып, ал осындай жылыстаудың әділ құны сенімді түрде өлшенетін болса;

3) материалдық емес актив немесе шартты міндеттеме үшін - егер олардың әділ құны әділ түрде өлшенетін болса.

345. Сатып алушының пайдасы мен залалы туралы есеп сатып алынатын күннен кейін сатып алушы үшін бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарға негізделген сатып алынатын ұйымның пайдасы мен залалын қамтуға тиіс. Мысалы, сатып алатын күннен кейін сатып алушының пайдасы мен залалы туралы есепке енгізілген, сатып алынатын ұйымның амортизацияланатын активтеріне жататын амортизациялық шығыстар сатып алатын күнгі осындай амортизацияланатын активтердің әділ құнына, яғни олардың сатып алушыға арналған құнына негізделуге тиіс.

346. Сатып алу әдісін қолдану сатып алушы іс жүзінде сатып алынатын ұйымға бақылау жасайтын күн болып табылатын сатып алатын күннен басталады. Сатып алушы бақылауды алғанға дейін заңға сәйкес операцияны жабудың немесе аяқтаудың қажеті жоқ, себебі бақылау - олардың қызметінен пайда алу үшін ұйымның немесе бизнестің қаржылық және операциялық саясатын басқару құқығы. Бизнесті біріктірумен қоса жүретін барлық орынды фактілер мен жағдайлар сатып алушының бақылауды қашан алғанын бағалау кезінде назарға алынуға тиіс.

347. Осы Стандарттың 344-тармағына сәйкес сатып алушы сатып алынатын кәсіпорынның сатып алатын күні қолда бар және осы Стандарттың 344-тармағындағы тану өлшемдеріне жауап беретін сәйкестендірілетін активтерін, міндеттемелері мен шартты міндеттемелерін ғана жеке таниды. Сондықтан:

1) сатып алушы біріктіруге жұмсалатын шығындарды бөлу кезінде сатып алынатын ұйымның қызметін тоқтату немесе қысқарту жөніндегі

міндеттемелерді сатып алынатын ұйымның сатып алатын күні осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес танылған қайта құрылымдау жөніндегі қолданыстағы міндеттемесі болған кезде ғана тануға тиіс; және

2) сатып алушы бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындарды бөлу кезінде осы біріктіру нәтижесінде, күтіліп отырғандай, шегуі мүмкін болашақ залал немесе өзге де шығыстар бойынша міндеттемелерді тануға тиіс емес.

§ 148. Шартты міндеттемелер

348. Сатып алушы осындай міндеттеменің әділ құны сенімді түрде өлшенуі мүмкін жағдайда ғана сатып алынатын ұйымның шартты міндеттемесін жеке танитыны көрсетілген. Егер осындай міндеттеменің әділ құны сенімді түрде өлшене алмайтын болса:

1) оның бар-жоғы танылған гудвилдің сомасында немесе осы Стандарттың 352-тармағына сәйкес ескерілген айырманың сомасында көрсетіледі; және

2) ұйым (сатып алушы) осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес шартты міндеттеме туралы ақпаратты ашуды жүргізуге тиіс.

349. Бастапқы танудан кейін сатып алушы осы Стандарттың 344-тармағына сәйкес жеке танылған шартты міндеттемелерді мынадай:

1) осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес танылуы мүмкін соманың; және

2) осы Стандарттың 22-бөліміне сәйкес танылған жинақталған амортизацияны шегере отырып, бұл орынды болған кезде, бастапқы танылған соманың ең көбі бойынша өлшеуге тиіс.

§ 149. Гудвилл

350. Сатып алушы сатып алатын күні:

1) бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді актив ретінде тануы; және

2) осы гудвилді бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындардың осы Стандарттың 344-тармағына сәйкес танылған сәйкестендірілетін активтердің, міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің таза әділ құнындағы сатып алушының үлесінен асып түсуі болып табылатын оның өзіндік құны бойынша бастапқы өлшеуі керек.

351. Бастапқы танығаннан кейін сатып алушы бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, оның өзіндік құны бойынша өлшеуі керек. Осы Стандарттың 26-бөлімінде гудвилдің құнсыздануынан болатын залалды тану және өлшеу қағидаттары көрсетіледі.

352. Егер осы Стандарттың 344-тармағына сәйкес танылған сәйкестендірілетін активтердің, міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің таза әділ құнындағы сатып алушының үлесі бизнесті біріктіруге жұмсалатын шығындардан асып түсетін болса (кейде мұндай құбылыс "теріс гудвилл" деп аталады), онда сатып алушы:

- 1) сатып алынатын ұйымның сәйкестендірілетін активтерін, міндеттері мен шартты міндеттемелерін сәйкестендіру мен өлшеуді және осы біріктіруге жұмсалатын шығындарды өлшеуді қайта бағалауға ұшыратуы; және
- 2) пайданың немесе залалдың құрамында осы қайта бағалаудан кейін қалған кез келген асып түсуді дереу тануы керек.

§ 150. Ақпаратты ашу

353. Кезеңнің барысында болған бизнесті әрбір біріктіру (немесе бизнес бірлестіктерінің жеке түрде болмайтын топтары) үшін ұйым мынадай ақпаратты ашады:

- 1) біріктірілетін ұйымдардың атау мен сипаттамасын немесе бизнес түрлерін;
- 2) сатып алатын күнді;
- 3) сатып алынған дауыс беретін үлестік құралдарды;
- 4) біріктіруге жұмсалатын шығындарды және біріктіруге тікелей жатқызылатын кез келген шығындарды қоса алғанда, осы шығындар компоненттерінің сипаттамасын. Егер үлестік құралдар шығарылатын болса немесе олар шығындардың бір бөлігі ретінде шығаруға жататын болса, онда сондай-ақ мынадай ақпарат ашылуға тиіс:
 - шығарылған немесе шығарылатын үлестік құралдардың саны;
 - осы құралдардың әділ құны және оны анықтау базасы.
- 5) ұйымның шешімі бойынша біріктіру нәтижесінде істен шығарылуға тиіс кез келген операциялардың детальдарын;
- 6) сатып алынатын ұйымның гудвилін қоса алғанда, активтердің, міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің әрбір сыныбы үшін сатып алатын күні танылған сомасын;
- 7) осы Стандарттың 352-тармағына сәйкес пайдада немесе залалда танылған кез келген асып түсудің сомасы және осы асып түсу танылған пайда мен залал туралы есептің бабын;
- 8) гудвилді тануға алып келетін шығындардың туындауына ықпал ететін факторлардың сипаттамасын - гудвилден бөлек танылмаған әрбір материалдық емес активтің сипаттамасын және материалдық емес активтің әділ құны неге сенімді түрде өлшене алмайтынына түсіндіруді немесе осы Стандарттың 352-тармағына сәйкес пайдада немесе залалда танылған асып түсу табиғатының

с и п а т т а м а с ы н ;

9) осындай ашу іс жүзінде мүмкін емес болатын жағдайларды қоспағанда, сатып алушының пайдасына немесе залалына енгізілген сатып алатын күннен бастап сатып алынатын ұйымның пайдасының немесе залалының сомасын. Егер мұндай ашуды іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес болса, онда бұл факт себебін түсіндіре отырып ашылады.

354. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, бірақ қаржылық есептерді шығаруға бекітуге дейін болған бизнесті біріктіру үшін сатып алушы ұйым іс жүзінде жүзеге асырыла алмайтын болып табылатын алушыларды қоспағанда, осы Стандарттың 353-тармағында көзделген ашуды жүргізуге тиіс. Егер санамаланған ақпараттың қандай да бірін ашуды іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес болса, онда осы факт себебін түсіндірумен бірге ашылуға тиіс.

355. Ұйым жаңа бизнес бірлестіктеріне, құнсызданудан болған залалға, бұрын сатып алынған бизнестердің істен шығуына және өзге де өзгерістерге байланысты болған өзгерістерді жеке көрсете отырып, кезеңнің басы мен соңындағы гудвилдің баланстық құнына мұқият тексеру жүргізуге тиіс. Ұйым (сатып алушы), сондай-ақ кезеңнің соңындағы жалпы соманы және құнсызданудан жинақталған залалды көрсетуге тиіс.

19. Жалға алу § 151. Қолдану

356. Осы бөлім мыналарды қоспағанда, жалға алудың барлық түрін есепке алу үшін қолданылады :

1) пайдалы қазбаларды, мұнайды, табиғи газды және осындай қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды барлауға немесе пайдалануға жалға алуды;

2) кинофильмдер, бейнежазбалар, пьесалар, қолжазбалар, патенттер және авторлық құқықтар сияқты объектілерге лицензиялық келісімдерді;

3) жалға алушы пайдаланатын, жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялар ретінде ескерілетін жылжымайтын мүлікті;

4) жалға беруші операциялық жалдауға берген жылжымайтын мүлікке инвестицияларды ; және

5) жалға берушіде не жалға алушыда жалға алынатын активтің бағасын өзгертуге жатпайтын шарттық талаптарды орындау нәтижесінде залалдың туындауына, валютаның айырбас бағамының өзгеруіне немесе тараптардың біреуінің міндеттемелерді орындамауына әкеп соқтыруы мүмкін жалға алуды.

357. Осы бөлім, егер осындай активтерді пайдалануға немесе оларға қызмет көрсетуге байланысты жалға берушінің қызметтердің едәуір көлемін орындауы талап етілуі мүмкін болса да активтерді пайдалануға құқығын беру жүргізілетін шарттарға қолданылады. Осы бөлім оларға сәйкес активтерді бір тараптан екінші

тарапқа пайдалану құқығына беру жүргізілмейтін қызметтер көрсетуге арналған шарттар болып табылатын келісім жерге қолданылмайды.

§ 152. Жалға алуды жіктеу

358. Егер оның шеңберінде меншік құқығына тән іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды беру жүргізілетін болса, жалға алу қаржылық ретінде жіктеледі. Егер оның шеңберінде меншік құқығына тән іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды беру жүргізілмейтін болса, жалға алу операциялық ретінде жіктеледі.

359. Жалға алуды қаржылық және операциялық ретінде жіктеу шарттың нысанына емес, операцияның мазмұнына байланысты. Төменде жеке алғанда немесе бірге алғанда әдетте жалға алуды қаржылық ретінде жіктеуге алып келетін ахуалдар мысалға келтірілген:

1) жалға алу мерзімінің соңында активке меншік құқығы жалға алушыға беріледі;

2) жалға алушының жалға алынатын активті осы құқық пайдаланылуы мүмкін күнге әділ құннан, күтіліп отырғандай, едәуір төмен болатын баға бойынша сатып алуға құқығы бар және жалға алудың бастапқы күні осы құқықтың пайдаланылатынына негізді сенімділік болады;

3) егер меншік құқығы берілмейтін болса да, жалға алу мерзімі активтің экономикалық қызметі мерзімінің едәуір бөлігін құрайды;

4) жалға алудың бастапқы күні ең төмен жалға алу төлемдерінің төменде келтірілген құны жалға алынатын активтің әділ құнына жақын;

5) жалға алынатын активтердің мамандандырылған сипаты болатыны сондай, жалға алушы ғана оларды елеулі түрде түрлендірусіз пайдалана алады.

360. Төменде олардың бар болуы жеке алғанда немесе бірге алғанда да жалға алудың қаржылық ретінде жіктелетіндігіне алып келетін белгілер келтірілген:

1) жалға алушы жалға алуды мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде жалға берушінің осындай мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты барлық залалды жалға алушы көтереді;

2) активтің тарату құнының ауытқуынан болатын өзге де кірістерді немесе залалды жалға алу мерзімінің соңында жалға алушы алады (мысалы, жалға алу мерзімінің соңындағы сатудан түскен түсімдердің басым бөлігіне тең жалдау ақысынан жеңілдік нысанында);

3) жалға алушы жалға алу мерзімін ұзарта алады, оның үстіне жалдау ақысы нарықтықтан едәуір төмен.

361. Осы Стандарттың 359 және 360-тармақтарында санамаланған мысалдар мен белгілер толымды болып табылады. Егер қандай да бір басқа белгілері

бойынша жалға алу шеңберінде іс жүзінде меншік құқығына тән барлық тәуекелдер мен пайданы беру жүргізілмей отырғаны түсінікті болса, онда жалға алу операциялық ретінде жіктеледі. Мысалы, егер активке меншік құқығы оның әділ құнына тең тіркелген ақы үшін жалға алу мерзімінің соңында көшірілетін болса, немесе егер іс жүзінде активке иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың жалға алушыға өтуін мүмкін емес ететін шартты жалдау ақысы бар болса, осындай ахуал туындауы мүмкін.

362. Жалға алуды жіктеу жалға алудың бастапқы күні жүргізіледі және жалға алушы мен жалға беруші жалдау шартын өзгертуге келісетін жағдайлардан басқа (оны қарапайым ұзартуды қоспағанда), жалға алу мерзімі ішінде өзгертілмейді; мұндай жағдайда жалға алуды жіктеу қайта қарауға ұшырауға тиіс.

§ 153. Қаржылық жалға алу - жалға алушылардың қаржылық есептері

363. Жалға алудың әрекет етуінің басында жалға алушылар қаржылық жалға алу бойынша туындайтын құқықтар мен міндеттерді жалға алудың бастапқы күніне айқындалатын жалға алынатын мүліктің әділ құнына тең сомада баланста активтер мен міндеттемелер ретінде тануға тиіс. Жалға алушының кез келген бастапқы тікелей шығындары (тікелей жалға алу шартын талқылау және жасасу үдерісіне жататын қосымша шығындар) актив ретінде танылған сомаға қосылады.

364. Жалға алушы ең төмен жалға алу төлемдерін қаржылық шығыстарға және жинақталған міндеттемені азайту сомасына бөлуді жүргізуге тиіс. Қаржылық шығыстарды жалға алушы міндеттеменің қалдығына пайыз ставкасы кезеңнен кезеңге өзгеріссіз болатындай түрде жалға алудың әрбір кезеңіне жатқызуға тиіс. Жалға алушы шартты жалға алу төлемдерін олардың туындау кезеңдеріндегі шығыстарға жатқызуға тиіс.

365. Жалға алу мерзімі ішінде қаржылық есептерді кезеңдерге жатқызу үшін жалға алушы есептеулерді оңайлату үшін жақындатудың сол немесе өзге нысанын пайдалана алады.

366. Жалға алушы қаржылық жалға алу шарты бойынша ұсталатын активті осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес амортизациялауға тиіс. Егер жалға алу мерзімінің соңына қарай жалға алушы меншік құқығын алады деген негізгі сенімділік жоқ болса, онда актив мынадай ең аз мерзімнің: жалға алу мерзімі және пайдалы түрде қолдану мерзімі ішінде толығымен амортизациялануға тиіс.

367. Жалға алушылар қаржылық жалға алу бойынша мынадай ақпаратты а ш у ғ а т и і с :

1) есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша активтердің әрбір түрі бойынша таза баланстық құнды;

2) әрбір болашақ есепті кезеңнің соңында болашақ ең төмен жалға алу төлемдерінің жалпы сомасын;

3) шығыс ретінде танылған шартты жалға алу төлемдерін;

4) қосалқы жалға алу бойынша болашақ ең аз төлемдердің жалпы сомасын, олар, күтіліп отырғандай, мерзімінен тоқтату құқығынсыз қосалқы жалға алу шарты бойынша есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша алынады;

5) мынадай ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жалға алушымен жасалған жалға алу шарттарының жалпы сипаттамасын:

төлеуге жататын шартты жалдау ақысының мөлшерін анықтау үшін пайдаланылатын негізді;

жалға алу немесе актив сатып алу шартының және сырғымалы баға туралы ескертпелердің бар-жоғын және оны жаңарту мүмкіндіктерінің шарттарын;

дивидендтерге, қосымша қарыздарға және одан әрі жалға алуға қатысты жалға алу шарттарында белгіленген шектеулерді;

§ 154. Қаржылық жалға алу - жалға берушілердің қаржылық есептері

368. Қаржылық жалға алу жөніндегі жалға беруші бухгалтерлік есепті жүргізуді қаржылық есептілік жасауды ХҚЕС (IAS) 17 "Жалға алу" сәйкес жүзеге асырады.

§ 155. Операциялық жалға алу - жалға берушілердің қаржылық есептері

369. Жалға алушы өзге жүйелі негіз пайдаланушының пайда алуының уақытша кестесін үздік ұсынуды қамтамасыз ететін жағдайларды қоспағанда, төлемдер өзге негізде жүргізілетін болса да, жалға алу төлемдерін (сақтандыру және қызмет көрсету сияқты қызметтерге жұмсалатын шығындарды қоспағанда) тікелей желілік негізде шығыстар ретінде тануға тиіс.

370. Жалға алушылар операциялық жалға алу бойынша мынадай ақпаратты ашады:

1) әрбір болашақ кезең үшін мерзімінен бұрын тоқтату құқығынсыз операциялық жалға алу шарттары бойынша болашақ ең төмен жалға алу төлемдерінің жалпы сомасын;

2) қосалқы жалға алу бойынша болашақ ең аз төлемдердің жалпы сомасын, олар, күтіліп отырғандай, мерзімінен тоқтату құқығынсыз қосалқы жалға алу шарты бойынша есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша алынады;

3) ең төмен және шартты жалға алу төлемдерінің және қосалқы жалға алу жөніндегі төлемдердің сомасын жеке ұсына отырып, шығыстар ретінде танылған жалға алу және қосалқы жалға алу төлемдерін;

4) мынадай ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жалға

алушымен жасалған едәуір жалға алу шарттарының жалпы сипаттамасын:
төлеуге жататын шартты жалдау ақысының мөлшерін анықтау үшін
п а й д а л а н ы л а т ы н н е г і з д і ;

жалға алу немесе актив сатып алу шартының және сырғымалы баға туралы
ескертпелердің бар-жоғын және оны жанарту мүмкіндіктерінің шарттарын;
дивидендтерге, қосымша қарыздарға және одан әрі жалға алуға қатысты
жалға алу шарттарында белгіленген шектеулерді.

§ 156. Операциялық жалға алу - жалға берушілердің қаржылық есептері

371. Жалға беруші осындай активтердің сипатына сәйкес операциялық жалға
алуға берілген активтерді баланста ұсынады.

372. Жалға беруші операциялық жалға алудан түсетін жалдау кірісін өзге
жүйелік негіз жалға берілген активтен пайданың түсуін азайтудың уақытша
кестесін үздік ұсынуды қамтамасыз ететін жағдайды қоспағанда, жалға алу
мерзімінің ішінде тікелей желілік негізде пайданың немесе залалдың құрамында
таниды.

373. Жалға беруші шығындарды, оның ішінде жалдаудан кіріс алу кезінде
шығыстар ретінде шеккен амортизацияны тануға тиіс. Жалға беруші жалдаудан
түсетін кірісті (сақтандыру және қызмет көрсету сияқты қызметтерді көрсеткені
үшін түсімдерді қоспағанда), егер төлемдер басқа негізде түсетін болса да, өзге
жүйелік негіз жалға берілген активтен пайда алуды азайтудың уақытша кестесін
үздік ұсынуды қамтамасыз ететін жағдайды қоспағанда, жалға алу мерзімі ішінде
тікелей желілік негізде таниды.

374. Операциялық жалға алу жөнінде келіссөздер жүргізу және шарттар
жасасу кезінде шеккен барлық бастапқы тікелей шығындарды жалға беруші
жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдаудан түсетін
кіріс сияқты дәл сол негізде жалға алу мерзімі ішінде шығыс ретінде танылады.

375. Жалға берілген, амортизацияланатын активтер бойынша
амортизациялауды есептеу саясаты ұқсас активтер үшін жалға берушінің
қалыпты амортизациялау саясатына сәйкес келуге тиіс, ал амортизация осы
Стандарттың 16-бөліміне сәйкес есептеледі.

376. Жалға алынатын активтің құнсыздануы болған не болмағанын анықтау
үшін жалға беруші осы Стандарттың 26-бөлімін қолданады.

377. Жалға беруші ретінде әрекет ететін өндірушілер немесе дилерлер
операциялық жалға алу шартын жасасу кезінде сатудан түсетін пайданы
танымайды, өйткені ол сатуға баламалы емес.

378. Жалға берушілер операциялық жалға алу жөніндегі мынадай ақпаратты
а ш а д ы :

1) жиынтығында, сондай-ақ әрбір болашақ кезең үшін жеке алғанда, мерзімінен бұрын тоқтату құқығынсыз операциялық жалға алу шарттары бойынша болашақ ең төмен жалға алу төлемдерін;

2) кіріс ретінде танылған шарты жалға алу төлемдерінің жалпы сомасын;
ж ә н е

3) жалға алушымен жасалған жалға алу шарттарының жалпы сипаттамасын.

§ 157. Кері жалға алумен сату операциялары

379. Кері жалға алумен сату операциясы активті кейіннен кері жалға ала отырып, сатуды білдіреді. Жалға алу төлемдері мен сату бағасы әдетте өзара байланысты, өйткені олар кешенді түрде талқыланады. Кері жалға алумен сату операцияларын есепке алу тәртібі жалға алу типіне байланысты.

§ 158. Қаржылық жалға алуға әкелетін кері жалға алумен сату операциясы

380. Егер кері жалға берумен сату операциясы қаржылық жалға алуға алып келсе, онда сатудан түсетін кірістің баланстық құннан асып түсуін жалға алушы-сатушы тез арада кіріс ретінде танылады. Оның орнына жалға алушы-сатушы осындай асып түсуді кейінге қалдыруға және оны жалға алу мерзімі ішінде амортизациялауға тиіс.

§ 159. Операциялық жалға алуға әкелетін кері жалға алумен сату операциясы

381. Егер кері жалға берумен сату операциясы операциялық жалға алуға алып келсе және операцияның әділ құн бойынша жүзеге асырылғаны анық болса, онда кез келген туындаған пайданы немесе залалды жалға алушы-сатушы тез арада танылады. Залал болашақ жалға алу төлемдері нарықтық бағадан төмен баға бойынша өтелетін жағдайды қоспағанда, егер сату бағасы әділ құннан төмен болса, онда кез келген туындайтын пайданы немесе залалды жалға алушы-сатушы тез арада тануға тиіс. Осындай жағдайда жалға алушы-сатушы осындай залалды кейінге қалдыруға және оны активті пайдаланудың болжанатын кезеңі ішінде жалға алу төлемдерінің мөлшеріне теңбе-тең амортизациялауға тиіс. Егер сату бағасы әділ құннан жоғары болса, онда жалға алушы-сатушы әділ құннан асып түсуді кейінге қалдыруға және оны активті пайдаланудың болжанатын кезеңі ішінде амортизациялауға тиіс.

§ 160. Ақпаратты ашу

382. Жалға алушылар мен жалға берушілердің ақпаратты ашуына және кері жалға алумен сату операцияларына қойылатын талаптар тең дәрежеде қолданылады. Жалға алудың елеулі шарттарын талап етілетін сипаттама шарттың ерекше немесе өзгеше ережелерін немесе кері жалға алумен сату шарттарын ашуды қамтиды.

20. Бағалау міндеттемелері мен шартты міндеттемелер \$ 161. Қолдану

383. Бағалау міндеттемесі көлемі бойынша белгісіз не белгіленбеген орындалу мерзімі бар міндеттемені білдіреді.

384. Осы бөлімде айтылған талаптар осы Стандарттың басқа бөлімдерінде қаралатын бағалау резервтеріне қолданылмайды, мынаны қамтиды:

- 1) жалға алуды;
- 2) құрылысқа арналған шарттарды;
- 3) жұмыскерлерге сыйақы беру жөніндегі міндеттемелер; және
- 4) пайдаға салынатын салық.

385. Кейде "бағалау міндеттемелері" термині амортизация, активтердің құнсыздануы және күмәнді борыштар сияқты баптар контекстінде пайдаланылады. Мұндай баптар міндеттемелерді тану емес активтердің баланстық құнын түзету болып табылады, сондықтан да осы бөлімде қаралмайды.

\$ 162. Бастапқы тану

386. Субъект бағалау міндеттемелерін:

- 1) субъектіде өткен оқиғаның нәтижесінде әрекет ететін міндеттеме болғанда; ж ә н е
- 2) міндеттемені жабу үшін экономикалық пайданы беру талап етілуі мүмкін б о л с а ; ж ә н е
- 3) міндеттеме сомасы сенімді түрде бағалануы мүмкін болғанда ғана тануға тиіс.

387. Сирек жағдайда әрекет ететін міндеттеменің бар-жоғы түсініксіз болады. Мұндай жағдайда, егер есепті күні барлық бар куәліктерді ескере отырып, әрекет ететін міндеттеме бар болса, өткен оқиға әрекет ететін міндеттеменің туындауына алып келуші болып саналады.

388. Субъект бағалау міндеттемесін баланстағы міндеттеме ретінде тануға, е г е р :

- 1) ол қорлардың өзіндік құнына енгізілетін шығындардың бір бөлігі болып т а б ы л м а с а , н е м е с е

2) негізгі құралдардың өзіндік құнында танылмаса, сондай-ақ шығысты пайданың немесе залалдың құрамында бағалау міндеттемесінің мөлшеріне тең сомаға тануға тиіс.

389. Осы Стандарттың 386-тармағының 1) тармақшасындағы шарт субъектіде міндеттемені жабудан басқа нақты баламаның жоқ екендігін білдіреді. Мұндай міндеттеме міндеттемені жабу заңнамаға сәйкес талап етілуі мүмкін жағдайда немесе субъектіде басқа тараптарда субъект өзінің міндеттемелерін орындайтынына негізді күтулерді құраған оқиғаның нәтижесінде туындаған практикадан туындайтын міндеттеме болған жағдайда туындауы мүмкін. Субъектіде болашақ іс-қимылдардың (яғни болашақ экономикалық қызметтің) нәтижесінде туындайтын міндеттемелер олардың туындауы қаншалықты ықтимал екендігіне қарамастан, және егер олар тіпті шарттық міндеттемелер болып табылған жағдайда да осы Стандарттың 386-тармағының 1) тармақшасындағы шартты қанағаттандырмайды. Мысалы, нарық конъюнктурасының қысымымен немесе заңнамалық талаптарға байланысты субъект болашақ белгілі бір тәртіппен қызмет жүргізу (мысалы, белгілі бір типті зауытта түтін сүзгілерін орнату) үшін шығындар көтеруді ниет етуі немесе оған талап етілуі мүмкін. Субъект өзінің болашақ іс-қимылдарымен болашақ шығындардың алдын ала алатындықтан, мысалы, операцияны жүргізу әдісін өзгерте отырып, оның осы болашақ шығындар бойынша әрекет ететін міндеттемесі болмайды әрі ешқандай бағалау резервтері танылмайды.

§ 163. Бастапқы өлшеу

390. Субъект есепті күнге міндеттемені жабу үшін қажетті соманы ең үздік есептік бағалау негізінде бағалау міндеттемелерін өлшейді.

1) Өлшенетін бағалау міндеттемелері баптардың ірі жиынтығын қамтитын жерде есептік бағалау тиісті ықтималдықтарды ескере отырып, ықтимал нәтижелердің барлық салмақтап көру жолымен жүргізіледі.

2) Бағалау міндеттемесі жалғыз міндеттеме бойынша туындағанда, жеке, неғұрлым ықтимал нәтиже міндеттеменің ең үздік есептік бағалауы болуы мүмкін. Алайда осындай жағдайдың өзінде субъект басқа да ықтимал нәтижелерді қарастырады. Басқа ықтимал нәтижелер негізінен неғұрлым ықтимал нәтижеден жоғары немесе төмен болса, онда ең үздік есептік бағалау неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен шамада болады.

Ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болған кезде бағалау міндеттемелерінің сомасы соманың келтірілген құнын білдіруге тиіс, ол, күтіліп отырғандай, міндеттемені жабу үшін талап етіледі. Дисконттау ставкасы (немесе ставкалары) ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын

көрсететін салыққа дейінгі ставка (немесе ставкалар) болуға тиіс. Міндеттеменің өзіне тән тәуекелдер дисконттау ставкасында не міндеттемені жабу үшін қажетті сомада, бірақ осы көрсеткіштің екеуінде де емес, көрсетілуге тиіс.

391. Бағалау міндеттемелерін жабу үшін қажетті шығындардың бір бөлігін немесе барлығын басқа тарап өтейді деп күтілетін кезде (мысалы, сақтандыру талабы бойынша) міндеттемені жапқан субъектінің өтемақы алуы шартымен субъект өтемді жеке актив ретінде таниды. Алуға жататын өтемақы баланста актив ретінде ұсынылуға тиіс және әрекет ететін бағалау міндеттемесінің орнына қарсы есептелмейді. Пайда мен залал туралы есептерде субъект тиісті бағалау міндеттемесіне жататын шығыстардың орнына басқа тараптан алынған өтемді есептей алады. Субъект бағалау резервтерін өлшеу кезінде активтердің күтілетін істен шығуынан түсетін басқа да кірістерді алып тастауға тиіс.

§ 164. Кейіннен өлшеу

392. Субъект шығындардың тек олар бастапқыда танылған бағалау міндеттемелерінің орнына ғана есептен шығарады.

393. Субъект әрбір есепті күнге бағалау міндеттемелерін қайта қарауға және қаралып отырған есепті күнгі жағдай бойынша ағымдағы міндеттемені жабу үшін қажетті соманың ең үздік есептік бағалауын көрсету үшін оларды түзетуді жүргізген жөн. Бұрын танылған соманы кез келген түзету бағалау міндеттемелері бастапқы қорлардың немесе негізгі құралдардың өзіндік құнына енгізілетін шығындардың бір бөлігі ретінде танылған жағдайларды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында танылуға тиіс. Егер бағалау міндеттемелері ол, күтіліп отырғандай, міндеттемені жабу үшін талап етілетін келтірілген соманың құны негізінде өлшенетін болса, онда дисконттауды реверсиялау қарыздар бойынша шығындар ретінде көрсетілуге тиіс.

§ 165. Шартты міндеттемелер

394. Субъект бизнесті біріктіру кезінде алатын шартты міндеттемелерді тану жағдайларынан басқа, субъект шартты міндеттемені міндеттеме ретінде тануға тиіс емес.

§ 166. Шартты активтер

395. Шартты активтер қаржылық есептілікте танылмайды, өйткені бұл ешқашан алынбаған кірісті тануға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер кірістің алынғаны расында анық болса, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оны тану орынды. Шартты активтер қаржылық есептіліктегі оқиғаларда тиісті

өзгерістерді қамтамасыз ету үшін тікелей бағаланады. Егер экономикалық пайданың түсуі туындайтыны расында анық болса, онда актив пен тиісті кіріс қаржылық есептілікте өзгеріс болған кезең үшін танылады.

§ 167. Бағалау міндеттемелері жөніндегі ақпаратты ашу

396. Бағалау міндеттемелерінің әрбір сыныбы үшін субъект мынаны ашады:

- 1) кезеңнің басы мен соңындағы баланстық құнды;
 - 2) әрекет ететін бағалау міндеттемелерін ұлғайтуды қоса алғанда, кезең үшін құралған қосымша бағалау міндеттемелерін;
 - 3) кезең ішінде соманың пайдаланылуын (яғни бағалау міндеттемелерінің орнына шеккен немесе есептен шығарылған);
 - 4) кезең ішінде реверсияланған пайдаланылмаған соманы;
 - 5) уақыт өткеннен кейін туындайтын кезең ішінде дисконтталған соманың ұлғаюын және дисконттау ставкасының кез келген өзгерісінің әсерін;
 - 6) міндеттеменің сипатын қысқаша сипаттауды және осы міндеттеме бойынша туындайтын экономикалық пайда істен шығатын күтілетін уақытты;
 - 7) осындай істен шығу сомасына немесе уақытына жататын белгісіздіктерді көрсету ;
 - 8) осы күтілетін өтемге қатысты танылған кез келген активтің сомасын көрсете отырып, кез келген күтілетін өтемнің сомасын.
- Салыстырмалы ақпарат талап етілмейді.

§ 168. Шартты міндеттемелер жөніндегі ақпаратты ашу

397. Жабу нәтижесінде ресурстардың қандай да бір істен шығу мүмкіндігі алыс болып табылатын жағдайдан басқа, есепті күнге шартты міндеттемелердің әрбір сыныбы үшін субъект шартты міндеттеменің сипатын қысқаша сипаттауды , ал бұл іс жүзінде мүмкін емес болғанда:

- 1) осы Стандарттың 390-393-тармақтарына сәйкес жүргізілетін оның қаржылық әсер етуінің есебін;
- 2) істен шығу сомасына немесе уақытына жататын белгісіздіктерді көрсету;
- 3) кез келген өтеудің мүмкіндігін ашуға тиіс.

Егер санамаланған ашудың біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асыру іс жүзінде мүмкін емес болса, бұл факт ашуға жатады.

§ 169. Шартты активтер жөніндегі ақпаратты ашу

398. Егер экономикалық пайдаланудың түсімі ықтимал болып табылса (мүмкін еместен мүмкіндігі зор), бірақ іс жүзінде күмәнсіз болып табылмаса,

субъект есепті кезеңнің соңына шартты активтердің сипаты қысқаша сипаттауды, осыны іс жүзінде жүзеге асыруға болатын жерде осы Стандарттың 390-393-тармақтарында айтылған қағидаттарға сәйкес жүргізілетін олардың қаржылық әсерін ұсынады. Егер санамаланған ашудың біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асыру іс жүзінде мүмкін емес болса, бұл факт ашуға жатады.

21. Капитал § 170. Капитал

399. Капитал субъектілердің меншік иелерінің салымдарынан плюс табысы бар қызмет есебінен алынатын және операциялық қызметтің барысында пайдалану үшін қалған минус шығынды қызметтің нәтижесінде меншік иелерінің салымдарын қысқартудан және меншік иелерінің төлемдерінен тұрады. Осы бөлімде үлестік құралдарға инвесторлар ретінде әрекет ететін жеке адамдар мен өзге тұлғалар үшін шығарылатын үлестік құралдарды есепке алу қаралады. Осы Стандарттың 25-бөліміне сәйкес субъект қызметкерлерден және тауарларды беруші және қызметтерді көрсетуші ретінде әрекет ететін басқа да берушілерден алынатын үлестік құралдары (акциялар немесе акцияларға опциондар) үшін өтем ретінде тауарларды немесе қызметтерді алатын операцияларды есепке алуды қарастырады.

§ 171. Акцияларды және өзге де үлестік құралдарды бастапқы шығару

400. Субъект капитал ретінде акцияларды немесе өзге де үлестік құралдарды ол осы құралдарды шығаратын кезде ғана тануға тиіс, ал басқа тарап олардың орнына ақшалай қаражат немесе өзге ресурстар беруге міндетті.

1) Егер құралдар ақшалай қаражат немесе өзге ресурстар ұсынылатын кезге дейін шығарылатын болса, субъект актив ретінде емес, баланстағы капитал орнына есептей отырып алу үшін соманы ұсынуға тиіс.

2) Егер ақшалай қаражат немесе өзге де ресурстар құралдарды шығарғанға дейін алынған болса әрі субъектіден алынған ақшалай қаражатты және өзге ресурстарды қайтаруды талап етуге болмайтын болса, онда субъект алынған ресурстардың сомасына тең мөлшерде капиталды тиісінше ұлғайтуды тануы к е р е к .

3) Субъект құралдарға жазылу жүзеге асырылған, бірақ олар үшін ақшалай қаражат немесе өзге ресурстар түрінде ақы алынған соманың бөлігін капиталды ұлғайту ретінде тануға тиіс емес.

401. Субъект үлестік құралдарды шығаруға арналған тікелей шығыстарды шегере отырып, алынған не алынуға жататын ақшалай қаражаттың немесе өзге ресурстардың әділ құны бойынша өлшеуге тиіс. Егер ақы төлеу кейінге

қалдырылып жүргізілетін болса және уақытша құнның әсері елеулі болса, онда бастапқы өлшеу келтірілген құнның негізінде жүргізілуге тиіс.

402. Акцияларды немесе басқа да үлестік құралдарды шығару кезінде капиталды ұлғайту көрсетілетін тәртіп заңнамаға сәйкес айқындалады. Мысалы, акциялардың атаулы құнын (немесе өзге атаулы көрсеткішті) және атаулы құннан тыс төленген соманы бөлектеп ұсыну талап етілуі мүмкін.

§ 172. Опциондарды, варранттарды және өзге де құқықтарды сату

403. Субъект осы Стандарттың 400 және 401-тармақтарында айтылған қағидаттарды опциондарды, құқықтарды, варранттарды және басқа ұқсас үлестік құралдарды сату арқылы шығарылатын капиталға қолдануға тиіс.

§ 173. Акцияларды капиталға айналдыру немесе сыйлық акцияларды шығару және акцияларды бөлшектеу

404. Сыйлық акцияларды (кейде акциялар түрінде төленетін дивидендтер деп аталатындарды) капиталға айналдыру немесе шығару - бұл акционерлер үшін олардың ағымдағы үлестері бойынша жаңа акциялар шығару. Мысалы, ұйым акционерлер иелік етіп отырған әрбір акция үшін сыйлық акция бере алады. Акцияларды бөлшектеу - ұйымның қолда бар акцияларын (бір акцияны бірнеше акцияларға) бөлу. Мысалы, 2-уін 1-ге бөлшектеу кезінде акционерлер өздері иелік ететін әрбір акция үшін бір қосымша акция алады. Кейбір жағдайларда айналымдағы акциялардың күші жойылып, жаңаларымен ауыстырылады. Сыйлық акцияларды капиталға айналдыру немесе шығару және акцияларды бөлшектеу капиталдың сомасын өзгертпейді. Субъект Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес капиталдың құрамында соманы қайта жіктеуді жүргізуге тиіс.

§ 174. Аралас қаржы құралдарын шығару

405. Айырбасталатын үлестік құралды немесе міндеттеменің компонентін де, капиталдың компонентін де қамтитын ұқсас аралас қаржы құралын шығару кезінде субъект міндеттеме мен капитал компоненттері арасындағы түсімдердің сомасын бөлуге тиіс. Осындай бөлуді жүргізу үшін субъект ұқсас міндеттеменің әділ құны негізінде міндеттеме компонентінің шамасын онымен байланысы жоқ капитал компонентін айқындайды. Қалған сома капитал компонентіне жатқызылады.

406. Субъект кейінгі кезеңдерде бөлуді қайта қарамауға тиіс.

407. Құралдарды шығарудан кейінгі кезеңдерде субъект міндеттеме компоненті мен өтеу сомасы басталған кезде төленуге жататын негізгі сома арасындағы кез келген айырманы пайыздың тиімді ставкасы әдісін пайдалана отырып, қосымша пайыздық кіріс ретінде жүйелі түрде таниды.

§ 175. Акциялардан сатып алынған меншікті акциялар

408. Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар ұйым қайтадан сатып алған үлестік құралдарды білдіреді. Ұйым акционерлерден сатып алынған меншікті акциялары үшін төленген өтемнің әділ құнын капиталдан шегереді. Ұйым пайда мен залал құрамында акцияларды сату, шығару немесе акционерлерден сатып алынған меншікті акциялардың күшін жою кезінде туындайтын кірістерді немесе залалдарды тануға тиіс емес.

§ 176. Азшылық үлесі және шоғырландырылған еншілес ұйымның акцияларымен жасалатын операциялар

409. Шоғырландырылған қаржылық есептерде еншілес ұйымның таза активтеріндегі азшылық үлесі (яғни бақылауды білдірмейтін қатысу) капиталда ескеріледі. Ұйым басты ұйымның еншілес ұйымға қатысу үлесінің капиталдың иелері ретінде әрекет ететін капиталдың иелерімен жасалатын операциялар сияқты бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын кез келген өзгертуін ескереді. Ұйым осы өзгерістерден болатын кірісті немесе залалды шоғырландырылған пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс емес. Ұйым сондай-ақ осындай операциялардың нәтижесінде активтердің баланстық құнының (гудвилді қоса алғанда) немесе міндеттемелердің өзгерістерін танымайды.

§ 177. Ақпаратты ашу

410. Акционерлік капиталы бар ұйым кезеңнің басы мен соңында айналымда болған акциялардың санын (немесе өзге сандық көрсеткішін) баланстың өзінде немесе ескертпелерде акционерлік капиталдың әрбір сыныбы бойынша мұқият тексеруін ұсынуын талап етеді. Осындай мұқият тексеруді жүргізу кезінде ұйым айналымда болған акциялар санының едәуір өзгеруі ненің нәтижесінде болғанын: жаңа акциялар шығарудан, опциондарды, варранттарды және өзге де құқықтарды орындаудан, айырбасталатын бағалы қағаздарды айырбастау, акционерлерден сатып алынған меншікті акциялармен жасалатын операциялардан, бизнес бірлестіктерінен, сыйлық акцияларын (акциялар нысанында шығарылатын дивидендтерді) шығарудан және акцияларды бөлшектеуден болды ма, соны жеке көрсетуге тиіс.

22. Кіріс \$ 178. Қолдану

411. Осы бөлім мынадай операциялар мен оқиғалардың:

- 1) өнімдерді (сату мақсатында субъектінің өзі шығарған, қайта сату үшін с а т ы п а л ы н ғ а н) с а т у ;
- 2) қызметтер көрсету; және
- 3) қаржыландырудан түсетін кіріс;
- 4) өзге де кірістер нәтижесінде алынатын кірісті есепке алу кезінде қ о л д а н ы л а д ы .

412. Өзге операциялар мен оқиғалардың нәтижесінде алынатын түсім осы Стандарттың басқа бөлімдерінде қаралады.

\$ 179. Кірістің өзгеруі

413. Субъект алынған немесе алынуға жататын өтемнің әділ құны бойынша кірісті өлшеуге тиіс. Алынған немесе алынуға жататын өтемнің әділ құны субъект ұсынатын кез келген сауда және жаппай жеңілдіктердің сомасын шегере о т ы р ы п а л ы н у ғ а т и і с .

414. Субъект кіріске субъектінің өзінің атынан алынған немесе алынуға жататын экономикалық пайданың жалпы түсімдерін ғана кіріске енгізеді. Кірістен үшінші тараптардың пайдасына алынған сатудан алынған сатуға салынатын акциздер, қосылған құн салығы сияқты барлық сомалар алып тасталады. Агенттік келісімдер бойынша жұмыс кезінде субъект кіріске комиссиялық сыйақылар сомасын ғана кіріске қосуға тиіс. Принципалдың атынан алынған сома субъектінің түсімі болып табылмайды.

\$ 180. Кейінге қалдырылған ақы

415. Ақшалай қаражаттың немесе олардың баламасының түсуі кейінге қалдырылған кезде шарт іс жүзінде қаржылық операцияны білдіреді, ал өтемнің әділ сомасы пайыздың ауыстырылған ставкасын пайдалана отырып, барлық болашақ түсімдерді дисконттау жолымен айқындалады, Мысалы, субъектінің сатып алушыға пайызсыз кредит беруі немесе сатылған тауарлар үшін өтем ретінде нарықтық бағадан төмен пайыздық ставкамен сатып алушыдан вексель алуы қаржыландыру жөніндегі операция болып табылады. Пайыздың а у ы с т ы р ы л ғ а н с т а в к а с ы :

1) ұқсас төлем қабілеттілігі рейтингімен эмитенттің қаржы құралы үшін б а с ы м с т а в к а н ы ң ;

2) қолданылуы қаржы құралының атаулы құнын дисконттау үшін кейінге қалдырмастан, оларға ақы төлеу кезінде тауарлардың немесе қызметтердің

ағымдағы сату бағасын алуға мүмкіндік беретін пайыздық ставканың неғұрлым анық айқындалатын шамасы ретінде айқындалады.

Субъект осы Стандарттың 425 және 426-тармақтарына, сондай-ақ осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес пайыздық кіріс ретінде барлық болашақ түсімдердің әділ құны мен өтемнің атаулы сомасы арасындағы айырманы тануға тиіс.

§ 181. Тауарлармен немесе қызметтермен алмасу

416. Субъект тауарлар немесе қызметтер сипаты мен құны бойынша ұқсас тауарларға немесе қызметтерге ауыстырылатын кезде түсімді тануға тиіс емес. Алайда субъект ұқсас емес тауарларға немесе қызметтерге тауарлар сатылатын немесе қызметтер көрсетілетін кездегі кірісті таниды. Осындай жағдайда субъект :

- 1) алмасу операциясының коммерциялық мазмұны болмаса, немесе
- 2) алынған активтің де, берілген активтің де әділ құны сенімді түрде өлшенетін алмайтын жағдайларды қоспағанда, осындай операцияларды әділ құн бойынша өлшеуге тиіс. Егер операция әділ құн бойынша өлшене алмайтын болса, онда оны берілген активтің баланстық құны бойынша өлшеу керек.

§ 182. Кірісті тану өлшемдері

417. Субъект әдетте осы бөлімде ұсынылған кірісті тану өлшемдерін әрбір операцияға бөлек қолданады. Алайда субъект операцияның мазмұнын көрсету қажет болған кезде оның жеке анықталатын компоненттеріне тану өлшемдерін қолдануға тиіс. Мысалы, субъект тауардың сату бағасы кейіннен қызмет көрсетуге сәйкестендірілетін соманы қамтитын кезде операцияның жеке анықталатын компоненттеріне тану өлшемдерін қолданады. Керісінше, субъект коммерциялық әсері осындай операциялардың жиынтығына сілтеме болмаған кезде түсінікті болмайтындай түрде осы операциялар байланысты болатын кезде тану өлшемдерін бір уақытта екі немесе одан көп операцияларға қолданады. Субъект, мысалы, ол тауарлар сататын кезде және сонымен бірге болашақта бұрын сатылған тауарларды кері сатып алуға жеке шарт жасасатын бір уақытта екі немесе одан көп операцияларға қолданады, бұл осы операцияның әсерінің елеулі түрде күшін жояды.

§ 183. Тауарлар сату

418. Субъект төменде санамаланған барлық шарттар қанағаттандырылған кезде тауарларды сатудан түсетін түсімді таниды:

- 1) субъект тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайдаларды сатып алушыға бергенде;
- 2) субъект меншік құқығымен әдетте сәйкес келетін дәрежеде басқаруға енді қатыспайтын болса және сатылған тауарларға бақылауды сақтамағанда;
- 3) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенуі мүмкін болғанда;
- 4) операцияға байланысты экономикалық пайданы субъектінің алу ықтималдығы болғанда; және
- 5) операцияға байланысты шеккен немесе күтілетін шығындар сенімді түрде өлшенуі мүмкін болғанда.

419. Субъект меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы қай сәтте сатып алуға бергенін анықтау үшін операцияның шарттарын зерделеу қажет. Көп жағдайда меншік құқығын беруге байланысты тәуекелдер мен пайданы беру заңдық меншік құқықтарын берумен немесе иелік ету құқығының сатып алушыға өтуімен сәйкес келеді. Бұл бөлшек сауданың көпшілігінде болады. Қалған жағдайда меншік құқығын беруге байланысты тәуекелдер мен пайданы беру заңдық меншік құқықтарын беру немесе иелік ету құқығының сатып алушыға өтуі мерзімінен өзге мерзімде жүргізіледі.

420. Егер субъект меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдерді сақтамайтын болса, ол кірісті танымайды. Субъектіде меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда сақталуы мүмкін ахуалдарға мысал:

- 1) субъектіде кепілдіктің стандартты шарттарының шеңберінен шығатын қанағаттанғысыз пайдалану сапасына жауапкершілік сақталғанда;
- 2) нақты сатудан түсетін түсім алу сатып алушының тауарларды сатуына байланысты болғанда;
- 3) тиеп түсірілген тауарлар орнатылуға тиіс болып, ал орнату әлі орындалмаған шарттың едәуір бөлігін құрағанда;
- 4) сатып алушының сату шартында анықталған себеп бойынша сатып алу мәмілесін бұзуға құқығы бар болып, субъект қайтару ықтималдығын анықтауға қабілетсіз болғанда.

421. Егер субъектіде меншік құқығына байланысты елеусіз тәуекел ғана сақталатын болса, онда сату операция болып табылады және субъект кірісті таниды. Мысалы, сатушы өзіне тауарларға заңдық меншік құқығын оған тиесілі соманы алуды қамтамасыз ету үшін ғана қалдырған кезде кірісті таниды. Осылайша субъект клиенттерге сатып алу қанағаттанғысыз болған кезде ақшаны қайтару ұсынылатын жағдайда түсімді таниды. Осындай жағдайда субъект осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес ықтимал қайтаруға бағалау міндеттемелерін таниды.

§ 184. Қызметтер көрсету

422. Қызметтер көрсетуді болжайтын операцияның нәтижесі сенімді түрде бағалануы мүмкін болғанда, субъект есепті кезеңнің соңында операцияның аяқталу сатысын ескере отырып, операцияға байланысты түсімді таниды (осы әдіс кейде орындалу пайызының әдісі деп аталады). Егер мынадай шарттардың барлығы орындалса, операцияның нәтижесі сенімді түрде есептелуі мүмкін:

- 1) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенетін болса;
- 2) операцияға байланысты экономикалық пайданы субъект ала алатындай ы қ т и м а л д ы қ б а р б о л с а ;
- 3) есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша операцияның аяқталу сатысы сенімді түрде бағаланатын болса; және
- 4) операцияны жүзеге асыру үшін шеккен шығындар және оны аяқтау үшін қажетті шығындар сенімді түрде өлшенетін болса.

423. Қызметтер белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іс-қимылдардың белгіленбеген көлемін жасау жолымен көрсетілген кезде кіріс қандай да бір басқа әдіс аяқталу сатысын жақсырақ көрсететініне дәлел бар жағдайларды қоспағанда, осындай уақыт ішінде тікелей желілік негізде танылады. Нақты іс-қимыл кез келген басқа іс-қимылға қарағанда анағұрлым елеулі болып шықса, онда субъектінің кірісті тануы осы іс-қимылды жүзеге асырғанға дейін кейінге қалдырылады.

424. Қызметтер көрсетуді болжайтын операцияның нәтижесі сенімді түрде бағалана алмайтын кезде субъект кірісті танылған өтелетін шығыстардың сомасы шегінде ғана тануға тиіс.

§ 185. Пайыздар, роялтилер мен дивидендтер

425. Субъект субъектінің пайыздар, роялтилер және дивидендтер әкелетін активтерін басқа тараптардың пайдалануынан туындайтын кірісті мына кезде т а н у ғ а т и і с :

- 1) операцияға байланысты экономикалық пайданы субъект ала алатындай ы қ т и м а л д ы қ б а р б о л с а ;
- 2) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенетін болса.

426. Субъект мынадай негіздерді пайдалана отырып, кірісті тануға тиіс:

- 1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес пайыздың тиімді ставкасының әдісін пайдалана отырып, пайыздар танылуға тиіс;
- 2) тиісті шарттың мазмұнына сәйкес есептеу әдісі бойынша роялтилер т а н ы л у ғ а т и і с ; және
- 3) төлемдер алуға акционерлердің құқығы белгіленген кезде дивидендтер танылуға тиіс.

§ 186. Құрылысқа арналған шарттар

427. Егер құрылысқа арналған шарттың нәтижесі шынайы есептелуі мүмкін болса, онда субъект құрылысқа арналған шартқа байланысты шарт бойынша кірісті және шығындарды тиісінше есепті күннің соңында шарт бойынша жұмыстардың аяқталу сатысының кірісі мен шығыстары ретінде таниды (бұл әдісті орындалу пайызының әдісі деп жиі атайды). Нәтижелерді сенімді түрде бағалау үшін болашақ шығындардың аяқталу сатысын және ұсынылған есептер бойынша соманың жинақталуын сенімді бағалау талап етіледі.

428. Осы бөлімнің талаптары әдетте құрылысқа арналған әрбір шартқа жеке қолданылады. Алайда белгілі бір жағдайларда осы бөлімді бірыңғай шарттың жеке анықталатын компоненттеріне немесе шарттың немесе шарттар тобының мәнін көрсету үшін шарттар тобына бірлесіп қолдану қажет.

429. Егер шарт бірқатар активтерді қамтитын болса, онда олардың әрқайсысын салу құрылысқа арналған жеке шарт ретінде ескерілуге тиіс, егер:

- 1) әрбір активтің құрылысын жеке жобалар ұсынылған болса;
- 2) әрбір актив бойынша жеке келіссөздер жүргізіліп, ал мердігер мен тапсырыс берушінің әрбір активке жататын шарттың бір бөлігін қабылдауға немесе кейінге қалдыруға мүмкіндігі болса; және
- 3) әрбір актив бойынша түсім мен шығындар анықталуы мүмкін болса.

430. Бір немесе бірнеше тапсырыс берушімен жасалды ма, жоқ па, оған қарамастан, шарттар тобы құрылысқа арналған бірыңғай шарт ретінде қаралуға тиіс, егер:

- 1) шарттар тобы бірыңғай пакет ретінде жасалса;
- 2) шарттар іс жүзінде жалпы пайда нормасы бар бірыңғай жобаның бір бөлігін білдіретіндей өзара тығыз байланысты болса; және
- 3) шарттар бір уақытта немесе үздіксіз дәйектілікпен орындалатын болса.

§ 187. Орындау пайызының әдісі

431. Субъект қызметтер көрсету жөніндегі операцияны немесе құрылысқа арналған шартты орындау шамасына қарай кіріс пен шығындардың есептік бағалауын талдауға және қажет болған кезде қайта қарауға тиіс.

432. Субъект орындалған жұмысты неғұрлым сенімді өлшеуді қамтамасыз ететін әдістің негізінде операцияның немесе шарт бойынша жұмыстардың аяқталу сатысын анықтайды. Төменде ықтимал әдістер келтірілген:

- 1) ағымдағы күнгі жағдай бойынша жұмыстарды орындау үшін шеккен шығындардың жалпы шығындардың есептік шамасына қатынасы; ағымдағы күнгі жағдай бойынша жұмыстарды орындау үшін шеккен шығындар

материалдарға немесе аванстарға жұмсалатын шығындар сияқты болашақ қызметке жататын шығындарды қамтымауға тиіс;

2) орындалған жұмыстардың инспекциясы; немесе

3) қызметтер көрсету жөніндегі операцияның қандай да бір үлесін немесе шарт бойынша жұмыстар көлемін аяқтау.

Тапсырыс берушілерден алынған кезең-кезеңді төлемдер мен аванстар орындалған жұмысты жиі көрсетпейді.

433. Субъект материалдарға немесе аванстарға жұмсалатын шығындар сияқты операцияға немесе шартқа жататын шығындарды, егер шеккен шығындар өтеледі деген ықтималдық болса ғана, актив ретінде тануға тиіс. Мұндай шығындар тапсырыс берушіден алынатын соманы білдіреді және аяқталмаған жұмыстар ретінде жіктеледі.

434. Субъект өтелу ықтималдығы нөлге тең шығындарды шығыс ретінде тез арада тануға тиіс.

435. Егер құрылысқа арналған шарттың нәтижесі шынайы есептей алмайтын болса, онда:

1) субъект кірісті өтелуі ықтимал шарт бойынша шығындардың сомасына сәйкес қана таниды; және

2) субъект шығындарды олардың туындау кезеңінде шығыс ретінде тануға тиіс.

436. Шарт бойынша жалпы шығындар құрылысқа арналған шарт бойынша жалпы кірістен асып түсетіні мүмкін болса, күтілетін залал шығыс ретінде тез арада танылады.

437. Алайда, егер шарт бойынша кіріс ретінде танылған сома жинау ықтималдығы енді жоқ болса, онда алынуы мүмкін емес сома шарт бойынша кіріс сомасын түзету емес, шығыс ретінде танылады.

\$ 188. Ақпаратты ашу

438. Субъект:

1) кірісті тану үшін қабылданған есеп саясатын, оның ішінде қызметтер көрсетуді болжайтын операцияның аяқталу сатысын анықтау үшін қабылданған әдістерді;

2) мыналардан:
тауарларды сатудан;
қызметтер көрсетуден;
пайыздардан;
роялтилерден;

дивидендтерден туындайтын кірісі қоса алғанда, кезеңнің ішінде танылған

кірістің әрбір санатының сомасын; және

3) кірістің әрбір санаты бойынша тауарлар немесе қызметтер алмасудан туындайтын кіріс сомасын ашады.

§ 189. Құрылысқа арналған шарттар бойынша кіріс туралы ақпаратты ашу

439. Субъект мыналарды ашады:

- 1) кезең үшін кіріс ретінде танылған шарт бойынша кіріс сомасын;
- 2) кезең үшін танылған шарт бойынша кірісті анықтау үшін пайдаланылатын әдістерді; және
- 3) орындалу үдерісіндегі шарттардың аяқталу сатысын анықтау үшін пайдаланылатын әдістерді.

440. Есепті күні орындау үдерісіндегі шарттар үшін субъект мыналарды ашады:

- 1) осы күнгі жағдай бойынша шеккен шығындар мен танылған пайданың (танылған залалды шегере отырып) жалпы сомасын;
- 2) алынған аванстардың сомасын; және
- 3) ұстау сомасын (яғни осындай төлемдер үшін шартта көзделген шарттар орындалмайынша, немесе кемшіліктер жойылғанға дейін төленбейтін кезең-кезеңді шоттарды).

441. Субъект:

- 1) актив ретінде - шарт бойынша жұмыс үшін тапсырыс берушілерден алынатын жалпы соманы;
- 2) міндеттеме ретінде - шарт бойынша жұмыс үшін тапсырыс берушінің төлеуіне жататын жалпы соманы ұсынады.

23. Мемлекеттік субсидиялар § 190. Тану және өлшеу - есеп саясатын таңдау

442. Осы Стандарттың шеңберінде мемлекеттік көмекті мемлекеттік органдар мен мекемелер, халықаралық және өзге де ұйымдар көрсетуі мүмкін.

443. Мемлекеттік көмектің негізді түрде бағалана алмайтын нысандары, сондай-ақ субъектінің қарапайым сауда операцияларынан айырмашылығы жоқ мемлекет қатысатын операциялар мемлекеттік субсидияға жатпайды.

444. Субъект мыналарды пайдалана отырып, мемлекеттік субсидияларға есепке алуға тиіс:

- 1) барлық мемлекеттік субсидиялар үшін осы Стандарттың 445-тармағында көзделген модельді; не
- 2) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша өлшенетін активтерге

жататын барлық мемлекеттік субсидиялар үшін осы Стандарттың 446-тармағында көзделген модельді және барлық қалған субсидиялар үшін "Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу" деген ХҚЕС (IAS) 20.

445. Субъект мемлекеттік субсидияларды былайша тануға тиіс:

1) алушының болашақта белгілі бір шарттарды орындауын көздемейтін субсидиялар кірісте субсидиялар бойынша түсімдер алынған кезде танылады;

2) алушының болашақта белгілі бір шарттарды орындауын көздемейтін субсидиялар кірісте осындай шарттар орындалған кезде танылады;

3) кірісті тану өлшемдері орындалғанға дейін алынған субсидиялар міндеттемелер ретінде танылады.

446. Субъект субсидияларды алынған немесе алынуға жататын активтердің әділ құны бойынша өлшеуге тиіс.

\$ 191. Ақпаратты ашу

447. Субъект мемлекеттік субсидияның таңдап алынған есепке алу моделіне қарамастан, мынадай ақпаратты ашады:

1) мемлекеттік субсидиялар үшін танылған есеп саясатын, оның ішінде қаржылық есептерде субсидиялар қалай ұсынылатынын түсіндіруді;

2) қаржылық есептерде танылатын мемлекеттік субсидиялардың сипаты мен с о м а с ы н ;

3) кіріс ретінде танылмаған, мемлекеттік субсидияларға жататын орындалмаған шарттарды немесе басқа да шартты баптарды; және

4) нәтижесінде субъект тікелей пайда алатын мемлекеттік көмектің басқа нысандарын.

448. Мемлекеттік көмектің мысалдары тегін техникалық немесе маркетингтік консультациялар, нөлдік немесе төмен пайызбен кепілдіктер мен қарыздар беру болуы мүмкін.

24. Қарыздар бойынша шығындар \$ 192. Анықтама

449. Қарыздар бойынша шығындар мыналарды қамтиды:

1) банктік овердрафтар және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздар б о й ы н ш а п а й ы з д ы ;

2) қарыздарға байланысты жеңілдіктерді немесе сыйлықтарды а м о р т и з а ц и я л а у д ы ;

3) несие алуды ұйымдастыруға байланысты шеккен қосымша шығындарды а м о р т и з а ц и я л а у д ы ;

4) осы Стандарттың 19-бөліміне сәйкес танылған қаржылық жалға алуға

қатысты қаржылық шығыстарды; және

5) пайыздарды төлеуге жұмсалатын шығындарды түзету ретінде қаралатын бөлікте шетелдік валютада қарыздар алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмаларды.

\$ 193. Тану

450. Субъект мыналарды пайдалана отырып, қарыздар бойынша барлық шығындарды ескеруге тиіс:

1) жұмсалатын шығындарды осы Стандарттың 451-тармағында ұсынылған шығыстарға жатқызу моделін;

2) осы Стандарттың 452-тармағында ұсынылған шығындарды капиталға айналдыру моделін.

\$ 194. Шығындарды шығыстарға жатқызу моделі

451. Субъект қарыздар бойынша барлық шығындарды шығыс ретінде олар туындаған кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

\$ 195. Шығындарды капиталға айналдыру моделі

452. Шығындарды капиталға айналдыру моделін пайдалануды шешкен субъект бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды ХҚЕС (IAS) 23 "Қарыздар бойынша шығындар" сәйкес жүзеге асырады.

\$ 196. Ақпаратты ашу

453. Субъект қарыздар бойынша шығындарға қатысты қабылданған есеп саясатын ашуға тиіс. Егер осы Стандарттың 452-тармағына сәйкес шығындарды капиталға айналдыру моделі қолданылатын болса, онда субъект ХҚЕС (IAS) 23 "Қарыздар бойынша шығындар" сәйкес ақпаратты ашады.

25. Акцияларға негізделген төлем \$ 197. Қолдану

454. Субъект мыналарды қоса алғанда, осы бөлімді акцияларға негізделген төлемдердің барлық операцияларын есепке алу кезінде қолдануға тиіс:

1) субъектінің үлестік құралдары үшін өтем ретінде субъект тауарларды немесе қызметтерді алатын, олар бойынша есептеме үлестік құралдармен жүргізілетін акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын (акцияларды немесе акцияларға опционы);

2) субъектінің акцияларының бағасына (немесе құнына) немесе басқа да

үлестік құралдарына негізделген соманы төлеу жөнінде осы тауарларды немесе қызметтерді берушілер алдында міндеттемелер қабылдау жолымен субъект тауарларды немесе қызметтерді сатып алатын, олар бойынша есептеме ақшалай қаражатпен жүргізілетін акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын; ж ә н е

3) субъект тауарларды немесе қызметтерді алатын немесе сатып алатын және оған сәйкес субъект операция жөніндегі есептемені жүзеге асыра алатын не ақшалай қаражатпен (немесе өзге активпен) не үлестік құралдар шығару жолымен келісімнің шарттары субъектіге немесе осы тауарларды немесе қызметтерді берушіге таңдау ұсынатын операцияларды.

§ 198. Тану

455. Субъект тауарларды немесе қызметтерді алу кезінде акцияларға негізделген төлем операциясының нәтижесінде алынған немесе сатып алынған тауарларды немесе қызметтерді тануға тиіс. Субъект, егер тауарлар немесе қызметтер олар бойынша есептеме үлестік құралдармен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлем операциясының нәтижесінде алынған болса, капиталдағы тиісті ұлғайтуды немесе егер тауарлар немесе қызметтер олар бойынша есептеме ақшалай қаражатпен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлем операциясының нәтижесінде сатып алынған болса, міндеттемені таниды.

456. Егер акцияларға негізделген төлем операциясының нәтижесінде алынған тауарлар немесе қызметтер активтер ретінде тану өлшемдеріне жауап бермейтін болса, онда субъект оларды шығыстар ретінде тануға тиіс.

§ 199. Есептеме үлестік құралдармен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын өлшеу

457. Субъект есептеме үлестік құралдармен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын өлшеу кезінде тиісті ақпаратты ашып, ХҚЕС (IFRS) "Акцияларға негізделген төлем" деген 2-тармақты қолданады.

§ 200. Есептеме ақшалай қаражатпен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлемдердің операциялары

458. Есептеме ақшалай қаражатпен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын есепке алу үшін субъект сатып алынған тауарларды немесе қызметтерді және міндеттеменің әділ құны бойынша туындаған міндеттемені өлшеуге тиіс. Міндеттеме өтелмейінше, субъект әділ құнның кез келгенін өзгерісін кезең үшін пайданың немесе залалдың құрамында тани

отырып, әрбір есепті күні және өтелетін күні міндеттеменің әділ құнын қайтадан өлшейді.

459. Қызметкерлермен жасалатын операциялар кезінде үлестік құралдар белгілі бір қызмет кезеңін аяқтағанға дейін қызметкерлерге берілмейді, субъект осы кезең ішінде қызметкерлер қалай қызметтер көрсететіне қарай алынған қызметтерді тануға тиіс.

§ 201. Ақшалай қаражатпен төлеу мүмкіндігі бар, акцияларға негізделген төлемдердің операциялары

460. Келісім шарттары субъект оған сәйкес операция бойынша есептемені ақшалай қаражатпен (немесе басқа да активтермен) немесе үлестік құралдар шығару жолымен жүзеге асыратын не субъектіге, не қарсы тарапқа тандау ұсынатын, акцияларға негізделген төлемдердің операциялары үшін субъект, егер субъект өзіне есептемені ақшалай қаражатпен немесе басқа да активтермен жүргізуге міндеттеме қабылдаған шамада немесе есептеме олар бойынша үлестік құралдармен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлем операциясы сияқты, егер осындай міндеттеме қабылданбаған шамада есептеме олар бойынша ақшалай қаражатпен жүргізілетін, акцияларға негізделген төлем операциясы ретінде осындай операцияны немесе осы операцияның компоненттерін есепке алуға тиіс. Ақшалай қаражатпен төлеу мүмкіндігі бар, акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын есепке алу кезінде ХҚЕС (IFRS) 2 "Акцияларға негізделген төлем" талаптары қолданылады.

§ 202. Ақпаратты ашу

461. Субъект көшу талаптары, ұсынылған опциондардың ең жоғары мерзімі және есептеу тәсілі (мысалы, ақшалай қаражатпен немесе үлестік аспаптармен) сияқты әрбір келісімнің негізгі шарттарын қоса алғанда, кезең ішінде қолданыста болған, акцияларға негізделген төлемдер туралы келісімдердің әрбір түрінің сипаттамасын ашады. Акцияларға негізделген төлемдер туралы келісімдердің елеулі түрде ұқсас түрлері бар субъект олар туралы ақпаратты біріктіре алады.

462. Субъект кем дегенде акцияларға, кезең үшін субъектінің пайдасына немесе залалына және оның қаржылық жағдайына негізделген төлемдер операцияларының әсері туралы мынадай ақпаратты ашқаны жөн:

1) осы операциялардың нәтижесінде туындайтын шығыстардың жалпы сомасының бір бөлігін жеке ашуды қоса алғанда, оның шеңберінде алынған тауарлар мен қызметтер активтер ретінде тануға жатпайтын, сондықтан да шығыс ретінде тез арада танылады, акцияларға негізделген төлемдер операциялары бойынша кезең үшін танылған шығыстардың жалпы сомасын;

2) акцияларға негізделген төлемдер операциялары нәтижесінде туындайтын міндеттемелер үшін;
кезеңнің соңындағы жалпы баланстық құнды; және қарсы тараптың ақшалай қаражатқа немесе басқа да активтерге құқығы кезеңнің соңында көшкен кезеңнің соңындағы міндеттемелердің жалпы ішкі құнын (мысалы, акциялардың құнын өсіруге көшкен құқық).

26. Қаржылық емес активтердің құнсыздануы § 203. Қолданылуы

463. Осы бөлім құнсыздануын тануға қатысты осы Стандарттың басқа бөлімдерінің талаптары қолданылатын мынадай активтерді қоспағанда, барлық активтердің құнсыздануын есепке алу кезінде қолданылуға тиіс:

1) осы Стандарттың 28-бөліміне сәйкес кейінге қалдырылған салықтық активтерді;

2) осы Стандарттың 27-бөліміне сәйкес қызметкерлерге берілетін сыйақылар нәтижесінде туындайтын активтерді;

3) осы Стандарттың 11-бөлімінің қолданылу аясына енетін қаржылық активтерді;

4) осы Стандарттың 15-бөліміне сәйкес әділ құн бойынша өлшенетін жылжымайтын мүлікке салынатын инвестицияларды;

5) осы Стандарттың 33-бөліміне сәйкес ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты және сатуға жұмсалатын ұйғарылып отырған шығыстарды шегере отырып, әділ құн бойынша өлшенетін биологиялық активтерді.

§ 204. Қорлардың құнсыздануы

464. Әрбір есепті күнге субъект құнсыздану мәніне қорларға бағалау жүргізуге тиіс. Субъект осындай бағалауды қорлардың әрбір бабының (немесе ұқсас баптардың тобының) баланстық құнын аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегере отырып, оның сату бағасымен салыстыру жолымен жүргізуге тиіс. Егер қорлар бабы (немесе тобы) құнсызданған болса, субъект залалды баланстық құн мен аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі сату бағасы арасындағы айырмаға тең сомаға пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

465. Егер қорлар үшін аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі сату бағасын бап бойынша негізде анықтау іс жүзінде мүмкін емес болса, субъект құнсыздануды бағалау мақсатында бір географиялық облыста жүргізілетін және сатылатын дәл сондай тағайындауы немесе түпкі пайдаланымы бар бұйымдардың дәл сол түріне жататын қорлардың баптарын топтастыруы мүмкін.

§ 205. Құнсыздануды реверсиялау

466. Субъект әрбір кейінгі кезеңде аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі сату бағасын қайтадан бағалауды жүргізуге тиіс. Егер бұрын қорлардың құнсыздануын туындатқан жағдайлар енді жоқ болса, немесе экономикалық шарттардың өзгеруіне байланысты құнсыздануға жұмсалған шығындарды шегергендегі сату бағасының ұлғаюы анық болған кезде субъект құнсыздану сомасын жаңа баланстық құн екі шаманың: өзіндік құн мен аяқтауға және сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі қайта қаралған сату бағасының ең азы болып табылатындай етіп реверсиялауға тиіс (яғни реверсияланатын сома құнсызданудан болатын бастапқы залал сомасымен шектелген).

§ 206. Қорларды қоспағанда, қаржылық емес активтердің құнсыздануы және құнсыздану белгілері

467. Әрбір есепті күні субъект активтің ықтимал құнсыздануын көрсететін кез келген белгілердің бар-жоғын бағалайды. Осындай кез келген белгі болған жағдайда субъект сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, активтің әділ құнын есептік бағалауды жүргізуге тиіс. Егер құнсыздану белгілері жоқ болса, онда сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, әділ құнды есептік бағалауды жүргізу талап етілмейді. Осы бөлімде "актив" термині пайдаланылады, бірақ кейде активтер тобы үшін сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, әділ құнды анықтау талап етілуі де мүмкін.

468. Активтің ықтимал құнсыздануын көрсететін белгілердің бар-жоғын тексеру кезінде субъект, кемінде, мынадай белгілерді қарағаны жөн:

Ақпараттың сыртқы көздері

1) кезең ішінде активтің нарықтық құны уақыт өтуі немесе қалыпты пайдалану нәтижесінде күткеннен әлдеқайда көп азайды;

субъектіге қолайлы әсер ететін елеулі өзгерістер кезең ішінде болды немесе жақын арада субъект жұмыс істейтін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық шарттарда немесе актив арналған нарықта күтілуде;

кезең ішінде нарықтық пайыздық ставкалар немесе инвестициялардың пайдалылығының басқа да нарықтық нормалары және осы ұлғаюлар пайдаланудан активтің құнын есептеу кезінде пайдаланылатын дисконттау ставкасына едәуір әсер етуі ықтимал және сатуға жұмсалатын шығындарды шегере отырып, оның әділ құнын азайтады;

субъектінің таза активтерінің баланстық құны оның нарықтық капиталдануына қарағанда көп;

2) ақпараттың ішкі көздері активтің ескіруінің немесе табиғи зақымдануының дәлелі бар; активті пайдалану немесе күтілетін пайдалану дәрежесіндегі немесе тәсіліндегі субъектіге қолайсыз әсер ететін елеулі өзгерістер кезең ішінде болды немесе жақын арада күтілуде. Осы өзгерістер активтің тұрып қалуын, қызметті тоқтату немесе қайта құрылымдау жоспарларын, оған актив те жатады, немесе активтің бұрын болжанған күнге дейін істен шығуын және бұрын шектеусіз ретінде бағаланған активті пайдалы қолдану мерзімін шектеулі деп тануды қ а м т и д ы ;

ішкі есептілік активтің ағымдағы немесе болашақ экономикалық көрсеткіштері болжанып отырғаннан нашар екенін куәландырады. Осы контекстегі экономикалық көрсеткіштер операциялық нәтижелерді және ақша қаражатының ағынын қамтиды.

469. Егер активтің құнсыздануы мүмкін деген белгі бар болса, онда бұл субъектінің пайдалы қолданудың қалған мерзімін, амортизациялау әдісін немесе активті жою құнын қайта қарауы және осы актив бойынша құнсыздануынан ешқандай да залал танылмайтын болса да, осы активке қолданылатын осы Стандарттың тиісті бөліміне сәйкес (мысалы, осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес) оларды түзетуі керек екендігін куәландырады.

§ 207. Сатуға жұмсалатын шығындарды шегере отырып, әділ құнды өлшеу

470. Сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құн - активтің істен шығуына жұмсалған шығындарды шегере отырып, тәуелсіз, жақсы хабарланған, осындай операцияны жасауға ниет етіп отырған тараптар арасында операция жасау кезінде активті немесе активтер тобын сатудан алынуы мүмкін сома.

471. Егер субъект жеке активтің әділ құнын есептей алмайтын болса, ол активтер тобын сатуға жұмсалған шығындарды ескере отырып, осы актив жататын әділ құнды өлшеуге тиіс. Осы мақсат үшін ең аз сәйкестендірілетін активтер тобы үшін сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, әділ құнды е с е п т е у қ а ж е т , о л :

- 1) оған қатысты құнсыздану танылатын активті қамтиды; және
- 2) анықтауға жататын сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн.

§ 208. Сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құн

472. Субъект азайып бара жатқан сенімділік тәртібімен орналасқан мынадай куәландырулар негізінде құнсыздануға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнды анықтауға тиіс:

1) осы активтің істен шығуына жұмсалған тікелей шығындарды ескере отырып түзетілген, жақсы хабарланған, осындай операцияны жасауға ниет етіп отырған тәуелсіз тараптар арасындағы операция кезінде міндетті күші бар сату туралы келісімдегі баға;

2) егер міндетті күші бар сату туралы келісім жоқ болса, бірақ актив активті нарықта сатылатын болса, онда әдетте ағымдағы сұраныс бағасына негізделген, істен шығаруға жұмсалған шығындарды шегергендегі оның нарықтық бағасы сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн болып табылады;

3) ағымдағы сұраныс бағасы жоқ болған жағдайда ең соңғы операцияның бағасы сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнды есептік бағалауды жүргізу үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін;

4) міндетті күші бар сату туралы келісім немесе актив үшін активті нарық жоқ болған жағдайда сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн істен шығаруға жұмсалған шығындарды шегере отырып, жақсы хабарланған, осындай операцияны жасауға ниет етіп отырған тәуелсіз тараптар арасындағы операция кезінде субъект активті сатудан есепті кезеңнің соңында алуы мүмкін соманы көрсететін ең үздік қолда бар ақпаратқа негізделеді. Осы соманы анықтау кезінде субъект сол саланың шеңберіндегі ұқсас активтермен жасалатын соңғы операциялардың нәтижелерін ескереді. Егер басшылық сатуды тез арада жүргізуге мәжбүр болмаса, сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн мәжбүрлі сату негізінде анықталмауға тиіс.

473. Сатуға жұмсалған шығындарды (немесе активтер тобын) шегергендегі әділ құн оның баланстық құнынан аз болса, субъект баланстық құнды оның сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнына дейін азайтуы керек. Бұл азайту құнсызданудан болатын шығын болып табылады..

474. Субъект құнсызданудан болатын залалды тез арада пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

475. Құнсызданудан болатын залалдың есептік сомасы ол жататын активтің баланстық құнынан көп болса, егер бұл осы Стандартта талап етілетін болса ғана субъект міндеттемені тануға тиіс.

476. Құнсызданудан болған залалды танығаннан кейін актив бойынша амортизациялық шығыстар оны пайдалы түрде қолданудың қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде оның тарату құнын (егер ондай бар болса) шегере отырып, активтің қайта қаралған баланстық құнын бөлу үшін болашақ кезеңдерде түзетілуге тиіс.

§ 209. Құнсызданудан болған залалды реверсиялау

477. Әрбір есепті кезеңде субъект активке қатысты (гудвилді қоспағанда) алдыңғы кезеңдерде танылған құнсызданудан болған залал, мүмкін, енді жоқ екендігі немесе азайып кеткендігі белгілерінің бар-жоғын тексеруге тиіс. Осындай кез келген белгі болған жағдайда субъект осы активті сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, әділ құнды есептік бағалауды жүргізуге тиіс. Құнсыздану залалдың азайғандығы немесе енді жоқ екендігі белгілері осы Стандарттың 468-тармағында айтылған белгілермен салыстырғанда әдетте кері сипатта болады.

478. Егер сатуға жұмсалған шығындарды шегере отырып, әділ құнды есептік бағалау активтің баланстық құнынан асып түссе, субъект оны осы Стандарттың 479-тармағында айтылған шектеулер шеңберінде сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның мәніне дейін ұлғайтуға тиіс. Бұл ұлғайту құнсызданудан болатын залалды реверсиялау болып табылады.

479. Құнсызданудан болатын залалды реверсиялау есебінен ұлғайтылған активтің (гудвилді қоспағанда) баланстық құны, егер алдыңғы жылдары осы активтің құнсыздануынан болатын залал танылмаған болса, анықталатын (амортизацияны шегере отырып) баланстық құннан аспауға тиіс.

480. Субъект активтің құнсыздануынан болатын залалды (гудвилді қоспағанда) актив осы Стандарттың басқа бөліміне сәйкес (мысалы, осы Стандарттың "Негізгі құралдар" деген 16-бөліміндегі қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделіне сәйкес) қайта бағаланған құн бойынша есепке алынатын жағдайларды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында тікелей реверсиялағаны жөн. Қайта бағаланған активтің құнсыздануынан болатын залалды кез келген реверсиялау қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделіне сәйкес қайта бағалаудан құнды ұлғайту ретінде қаралады.

481. Құнсызданудан болған залалды реверсиялауды танығаннан кейін актив бойынша амортизациялау шығыстарының шамасы болашақ кезеңдерде активтің қайта бағаланған баланстық құнын бөлу үшін оның ажырату құнын (егер ондай бар болса) шегере отырып, оны пайдалы түрде қолданудың қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде түзетілуге тиіс.

§ 210. Гудвилдің құнсыздануына қойылатын қосымша талаптар

482. Гудвилл жеке сатыла алмайды. Сондай-ақ ол басқа активтер бойынша ақшалай қаражат ағынына байланысты ақшалай қаражат ағынын генерациялайды. Соның салдарынан гудвилдің әділ құнын тікелей өлшеу мүмкін емес. Сондықтан гудвилдің әділ құны өзі бір бөлігі болып табылатын активтердің басым тобының әділ құнын өлшеу нәтижесінде анықталады.

483. Әрбір есепті күні субъект 467 - 476-тармақтарда айтылған активтердің құнсыздануын тану мен өлшеу қағидаттарына сәйкес гудвилдің ықтимал құнсыздануын көрсететін кез келген белгілердің бар-жоғын бағалауға тиіс. Осы Стандарттың 468-тармағында айтылған құнсыздану белгілерін талдаудан басқа субъект сондай-ақ мынаны назарға алғаны жөн:

1) сатып алған сәттен бастап гудвилл оған жататын сатып алынған ұйым қызметінің нәтижелері болжанып отырғаннан едәуір нашар ма, жоқ па;

2) гудвилл оған жататын сатып алынған ұйым сатуға немесе таратуға арналған ретінде қайта құрылымдалған ба, жіктелген бе; немесе

3) гудвилл оған жататын сатып алынған ұйымның басқа активтер бойынша құнсыздануынан болған едәуір залалдар танылған ба.

484. Егер гудвилдің құнсыздану белгілері бар болса, ұйым құнсызданудан болған залалды тануға тұрады ма, жоқ па екендігін анықтау үшін екі кезенді тәсілді пайдалануға тиіс:

1) 1 - кезең:

гудвилден пайда алатын ұйымның компонентіне(теріне) гудвилді жатқызу (әдетте гудвилдің шамасы ішкі басқару мақсаттары үшін тексерілетін ұйымның ішіндегі ең төмен деңгей);

гудвилді қоса алғанда, әрбір компоненттің әділ құнын толығымен өлшеу; компоненттің әділ құнын оның баланстық құнымен салыстыру; егер компоненттің әділ құны баланстық құнға тең болса немесе одан асып түссе, онда компонент те, гудвил де құнсызданбағаны; егер компоненттің әділ құны оның баланстық құнынан төмен болса, онда айырма осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес құнсыздану залалы ретінде танылуға тиіс.

2) 2 - кезең:

осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған залалдың сомасына компонент гудвилін есептен шығару және құнсызданудан болған осы залалды пайданың немесе залалдың құрамында тану;

егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес 1-кезеңде анықталған құнсыздану сомасы компонент гудвилінің баланстық құнынан асып түссе, асып түсу сомасы құнсызданудан болған залал ретінде пайданың немесе залалдың құрамында танылуға тиіс. Осы асып түсу шартты міндеттемелерді, олардың әділ құнының ара қатынасы негізінде компонентті қоса алғанда, сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелерге жатқызылуға тиіс.

485. Егер гудвилл оған жатқызылған компонентте азшылық үлесі бар болса, осы компоненттің баланстық құны мынаны қамтиды:

1) компоненттің сәйкестендірілетін таза активтеріндегі бас ұйымның үлесінде, азшылық үлесінде;

2) бас ұйымның гудвилдегі үлесінде.

Алайда осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацына сәйкес анықталған компоненттің әділ құнының бір бөлігі гудвилдегі азшылық үлесіне жатады. Тиісінше, гудвилге байланысты құнсызданудан болған кез келген залал бас ұйымға жатқызылатын залалға және азшылық үлесіне жатқызылатын залалға бөлінеді; бұл ретте біріншісі ғана гудвилдің құнсыздануынан болған залал ретінде танылады.

486. Гудвилдің құнсыздануынан болған, танылған залал кейінгі кезеңде реверсияланбауға тиіс.

§ 211. Ақпаратты ашу

487. Активтердің әрбір түрі үшін субъект мынаны ашады:

1) кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында танылған құнсызданудан болған залалдың сомасын және құнсызданудан болған залал енгізілген пайда мен залал туралы есептің бабын (баптарын);

2) кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында танылған құнсызданудан болған, реверсияланған залалдың сомасын және құнсызданудан болған залалдың реверсиялануы көрсетілген пайда мен залал туралы есептің б а б ы н (б а п т а р ы н) ;

3) кезең ішінде капиталда тікелей танылған, қайта бағаланған активтер бойынша құнсызданудан болған залалдың сомасын;

4) кезең ішінде капиталда тікелей танылған, қайта бағаланған активтер бойынша құнсызданудан болған, реверсияланған залалдың сомасын.

488. Субъект олар бойынша ақпаратты жеке ашу жүзеге асырылмаған құнсызданудан болған жиынтық залал және кезең ішінде танылған құнсызданудан болған, жиынтық реверсияланған залал бойынша мынадай а қ п а р а т т ы а ш у ға т и і с :

1) құнсызданудан болған залалмен қозғалатын активтердің негізгі түрлерін және құнсызданудан болған, залалдың реверсиялануымен қозғалатын активтердің негізгі түрлерін;

2) құнсызданудан болған осы залалды тануға және құнсызданудан болған залалды реверсиялауға алып келген негізгі оқиғалар мен жағдайларды.

27. Қызметкерлерге берілетін сыйақылар § 212. Қолданылуы

489. Осы бөлім қызметкерлерге берілетін сыйақының төрт санатына қ о л д а н ы л а д ы :

1) қызметкерлер тиісті қызметтер көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде төленуге тиіс, қызметкерлерге берілетін сыйақылар болып табылатын (шығу жәрдемақыларын қоспағанда) қызметкерлерге берілетін

қысқа мерзімді сыйақыларға;

2) еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленуге тиіс, қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейін берілетін сыйақыларға (шығу жәрдемақыларын қоспағанда);

3) оларды төлеу жөніндегі берешек қызметкерлер тиісті қызметтер көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде туындамайтын, қызметкерлерге берілетін сыйақылар болып табылатын (шығу жәрдемақыларын қоспағанда), қызметкерлерге берілетін өзге де ұзақ мерзімді сыйақыларға; және

4) мыналардың нәтижесінде қызметкерлерге төленуге тиіс сыйақылар болып табылатын шығу жәрдемақыларына:

кәсіпорынның қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін жұмыстан босату туралы шешімі, не

қызметкердің осындай сыйақыларға айырбасқа штаттың қысқаруы бойынша жұмыстан босатуға ерікті түрде келісуі туралы шешімі.

490. Қызметкерлерге берілетін сыйақылар сондай-ақ үлестік аспаптар түрінде де (акциялар немесе акцияларға опциондар сияқты), ақшалай қаражат немесе субъектінің басқа да активтері түрінде де акцияларға негізделген субъектінің акцияларына немесе басқа да үлестік аспаптарына негізделген сомада көшудің белгілі бір шарттары сақталған жағдайда, егер ондай бар болса, төлемдерді де қамтиды. Акцияларға негізделген төлемдердің операцияларын есепке алу осы Стандарттың 25-бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

§ 213. Қызметкерлерге берілетін сыйақылардың барлық түрлері үшін танудың жалпы қағидаттары

491. Субъект кезең ішінде субъектіге қызметтер көрсету нәтижесінде қызметкерлер құқық алған қызметкерлерге берілетін сыйақылардың барлығына байланысты шығындарды:

1) қызметкерлерге берілетін сыйақылар қорына қызметкерлерге тікелей немесе салымдар түрінде төленген соманы шегергеннен кейін міндеттеме ретінде. Егер төленген салымның шамасы есепті күнге дейін көрсетілген қызметтер үшін тиесілі міндеттеменің шамасына асып түсетін болса, субъект осы алдын ала төлеу болашақ төлемдерді қысқартуға немесе ақшалай қаражатты қайтаруға алып келетін бөлігінде осы асып түсуді актив ретінде таниды;

2) егер тек шығындар:

осы Стандарттың 12-бөліміне сәйкес қорлардың өзіндік құнына енгізілмеген; немесе

осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес негізгі құралдардың өзіндік құнына енгізілмеген болса, шығыс ретінде таниды.

§ 214. Қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақылар

492. Қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақылар өзіне мынадай баптарды қамтиды :

- 1) жұмысшылар мен қызметшілерге берілетін жалақы;
- 2) қызметкер тиісті қызметтерді көрсеткен кезең үшін жұмыста ақы төленетін қысқа мерзімді болмау (жыл сайынғы ақы төленетін демалыс және әлеуметтік демалыстар) ;
- 3) қызметкерлер тиісті қызметтерді көрсеткен кезең үшін төленуге тиіс пайда мен сыйлыққа қатысуды; және
- 4) қазіргі уақытта жұмыс істейтін қызметкерлерге ақшалай емес түрде сыйақы беру (медициналық қызмет көрсету, тұрғын үймен және автокөлікпен қамтамасыз ету, тегін немесе дотацияланатын тауарлар немесе қызметтер).

§ 215. Қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақыларды өлшеу - жалпы қағидат

493. Егер қызметкер субъектіге есепті кезеңнің ішінде қызметтер көрсетсе, субъект осы қызметтердің орнына төленуге тиіс қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақылардың дисконтталмаған шамасы бойынша осы Стандарттың 491-тармағына сәйкес танылатын соманы тануға тиіс.

§ 216. Тану және өлшеу - жұмыста ақы төленетін қысқа мерзімді болмау

494. Кейбір ақы төленетін қысқа мерзімді демалыстар жинақталып қалуы мүмкін. Егер қызметкер ағымдағы кезеңдегі құқықтарды толығымен пайдаланбаса, болашақ кезеңдерге ауыстырылатын және болашақ кезеңдерде пайдаланылуы мүмкін пайдаланылмаған жылдық демалыстар мысал болып табылады. Субъект, егер қызметкерлер ақы төленетін болашақ болмауға олардың құқығын жоғарылататын жинақталған ақы төлеудің болмаудың күтілетін шығындарын тануға тиіс. Субъект жұмыста жинақталған ақы төленетін болмауға ақы төлеуге жұмсалатын күтілетін шығындарды ол қызметкерге есепті кезеңнің соңында жинақталған, жұмыста пайдаланылмаған болмау үшін төлеуді болжайтын қосымша сома ретінде өлшеуге тиіс. Субъект пайдаланылмаған жинақталып отырған ақы төленетін болмауды көрсетуге тиіс, ол, күтіліп отырғандай, есепті күні ағымдағы міндеттеме ретінде пайдаланылатын болады.

495. Субъект шығындарды осы болмау орын алған кезде жұмыста өзге (жинақталмайтын) ақы төленетін болмау бойынша тануға тиіс. Субъект шығындарды болмаған кезең үшін төленген немесе төленуге тиіс жалақының

дисконтталмаған сомасы бойынша жұмыста жинақталмайтын ақы төленетін болмау бойынша өлшеуге тиіс.

§ 217. Тану - пайдаға қатысу жоспарлары және сыйлық беру жүйелері

496. Субъект, егер:

1) субъектінің ағымдағы сәтте заңдық не практикадан туындайтын өткен оқиғаларға байланысты осындай төлемдерді жүргізу міндеттемесі болса (субъектіде төлем жүргізуден басқа, ешқандай нақты баламаның жоқ екендігін білдіреді); және

2) міндеттеме сенімді түрде бағаланатын болса, пайдаға қатысуға және сыйлық төлеуге байланысты күтілетін шығындарды тануға тиіс.

§ 218. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақы жоспарлары

497. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақы жоспарлары " Қызметкерлерге берілетін сыйақылар" МСФО (IAS) 19 сәйкес ескеріледі.

§ 219. Жұмыс берушілер тобының зейнетақы жоспарлары және мемлекеттік зейнетақы жоспарлары

498. Жұмыс берушілер тобының зейнетақы жоспарлары және мемлекеттік зейнетақы жоспарлары ресми шарттардың шеңберінен шығатын міндеттемелер практикасынан туындайтын кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, жоспардың шарттары негізінде белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары немесе белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары сияқты жіктелуге тиіс. Алайда қолда ақпарат белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары үшін қолданылатын есепке алу тәртібін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары болып табылатын жұмыс берушілер тобының зейнетақы жоспарға пайдалану үшін жеткіліксіз болса, субъект:

1) егер ол белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспары болған болса, осы Стандарттың 500-тармағына сәйкес жоспарды ескеруге; және

2) жоспар белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары болып табылатыны фактісін және ол белгіленген жарналары бар жоспар ретінде ескерілетін себепті жоспар құралының көп немесе тапшы екендігі туралы қолда бар ақпаратпен бірге ашуға тиіс.

§ 220. Сақтандырылған сыйақылар

499. Субъект еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақы жоспарын қаржыландыру үшін сақтандыру жарналарын төлеуі мүмкін. Субъект осындай жоспарды субъектіде заңдық немесе практикадан туындайтын мынадай:

- 1) сыйақы мерзімі басталған кезде қызметкерлерге оны төлеу; немесе
- 2) егер сақтандырушы қызметкерлерге ағымдағы және алдыңғы кезеңдерде қызметкердің қызметіне жататын барлық болашақ сыйақыларды төлемеген жағдайда қосымша сома төлеу міндеттемесі болған кездегі жағдайларды қоспағанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспары ретінде қарастыруға тиіс.

Практикадан туындайтын міндеттеме болашақ сыйлықтарды белгілеу жоспарының, тетігінің шарттарын ескере отырып немесе байланысты тараппен сияқты сақтанушымен қарым-қатынастар нәтижесінде жанама түрде пайда болуы мүмкін. Егер субъектіде осындай түрдегі заңдық немесе практикадан туындайтын міндеттемелер қалатын болса, ол жоспарды белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары ретінде қарауға тиіс.

§ 221. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақыны тану және өлшеу: белгіленген жарнамалары бар зейнетақы жоспарлары

500. Субъект төленіп қойған соманы шегергеннен кейінгі міндеттеме ретінде кезең үшін төленуге тиіс жарнаны тануы мүмкін.

§ 222. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақыны тану: белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары

501. Осы Стандарттың 491-тармағында айтылған танудың жалпы қағидатын қолдану кезінде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарларына субъект:

- 1) жоспардың таза активтерін шегере отырып, жоспар бойынша міндеттерге қатысты міндеттемені - өзінің "белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешегін"; және
- 2) осы кезең ішінде аталған берешектің таза өзгерісін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша шығындар ретінде танығаны жөн.

§ 223. Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешекті өлшеу

502. Субъект белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттерге қатысты белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешекті мынадай соманың таза қорытынды шамасы бойынша өлшеуге тиіс:

- 1) шегере отырып, есепті күні белгіленген төлемдері бар зейнетақы

жоспарлары бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының;

2) міндеттемелерді тікелей орындауға арналған жоспар активтерінің есепті күнгі әділ құнының (егер ондай болса). Осы Стандарттың 174 - 177-тармақтарында қаржылық активтер болып табылатын жоспар активтерінің әділ құнын анықтау жөніндегі талаптар айтылған.

503. Субъектінің белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша міндеттемелердің есепті күнге келтірілген құны қызметкерлерге олар бойынша қызметтің неғұрлым кеш жылдары үшін қомақты сыйақылар есептелетін сыйақыларды есептеу формулаларын ескере отырып, әлі кепілдік берілмеген сыйақыларды қоспағанда, ағымдағы және алдыңғы кезеңдерде қызметкерлер көрсеткен қызметтер үшін оларға тиесілі сыйақылардың есептік шамасын көрсетуге тиіс. Ол үшін субъект ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін тиесілі сыйақылардың мөлшерін анықтауға және сыйақылар бойынша шығындардың шамасына әсер ететін демографиялық ауыспалыға (персоналдың тұрақтамауы және қайтыс болуы сияқты) және қаржылық ауыспалыға (жалақының және медициналық қызмет көрсетудің болашақ ұлғаюы) қатысты есептік бағалау жүргізуге (актуарлық жол берулер жасауға) тиіс. Актуарлық жол берулер әділ (ойланбай істелмейтін, бірақ шектен тыс консервативті емес), өзара бірікпейтін және жоспарға жататын ақшалай қаражаттың болашақ ағынына ең үздік баға алуға мүмкіндік беретіндей түрде таңдап алынған болуға тиіс.

§ 224. Дисконттау

504. Субъект келтірілген құн негізінде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемені өлшеуге тиіс. Субъект болашақ төлемдерді жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың есепті күнгі нарықтық кірістілігі негізінде дисконттау үшін пайдаланылатын ставканы анықтауға тиіс. Осындай түрдегі облигациялар нарығының жеткілікті тереңдігі болмаған кезде субъект мемлекеттік облигациялардың (есепті күнгі) нарықтық кірістілігін пайдалануға тиіс. Корпоративтік немесе мемлекеттік облигациялар бойынша валюта мен мерзім болашақ төлемдердің валютасы мен есептік мерзіміне сәйкес келуге тиіс.

§ 225. Актуарлық бағалау әдісі

505. Субъект белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша өзінің міндеттемелерін және, ағымдағы кезең қызметтерінің тиісті құнын және осыны қолдануға болатын жерде өткен кезеңдер қызметтерінің құнын анықтау үшін болжамдалатын шартты бірлік әдісін пайдалануға тиіс.

§ 226. Зейнетақы жоспарын құру, өзгерту, ол бойынша секвестрлер мен есептемелер

506. Егер белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары ағымдағы кезеңде құрылған немесе өзгертілген болса, субъект осы өзгерісті көрсету үшін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша өзінің берешегін ұлғайтуға немесе азайтуға тиіс және оның ұлғаюын (азаюын) пайданы немесе залалды өлшеу кезіндегі шығыс (кіріс) ретінде тануға тиіс. Керісінше, егер жоспар секвестрге ұшыраған болса (яғни жоспарда қамтылған қызметкерлердің сыйақылары немесе тобы азайып кетсе) немесе ол бойынша түпкілікті есептеме жүргізілген (жұмыс берушінің міндеттемесі толық өтелген) болса, белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттеме азайтылуға немесе есептен алынуға тиіс, ал субъект пайда болған кірісті немесе залалды пайданың немесе залалдың құрамында тануға тиіс.

§ 227. Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарына байланысты активтер

507. Егер есепті күні белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттеме жоспар активтерінің дәл сол күнгі әділ құнынан аз болса, онда осы жоспардың шеңберінде қаражаттың артылуы болады. Субъект жоспар бойынша артылуды ол осы артылуды өтей алатындай бөлігінде не болашақ жарналарды қысқарту жолымен не зейнетақы жоспарынан қаражатты қайтару нысанында белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарына байланысты актив ретінде тануға тиіс.

§ 228. Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарына байланысты шығындар

508. Субъект кезең ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша қызметкерлерге төленген сыйақыларға немесе осы кезең ішінде белгіленген төлемдері бар оның зейнетақы жоспарлары бойынша шығындар ретінде жұмыс беруші жасаған жарналарға жататын өзгеріс бөлігінен басқа, өзінің берешегінің таза өзгерісін тануға тиіс. Бұл шығындар пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Осы шығындар мынадай:

1) олар осы Стандарттың 12-бөліміне сәйкес қорлардың өзіндік құнына енгізілген ; немесе

2) олар осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес негізгі құралдардың өзіндік құнына енгізілген бөлігін қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

509. Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешектің белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша шығындар ретінде танылған таза өзгеруі мыналарды қамтиды:

1) есепті кезең ішінде қызметкердің қызметтер көрсетуі нәтижесінде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешектің өзгеруін;

2) есепті кезең ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемеге пайыздарды;

3) есепті кезең ішінде жоспардың активтеріне кірістерді және өтеуге танылған құқықтарының әділ құнының таза өзгеруін;

4) есепті кезең ішінде туындайтын актуарлық пайданы немесе залалды;

5) белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша жаңа жоспар құру немесе есепті кезеңде бар шарттардың өзгеруі нәтижесінде туындайтын берешектің ұлғаюын немесе азаюын; және

б) есепті кезеңде бар жоспар бойынша секвестрдің немесе түпкілікті есептеменің нәтижесінде туындайтын белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша берешектің азаюын.

510. Егер сыйақы болашақ қызметке байланысты болған жағдайда да (басқа сөзбен, оған кепілдік берілмеген жағдайда) қызметкерлердің қызметі белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің туындауына алып келеді. Қызметкердің кепілдік берілген зейнетақы төлемдерін алуға құқығы туындаған сәтке дейінгі қызметі әрбір кейінгі есепті күні қызметкер сыйақы алу құқығын алғанға дейін көрсетуге тиіс болатын қызметтер көлемі азаюына байланысты практикадан туындайтын міндеттемені құрады. Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелерді өлшеу кезінде субъект кейбір қызметкерлер зейнетақыны кепілдік берілген алу шарттарын қанағаттандырмайтындығына ықтималдықты ескереді. Осылайша, сыйақының кейбір түрлері еңбек қызметі, мәселен, медициналық қамтамасыз ету аяқталғаннан кейін қызметкер субъектіге енді жұмыс істемейтін кезде белгілі бір оқиғалар басталғаннан кейін ғана төленуге жататындығына қарамастан, міндеттеме қызметкер оның белгілі бір оқиғалар басталған кезде сыйақы алу құқығын қамтамасыз ететін қызметтерді көрсетуі кезінде қалыптасады. Белгілі бір оқиғалардың туындау ықтималдығы міндеттемені өлшеуге әсер етеді, бірақ міндеттеменің болу фактісінің өзін анықтамайды.

511. Егер белгіленген төлемдер болашақ жалақының мөлшеріне негізделген болса, субъект болашақта жалақының күтіліп отырған ұлғаюын көрсететін негізде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша өзінің міндеттемелерін өлшеуге тиіс.

512. Егер белгіленген төлемдер мемлекет қаржыландыратын жоспарлар бойынша төленетін сомаға азайтылатын болса, субъект мемлекеттік жоспарлар

бойынша төленетін сыйақылардың әсер етуін көрсететін негізде белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша, бірақ тек егер:

- 1) осы жоспарлар есепті күнге дейін енгізілген болса, немесе
- 2) өткен тәжірибе не сенімді куәлік осы мемлекеттік сыйақылардың қандай да бір алдын ала белгілі түрде, мысалы, бағаның жалпы деңгейінің немесе жалақының жалпы деңгейінің болашақ өзгерістеріне ұқсас өзгеретінін көрсететін болса, өзінің міндеттемелерін өлшеуге тиіс.

§ 229. Өтеу

513. Субъектіде басқа тарап белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін шығындардың бір бөлігін немесе барлығын өтейтініне іс жүзінде сенімділігі бар болса, субъект өтем алуға өзінің құқықтарын жеке актив ретінде тануға болады. Субъект осы активті әділ құн бойынша өлшеуге тиіс. Пайда мен залал туралы есепте белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарына байланысты шығыстар өтеуге танылатын соманы шегере отырып ұсынылуы мүмкін.

§ 230. Қызметкерлерге берілетін өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар

514. Қызметкерлерге берілетін өзге де ұзақ мерзімді сыйақыларға мыналар ж а т а д ы , м ы с а л ы :

1) үлкен еңбек өтілі бар қызметкерлер үшін ақысы төленетін демалыс сияқты жұмыста ұзақ мерзімді ақысы төленетін болмау немесе шығармашылық демалыс;

2) қызмет өткерген жылдары үшін мерейтойлық немесе өзге де сыйақылар;

3) еңбекке жарамсыздығына байланысты ұзақ мерзімді жәрдемақылар;

4) қызметкерлер тиісті қызметтер көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі немесе одан астам айдан кейін төленуге тиіс пайдаға және сыйлыққа қатысу;

ж ә н е

5) жұмыс істеген кезең аяқталғаннан кейін он екі немесе одан астам айдан кейін төленген кейінге қалдырылған өтемақы.

515. Субъект мынадай шаманың таза жиынтық шамасы негізінде өлшенген өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша берешекті тануға тиіс:

1) есепті күні белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының;

2) міндеттемелерді тікелей орындауға арналған жоспар активтерінің есепті күнгі әділ құнының (егер осындай бар болса).

§ 231. Шығу жәрдемақылары

516. Субъект заңнамаға сәйкес субъект және қызметкерлер немесе оның өкілдері арасындағы шарт немесе өзге де келісімдер бойынша немесе онда бар қалыптасқан іскерлік практикадан, әдет-ғұрыптардан немесе әділ әрекет ету ниетінен туындайтын міндеттеме бойынша қызметкерлер жұмыстан шығар кезде төлемдер жүргізуге (немесе қандай да бір өзге сыйақылар беруге) тиіс.

517. Шығу жәрдемақылары субъектіге қандай да бір болашақ экономикалық пайданы қамтамасыз етпейтіндіктен, субъект оларды тікелей пайданың немесе залалдың құрамында шығыстар ретінде тануға тиіс.

518. Субъект шығу жәрдемақыларын таныған жағдайда еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақылар секвестрін немесе қызметкерлерге берілетін өзге де сыйақыларды есепке алуды жүзеге асыру қажеттілігі туындауы мүмкін.

5 1 9 . С у б ъ е к т :

1) қызметкер зейнеткерлікке шығудың белгіленген мерзіміне дейін жұмыстан шығару жөніндегі; немесе

2) штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан кету ұсынылған қызметкерлерге шығу жәрдемақысын төлеу жөніндегі ресми міндеттеме болған кезде шығу жәрдемақысын міндеттеме мен шығыстар ретінде тануға тиіс.

520. Субъектіде жұмыстан шығарудың егжей-тегжейлі ресми жоспары болғанда және оның күшін жоюға іс жүзінде мүмкіндігі болмағанда ғана жұмыстан шығаруды жүргізуге ресми түрде міндетті.

521. Субъект шығу жәрдемақыларын есепті күнгі міндеттемелерді өтеу үшін қажетті шығындарды ең үздік есептік бағалау негізінде өлшеуге тиіс. Штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан шығуға ерікті түрде келісім беруді көтермелеу үшін жасалған ұсыныс жағдайында шығу жәрдемақысының шамасын өлшеу үшін, күтіліп отырғандай, ұсыныспен келісетін қызметкерлердің саны негіз болуға тиіс.

522. Шығу жәрдемақылары есепті күннен кейін 12 айдан астам мерзімде төленуге тиіс болғанда олар келтірілген күн бойынша өлшенуге тиіс.

§ 232. Ақпаратты ашу

523. Осы бөлім қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақылар туралы белгілі бір ақпаратты ашуды талап етпейді.

§ 233. Белгіленген жарналары бар жоспарлар туралы ақпаратты ашу

күтілетін кіріс нормасын;
жалақының күтілетін өсу қарқынын; және
медициналық қызмет көрсетудің құнындағы күтілетін өзгерістерді.

§ 234. Қызметкерлерге берілетін өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар туралы ақпаратты ашу

526. Субъект өзінің қызметкерлеріне беретін қызметкерлерге берілетін өзге де ұзақ мерзімді сыйақылардың әрбір санаты бойынша субъект сыйақының сипатын, міндеттеменің сомасын және есепті күнгі қорға алу мәртебесін, сондай-ақ ағымдағы кезең ішінде туындаған кез келген актуарлық пайданың немесе залалдың сомасын және осындай актуарлық пайда мен залалға қатысты өзінің есеп саясатын ашады.

§ 235. Шығу жәрдемақылары туралы ақпаратты ашу

527. Субъект өзінің қызметкерлеріне беретін шығу жәрдемақыларының әрбір санаты бойынша субъект сыйақының сипатын, өзінің есеп саясатын, міндеттеменің мәртебесін және есепті күнгі қорға алу мәртебесін ашады.

528. Шығу жәрдемақысы туралы келісім беретін қызметкерлер санына қатысты белгісіздік болған жағдайда шартты міндеттеме туындайды. Осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес субъектінің міндеттемені өтеу үшін ресурстардың істен шығу ықтималдығы шамалы жағдайда шартты міндеттеме туралы ақпаратты ашуын талап етеді.

28. Пайдаға салынатын салық § 236. Қолдану

529. Осы бөлімге сәйкес субъект операциялар мен басқа да оқиғалардың қазіргі және болашақ салықтық салдарын қаржылық есептерде ескереді. Ағымдағы салықтық міндеттемелер мен активтер төленуге тиіс ағымдағы салыққа немесе өтеулі тиіс салыққа қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен кейінге қалдырылған салықтық активтер болашақ өтеудің немесе субъектінің активтері мен міндеттемелерін салықтық залалды және кредиттерді пайдаланбаудың жекелеген жағдайларын қоспағанда, олардың баланстық құны бойынша өтеудің салықтық салдарына қатысты танылады.

§ 237. Салық базасы

530. Активтің немесе міндеттеменің салық базасы - егер баланс салық заңнамасына сәйкес есепке алу негізі ретінде жасалған болса, танылатын шама.

531. Төменде келтірілген мысалдар салық базасының тұжырымдамасын көрсетеді:

1) Станок 100 бірлік тұрады. Салық салу мақсаттары үшін 30 бірлік сомасындағы амортизация ағымдағы және алдыңғы кезеңдерде шегеріп тасталған болатын, ал қалған құн болашақ кезеңдерде не амортизация ретінде не істен шығу кезінде шегеру жолымен шегеріп тасталатын болады. Станокты пайдалану нәтижесінде алынған кіріс салық салуға жатады, ал станоктың істен шығуынан болатын кез келген залал салық салу мақсаттары үшін шегерілетін болады. Станоктың салық базасы - 70 бірлікке тең.

2) Төленуге жататын баланстық құн 100 бірлікке тең. Тиісті пайыздық кіріске кассалық негізде салық салынатын болады. Төленуге жататын пайыздардың салық базасы нөлге тең.

3) Сауда дебиторлық берешегінің баланстық құны 100 бірлікке тең. Тиісті кіріс салық салынатын пайдаға (салықтық залалға) енгізіліп қойған. Сауда дебиторлық берешегінің салық базасы 100 бірлікке тең.

4) Қарыз бойынша дебиторлық берешектің баланстық құны 100 бірлікке тең болады. Қарызды өтеудің ешқандай да салықтық салдары болмайды. Қарыздың салық базасы 100 бірлікке тең болады.

§ 238. Уақытша айырмалар

532. Уақытша айырмалар - активтің баланстық құны өтелетін немесе міндеттеменің баланстық құны өтелетін кезде салық салынатын немесе шегеруге жататын соманың туындауына алып келетін активтің немесе міндеттеменің салық базасы мен оның қаржылық есептердегі баланстық құны арасындағы айырма. Уақытша айырмалар салық салынатын немесе шегерілетін болуы мүмкін:

Салық салынатын уақытша айырмалар - активтің баланстық құны өтелетін немесе міндеттеменің баланстық құны өтелетін болашақ кезеңдердің салық салынатын пайдасын (салықтық залалын) анықтау кезінде салық салынатын сома нәтижесі болып табылатын айырма.

Шегерілетін уақытша айырмалар - активтің баланстық құны өтелетін немесе міндеттеменің баланстық құны өтелетін болашақ кезеңдердің салық салынатын пайдасын (салықтық залалын) анықтау кезінде шегеруге жататын сома нәтижесі болып табылатын айырма.

§ 239. Уақытша болып табылатын уақытша айырмалар

533. Кейбір уақытша айырмалар кірісті немесе шығысты бір кезеңде, ал салық салынатын пайданы екінші кезеңде бухгалтерлік пайданың немесе

залалдың құрамына енгізу кезінде пайда болады. Осындай уақытша айырмалар уақытша айырмалар деп жиі аталады.

§ 240. Уақытша айырмаларға мысалдар

534. Уақытша айырманың нәтижесінде кейінге қалдырылған салық аудиті
т у ы н д а й д ы , е г е р :

1) шығындар олар қаржылық есептілік үшін шығыс ретінде танылғаннан неғұрлым кеш кезеңде салықтық міндеттер үшін шегеруге жататын болса,
М ы с а л ы :

зейнетақылар немесе қызметкерлерге берілетін өзге де сыйақылар бойынша шығындар қызметкерлердің қызмет ету кезеңдерінде шығыс ретінде танылады, бірақ жарналар немесе төлемдер жүргізілетін кезде болашақ кезеңдерде ғана салықтық мақсаттарда шегеруге жатады;

кепілдіктер бойынша шығыстар тиісті сатулар жүргізілген кезде танылады, бірақ төленген кезде ғана салық салу мақсаттары үшін шегеруге жатады;

салықтық залал өткен немесе ағымдағы кезеңдердің салық салынатын табыстарына қарсы есептеле алмайды, бірақ болашақ салық салынатын пайданы азайту үшін болашақ кезеңдерге ауыстырылуы мүмкін;

сенімсіз борыштар бойынша шығыстар алу үшін шоттардың жинақталмауын бағалай жүргізілген кезде ғана танылады, бірақ клиент банкроттық рәсімін ресми бастаған кезде ғана салық салу мақсаттары үшін шегеруге жатады;

2) кіріс ол қаржылық есептілік мақсаттары үшін танылғаннан неғұрлым ерте кезеңде салық салуға жатады. Мысалы:

клиенттерден алынған аванстарға кассалық негізде салық салынады, бірақ түсім ретінде тану өлшемдеріне әлі жауап бермейді;

қорларға енгізілген, топ деңгейінде сатылмаған топшілік пайда шоғырландыру кезінде реверсияланады;

амортизацияланған құн бойынша есепке алынған қаржы активін сатудан түскен кіріс салық салу мақсаттары үшін танылады, бірақ бұл операция қаржылық есептілік мақсаттары үшін сату ретінде тану өлшемдеріне жауап бермейді.

535. Уақытша айырма нәтижесінде кейінге қалдырылған салық міндеттемесі
т у ы н д а й д ы , е г е р :

кіріс ол қаржылық есептілік мақсаттары үшін танылғаннан неғұрлым кеш кезеңде салық салуға жатады. Мысалы:

- активтің әділ құнының ұлғаюы пайданың немесе залалдың құрамында танылады, бірақ бұл ұлғаю активті сату кезінде ғана салық салуға жатады;

- есепке алу мақсаттары үшін кірісті тану шарт немесе операция бойынша

жұмыстарды аяқтау сатына сәйкес жүргізіледі (бұл "орындау пайызы әдісі" деп жиі аталады), бірақ салық салу мақсаттары үшін кіріс шарт немесе операция бойынша жұмыстар аяқтағаннан кейін ғана салық салуға жатады;

- еншілес және қауымдасқан ұйымдардың, филиалдардың және бірлескен қызметтің бөлінбеген пайдасы пайданың немесе залалдың құрамында танылады, бірақ егер пайда бас ұйымға бөлінген кезде ғана одан әрі салық салуға жатады;

- шығыстар қаржылық есептілік мақсаттары үшін шығыс ретінде танылғаннан неғұрлым ерте кезеңде салық мақсаттары үшін шегеруге жатады,

М ы с а л ы :

- актив қаржылық есептілік мақсаттары үшін болатыннан сақтық мақсаттары үшін жылдамырақ амортизациялануы мүмкін;

- қарыздар бойынша шығындар немесе әзірлеуге жұмсалған шығындар активтің өзіндік құнының құрамында танылады, бірақ олардың туындауына қарай салық салу мақсаттары үшін шегеруге жатады.

§ 241. Уақытша болып табылмайтын өзге де уақытша айырмалар

536 . М ы н а л а р :

1) кірістер немесе залал бір кезеңде ал салық салынатын пайданың құрамында басқа кезеңде есептік пайдадан немесе залалдан тыс танылған кезде;

2) активтер мен міндеттемелерді бизнесті біріктіру, әрі біріктіруден тыс кезіндегі сияқты бастапқы тану кезінде;

3) активтің немесе міндеттеменің салық базасының кезең үшін салық салынатын пайданы қозғамайтын өзгеруі салдарынан туындауы мүмкін жағдайлар уақытша айырмалар болып табылмайды.

§ 242. Гудвилл

537. Егер бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын гудвилдің баланстық құнының оның салық базасынан айырмашылығы болса, онда уақытша айырма болады. Гудвилді бастапқы тану кезінде туындайтын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіруді есепке алу шеңберінде танылады, осы Стандарттың 545-тармағы гудвилді бастапқы тану кезінде туындайтын кейінге қалдырылған салық міндеттемесін тануға ерекшелікті қамтиды.

§ 243. Шоғырландырылған қаржылық есептердегі уақытша айырма

538. Шоғырландырылған қаржылық есептерде уақытша айырмалар туындайтын екі себеп бар:

1) топтың жеке ұйымының салықтық заңи құзыретіндегі шоғырландырылған

қаржылық есептердегі жеке активтердің баланстық құны мен міндеттемелер және олардың салықтық базасы арасындағы айырма;

2) бас ұйымның немесе инвестордың еншілес ұйымға, қауымдасқан ұйымға және бірлескен қызметке инвестицияларының баланстық құны мен инвестордың салықтың заңи құзыретіндегі осы инвестициялардың салықтық базасы арасындағы айырма. Осындай уақытша айырмалар сыртқы базалық айырмалар деп жиі аталады.

539. Шоғырландырылған салықтық есептілік берілетін және салықтар шоғырландырылған соманы пайдалана отырып есептелетін заңи құзыреттерде салықтық база шоғырландырылған сома негізінде анықталады. Салықтар топтың әрбір жеке ұйымы бойынша есептелетін заңи құзыреттерде салықтық базалар әрбір жеке ұйымның салықтарына жататын есептемелер негізінде анықталады.

§ 244. Ағымдағы салықтық міндеттемелерді және ағымдағы салықтық активтерді тану

540. Субъект ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін төленген ағымдағы салыққа қатысты ағымдағы салықтық міндеттемелерді тануға тиіс. Егер ағымдағы және алдыңғы кезеңдерге қатысты төленіп қойған сома осы кезеңдер үшін төленуге тиіс сомадан асып түссе, онда субъект асып түсу шамасын актив р е т і н д е т а н у ғ а т и і с .

541. Субъект өткен кезең үшін ағымдағы салықты өтеу үшін өткен кезеңге ауыстырылуы мүмкін салықтық залалға байланысты пайда мөлшеріндегі активті тануға тиіс.

§ 245. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді және кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану

542. Субъект осы Стандарттың 545-тармағында айтылған жағдайлардан басқа , барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемені тануға тиіс.

543. Субъект осы Стандарттың 545-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кейінге қалдырылған салықтық активті:

1) осы Стандарттың 545-тармағының 2) тармақшасында айтылған жағдайларды қоспағанда, барлық шегерілетін уақытша айырмалар бойынша;

2) пайдаланылмаған салықтық залалды және пайдаланылмаған салықтық кредиттерді болашақ кезеңге ауыстыру;

3) м ы н а л а р :

субъект бастапқыда өзіндік құн ретінде танитын соманың немесе активтің немесе міндеттеменің баланстық құнының өзге нысаны;

бойынша тиісті салықтық міндеттемені (активті) танымайды.

3) Субъект гудвилді бастапқы тануға байланысты салық салынатын уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемені танымайды.

§ 248. Тікелей меншікті капиталда тану

546. Субъект нәтижесінде осы уақытша айырма туындаған кіріс немесе шығыс тікелей капиталда танылған болса, ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салық міндеттеменің не ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салықтық активтің өзгерістерін пайданың немесе залалдың құрамында емес, тікелей меншікті капиталда таниды.

§ 249. Ағымдағы салықтық активтер мен міндеттемелерді өлшеу

547. Субъект ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы салықтық міндеттемелерді (активтерді) және есепті күнгі жағдай бойынша қабылданған немесе мәні бойынша қабылданған салық ставкаларын салық заңнамасын пайдалана отырып, салық органдарына төлеу (олардан өтем алу) ұйғарылып отырған соманың мөлшерінде өлшейді.

§ 250. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді (активтерді) өлшеу

548. Субъект, күтіліп отырғандай, салық ставкалары (және салық заңнамасы) негізінде активті сату немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданылатын салық ставкаларын пайдалана отырып, кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелерді және салық бойынша тиісті шығысты (өтеуден түсетін кірісті) өлшейді.

§ 251. Дисконттау

549. Кейінге қалдырылған салықтық активтерге және кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерге байланысты болашақта ақша қаражатының ағындары туындайтын болса да, субъект ақшаның уақытша құнын көрсету үшін оларды дисконттамауға тиіс.

§ 252. Салық ставкасын таңдау

550. Салық салынатын пайданың әр түрлі деңгейлеріне әр түрлі салық ставкалары қолданылатын кезде субъект қабылданған немесе мәні бойынша қабылданған салық ставкаларының орташа мәнін пайдалана отырып, күтіліп

отырғандай, уақытша айырмаларды өтеу күтілетін кезеңдердің салықтық пайдасына (салықтық залалға) қолданылатын салық бойынша кейінге қалдырылған шығысты (өтеуден түсетін кірісті) және сәйкес кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді (активтерді) өлшеуге тиіс.

551. Салық бойынша кейінге қалдырылған шығысты (өтеуден түскен кірісті) және тиісті кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді (активтерді) өлшеу субъект есепті күні өз активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнын өтеуді немесе жабуды ұйғарып отырған әдіске қарай туындауы мүмкін салықтық салдарды көрсетуге тиіс. Мысалы, егер уақытша айырма, күтіліп отырғандай, болашақ кезеңде құнның өсуінен алынатын пайда сияқты салық салынатын кірістер бабы бойынша туындайтын болса, онда салық бойынша тиісті кейінге қалдырылған шығыс құнның өсуінен алынатын пайдаға қатысты әрекет ететін салық ставкасы негізінде өлшенетін болады.

§ 253. Кейінге қалдырылған салықтық активтерді қайта қарау

552. Субъект әрбір есепті күні кейінге қалдырылған салықтық активтің баланстық құнын қайта қарауға тиіс. Субъект кейінге қалдырылған салықтық активтің баланстық құнын азайтуға және салық бойынша шығысты осы актив құнсызданған дәрежеде, яғни осы кейінге қалдырылған салықтық активті өтеуге мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайда алынатынына ықтималдық енді болмайтын дәрежеде ұлғайтады. Субъект осындай азайтуды жеткілікті салық салынатын пайданың болу ықтималдығы кейіннен пайда болатын дәрежеде реверсиялағаны жөн.

§ 254. Дивидендтерге салынатын салықты ұстап қалу

553. Ұйым өзінің акционерлеріне дивидендтер төлеген кезде оған акционерлердің атынан салық органдарына осы дивидендтердің бір бөлігін төлеу туралы талап қойылуы мүмкін. Салық органдарына төленген немесе төленуге тиіс осындай сома дивидендтердің бір бөлігі ретінде капиталда тікелей танылады .

§ 255. Ақпаратты ашу

554. Субъект салық бойынша шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) негізгі компоненттерін жеке ашады. Салық бойынша шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) осындай компоненттері мыналарды қамтуы мүмкін:

1) салық бойынша ағымдағы шығыстарды (салықты өтеуден түсетін к і р і с т е р д і) ;

2) алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы салық бойынша кезеңде танылған кез келген түзетулерді ;

3) уақытша айырмалардың пайда болуына және реверсиялауға байланысты салық бойынша кейінге қалдырылған шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) шамасын ;

4) салық ставкаларындағы өзгерістерге немесе жаңа салықтарды енгізуге байланысты салық бойынша кейінге қалдырылған шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) шамасын ;

5) салық бойынша ағымдағы шығысты азайту үшін пайдаланылатын алдыңғы кезеңге жатқызылатын бұрын танылмаған салықтық залалдан, салықтық кредиттерден немесе уақытша айырмалардан туындайтын пайданың сомасын; және

б) кейінге қалдырылған салықтық активтің құнсыздануы немесе алдыңғы құнсыздануын реверсиялау нәтижесінде туындайтын салық төлеу бойынша кейінге қалдырылған шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) шамасын.

555. Субъект мынадай ақпаратты ашуға тиіс:

1) капиталда тікелей танылатын баптарға жататын жиынтық ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты ;

2) әрбір елеулі айырма бойынша ақпаратты аша отырып, салық бойынша танылған шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) және пайданы қолданылатын салық ставкасына (ларына) көбейту жолымен есептелуі мүмкін салық бойынша шығыстың (салықты өтеуден түсетін кірістің) арасындағы сандық мұқият тексеруді ;

3) алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда қолданылатын салық ставкасының (ларының) өзгеруін түсіндіруді;

4) баланста олар бойынша кейінге қалдырылған салықтық актив танылмаған уақытша айырмалардың, пайдаланылмаған салықтық залал мен кредиттердің сомасын (және, егер болса, қолданылу мерзімі бітетін күнді); және

5) олар бойынша салықтық міндеттемелер танылмаған еншілес ұйымдарға, филиалдарға және қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен қызметке салынатын инвестицияларға байланысты уақытша айырмалардың жиынтық шамасын;

б) оларға қатысты кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер танылмаған гудвилді бастапқы тануға байланысты уақытша айырмалардың жиынтық шамасын.

29. Гиперинфляциялық экономика жағдайындағы қаржылық есептілік § 256. Қолданылуы

557. Елдің экономикалық ортасының белгілі бір сипаттамалары гиперинфляцияның белгісі болып табылады. Егер инфляцияның кумулятивтік көрсеткіші үш жылға жақындаса немесе 100 %-дан асса, экономика гиперинфляциялық болып табылады.

558. Функционалдық валютасы гиперинфляциялық экономиканың валютасы болып табылатын субъект осы Стандартқа сәйкес қаржылық есептерді дайындау және беру кезінде "Гиперинфляциялық экономика жағдайындағы қаржылық есептілік" ХҚЕС (IAS) 29-ды қолдануға тиіс.

559. Қысқаша, ХҚЕС (IAS) 29 "Гиперинфляциялық экономикалық шарттарындағы қаржылық есептілік" гиперинфляциялық экономиканың валютасы болып табылатын ұйымның қаржылық есептері есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылған валютада берілуін талап етеді. Алдыңғы кезеңдер үшін тиісті көрсеткіштер және неғұрлым ерте кезеңдерге қатысты кез келген ақпарат сондай-ақ есепті кезеңнің соңында қолданылатын өлшем бірліктерінде берілуге тиіс. Таза монетарлық ұстаным бойынша кіріс немесе залал пайданың немесе залалдың құрамына енгізілуге және жеке ашылуға тиіс.

30. Шетел валютасындағы операцияларды ауыстыру \$ 257. Қолданылуы

560. Субъект шетелдік операцияларды екі тәсілмен жүргізе алады. Ол операцияларды шетелдік валютада жүргізе алады немесе қызметті шетелде жүзеге асыра алады. Бұдан басқа, субъект өзінің қаржылық есептерін шетелдік валютада ұсынуы мүмкін. Осы бөлім субъектінің қаржылық есептерінде шетелдік валютадағы операцияларды және шетелдік қызмет шеңберінде жүзеге асырылатын операцияларды көрсету тәсіліне, қаржылық есептерді ұсынылған валютаға ауыстыру тәсіліне нұсқама береді. Шетелдік валютада көрсетілген қаржы аспаптарын есепке алу және шетелдік валютадағы баптарды хеджирлеу операцияларын есепке алу осы Стандарттың 11-бөлімінде қаралады.

\$ 258. Функционалдық валюта

561. Әрбір субъект өзінің функционалдық валютасын белгілеуге тиіс. Функционалдық валюта - субъект жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның валютасы.

562. Қазақстан Республикасында теңге функционалдық валюта болып табылады.

259. Шетелдік валютадағы операцияларды функционалдық валютада көрсету

563. Шетелдік валютадағы операция - ол кезде субъект:

1) бағасы шетелдік валютада көрсетілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алатын немесе сататын;

2) ол бойынша төленуге немесе алынуға тиіс сома шетелдік валютада көрсетілген қарыздарды ұсынатын немесе алатын; немесе

3) қандай да бір өзге түрде активтерді сатып алатын немесе сататын, өзіне шетелдік валютада көрсетілген міндеттемелерді алатын немесе өтейтін операцияны қоса алғанда, ол бойынша түпкі есептеме шетелдік валютада көрсетілген немесе жүргізілуі тиіс валюта.

564. Шетелдік валютада бастапқы тану кезінде субъект шетелдік валютадағы сомаға операция күніндегі функционалдық валюта мен шетелдік валюта арасындағы спот-бағамды қолдану жолымен операцияны ескеруге тиіс.

565. Операция күні - операция осы Стандартқа сәйкес тану өлшемдерін алғаш рет қанағаттандыратын күн. Практикалық тұрғыдан негізге ала отырып, операция күніндегі іс жүзіндегі бағамның жуық мәні болып табылатын бағам жиі қолданылады, мысалы, бір аптадағы немесе бір айдағы орташа бағам осы кезең ішінде жасалған әрбір шетелдік валютадағы барлық операциялар үшін пайдаланылуы мүмкін. Алайда валюта айырбастау бағамының едәуір ауытқуы кезінде кезең үшін орташа бағамды пайдалануға жол берілмейді.

§ 260. Кейінгі есепті кезеңдердің соңындағы есептілік

566. Әрбір есепті кезеңнің соңында субъект:

1) жабу бағамын пайдалана отырып, шетелдік валютадағы монетарлық баптарды аударуға;

2) операция күніндегі валюта айырбастау бағамын пайдалана отырып, шетелдік валютада тарихи құн бойынша өлшенетін монетарлық баптарды аударуға; және

3) әділ құнды анықтайтын күнгі валюта айырбастау бағамын пайдалана отырып, шетелдік валютада әділ құн бойынша өлшенетін монетарлық баптарды аударуға тиіс.

567. Субъект монетарлық баптар бойынша түпкі есеп айырысу кезінде немесе кезең ішінде немесе алдыңғы қаржылық есептерде осы Стандарттың 570-тармағында сипатталған жағдайды қоспағанда, олар туындайтын кезеңде пайданың немесе залалдың құрамында бастапқы тану кезінде олар аударылғандардан айырмашылығы бар бағамдар бойынша монетарлық баптарды аудару кезінде туындайтын бағамдық айырмаларды тануға тиіс.

568. Монетарлық емес баптан түсетін кіріс немесе болатын залал капиталда тікелей танылатын кезде субъект валюта бағамының тікелей капиталда өзгеруіне

байланысты осындай кірістің немесе залалдың кез келген компонентін таниды. Керісінше, егер монетарлық емес түсетін кіріс немесе залал пайданың немесе залалдың құрамында танылатын болса, субъект валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты осындай пайданың немесе залалдың кез келген компонентін пайданың немесе залалдың құрамында таниды.

§ 261. Шетелдік қызметке алынатын инвестициялардың таза сомасы

569. Субъектіде шетелдік қызметтен алуға немесе төленуге тиіс монетарлық бап болуы мүмкін. Таяу болашақта ол бойынша түпкі есеп айырысу жоспарланбайтын немесе ықтималдығы төмен бап, шындығында, субъектінің осы шетелдік қызметке инвестициясының таза сомасының бір бөлігі болып табылады және осы Стандарттың 570-тармағына сәйкес есепке алынады. Осындай монетарлық баптар ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті немесе қарыздарды қамтуы мүмкін. Олар сауда дебиторлық берешегін немесе сауда кредиторлық берешегін қамтымайды.

570. Есеп беріп отырған субъектінің шетелдік қызметке салатын инвестициясының таза сомасының бір бөлігін құрайтын монетарлық бап бойынша туындайтын бағамдық айырмалар есеп беріп отырған субъектінің жеке қаржылық есептерінде немесе шетелдік қызметтің жеке қаржылық есептерінде пайданың немесе залалдың құрамында танылуға тиіс. Шетелдік қызметті қамтитын және есеп беріп отырған субъектінің қаржылық есептерінде (мысалы, шетелдік қызмет еншілес ұйым болып табылатын жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептерде) осындай бағамдық айырмалар бастапқыда капиталдың жеке компонентінде танылуға және осы Стандарттың 581-тармағына сәйкес инвестицияның таза сомасы істен шыққан кезде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілуге тиіс.

§ 262. Шетелдік валюта бағамының өзгеруі

571. Субъект шетелдік валютаның бағамы өзгерген жағдайда осы өзгерістің күнінен бастап аудару рәсімдерін қолдану қажет.

572. Субъектінің функционалдық валютасы субъектіге жататын негіз құраушы операцияларды, оқиғалар мен жағдайларды көрсетеді. Тиісінше, функционалдық валюта белгіленгеннен кейін ол осы негіз құраушы операцияларды, оқиғалар мен жағдайлардың өзгеруі шартымен ғана өзгертілуі мүмкін. Мысалы, негізінен, тауарлар мен қызметтердің сату бағасына әсер ететін валютаның өзгеруі субъектінің функционалдық валютасының өзгеруіне әкелуі мүмкін.

573. Шетелдік валюта бағамының өзгеру әсері перспективалы түрде ескеріледі. Басқа сөзбен айтқанда, субъект өзгерген күнгі валютаның айырбас бағамын пайдалана отырып, барлық баптарды жаңа функционалдық валютаға ауыстырады. Алынған, осылайша монетарлық баптардың ауыстырылған сомасы олардың тарихи құны ретінде қаралады. Бұрын осы Стандарттың 570-тармағына сәйкес капиталда жіктелген, шетелдік қызметті ауыстырудан туындайтын бағамдық айырмалар осы қызмет істен шыққанға дейін пайданың немесе залалдың құрамында танылмауға тиіс.

§ 263. Функционалдық валютадан айырмашылығы бар ұсынатын валютаның пайдаланылуы

574. Егер есептілік валютасының субъектінің функционалдық валютасынан айырмашылығы болса, онда ол өз қызметінің нәтижелерін және қаржылық жағдайын есептілік валютасына ауыстыруға тиіс. Мысалы, егер топ әр түрлі функционалдық валюталары бар жекелеген ұйымдарды қамтитын болса, онда әрбір ұйымның қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайы шоғырландырылған қаржылық есептерді ұсыну үшін жалпы валютада көрсетіледі.

575. Функционалдық валютасы гиперинфляциялық экономика болып табылмайтын субъект мынадай рәсімдерді пайдалана отырып, қызметтің нәтижелері мен қаржылық жағдайын басқа есептілік валютасына ауыстыра алады :

1) әрбір ұсынылған баланстағы актив пен міндеттемелер (яғни салыстырма соманы қоса алғанда) тиісті баланс күні жабу бағамы бойынша ауыстырылуға тиіс ;

2) пайда мен залал туралы әрбір есептегі кірістер мен шығыстар (яғни салыстырма соманы қоса алғанда) операцияларды жасау күнгі валютаның айырбас бағамдары бойынша ауыстырылуға тиіс; және

3) барлық туындайтын бағамдық айырмалар капиталдың жеке компоненті ретінде танылуға тиіс.

576. Практикалық тұрғыдан алғанда, субъект операция күнгі валютаның айырбас бағамдарына шамамен тең бағамдарды, мысалы, кірістер мен шығыстардың баптарын ауыстыру үшін кезең үшін орташа бағамды пайдалануы мүмкін. Алайда валютаның айырбас бағамдарында едәуір ауытқулар болған кезде кезең үшін орташа бағамды пайдалануға жол берілмейді.

577. Осы Стандарттың 575-тармағында айтылған бағамдық айырмалар мыналардың нәтижесінде туындайды :

1) кірістер мен шығыстарды операция күнгі валютаның айырбас бағамдары

бойынша, ал активтер мен міндеттемелерді жабу бағамы бойынша ауыстыру. Осындай бағамдық айырмалар пайданың немесе залалдың құрамында танылған кірістер мен шығыстардың баптары бойынша да, капиталда тікелей танылатын баптар бойынша да туындайды;

2) алдыңғы жабу бағамынан айырмашылығы бар жабу бағамы бойынша кезеңнің басындағы таза активтерді ауыстыру.

Бағамдық айырмалар шоғырландырылған шетелдік қызметке жататын, бірақ толық меншікте емес болса, ауыстырудан туындайтын және азшылық үлесіне жататын жинақталған бағамдық айырмалар азшылық үлесіне жатады және шоғырландырылған баланста оның бір бөлігі ретінде танылады.

578. Функционалдық валютасы гиперинфляциялық экономика болып табылмайтын субъект қызметтің нәтижелері мен қаржылық жағдайды ХҚЕС IAS "Валюталардың айырбас бағамы өзгеруінің әсері" 21-ге сәйкес басқа есептілік валютасына ауыстыруға тиіс.

§ 264. Шетелдік қызметті инвестор ұсынатын валютаға ауыстыру

579. Шетелдік қызметтің қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайын есеп беріп отырған субъектінің қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына қосу осы Стандарттың 9 және 14-бөлімдеріне сәйкес еншілес кәсіпорынның топшілік қалдықтарын және топшілік операцияларын алып тастау ретінде шоғырландырудың қарапайым рәсімдеріне сәйкес орындалуға тиіс. Алайда қысқа мерзімді сондай-ақ ұзақ мерзімді топшілік монетарлық актив (немесе міндеттеме) шоғырландырылған қаржылық есептердегі валютаның айырбас бағамы ауытқуларының әсерін көрсетпестен, тиісті топшілік міндеттемеге (немесе активке) қарсы есепке алына алмайды. Бұл монетарлық бап бір валютаны екіншісіне ауыстыру жөніндегі міндеттемені білдіретінімен және есеп беріп отырған субъектіні валютаның айырбас бағамының ауытқуы нәтижесінде кірістің немесе залалдың туындау тәуекеліне ұшырататынымен түсіндіріледі. Тиісінше, есеп беріп отырған субъектінің шоғырландырылған қаржылық есептеріндегі осындай бағамдық айырма әлі де пайданың немесе залалдың құрамында танылады, егер ол осы Стандарттың 570-тармағында айтылған жағдайларда туындайтын болса, шетелдік қызметтің істен шығу сәтіне дейін оны субъект капиталда көрсетуге тиіс.

580. Шетелдік қызметті сатып алу және осы шетелдік қызметті сатып алу кезінде туындайтын оның активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнын оларды әділ құн бойынша көрсету мақсатында түзету кезінде туындайтын гудвилл шетелдік қызметтің активтері мен міндеттемелері ретінде ескерілуге тиіс. Осылайша, олар шетелдік қызметтің функционалдық валютасында көрсетілуге

және осы Стандарттың 575-тармағына сәйкес жабу бағамы бойынша ауыстырылуға тиіс.

§ 265. Шетелдік қызметтің істен шығуы

581. Шетелдік қызмет істен шыққан кезде осы шетелдік қызметке жататын капиталдың жеке компонентінде кейінге қалдырылған бағамдық айырмалардың жинақталған сомасы істен шығудан түсетін кіріс немесе залал танылатын сәтте залалдың немесе залалдың құрамында танылуға тиіс.

§ 266. Ақпаратты ашу

582. Осы Стандарттың 584 және 586-тармақтарындағы функционалдық валютаға сілтемелер топ жағдайында бас ұйымның функционалдық валютасына жатады.

583. Субъект мынаны ашуға тиіс:

1) осы Стандарттың 11-бөліміне сәйкес пайданың немесе залалдың құрамында әділ құн бойынша өлшенген қаржылық аспаптар бойынша туындайтындарды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында танылған бағамдық айырмалар сомасын; және

2) капиталдың жеке компонентінде жіктелетін таза бағамдық айырмаларды және кезеңнің басы мен соңындағы осы бағамдық айырмалардың сомасын мұқият тексеруді.

584. Субъект қаржылық есептер ұсынылатын валюта туралы ақпаратты ашуға тиіс. Егер есептілік валютасының функционалдық валютадан айырмашылығы болса, субъект осы фактіні функционалдық валюта туралы ақпаратты аша отырып көрсетуі қажет.

585. Есеп беріп отырған субъектінің немесе субъектінің едәуір шетелдік қызметінің функционалдық валютасы өзгерген жағдайда осы фактіні және функционалдық валютаның өзгеру себебін ашу қажет.

586. Субъект қосымша қаржылық ақпаратты оның функционалдық валютасынан да, оның ұсынатын валютасынан да айырмашылығы бар валютада ұсынған кезде субъект:

1) осы Стандарттың талаптарына жауап беретін оның ақпаратынан айыру үшін осы ақпаратты қосымша ретінде анық белгілеуге;

2) қосымша ақпарат келтірілетін валютаны ашуға; және

3) субъектінің функционалдық валютасын және қосымша ақпаратты анықтау үшін пайдаланылған ауыстыру әдісін ашуға тиіс.

31. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар § 267. Анықтама

587. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар - бұл есепті кезеңнің аяқталуы мен қаржылық есептерді шығаруға бекіту күні арасындағы кезеңде болатын қолайлы да, қолайсыз да оқиғалар. Осындай оқиғалар екі типке бөлінеді :

- 1) есепті кезеңнің аяғында болған жағдайларды растайтын оқиғалар (есепті кезең аяқталғаннан кейінгі түзетуші оқиғалар); және
- 2) есепті кезең аяқталғаннан кейін туындаған жағдайлар туралы куәландыратын оқиғалар (есепті кезең аяқталғаннан кейінгі түзетпейтін оқиғалар).

588. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғаларға, егер олар субъектінің пайдасы туралы деректерді немесе басқа кез келген қаржылық ақпаратты жариялағаннан кейін болған болса да, қаржылық есептерді шығаруға бекіту күніне дейін барлық оқиғалар жатады.

§ 268. Есепті кезең аяқтағаннан кейінгі түзетуші оқиғалар

589. Субъект есепті кезең аяқталғаннан кейінгі түзетуші оқиғаларды көрсету үшін тиісті ашуды қоса алғанда, қаржылық есептерде танылған соманы түзетуге тиіс.

590. Төменде субъект қаржылық есептерде танылған соманы түзету жолымен немесе бұрын танылмаған баптарды тану жолымен ескеруге тиіс есепті кезең аяқталғаннан кейінгі түзетуші оқиғаларға мысалдар келтірілген:

1) субъектіде есепті кезеңнің соңында бар міндеттеменің болу фактісі расталған есепті кезең аяқталғаннан кейін болған сот дауын реттеу. Субъект осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес осы сот дауы жататын бұрын танылған бағалау міндеттемесін түзетеді немесе жаңа бағалау міндеттемесін таниды. Субъектінің шартты міндеттемені ғана тануы жеткіліксіз, өйткені реттеу осы Стандарттың 20-бөліміне сәйкес қаралатын қосымша дәлелдерді береді;

2) ақпаратты есепті кезеңнің соңында болған активтің құнсыздануы туралы немесе осы активтің құнсыздануынан болған бұрын танылған залалды түзету қажеттілігі туралы куәландыратын есепті кезең аяқталғаннан кейін алу. Мысалы:

сатып алушының есепті күннен кейін болған банкроттығы, әдетте, есепті күні сауда дебиторлық берешегі бойынша залалдың болғанын растайды әрі сауда дебиторлық берешегінің баланстық құнын түзетуі қажет; және қорларды есепті кезең аяқталғаннан кейін жүргізілген сату есепті кезеңнің соңындағы олардың сатылу бағасы туралы куәлік ете алады;

3) есепті кезең аяқталғаннан кейін есепті кезең аяқталғанға дейін сатып алынған активтердің өзіндік құнын немесе есепті кезең аяқталғанға дейін сатылған активтерді сатудан түскен түсімдерді анықтау;

4) егер есепті кезеңнің соңында субъектіде заңдық міндеттеме немесе осындай төлемдерді практикадан туындайтын, осы күнге дейін болған оқиғаларға байланысты жүргізу міндеттемесі болған болса, есепті кезең аяқталғаннан кейін пайдаға немесе сыйлық беруге қатысу жоспарлары бойынша төлемдердің сомасын анықтау;

5) қаржылық есептердің дұрыс еместігін растайтын алаяқтық фактілері мен қателіктерді анықтау.

§ 269. Есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін жағдайлар

591. Субъект есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін жағдайларды көрсету үшін қаржылық есептер болып танып, қабылданған сомаларды түзетуге тиісті емес.

592. Есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін жағдайлардың үлгісі болып есепті кезеңнің аяқталуы мен қаржылық есептерді шығаруға бекіту күні арасындағы кезеңде инвестициялар құнының төмендеуі болып табылады. Нарықтық құнның түсуі әдетте есепті кезеңнің соңындағы инвестицияның жағдайымен байланысты болмайды, алдағы уақытта туындайтын міндеттемелерді көрсетеді. Сондықтан субъект мұндай инвестицияларға қатысты қаржылық есептерде танып, қабылданған сомаларды түзетпейді. Осыған ұқсас жағдайда субъект осы Стандарттың 595-тармағына сәйкес оған қосымша ашуды беру мүмкіндігі болса да бұл инвестициялар бойынша есепті кезеңнің соңындағы ашу сомаларын түзетпейді.

§ 270. Дивидендтер

593. Егер субъект есепті кезең аяқталғаннан кейін үлестік құралдардың иелеріне дивидендтерді жарияласа, онда ол есепті кезеңнің соңындағы міндеттеме ретінде бұл дивидендтерді танып, қабылдауы тиіс.

§ 271. Ақпаратты ашу

594. Субъект қаржылық есепті шығаруға бекіту күнін және қаржылық есепті шығаруға бекіткен лауазымды тұлғаны (орган) ашады. Егер ұйым иелері немесе басқа тұлғалар қаржылық есептер шыққаннан кейін оған түзетулер енгізуге құқылы болған жағдайда, субъект бұл фактіні ашқаны жөн.

595. Субъект есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін жағдайлардың әрбір санаты бойынша мынадай ақпаратты ашады.

- 1) жағдайдың сипаты; және
- 2) оның қаржылық салдарын бағалауды немесе мұндай бағалаудың мүмкін еместігі туралы өтініш.

596. Төменде есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін жағдайлардың үлгілері берілген, бұлар бойынша әдетте ашу талап етіледі:

- 1) ірі бизнес бірлестігі немесе ірі еншілес ұйымның шығуы;
- 2) қызметін тоқтату жөніндегі жоспарды жариялау;
- 3) осы Стандарттың 16-бөліміне сәйкес активтерді қомақты көлемде сатып алу, сатуға арналған активтерді жіктеу, активтердің басқа да шығуы немесе активтердің басым бөлігін мемлекеттің экспроприациялауы;
- 4) өрттің нәтижесінде субъектінің ірі өндірістік қуаттарының жойылуы;
- 5) ірі ауқымды қайта құрылымдау туралы хабарландыру немесе оны іске асырудың басталуы;
- 6) әдеттегі акциялармен ірі операциялар және ықтимал әдеттегі акциялармен операциялар;
- 7) активтер құны мен валюта айырбастау курстарының әдеттен тыс үлкен өзгерістері;
- 8) қабылданған және жарияланған, ағымдағы және кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерге елеулі әсер ететін салық ставкаларының немесе салық заңнамаларының өзгеруі;
- 9) елеулі міндеттемелерді немесе шартты міндеттемелерді, мысалы елеулі кепілдіктерді беру кезінде қабылдау;
- 10) есепті кезең аяқталғаннан кейін болған ерекше жағдайларға байланысты ірі сот тексерулерінің басталуы.

32. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу § 272. Негізгі талаптар

597. Осы бөлім субъектінің байланысты тараптардың болуы, өтелмеген сальдо және мұндай тараптармен операциялар қаржылық жағдайға және пайда мен залалға әсерін тигізу мүмкіндігіне назар аудару үшін қажетті ақпараттарды ашуды өзінің қаржылық есептеріне енгізуін талап етеді.

598. Байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың болуы мүмкін әрбір жағдайын қарау кезінде оларды заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастың мәніне де назар аудару қажет.

599. Тарап мынадай жағдайда ұйыммен байланысты болып табылады:

- 1) тарап бір немесе одан көп делдалдар арқылы тікелей немесе жанама түрде: ұйымды бақылағанда, оның бақылауында болғанда немесе онымен ортақ

бақылауда болғанда (бұл бас ұйымды, еншілес ұйымдарды және бір бас ұйымның еншілес ұйымдарын қамтиды);

ұйымға едәуір әсер ете алатын ұйымға қатысу үлесі болғанда;
ұйымға бірлескен бақылау жасағанда;

2) тарап ХҚЕС (IAS) "Инвестицияларды қауымдасқан ұйымдарға есепке алу" 28-ге сәйкес қауымдасқан ұйым болып табылғанда;

3) тарап бірлескен қызметті жүзеге асырады, онда ұйым ХҚЕС (IAS) "Бірлескен қызметке қатысу" 31-ге сәйкес қатысушы болып табылады.

4) тарап ұйымның немесе оның бас ұйымының жоғарғы буыны басқару персоналының құрамына кіреді;

5) тарап осы тармақтың 1) немесе 4) тармақшаларында санамаланған адамдар отбасының жақын мүшесі болғанда;

6) тарап онымен бақыланатын, онымен ортақ бақылауда болатын немесе оның едәуір ықпалында болатын ұйым болып табылғанда немесе егер осындай ұйымдағы дауыстардың едәуір саны тікелей немесе жанама түрде осы тармақтың

4) немесе 5) тармақшаларында санамаланған адамдардың кез келгеніне тиесілі болғанда; немесе 7) тарап ұйымның қызметкерлеріне немесе осы ұйымға қатысты байланысты тарап болып табылатын кез келген ұйымның қызметкерлеріне арналған еңбек қызметі аяқталғаннан кейін сыйақылар жоспары болып табылғанда.

600. Осы Стандарттың мән мәтінінде мыналарды:

1) ортақ бір директоры немесе жоғары буынның басқарушы қызметкерлерінің өзге мүшесі болған кезде ғана екі ұйымды;

2) бірлескен қызметті бірлесіп бақылағаны үшін ғана бірлескен қызметтің екі қ а т ы с у ш ы с ы н ;

3) мынадай тараптармен:

қаржы ресурстарын ұсынатын тараптармен;
к ә с і п о д а қ т а р м е н ;

коммуналдық қызметтермен; және
мемлекеттік мекемелермен және ведомстволармен;

осы экономикалық тәуелділік нәтижесінде туындайтын негізде ғана көлемі бойынша ұйым елеулі мәмілелер жасайтын клиентпен, өнім берушімен, франшизодательмен, дистрибьютормен немесе бас агентпен олардың ұйыммен жасасқан әдеттегі мәмілелерінің негізінде ғана (олар ұйымның іс-қимыл бостандығына ықпал етуі немесе ұйымның шешім қабылдау процесіне қатысуы мүмкін болса да) байланысты тараптар деп есептеу міндетті емес.

§ 273. Қарым-қатынастар туралы ақпаратты ашу

601. Негізгі және еншілес ұйымдар арасындағы қарым-қатынас туралы ақпарат бұл байланысты тараптармен операция жүргізілгеніне қарамастан, ашылады. Ұйым, егер бақылаудың негізгі құқығын иеленген негізгі ұйым болып табылмаса, өзінің негізгі ұйымы мен өзге ұйымның атауын ашуы тиіс. Егер негізгі ұйым немесе бақылаудың негізгі құқығын иеленген тарап пайдаланушылардың ауқымды ортасына арналған қаржылық есебін бермесе, онда мұндай есепті берген негізгі ұйымның атауын да ашады.

§ 274. Жоғары буынның басқарушы қызметкерлерінің өтемақылары туралы ақпаратты ашу

602. Жоғары буынның басқарушы қызметкерлері - осы субъектінің директорларын қоса алғанда, тікелей және жанама құзыреттері бар және субъектінің қызметін жоспарлауға, басқаруға және бақылауға жауапты адамдар. Өтемақы акцияларға негізделген төлемдер нысанында қызметкерлерге берілетін сыйлықақыларды қоса алғанда, осы Стандарттың 27-бөліміне сәйкес қызметкерлерге берілетін сыйлықақылардың барлық түрін қамтиды. Қызметкерлерге марапаттау - бұл төленетін, төленуі тиіс немесе субъект не субъектінің атынан (мысалы, оның негізгі ұйымы немесе акционері) субъект көрсеткен қызметтің орнына берілетін өтемдердің барлық түрлері. Олар негізгі ұйымның атынан ұйымға қатысты төленетін өтемдерді де қамтиды.

603. Субъект жоғары буынның басқарушы қызметкерлеріне берілетін өтемақы туралы ақпаратты жиынтық түрде және мынадай санаттар бойынша ашуы тиіс:

- 1) қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімдік сыйлықақылар;
- 2) еңбек жолы аяқтағаннан кейін берілетін сыйлықақылар;
- 3) қызметкерлерге берілетін басқа да ұзақ мерзімдік сыйлықақылар;
- 4) шығу жәрдемақысы; және
- 5) акцияларға негізделген төлемдер.

§ 275. Байланысты тараптар арасындағы операциялар туралы ақпаратты ашу

604. Байланысты тараптар арасындағы операциялар - төлемдердің жүргізілу, жүргізілмеуіне қарамастан, байланысты тараптар арасында ресурстарды, қызметтерді немесе міндеттемелерді беру. Байланысты тараптар арасындағы операциялардың үлгілері мыналарды қамтиды және бұлармен шектелмейді:

- 1) субъектілер мен оның негізгі иесі (иелері) арасындағы операциялар;
- 2) екі субъект арасындағы операциялар операция жүргізу барысында екі ұйым да бір ұйымның не тұлғаның бақылауында болған екі субъект арасындағы

о п е р а ц и я л а р .

3) операция жүргізу барысында есеп беретін субъектіні бақылаушы субъект не тұлға олай болмаған жағдайда есеп беруші субъект өтейтін шығыстарды тікелей көтереді.

605. Егер байланысты тараптар арасындағы операциялар болса, онда субъект байланысты тараптармен қарым-қатынастардың сипаты туралы ақпаратты да, сол операциялар және мұндай қарым-қатынастардың қаржылық есептерге тигізетін ықтимал әсерін түсіну үшін қажетті өтелмеген сальдо туралы ақпаратты да ашуы тиіс. Ақпаратты ашуға қойылатын бұл талаптарды 33.6-тармақта жоғары буынның басқарушы қызметкерлерінің өтемақылары туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар толықтырады. Ақпаратты ашу кемінде мыналарды:

1) операциялардың сомаларын;

2) өтелмеген сальдо сомаларын және:

олардың қамтамасыз етілген болып табылатыны туралы ақпаратты қоса алғанда, олар бойынша шарттар және өтеу бойынша түпкілікті есеп айырысу кезінде төленуі тиіс өтемнің сипаты; және

алынған немесе ұсынылған кепілдемелердің нақты сипаты;

3) өтелмеген сальдоға жататын күмәнді қарыздар жөніндегі бағалау міндеттемелерін; және

4) ағымдағы кезеңде байланысты тараптардан есептелетін үмітсіз және күмәнді қарыздарға қатысты танып, қабылданған шығыстарды қамтуы тиіс.

606. Субъект осы Стандарттың 605-тармағына сәйкес мынадай санаттардың әрқайсысы бойынша бөлек ақпарат ашады:

1) негізгі ұйым;

2) бірлесіп бақыланатын немесе субъектіге елеулі әсері бар ұйым;

3) еншілес ұйым;

4) қауымдасқан ұйым;

5) аталған субъект қатысушысы болып табылатын бірлесіп қызмет ететін ұйым;

6) субъектінің немесе оның негізгі ұйымының жоғары буынының басқарушы қызметкерлері (жиынтық шама); және

7) басқа да байланысты тараптар.

607. Төменде, егер байланысты тарап операцияға қатысса, ол бойынша ақпарат ашылатын операциялардың үлгілері берілген:

1) (дайын немесе аяқталмаған) өнімді сатып алу немесе сату;

2) мүлік пен басқа да активтерді сатып алу немесе сату;

3) қызметтерді көрсету немесе оларды алу;

4) жалға алу;

5) зерттеулер мен әзірлемелерді беру;

6) лицензиялық келісімдер бойынша беру;
7) қаржылық келісімдер бойынша беру (оның ішінде ақшалай немесе табиғи нысанда капиталға салынған кредиттер және жарналар).

8) кепілдіктер мен кепілзатты ұсыну;
субъектінің атынан немесе басқа тараптың атынан субъектінің міндеттемелерді өтеуі; және
топ ұйымдары арасындағы қауіп-қатерді бөлу жүргізілетін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарында негізгі немесе еншілес ұйымға қатысу;

608. Субъект байланысты тараптармен жүргізілген операция тәуелсіз тараптар арасындағы операциялар үшін бар ұқсас шарттар, егер мұндай шарттардың негізделуі мүмкін болмаса, жағдайында өткені туралы мәлімдемеуі тиіс.

609. Субъект байланысты тараптар арасындағы операциялар субъектінің қаржылық есептеріне әсерін түсіну үшін қажетті ақпаратты бөлек ашқан жағдайды қоспағанда, жиынтықтағы сипаты бойынша ұқсас құжатты аша алады.

33. Мамандандырылған салалар § 276. Ауыл шаруашылығы

610. Осы Стандартты қолданушы және ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын субъект өзінің биологиялық активтері үшін шамадан тыс шығынсыз мен күш салмай оның әділ құнын анықтаудың мүмкіндігін бағалайды:

1) субъект әділ құнын шамадан тыс шығынсыз мен күш салмай анықталуы мүмкін биологиялық активтерді есепке алу үшін 10-29 ХҚЕС (IAS) "Ауыл шаруашылығы" 41-ге сәйкес әділ құны бойынша есепке алу моделін пайдалануы, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 41 талап ететін барлық тиісті ашуларды ұсынуы тиіс.

2) субъект әділ құнын шамадан тыс шығынсыз мен күш салмай анықталуы мүмкін емес биологиялық активтерді жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, өзіндік құны бойынша өлшеуі тиіс. Мұндай биологиялық активтерге қатысты субъект м ы н а д а й :

биологиялық активтердің сипаттау;
әділ құнын жеткілікті сенімділік дәрежесінде өлшеу мүмкін болмағанын с е б е п т е р і н тү с і н д і р у ;
мүмкіндікке қарай, ең алдымен, ішінде әділ құны жатқан бағалау диапазоны;
амортизацияны есептеудің пайдаланылатын әдісі; және
пайдалы мақсатта қолданудың мерзімдері немесе амортизациялық есептеу н о р м а л а р ы ; және
кезеңнің басы мен соңында жиынтық баланстық құны және жинақталған

амортизацияны (құнсызданудан жинақталған шығындармен бірге) ақпаратты
а ш у ы т и і с .

Субъект егінді жинау кезінде сатуға жұмсалатын шығынды шегере отырып, биологиялық активтерден жиналған ауыл шаруашылығы өнімдерін әділ құны бойынша өлшеуі тиіс. Мұндай көрсеткіш осы Стандарттың 12-бөлімін немесе басқа бөлімдерін қолдану кезінде сол күнгі өзіндік құны болып табылады.

§ 277. Өндіруші сала

611. Осы Стандартты қолданатын және пайдалы қазбаларды барлаумен, артық қорларын бағалаумен немесе өндірумен айналысатын субъект барлау жүргізілген уақыттағы шығыс ретінде жұмсалған шығындарды сезінуі тиіс. Пайдалы қазбаларды өндіру қызметінде пайдалануға арналған материалдық және материалдық емес активтерді сатып алуға немесе әзірлеуге жұмсалатын шығындарды есепке алу кезінде субъект тиісінше "осы Стандарттың 16 және 17-бөлімдерін пайдалануы қажет. Егер субъектіде объектіні қайта жөндеуге не жоюға немесе учаскені қалпына келтіруге міндеттеме болса, мұндай міндеттемелер мен шығындар осы Стандарттың 16 және 20-бөлімдеріне сәйкес ескеріледі.

34. Тоқтатылған қызмет және сатуға арналған активтер § 278.

Тоқтатылған қызмет

612. Тоқтатылған қызмет субъектінің не шығып кеткен не сату үшін жіктелетін құрамдас бөлігі болып табылады, және

1) қызметтің жеке белгілі бір түрін немесе қызметті жүргізудің географиялық ауданын білдіреді;

2) қызметтің жеке белгілі бір түрінің немесе қызметті жүргізудің географиялық ауданының бірыңғай үйлестірілген шығу жоспарының бөлігі болып табылады немесе

3) кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес кәсіпорын болып табылады.

§ 279. Ақпаратты ұсыну және ашу

613. Субъект:

1) мыналардан:

тоқтатылған қызметтен түскен салықтардан кейінгі пайда мен залалдардан және сату немесе активтердің не активтер тобының (топтарының) шығындарын

шегерудің әділ құны мен тоқтатылған қызметке жататын міндеттемелер бойынша өлшеу кезінде танып, қабылданған салықтардан кейінгі басқа да табыстардан немесе зияндардан жинақталатын пайда мен залал туралы есептегі бірыңғай соманы ;

2) мыналарға :

кірістерге, шығыстар мен салыққа дейінгі пайдаға немесе тоқтатылған қызметтің пайдасына салынған салық бойынша зияндар мен шығындарға;

сату немесе активтердің не активтер тобының (топтарының) шығындарын шегерудің әділ құны мен тоқтатылған қызметке жататын міндеттемелер бойынша өлшеу кезінде танып, қабылданған салықтардан кейінгі басқа да табыстарға немесе зияндарға және пайдаға салынатын салықтар бойынша тиісті шығыстарға осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген бірыңғай соманың айырмасын ашуы тиіс .

Құрайтын айырма ескертпеде немесе пайда немесе зиян туралы есептің өзінде берілуі мүмкін. Егер айырма пайда немесе зиян туралы есептің өзінде берілсе, онда ол тоқтатылған қызметке жататын бөлімде, яғни жүргізілетін қызметтен бөлек болуы тиіс .

3) операциялық және инвестициялық қызметке, сондай-ақ тоқтатылған қызметті қаржыландыру жөніндегі қызметке жататын ақша қаражатының таза ағынын ашуы тиіс. Мұндай ашулар ескертпеде немесе қаржылық есептің өзінде берілуі мүмкін.

614. Егер соңғы ұсынылатын кезең үшін нақты жүзеге асырылмайтын болса, субъект ашылатын ақпарат есепті кезеңнің соңында тоқтатылатын барлық қызметке қатысты болуы үшін ұсынылған қаржылық есептердегі алдыңғы кезеңдерге қатысты алдыңғы тармақта ашылатын ақпаратты қайта есептеуі тиіс.

615. Егер субъект сатуға арналған компонентті жіктеуді тоқтатса, онда субъект тоқтатылған қызмет ретінде бұрын ұсынылған компонент қызметінің нәтижелерін қайта жіктеуі және оларды барлық ұсынылған кезеңдер үшін жүргізіліп жатқан қызметтен түскен пайдаға қосуы тиіс. Алдыңғы кезеңдердегі сомаларға қатысты олардың қайта есептелгені көрсетілуі тиіс.

§ 280. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

616. Субъект, егер оның баланстық құны жүргізіліп жатқан пайдалану арқылы емес, негізінен сату есебінен өтелетін болса, сатуға арналған ретінде ұзақ мерзімді активтерді (негізгі қаражатты, материалдық емес активтер мен еншілес және қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен қызметке инвестицияларды қоса алғанда) жіктейді. Бұл үшін актив шұғыл сатылуы үшін жұмыс істеп тұрған жағдайда және мұндай активтерді сату жалғасатын әдеттегі жағдайларда болуы

тиіс, оны сатудың ықтималдығы жоғары болуы тиіс және субъект оны сатуды сатуға арналған ретіндегі жіктеу сәтінен бастап бір жыл ішінде аяқтауды жоспарлауы тиіс.

617. Субъект сатуға арналған ретіндегі жіктелген ұзақ мерзімді активті (немесе шығуға арналған топты) баланстық құнынан неғұрлым аз шамада және сату шығынын шегергендегі әділ құны бойынша өлшейді.

618. Субъект ұзақ мерзімді активті сатуға арналған ретінде жіктелгенше немесе сатуға арналған ретіндегі жіктелген шығу тобының бөлігі болып тұрғанда амортизациялауға тиісті емес. Сатуға арналған ретіндегі жіктелген шығу тобының міндеттеріне жататын пайыздар мен басқа да шығыстар одан әрі танылуы тиіс.

\$ 281. Ақпаратты ашу

619. Субъект ұзақ мерзімді активтер не сатуға арналған ретіндегі жіктелген, не сатылған кезде мынадай ақпаратты:

- 1) активтің не шығу тобының сипатын;
- 2) сатуға немесе көзделетін шығуға жататын фактілер мен міндеттемелерді және осы шығудың күтілетін тәсілдері мен мерзімдерін сипатын; және
- 3) егер пайда мен залал туралы есепте олар көрсетілсе, танып, қабылданған табыс пен зиянды ашады.

35. Аралық қаржылық есептілік \$ 282. Қолданылуы

620. Осы Стандартқа сәйкес ретінде сипатталатын аралық қаржылық есептілікті шығару кезінде субъект осы Стандарттың 621-тармағында жазылған жағдайларды қоспағанда, ХҚЕС (IAS) 34 "Аралық қаржылық есептілікті" пайдалануы тиіс.

621. Егер субъект әдетте аралық қаржылық есептілікті дайындамай, кейбір жағдайда мұндай қажеттілікке кездесе (мысалы, бизнесті біріктіруге байланысты), ол алдыңғы кезеңдегі салыстырмалы ақпарат ретінде алдыңғы жылдардағы жылдық қаржылық есептерді пайдалана алады, оны беру, егер берілген аралық кезеңде қаржылық есептерді дайындауды жүзеге асыру мүмкін болмаса, ХҚЕС (IAS) "Аралық қаржылық есептілік" 34 немесе осы Стандарттың 59-тармағына сәйкес талап етіледі.

36. ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын субъектілер үшін ХҚЕС-ке көшу \$ 283. Қолданылуы

622. Бұл бөлім осы Стандартты алғаш қолдану субъектілерге, оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының ХҚЕС толық нұсқасын немесе қандай да бір жалпыға бірдей қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттарын, есепке алу негіздері ретінде пайдаланғанына қарамастан, қолданылады. Осы Стандартты алғаш қолданған субъект осы Стандартқа сәйкес тұңғыш дайындалған қаржылық есептер үшін осы бөлімді пайдалануы тиіс.

623. Субъектінің осы Стандартқа сәйкес тұңғыш дайындаған қаржылық есептері - субъектінің алғашқы жылдық қаржылық есептері, онда субъект олардың осы Стандартқа сәйкестігі туралы анық әрі сөзсіз мәлімдеме жасайды. Осы Стандартқа сәйкес тұңғыш дайындалған қаржылық есептер, егер ол:

1) алдыңғы кезеңдердегі қаржылық есептерді бермесе;

2) барлық аспектілерде осы Стандартпен келісілетін бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес алдыңғы кезеңдердегі соңғы қаржылық есептерді берсе;
н е м е с е

3) ХҚЕС-ке сәйкес алдыңғы кезеңдердегі ең соңғы қаржылық есептерді берсе, субъектінің алғашқы жылдық қаржылық есептері болып табылады.

624. Осы Стандарттың 62-тармағы қаржылық есептердің толық жинағының анықтамасын береді.

625. осы Стандарттың 59-тармағы берілген сипаттағы белгілі бір салыстырмалы ақпаратпен қатар, қаржылық есептерде көрінген барлық ақшалай сома бойынша алдыңғы салыстырмалы кезеңге қатысты салыстырмалы ақпаратты ашу үшін қаржылық есептердің толық жинағын беруді талап етеді. Субъект бір алдыңғы кезеңнен асатын салыстырмалы ақпарат бере алады. Сондықтан осы Стандартқа субъектінің көшу күні ерте кезеңнің басы болып табылады, ол үшін субъект осы Стандартқа сәйкес өзінің алғашқы қаржылық есептерінде осы Стандарттың талаптарына сай келетін толық салыстырмалы ақпарат ұсынады.

626. Осы Стандарттың 627-629-тармақтарында жазылған жағдайларды қоспағанда, осы Стандартқа көшу күніне бастапқы баланста (яғни есептілікті берудің ең алғаш кезеңінің басында) субъект:

1) осы Стандартта танып, қабылдау талап етілетін барлық активтер мен міндеттемелерді танып, қабылдауы;

2) егер осы Стандарт бұлай танып, қабылдауға рұқсат етпесе, активтер мен міндеттемелер ретінде құжатты танымауы;

3) осы Стандартқа сәйкес активтің, міндеттеменің немесе капитал компонентінің бір түрі ретінде, бірақ активтің, міндеттеменің немесе капитал компонентінің басқа түрі болып табылатын қаржылық есептілікті дайындаудың

алдыңғы негізіне сәйкес олар таныған құжатты қайта жіктеуі; және
4) танылатын активтер мен міндеттемелердің барлығын өлшеу кезінде осы Стандартты пайдалануы тиіс.

627. Осы Стандартқа сәйкес бастапқы баланс жасау кезінде субъект пайдаланатын есепке алу саясаты қаржылық есепті дайындаудың алдыңғы негізінің шеңберінде пайдаланылған күнге есеп саясатынан өзгеше болуы мүмкін. Тиісті түзетулердегі қажеттілік операциялардың, осы Стандартқа көшу күніне дейінгі жүзеге асырылған басқа да жағдайлардың нәтижесінен туындайды. Сондықтан осы Стандартқа көшу күніне субъект тікелей бөлінбеген пайдадағы түзетулерді (немесе, егер капиталдың өзге санаты болса) көрсетуі тиіс.

628. Осы Стандартты бірінші рет қолданған кезде субъект қаржылық есепті дайындаудың алдыңғы негізінің шеңберінде пайдаланылған есепке алу тәртібін
м ы н а д а й :

1) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді танып, қабылдауды
т о қ т а т у ;

2) хеджирлеуді есепке алу;

3) есеп айырысуды бағалау; және

4) сатуға арналған және тоқтатылған қызмет ретіндегі жіктелген активтері операцияларына қатысты өзгертуі тиіс.

629. Субъект осы Стандартқа сәйкес алғаш дайындалған қаржылық есептер үшін мынадай талаптардан босатуды пайдалана алады:

1) Бизнесі біріктіру. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъект оған көшу күніне дейін болған бизнесті осы Стандарттың 18-бөлімін қолданбауды шеше алады. Алайда, егер осы Стандартты алғаш қолданатын субъект осы Стандарттың 18-бөлімнің талаптарын орындау үшін бизнесті біріктіру жөніндегі деректерді қайта есептесе, ол бизнестің неғұрлым кеш бірігулері жөніндегі деректерді де қайта есептеуі тиіс.

2) Әділ құны немесе өзіндік құны ретіндегі қайта бағаланған құны. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъект оған көшу күніне өзіндік құны ретінде оған көшу күнінде немесе бұрын қайта бағалау нәтижесінде бухгалтерлік есептің алдыңғы стандарттарына сәйкес есептелген негізгі қаражат бабының құнын
п а й д а л а н а а л а д ы .

3) Бір валютадан екіншісіне аударудан түсетін жинақталған айырмалар. Осы Стандарттың 30-бөлімі капиталдың жекелеген компоненті ретінде аударудан түсетін кейбір айырмаларды субъектінің жіктеуін талап етеді және шығу кезінде оларды пайда мен залалының құрамында танып, қабылдайды. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъект осы Стандартқа көшу күніне капиталды аударудан түскен жинақталған айырмаларды танымауды шеше алады.

4) Құрамдасқан қаржылық құралдар. Субъект шығару кезінде міндеттемелер

мен капиталдың жекелеген компоненттеріне құрамдасқан қаржылық құралды бөлуге тиіс. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъектіден, егер көшу күнінде міндеттеме компоненті әлі жүзеге асырылмаса, осы екі компонентті бөлу талап етілмейді.

5) Акцияларға негізделген төлемдер операциясы. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъектінің осы Стандарттың 25-бөлімін осы Стандартқа көшу күніне дейін ұсынылған үлестік құралдарға қолдануын қолдайды, бірақ талап етілмейді.

б) Пайда түсіруге кейінге қалдырылған салық. Осы Стандартты алғаш қолданатын субъектіден салық базасы мен активтердің немесе кейінге қалдырылған салық активтерін не міндеттемелерін танып, қабылдау шамадан тыс шығындар мен күш салумен байланысты болатын баланстық құны арасындағы айырмаға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін не кейінге қалдырылған міндеттемелерді танып, қабылдау талап етілмейді.

630. Егер көшу күніне субъект үшін осы Стандартқа сәйкес бастапқы балансты қайта есептеу анық мүмкін болмаса, ол ерте кезеңнен бастап Стандарттың 626-629-тармақтарын қолдануы тиіс, ол үшін бұл көшу күнін ашу мүмкін болады және алдыңғы кезеңдерге қатысты берілген деректер салыстырмалы болып табылады. Егер субъект үшін осы Стандартта талап етілген қандай да бір ашуларды осы Стандартқа сәйкес субъект бірінші рет қаржылық есептілікті жасайтын кезеңнен бұрынғы кез келген кезеңде беру анық жүзеге асырылмайтын болса, онда бұл ашылмау фактісі ашылуы тиіс.

§ 284. Ақпаратты ашу

631. Субъект қаржылық есептілікті дайындаудың алдыңғы негізінен осы Стандартқа көшу оның қызметтің қаржылық жағдайына, қаржылық нәтижесіне және ақша қаражатының ағынына қалай әсер еткенін түсіндіруі тиіс.

632. Осы Стандарттың 631-тармағының талаптарын орындау үшін субъектінің осы Стандартқа сәйкес алғаш дайындаған қаржылық есептері мыналарды:

1) қаржылық есептілікті дайындаудың алдыңғы негізіне, осы Стандартқа сәйкес танылатын капиталға сәйкес көрінген капиталды мынадай екі күнге: осы Стандартқа көшу күніне; және қаржылық есептілікті дайындаудың алдыңғы негізіне сәйкес дайындалған субъектінің жылдық қаржылық есептерінде берілген ең соңғы кезеңнің аяқталған күніне мұқият тексеруді; және

2) осы Стандартқа сәйкес танылатын ең соңғы кезеңдегі қаржылық есептілікті дайындаудың алдыңғы негізіне сәйкес көрінген субъектінің пайдасы бар және

зияны бар ең соңғы жылдық қаржылық есептерінің пайдасы мен зиянын мұқият тексеруді қамтуы тиіс.

633. Егер субъект қаржылық есептілікті дайындаудың алдыңғы негізін пайдалану кезінде жіберілген қателіктерді білсе, онда осы Стандарттың 632-тармағының 1) және 2) тармақшаларында талап етілетін мұқият тексеруде мұндай қателерді түзету есеп саясатындағы өзгерістерден алшақ болуы тиіс.

634. Егер субъект алдыңғы кезеңдер үшін қаржылық есептерді бермесе, онда бұл факт осы Стандартқа сәйкес дайындалған оның қаржылық есептерінде ашылуы тиіс.

Қ а р ж ы л ы қ е с е п т і л і к т і ң
N 2 ұ л т т ы қ с т а н д а р т ы н а
1-қосымша

Пайыздың тиімді ставкасы

1. Осы Стандартқа 11-бөлімге қоса берілетін, бірақ оның бөлігі болып табылмайтын осы Стандарттың 167-тармағында айтылған кірісті танып және өлшеу жөніндегі талаптарды қолданудың мысалдары берілген.

Кейбір жағдайларда қаржылық активтер қарыз бойынша келтірілген шығынды көрсететін елеулі түрде төмендетілген бағамен сатып алынады. Ұйым мұндай қарыз бойынша келтірілген шығындарды тиімді пайыздық ставкаларды айқындау кезінде ақша қаражатының есеп ағындарына енгізеді.

2. Пайыздың тиімді ставкаларының әдісін қолдану кезінде ұйым барлық сыйлықақыларды, төленген немесе алынған сомаларды, мәмілелер бойынша шығындарды және құралдың болжанған жұмыс істеу кезінде пайыздың тиімді ставкасының есебіне енгізілген басқа да сыйақыларды немесе жеңілдіктерді әдетте амортизациялайды. Алайда егер мерзімге сыйлықақылар, төленген немесе алынған сомалар, мәмілелер бойынша шығындар және сыйақылар немесе жеңілдіктер жатқызылатын болса, онда мейлінше қысқа мерзім қолданылады. Бұл, егер сыйлықақылар, төленген немесе алынған сомалар, мәмілелер бойынша шығындар және сыйақылар немесе жеңілдіктер жатқызылатын мерзім ауыспалы болған жағдайда болады, құрал бойынша күтілетін төлем мерзіміне дейінгі нарықтық ставкалар бойынша қайта бағаланады. Мұндай жағдайда амортизацияның қолайлы кезеңі ставканы осылай қайта қараудың келесі күніне дейінгі кезең болып табылады. Мысалы, егер жайылған ставкасы бар құрал бойынша сыйақы немесе жеңілдік осы құрал бойынша пайыздар төленген соңғы күнінен бастап есептелген пайызда көрінсе немесе жазылған пайыздық ставка нарықтық ставкаларға сәйкес берілген болса, ол нарықтық ставкаларға сәйкес жайылған ставканың берілген келесі күніне дейін амортизацияланатын болады.

Бұл сыйақы немесе жеңілдік пайыздық ставканың келесі жаңартылған күніне дейінгі кезеңге жатқызылуына байланысты, себебі сыйақы немесе жеңілдік (яғни пайыздық ставкалар) жатқызылатын осы ауыстырылған күнге нарықтық ставкаларға сәйкес келтіріледі. Алайда егер сыйақы немесе жеңілдік көрсетілген құралда немесе басқа да ауыстырылған нарықтық ставкаларға сәйкес келтірілмеген жайылған ставкаға кредиттік спрэданың өзгеру нәтижесі болып табылса, ол құралдың күтілетін қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

3. Жайылған ставкасы бар қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бойынша нарықтық пайыздық ставкалардың қозғалысын көрсету мақсатында ақша ағындарын мерзімдік қайта бағалау тиімді пайыз ставкасының өзгеруіне әкеледі. Егер жайылған пайыздық ставкасы бар қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда мерзімнің басталған кезінде алынуы немесе төленуі тиіс негізгі сомаға тең мөлшерде болып танылса, болашақ пайыздық төлемдерді қайта бағалау әдетте активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі әсері болмайды.

4. Егер ұйым төлемдердің немесе түсімдердің есеп айырысу сомаларын қайта қараса, онда ол нақты және қайта қаралған. Есептік ақша ағындарының көрінуі үшін қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің (немесе қаржылық құралдардың топтарының) баланстық құнын түзетуі тиіс. Ұйым қаржылық құрал пайызының бастапқы тиімді ставкасы бойынша келешек болжанатын ақша қаражатының ағындарының келтірілген құнының есептеу арқылы баланстық құнын қайта есептейді. Түзетудің шамасы пайданың немесе зиянның құрамындағы табыс немесе шығыс ретінде танылады.

Қ а р ж ы л ы қ е с е п т і л і к т і ң
N 2 ұ л т т ы қ с т а н д а р т ы н а
2-қосымша

Әділ құн бойынша өлшеу

1. Әділ құнды белгілеу негізінде жойылу, өз қызметінің көлемдерін немесе пайдасыз жағдайларда әрекеттер жасауға ниеті немесе қажеттілігі жоқ компанияның үздіксіз қызметі туралы болжам тұрады. Осылайша, әділ құн мәжбүрлі әрекет, мәжбүрлеп жою немесе өте төмен бағалар бойынша сатылу кезінде ұйым алатын немесе төлей алатын сома болмайды. Алайда әділ құн құралдың кредитке қабілеттілігін көрсетеді.

2. Қаржы құралының белсенді нарықта, егер белгіленген бағалар туралы ақпаратты қор биржасынан, дилерден, брокерден, салалық топтан, баға қалыптасу қызметінен немесе реттеу органынан еркін және үнемі алатын болса және бұл бағалар бір біріне тәуелсіз тараптар арасында нақты және үнемі

болатын әрекеттерді қамтитын болса бағасы белгіленген деп саналады. "Әділ құн" терминінің анықтамасы осындай мәміле жасауға ниет білдірген тәуелсіз сатып алушы мен сатушы арасында келісілген баға төңірегінде беріледі. Белсенді нарықта сатылатын қаржы құралының әділ құнын айқындау мақсаты - есепті күнге (яғни құралды жаңғыртып жаңартуынсыз немесе өзгерістер енгізуінсіз), оған ұйымның тікелей қолжетімділігі бар белсенді анағұрлым пайдалы нарықта осы құралмен әрекет жасалған баға алу. Алайда ұйым осы нарықта сатылатын құралдар мен бағаланатын құрал арасында қарама-қарсы тараптың кредиттік тәуекелінде кез келген айырмашылығын көрсету үшін одан да пайдалы белсенді нарықта қолданылатын бағаны түзету жасайды. Белсенді нарықта жарияланған белгіленген бағалардың болуы - әділ құнның ең үздік расталуы болып табылады және егер олар болғанда, қаржы активі мен қаржылық міндеттемелерді өлшеу үшін қолданылады.

3. Сұраныстың ағымдағы бағасы қолда бар актив немесе шығарылатын міндеттеме үшін, ал сұраныс бағасы - алынатын актив немесе қолда бар міндеттеме үшін тиісті нарықтық белгіленген бағасы болып саналады. Ұйымда өтеуші нарық тәуекелі бар активтер мен міндеттемелер бар болған жағдайда, ол өтеуші тәуекелді ұстанымдардың әділ құнын айқындауға арналған база ретінде орта нарықтық бағаларды және сұраныс бағасын немесе ұсыныс бағасын ашық таза позицияға тиісті түрде ашық қолдана алады. Сұраныс пен ұсыныс бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда ағымдағы әділ құнды айқындау негізі болып ең соңғы әрекеттің бағасы болады (оны өткізу сәтінен бастап экономикалық жағдайлардың елеулі өзгерістері болмаса). Егер әрекетті жасау сәтінен бастап жағдайлар өзгерсе (мысалы, корпоративтік облигацияларға арналған соңғы белгіленген бағаның тәуекелсіз пайыздық ставка өзгерсе), әділ құн ұқсас қаржы құралдары бойынша ағымдағы бағалар немесе ставкалар негізіндегі тиісті өзгерістерді көрсетеді. Осы тәрізді, егер ұйым соңғы әрекеттің бағасы әділ құны болып табылмайтынын көрсете алса (мысалы, мәжбүрлі әрекет, мәжбүрлеп жою немесе өте төмен бағалар бойынша сатылу кезінде ұйым алған немесе төлеген соманы көрсетуі себебінен), бұл бағаға түзету жасалады. Қаржы құралдары портфелінің әділ құны құрал бірліктерінің саны мен белгіленген нарық бағасының туындысы болып табылады. Егер ашық нарықта жалпы қаржылық құралы үшін жарияланған бағаның белгілеуі болмаса, бірақ оның құрамдас элементтерінің белсенді нарығы жұмыс істесе, әділ құны құрамдас элементтерінің тиісті нарық бағалары негізінде анықталады.

4. Егер ставканың (бірақ бағаның емес) белсенді нарықта бағасы белгіленсе, бағасы белгіленген бұл нарықтық ставканы әділ құнын айқындау үшін ұйым бағалау әдістемесінде кіріспе ақпарат ретінде қолданады. Егер бағасы белгіленген нарықтық ставка мен құралды бағалау кезінде нарыққа қатысушылар

қамтитын кредиттік тәуекелді немесе басқа факторлар қамтылмаса, ұйым осы факторларды ескере отырып, түзетуді жасайды.

5. Егер қаржы құралының рыногы белсенді болмаса, ұйым бағалау әдісін қолдана отырып, әділ құнды белгілейді. Бағалау әдістері тәуелсіз, жақсы хабардар, осындай әрекеттерді жасауға ниет білдірген тараптар арасында жуырдағы нарықтық әрекеттер туралы ақпаратты қолдануды, мұндай ақпарат болған жағдайда маңызды сипаттамалар бағаланатын құралға ұқсас басқа құралдың ағымдағы әділ құнымен салыстыруды, дисконтталған ақша ағымдары мен опционды бағалау модельдерін талдауды қамтиды. Егер нарыққа қатысушылар құрал бағасын айқындау үшін кең қолданатын бағалау әдісі болған және бұл әдіс нақты нарықтық әрекеттерде алынған бағалардың сенімді есептерінің ұсынғаны көрсетілген болса, ұйым бұл әдісті қолданады.

6. Бағалау әдісін қолдану мақсаты - тәуелсіз тараптар арасында дұрыс іскерлік оймен уәждеделген алмасу кезінде өлшеу күніне әрекет бағасы қандай болатынын айқындау. Әділ құн нарықтық шығыс деректері барынша қолданылатын және ұйымның шығыс деректеріне мейлінше аз сүйенетін бағалау әдістерін қолдану нәтижелері негізінде есептеледі. Бағалау әдісі, егер 1) ол нарық құралының күтілетін бағасын жеткілікті деңгейде көрсетсе және 2) бағалау әдісі үшін шығыс деректері қаржы құралдары сипатталатын тәуекел-табыстылық коэффициенттерінің өлшеулері мен нарықтың күтілетін нәтижелері негіздеп ұсынса, әділ құнның нақты бағасын қамтамасыз етеді деп көзделеді.

7. Сондықтан, бағалау әдісі бағаны белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар ескеретін барлық факторларды қамтиды және қаржы құралдарының баға қалыптасудың қабылданған экономикалық әдіснамасына сәйкес келеді. Кәсіпорын кезенді бағалау әдісін салыстырады және осындай құралмен (яғни жаңғыртып-жаңартуынсыз және өзгерістер енгізуінсіз) байқалатын ағымдағы нарықтық әрекеттердегі бағалар туралы ақпаратты қолдана отырып, немесе қолда бар байқалатын нарық деректеріне сүйене отырып, оның дұрыстығын тексереді. Ұйым нарық деректерін құрал орын алған немесе сатып алынған сол нарықта рет-ретімен алып отырады. Бастапқы танылу кезіндегі қаржы құралының әділ құнының ең жақсы көрсеткіші - әрекеттің бағасы (яғни берілген немесе алынған өтемінің әділ құны). Бұл құралдың әділ құны басқа байқалатын ағымдағы нарықтық әрекеттермен салыстыру арқылы немесе байқалатын нарықтардың деректерін ғана қамтитын ауыспалы мөлшерді бағалау әдісі негізінде расталатын жағдайлардан басқа.

8. Қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені кейіннен өлшеу және кірістер мен шығыстардың кейіннен танылуы кезінде осы стандарттың алдын ала нұсқасының талаптарын орындау қажет. 7-тармақты қолдану кезінде қаржы активінің немесе қаржы міндеттемелерінің бастапқы танылу кезінде кіріс немесе

шығыс болмауы мүмкін. Бұл жағдайда осы бөлім кіріс немесе шығыстың танылуын бастапқы танылудан кейін тек нарыққа қатысушылар бағаны белгілеуде назарға алатын параметрде (уақытты қоса алғанда) өзгерістерге байланысты болатын кіріс немесе шығыстың танылуын ұйғарады.

9. Активті бастапқы алу немесе құру, немесе қаржы міндеттемесінің болуы нарықтық әрекет болып табылады, ол қаржы құралының әділ құнын бағалау үшін негіз болады. Атап айтқанда, егер қаржы құралы берешек құралы (мысалы, қарыз) болса, оның әділ құнын оны алу немесе құру күніне жұмыс істеген нарық жағдайлары және ағымдағы нарықтық жағдайлар немесе қазіргі уақытта кәсіпорын немесе ұқсас берешек құралдары бойынша басқа тараптармен есептелетін пайыздық мөлшерлермелер негізінде анықтауға болады (яғни өтеу күніне дейінгі тиісті қалған кезең, ақшалай қаражаттың қозғалыс схемасы, валюта, кредиттік тәуекел, кепілдік және пайыздарды есептеу базасы). Балама ретінде дебитордың кредиттік тәуекелінде және қолдануға жарамды кредиттік спрэдтарда берешек құралы туындағаннан кейін өзгерістер болмайды, ағымдағы нарықтық пайыздық ставканың есебі базистік берешек құралдан гөрі ең үздік бәсекеге қабілеттілікті көрсететін шығыс пайыздық ставканы қолдану, кредиттік спрэдті өзгеріссіз түрде сақтау және берешек құралдың шығыс пайыздық ставкасының өзгерістерін есепке ала отырып түзету жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Егер ең соңғы нарықтық әрекет жасалған сәттен бастап жағдайлар өзгерсе, бағаланатын қаржы құралының әділ құнының тиісті өзгеруі ағымдағы бағалар немесе бағаланатын құралдан айырмашылығы ескеріле отырып тиісінше түзету жасалған тәрізді қаржы құралдары бойынша ставкалар негізінде белгіленеді.

10. Өлшемнің кез келген күніне бірдей ақпарат алу мүмкін емес. Мысалы, ұйым қарыз алатын немесе нарықта белсенді сатылатын берешек құрал алатын күнге, оның да нарық бағасы болып табылатын әрекет бағасы болады. Алайда кейінгі өлшеу күніне әрекеттер туралы жаңа ақпарат алынуы мүмкін емес және нарықтық пайыздық ставкалардың жалпы деңгейін белгілей алатынына қарамастан, ол кредиттік немесе басқа тәуекелдің осы күнге құрал құнын бағалау кезінде нарыққа қатысушылар ескере алатын деңгейін қандай болуын білмеуі мүмкін. Келтірген құнды есептеу үшін дисконттау ставкасын анықтау кезінде қолдану үшін базалық пайыздық ставкаға тиісті кредиттік спрэдті анықтау үшін соңғы әрекеттер туралы ақпараттың ұйымда болмауы мүмкін. Бұған қарсы көрсеткіштер болмаған жағдайда, қарызды алу күніне болған спрэдте ешқандай өзгерістер болмағанын болжау дұрыс болар еді. Алайда ұйым осындай факторларда өзгеріс болғанын куәландыруды айқындау үшін дұрыс іс-әрекет жасайды деп болжанады. Егер өзгерістерді куәландыратын жағдай болса, қаржы құралының әділ құнын айқындауда ұйым осы өзгерістің әсерін ескереді.

11. Дисконтталған ақша ағындарын талдау кезінде ұйым дисконттаудың бір немесе бірнеше ставкасын пайдаланады, олар шын мәнінде ұқсас жағдайлар мен сипаттамалары бар құралдың кредитке қабілеттілігін, шартта белгіленген пайыздық ставканың қалған қолданылу кезеңін, негізгі соманы өтеуге дейінгі қалған мерзімді және төлемдер жасалатын валютаны қоса алғанда, қаржы құралдары үшін табыстылық нормаларына тең. Қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешекті жарияланған пайыздық ставка болмаған жағдайда, егер дисконттау нәтижесі маңызды болмаса, шот-фактурада көрсетілген бастапқы құнымен өлшеуге болады.

12. Белсенді нарықта белгіленген нарықтық бағасы жоқ инвестициялардың үлестік құралдарға және бағасы белгіленбеген үлестік құралмен байланысты және олар бойынша есептер бағасы белгіленбеген осындай үлестік құралды жеткізу арқылы есеп жасалатын туынды құралдарға (опциондар, форвардтық және фьючерстік шарттар, своптар және т.б) әділ құны сенімділіктің жеткілікті деңгейімен өлшенеді, егер 1) негізделген әділ құнның есептік бағалау жүргізілетін шектердің өзгеруі осы құрал үшін елеулі болып табылмаса, немесе 2) осы шектерде түрлі есептік бағалау ықтималдығын негіздеп бағалауға және оны әділ құнды бағалауда қолдануға болады.

13. Белгіленген нарықтық бағасы жоқ үлестік құралдарға инвестициялардың негізделген әділ құнының есептеу бағасы жүзеге асырылатын және бағасы белгіленбеген үлестік құралмен байланысты және олар бойынша есептер бағасы белгіленбеген осындай үлестік құралды жеткізу арқылы есептер жасалатын шектердің өзгеруі елеулі болмауы ықтимал жағдайлар көп болады. Көбінесе ұйымда сыртқы жақтан алған қаржы активінің әділ құнын есептеу мүмкіндігі болады. Алайда негізделген әділ құнды есептік бағалау шектері елеулі болса және түрлі есептік бағалау ықтималдығын негіздеп бағалауға мүмкіндік болмаса, ол кәсіпорынның құралды әділ құн бойынша өлшеуіне кедергі жасайды.

14. Нақты қаржы құралының әділ құнын бағалаудың қолайлы әдісі нарықтық жағдайлар және басқа факторлар туралы қолданыстағы нарықтық ақпаратты пайдалануды қамтиды, олар құралдың әділ құнына ықпалын тигізуі мүмкін. Қаржы құралының әділ құны төменде аталған бір немесе бірнеше факторларға негізделеді (және басқа факторлар болуы мүмкін):

1) Ақшаның уақытша құны (яғни базалық немесе тәуекелдік ставкасы бойынша проценттер). Базалық пайыздық ставкаларды мемлекеттік облигациялардың байқалатын бағаларға сүйене отырып, алуға болады. Олар сондай-ақ қаржылық жариялануда жиі келтіріледі. Бұл ставкалар мерзімнің түрлі аралықтарына арналған пайыздық ставкалардың табыстылығы көрсеткішінде болжанатын ақша ағымдарының күтілетін күндерімен ауысады. Практикалық себептермен ұйым танып, қабылданған немесе еркін байқалатын жалпы ставканы

мысалы, ЛИБОР, немесе шығыс ставкасы ретінде своп ставкасын қолдана алады (ЛИБОР сияқты ставка тәуекелсіз емес екендігіне байланысты нақты қаржы құралына сәйкес келетін кредиттік тәуекел осы шығыс ставкасында кредиттік тәуекелге қатысты кредиттік қауіп-қатер негізінде айқындалады). Кейбір елдерде орталық үкіметтің облигацияларының өздерінде елеулі кредиттік тәуекелі болады және осы елдің валютасымен айқындалған құралдар үшін проценттің тұрақты шығыс базалық ставкасын үнемі қамтамасыз етіп отырмайды. Осы елдердегі кейбір ұйымдардың ең үздік кредитке қабілеттілігі және орталық үкіметтен гөрі қарыздар бойынша ең төменгі пайыздық ставкасы болады. Мұндай жағдайда базалық пайыздық ставкалар осы заңдық құқығының валютасымен шығарылған ең жоғары рейтингті корпоративтік облигацияларға арналған пайыздық ставкалар негізінде нақтырақ анықтауға болады.

2) Кредиттік тәуекел. Кредиттік тәуекелдің әділ құнына (яғни сыйлықтың кредиттік қауіп-қатер үшін базалық пайыздық ставкадан артуы) әсерін кредитке түрлі қабілеттілігі бар сатылатын құралдарға байқалатын нарықтық бағалар негізінде немесе түрлі кредиттік рейтингі бар қарыздар бойынша кредиторлар есептейтін байқалатын пайыздық ставкалар негізінде анықтауға болады.

3) Шетелдік валюталарды айырбастау бағасы. Валюта айырбастаудың белсенді нарықтары негізгі валюталардың көбі үшін болады және бағалар күн сайын қаржылық жариялауда келтіріледі.

4) Тауарларға бағалар. Тауарлар түрлерінің көбі үшін байқалатын нарықтық бағалары бар.

5) Үлестік құралдарға бағалар. Кейбір нарықтарда сатылатын үлестік құралдарға бағаларды (және бағалардың индекстерін) еркін байқауға болады. Байқалатын бағалар туралы ақпараты жоқ ағымдағы нарықтық бағаны есептеу үшін келтірілген құнында негізделген әдістер қолданылуы мүмкін.

6) Өзгерту (яғни қаржы құралының немесе басқа баптың болатын өзгерістер бағасының көлемі). Белсенді сатылатын баптардың өзгерістерінің көрсеткіштерін тарихи нарық деректері негізінде немесе ағымдағы нарық бағаларының болжамды ауытқуы туралы деректерді қолдана отырып, негіздеп есептеуге болады.

7) Мерзімінен бұрын төлеу тәуекелі мен міндеттемелерден бас тарту тәуекелі. Қаржы активтері бойынша мерзімнен бұрын күтілетін төлемдер схемалары және қаржылық міндеттемелері бойынша күтілетін бас тарту схемаларын тарихи деректері негізінде есептеуге болады. (Қарсы тарап бас тартатын қаржылық міндеттеменің әділ құны бас тарту сомасының келтірілген құнынан кем болмауы мүмкін).

8) Қаржы активіне немесе қаржылық міндеттемелерге қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар. Қызмет көрсетуге шығындар нарықтың басқа

қатысушыларымен есептелген ағымдағы сыйақы сомасымен салыстыру негізінде есептеуге болады. Егер қаржы активіне немесе қаржылық міндеттемелерге қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар елеулі болса және нарықтың басқа қатысушыларында салыстырмалы шығындар пайда болса, эмитент осы қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің әділ құнын айқындау кезінде ескереді. Болатын сыйақыларға шарттық құқық туындаған кезде әділ құн дайындық жұмыстарына жұмсалған шығындарға (болатын сыйақылар және олармен байланысты шығындар нарықтың салыстырмалы деректерімен сәйкес келмейтін жағдайлардан басқа) тең болуы ықтимал.

Қ а р ж ы л ы қ е с е п т і л і к т і ң
N 2 ұ л т т ы қ с т а н д а р т ы н а
3-қосымша

Қолдану жөнінде нұсқау

1. Осы Стандарттың 20-бөліміне қоса беріліп отырған, бірақ оның бөлігі болып табылмайтын бұл қосымшада осы Стандарттың 20-бөлімінде айтылған бағалау міндеттемелерін танып, қабылдау және өлшеу жөніндегі талаптарды қолдану үлгілері берілген.

2. 1-мысал - Болашақ операциялық шығындар
Ұйым болашақта сегменттердің бірі бірнеше жыл өткеннен кейін операциялық шығын әкелу ықтималдығы бар екенін анықтады.

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде ағымдық міндеттеме - ұйымның ресурстарды беруіне әкеліп соқтыратын міндеттеуші оқиға болған жоқ.

Қорытынды: ұйым операциялық қызметтен болатын болашақ шығындарға қатысты бағалау міндеттемелерін тани алмайды. Күтілетін болашақ операциялық шығындар міндеттеменің анықтамасына сай келмейді. Операциялық шығындарды күту белгілі бір активтер осы Стандарттың 26-бөліміне сәйкес құнсыздануы мүмкін екенін айғақтай алады.

3. 2-мысал - Қиындық келтіретін шарт
Қиындық келтіретін шарт дегеніміз шамасы алынуы болжанатын экономикалық пайдалардан асып кететін болмай қалмайтын шығындарды талап ететін міндеттемелер орындалатын шарт. Мысалы, ұйым операциялық жалға алу шарты бойынша көп пайдаланбайтын актив үшін жалға алу ақысын төлеуге м і н д е т т і б о л у ы м ү м к і н .

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - шарт бойынша ұйым ресурстарды беруге міндетті, бұл ретте міндеттеме салыстыруға б о л а т ы н п а й д а л а р д ы а л м а й д ы .

Қорытынды: егер ұйымның қиындық келтіретін шарты болса, онда ұйым

бағалау міндеттемесі ретінде шарт бойынша қазіргі кездегі міндеттемені танып, қабылдайды.

4. 3-мысал - Қайта құрылымдау

Қайта құрылымдау - бұл ұйымның басшылығы жоспарлайтын және бақылайтын немесе:

1) ұйымның қызметінің саласын, не
2) осы қызметті жүргізу тәсілдерін елеулі түрде өзгертетін бағдарлама.
Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - қайта құрылымдау бойынша қазіргі кездегі міндеттеме ұйым мынадай жағдайда:

1) құрылымдаудың мыналарды:
сөз қозғалып отырған қызметті немесе оның бөлігін;
негізгі орналасқан жерін;
орналасқан жері, функциясы және жұмыстан шығарылғаны үшін өтемақы төленетін қызметкерлердің болжамды санын;
өзі көтеретін шығындарды; және
жоспарды орындау мерзімдерін анықтайтын егжей-тегжейлі ресми жоспары болғанда;

2) мүдделі тұлғалардың осы жоспарды орындауды бастай отырып немесе мүдделі тұлғаларға жоспардың негізгі ерекшеліктерін жариялай отырып, қайта құрылымдау болады деген негізделген күтуін туғызуы болғанда туындайды.

Қорытынды: ұйым қайта құрылымдау бойынша шығындарға арналған бағалай міндеттемелерін өзінде заңды міндеттемелер мен қайта құрылымдау бойынша практикадан туындайтын міндеттеме болған жағдайда ғана танып, қабылдайды.

5. 4-мысал - Кепілдіктер

Өзінің өнімін сату кезінде өнім өндіруші сатып алушыларға кепілдік береді. Сату шартының талаптары бойынша өнім өндіруші сатқан күннен бастап үш жылдың ішінде пайда болған барлық өндірістік ақауларды жөндеу немесе ауыстыруды жүргізе отырып, қалпына келтіруге міндеттенеді. Кепілдіктер бойынша талаптар туындайтын бұрынғы тәжірибеден алынған ықтималдық бар (яғни болуы ықтималдан гөрі, болуы әбден мүмкін).

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - міндеттеуші оқиға заңды міндеттеменің туындауына әкелетін кепілдігі бар тауарды сату болып табылады.

Экономикалық пайдаларды білдіретін ресурстардың шығуы өтеу кезінде - тұтастай алғанда кепілдіктер үшін ықтимал.

Қорытынды: ұйым есепті күнге дейін сатылған өнімнің ақауларын кепілдікпен қалпына келтіруге арналған ең жақсы есептік бағалау сомасындағы бағалау міндеттемесін танып, қабылдайды.

Е с е п т і ң ү л г і с і :

20X0 ж. 1 000 000 ед. сомасына өнім сатылды. Тәжірибе көрсеткендей, сатылған өнімнің 90 пайызы кепілдік жөндеуін қажет етпейді, сатылған өнімнің 6 пайызында аздаған ақаулар бар, оларды қалпына келтіруге жұмсалатын шығын сату бағасының 30 пайызына тең; және сатылған өнімнің 4 пайызының елеулі ақаулары бар, оларды қалпына келтіруге немесе ауыстыруға жұмсалатын шығын сату бағасының 70 пайызына тең. Сондықтан кепілдіктер бойынша болжанатын шығындарды былай есептеуге болады:

1	000	000	*	90%	*	0	=	0
1	000	000	*	6%	*	30%	=	18 000
1	000	000	*	4%	*	70%	=	28 000
Барлығы: 46 000								

20X0 ж. сатылған өнімнің кепілдікті жөндеуіне немесе ауыстырылуына жұмсалатын шығындар 20X1 ж. - 60%, 20X2 ж. - 30%, және 20X3 ж. - 10% құрайды деп болжанады. Болжанатын ақша қаражаты ағындары ақша қаражатының тұрақтамауын туындату ықтималдығын көрсетіп отырғандықтан және ақша қаражатының бұл ағындарының берілген құнын айқындау үшін көрінуі талап етілетін өзге де қауіп-қатерлер мен белгісіз жағдайлар болмайтынын болжай отырып, ұйым күтілетін ақша қаражатының тұрақтамауы туындауының ұқсас мерзімдеріне өтеу мерзімдерімен мемлекеттік облигациялар негізінде айқындалатын дисконттаудың қауіп-қатерсіз ставкасын пайдаланады (бір жылдық облигацияға 6%, екі және үш жылдық облигацияларға 7%).

Төменде 20X0 жылы сатылған өнімнің кепілдікті қызмет көрсетілуіне жататын болжамды ақша қаражатының ағындарының 20X0 жылдың соңындағы келтірілген құнының есептері беріліп отыр:

Коды	Болжамды ақша төлемдері	Дисконттау ставкасы	Дисконттау коэффициенті	Келтірілген құны
1	60% * 46 000 27 600	6%	0,9434 (6%, 1 жыл)	26 038
2	30% * 46 000 13 800	7%	0,8734 (7%, 2 жыл)	12 053
3	10% * 46 000 4 600	7%	0,8163 (7%, 3 жыл)	3 755
Барлығы 41 846				

Ұйым 20X0 жылы сатылған өнімге қатысты 20X0 жылдың соңында 41 846 сомасына кепілдікті міндеттемені танып, қабылдайды.

6. 5-мысал - Ақшаны қайтару саясаты

Бөлшек сауда дүкенінде сатып алынған тауарға риза болмаған клиентке, заң бойынша міндетті болмаса да, ақшаны қайтару саясаты бар. Бұл ақшаны қайтару саясаты кеңінен танымал.

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - міндеттеуші оқиға дүкеннің іс-қимылы оның клиентінің тарабынан сатылған

тауардың ақшасын қайтарады деген негізделген күтуін туғызатын практикадан алынатын міндеттеменің туындауына әкелетін тауарды сату болып табылады.

Экономикалық пайдаларды білдіретін ресурстардың шығуы өтеу кезінде - тауардың бір бөлігі қайтарылуы, ал сол тауар үшін төленген ақша қайтарылуы ы қ т и м а л .

Қорытынды: ұйым ақшаны қайтаруды жүзеге асыру үшін қажетті сомаларды ең жақсы есептік бағалау мөлшеріндегі бағалау міндеттемесін танып, қабылдайды.

7. 6-мысал - Есепті күнге дейін жүзеге асырылмаған бөлімшені жабу
20А.6 20Х0 жылғы 12 желтоқсанда ұйымның басшылығы өз бөлімшелерінің біреуін жабуды ұйғарды. Есепті кезеңге дейін (20Х0 жылғы 31 желтоқсан) бұл шешім жабылатын тараптарға хабарланбады, шешімді жүзеге асыру бойынша ешқандай басқа да әрекеттер жасалмады.

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - міндеттеуші оқиға болмағандықтан, міндеттемелер де болған жоқ.

Қорытынды: ұйым бағалау міндеттемесін танымайды.

8. 7-мысал - Бөлімшені жабу: есепті кезеңге дейін хабарлау/жүзеге асыру
20А.7 20Х0 жылғы 12 желтоқсанда ұйымның басшылығы белгілі бір бұйым өндіретін бөлімшені жабуды ұйғарды. 20Х0 жылғы 20 желтоқсанда басқарма бөлімшені жабудың нақты жоспарын бекітті; жеткізілімдердің балама көздерін іздестіру қажеттілігі туралы ескерту хат клиенттерге таратылды, ал бөлімшенің қызметкерлер құрамына штаттардың алдағы уақытта қысқаратыны туралы е с к е р т у х а т т а р а т ы л д ы .

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - міндеттеуші оқиға бөлімшенің жабылатыны туралы негізделген күтуін туғызатындықтан, осы күннен бастап практикадан туындайтын міндеттемені туғызатын шешімді клиенттер мен қызметкерлерге хабарлау болып табылады.

Экономикалық пайдаларды білдіретін ресурстардың шығуы өтеу к е з і н д е - ы қ т и м а л .

Қорытынды: ұйым есепті күні бөлімшені жабу кезінде келтірілетін шығындарды ең жақсы есептік бағалау сомасында 20Х0 жылғы 31 желтоқсанға бағалау міндеттемесін танып, қабылдайды.

9. 8 - мысал - Пайдаға салық салу жүйесіндегі өзгерістердің нәтижесі ретінде қызметкерлер құрамын қайта даярлау

Үкімет пайдаға салық салу жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістердің нәтижесінде қаржылық қызмет саласында жұмыс істейтін ұйымға қаржылық қызмет саласындағы өзгеріп жатқан заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін өзінің әкімшілік және сауда жөніндегі қызметкерлер құрамының елеулі бөлігін қайта даярлауды жүзеге асыруы қажет. Есепті жылдың соңында

ешқандай қызметкерлер құрамын қайта даярлау жүргізілген жоқ.

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - міндеттеуші оқиға (қайта даярлау) болмағандықтан, міндеттеме болмайды.

Қорытынды: ұйым бағалау міндеттемесін танымайды.

10. 9-үлгі - Сот тексеруі

Клиент Х ұйымының өзіне келтірген, яғни Х сатқан бұйымды пайдалану нәтижесінде болған зиянды өтеу туралы талаппен сотқа шағымданды. Х ұйымы клиенттің бұйымды қолдану туралы нұсқау бойынша пайдаланбағанын негіздеп, жауапкершіліктен бас тартады. 20X1 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың қаржылық есептерін шығаруға бекіту күнінен дейін ұйымның заңгерлері ұйымның кінәлі болып танылуы ықтимал деп мәлімдеді. Алайда ұйымның 20X2 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың қаржылық есептерін жасау кезінде заңгерлер жағдайдың барысы бойынша ұйым кінәлі болып танылуы ықтимал деп е с е п т е й д і .

1) 20X1 жылғы 31 желтоқсанда

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - қаржылық есептерді бекіту кезінде болған айғақтардың негізінде өтіп кеткен оқиғаның нәтижесі ретінде міндеттеме болмайды.

Қорытынды: бағалау міндеттемесі танылмайды. Мұндай жағдайда ресурстардың шығу ықтималдығы алшақ болып есептелген жағдайларды қоспағанда, шартты міндеттемені ашу жүргізіледі

2) 20X2 жылғы 31 желтоқсанда

Өтіп кеткен міндеттеуші оқиға ретінде қазіргі кездегі міндеттеме - бар айғақтардың негізінде қазіргі кездегі міндеттеме болады.

Экономикалық пайдаларды білдіретін ресурстардың шығуы өтеу кезінде - ы қ т и м а л .

Қорытынды: есепті күнге арналған міндеттемені өтеу үшін қажетті сомаларды ең жақсы есептік бағалау мөлшеріндегі бағалау міндеттемесін танып, қабылдайды.

Қ а р ж ы л ы қ е с е п т і л і к т і ң
N 2 ұ л т т ы қ с т а н д а р т ы н а
4-қосымша

Кірісті тану мысалдары

1. Осы Стандарттың 22-бөліміне қоса беріліп отырған, бірақ оның бөлігі болып табылмайтын осы Стандарттың 22-бөлімінде айтылған табысты танып, қабылдау және өлшеу жөніндегі талаптарды қолдану үлгілері берілген.

Төменде берілген үлгілерде операциялардың нақты аспектілері қозғалады

және ол табысты танып, қабылдауға ықпал етуі мүмкін барлық факторларды жан жақты талдауды білдіреді. Үлгілерде әдетте табыстың сомасы сенімді түрде өлшенуі мүмкін екендігі көзделеді, болашақтағы экономикалық пайдаларды ұйымның алу ықтималдығы және келтірілген немесе болжанатын шығындар сенімді түрде өлшенуі ықтималдығы болады.

2. Әртүрлі елдерде заңнамалар осы Стандарттың 22-бөлімінің танып, қабылдау өлшеулері әртүрлі уақыттарда орындалатынын білдіретін жағдайлар болуы мүмкін. Атап айтқанда, заңда меншік құқығымен байланысты елеулі қауіп-қатерлер мен пайдаларды ұйымның беретін уақыт кезеңін айқындалуы мүмкін. Сондықтан бұл қосымшадағы үлгілер операция жасалатын елдегі тауарларды сатуға қатысты заңнаманың мәнмәтінінде зерделенуі тиіс.

3. 1-мысал - "Келесі жеткізілімге қосымша құжаттар жазып беру", мұнда сатып алушының өтініші бойынша жеткізу кейінге қалдырылады, бірақ сатып алушы меншік құқығын өзіне алады да жазып берілген есепшотпен келіседі.

Сатушы сатып алушы меншік құқығын өзіне алған кезде, егер:

- 1) жеткізуді жүзеге асыру ықтималдығы болса;
- 2) сатуды танып, қабылдау кезінде тауар болса, сатып алушыға жіберуге белгіленіп және оған дайын болса;
- 3) сатып алушы кейінге қалдырылған жеткізілім жөніндегі нұсқаулықты ашық түрде растаса; және
- 4) төлемнің әдеттегі шарттары қолданылса, табысты танып, қабылдайды.

Тауарларды жеткізілу мерзіміне қарай сатып алу немесе жүргізу ниеті ғана болатын болса, онда пайда танылмайды.

4. 2-мысал - Орнату және тексеру жағдайында тиелген тауарлар

Табысты, әдетте сатып алушы жеткізілімді қабылдағанда және орнату мен тексеру аяқталғанда танып, қабылдайды.

Алайда, табысты сатып алушы тікелей жеткізілімді қабылдап алғаннан кейін:

- 1) орнату процесі қиын болмаса, мысалы, зауытта тестіленген теледидарды орамнан ашуды және қоректендіру көзі мен антеннасын қосуды ғана қажет ететін орнату болғанда; немесе

2) тексеру шарт бағаларын түпкілікті анықтау үшін ғана орындалғанда, мысалы, темір кенін, қантты немесе соя бұршақтарын жеткізу кезінде танып, қабылдайды.

5. 3-мысал - Тауарлар белгілеген тәртіпте уағдаластығы бар және шектелген қайтару құқығы бар сатып алушы мақұлдаған жағдайда тиелген тауарлар

Егер қайтару ықтималдығына қатысты белгісіздік болса, онда табысты жеткізілген тауарды сатып алушы ресми қабылдағанда немесе тауарлар жеткізілгенде және бас тарту үшін уақыт мерзімі асып кеткенде танып, қабылдайды.

6. 4-мысал - Тауарлар сату шартымен алушы (сатып алушы) жеткізушіден (сатушыдан) тауарды сату міндеттемесін өзіне алған консигнациялық негізде
т и е л д і

Жеткізуші табысты алушының тауарларды үшінші тарапқа сатқаннан кейін танып қабылдайды.

7. 5-мысал - Тауарлар алу кезіндегі төлеу шарттарымен тиелді
Табыс жеткізілгеннен кейін сатушының немесе оның агенті ақшаны алғаннан кейін танылады.

8. 6-мысал - Тауарлар сатып алушының ішінара төлемдер сериясынан соңғы төлемдер жүргізген кезінде ғана жеткізілетін кейінге қалдырылған сатылымдар

Сатып алушы мұндай сатудан түскен табысты тауарларды жеткізгеннен кейін танып, қабылдайды. Алайда, егер мұндай сатудың көпшілігі соңына дейін жеткізілетінін тәжірибе көрсетсе, тауарлар болса, сатып алушыға белгіленіп және оған жеткізуге дайын жағдайда төлемақының елеулі бөлігі алынса, онда табыс танып, қабылданған болуы мүмкін.

9. 7-мысал - Артық қорда әлі жоқ, мысалы тауарлар жүргізілуі және үшінші тараптан тікелей сатып алушыға жеткізілуі тиіс болатын тауарларды жеткізуге дейін төлемақысы алынған тапсырыстар

Сатушы тауарлар сатып алушыға жеткізілген кезде ғана табысты танып, қабылдайды.

10. 8-мысал - Сатушы сол тауарларды біраз уақыт өткеннен кейін бір мезгілде сатып алуға келісетін немесе сатушыда сатылған тауарларды сатып алуға опцион болса немесе сатып алушыны сатылған тауарларды сатушының сатып алу талабымен сатуға опционы болса, сату және қайта сатып алу шарттары

Қаржылық актив болып табылмайтын активке сату және қайта сатып алу шарттарында сатып алушыға меншік құқығымен байланысты қауіп-қатерлер мен пайдалар іс жүзінде сатып алушыға берілгеніне көз жеткізу үшін шарттың талаптарын пысықтауы қажет. Егер олар берілген болса, онда сатушы табысты танып, қабылдайды. Меншік құқығымен байланысты қауіп-қатерлер мен пайдаларды сатушыда сақталса, құқықтық титул берілгеніне қарамастан, операция қаржыландыру жөніндегі келісім болып табылады және табыстың пайда болуына әкеледі. Қаржылық активтің сату және қайта сатып алу шартына қатысты осы Стандарттың 11-бөлімі қолданылады.

11. 9-мысал - Делдалдарға, мысалы, таратушыларға, дилерлерге немесе қайта сату үшін басқа тұлғаларға сату

Сатушы әдетте меншік құқығына байланысты қауіп-қатерлер мен пайдалар берілгенде мұндай сатудан түскен табысты танып, қабылдайды. Алайда, сатып алушы агент ретінде әрекет еткен жағдайда сату консигнациялық негіздегі сату ретінде қаралады.

12. 10-мысал - Баспа басылымдарына және ұқсас баптарға жазылу
Егер әрбір кезең ішінде қаралатын баптардың құны бірдей болса, онда сатушы сол кезең ішінде берілген баптар қойылатын кезең ішінде тура желі негізінде табысты танып, қабылдайды. Егер баптың құны кезең өткен сайын өзгерсе, онда табыс жазылуға қойылатын барлық баптардың сату есептік құнының негізінде танылады.

13. 11-мысал - Бөлшектеп алу арқылы өтелетін мерзім ұзартудағы сату
Сату күнінде сатушы, пайыздарды қоспағанда, табыстың сатылу бағасына қатысты бөлігіндегі табысты танып, қабылдайды. Сату бағасы өзгертілген пайыздық ставка бойынша алуға төлемдерді дисконттау арқылы белгіленетін өтеудің берілген құнына тең. Сатушы тиімді пайыз ставкасының әдісін пайдалана отырып, пайыздық құрайтын табыс ретінде танып, қабылдайды.

14. 12-мысал - Жылжымайтын мүлікті сату
Әдетте меншіктің заңды құқығы сатушыға ауысқанда сатушы кірісті танып-қабылдайды. Алайда кейбір заңдық құқықтарда жылжымайтын мүлікке меншік құқығы жалпы құқыққа негізделген меншік құқығы алынғанға дейін сатушыға ауысуы мүмкін және меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалар осы кезеңде беріледі. Бұл жағдайларда шартты орындау үшін ешбір елеулі іс-әрекеттер жасау қажет болмаса, кірісті танып-қабылдау орынды болады. Осы және басқа жағдайда, егер әділет құқығы нормаларына және немесе ортақ құқыққа негізделген жылжымайтын мүлікке меншік құқығы берілгеннен кейін сатушы қанда да бір маңызды іс-әрекеттер жасауға мәжбүр болса, кіріс осы іс-әрекеттердің орындалуына қарай танылып-қабылданады. Мысал ретінде құрылысы аяқталмаған ғимаратты немесе құрылысты келтіруге болады.

15. Кейбір жағдайларда жылжымайтын мүлік меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалар берілмейтін дәрежеде сатушының үнемі қатысуы сақтала отырып, сатылуы мүмкін. Қарсы сатып алу шарттары осындай мәмілелердің мысалы болып табылады, олардың сатуға және сатып алуға опциондары және белгілі бір кезеңде мүліктің бос болмауына немесе сатып алушының инвестицияларына белгілі кезеңде пайдаға сатушы кепілдік беретін шарттары болады. Мұндай жағдайларда сатушының үнемі қатысуының сипаты мен деңгейі әрекеттің есебін жүргізу тәртібін белгілейді. Ол сату немесе пайданы бөлу туралы қаржы, жалға алу немесе қайсыбір басқа келісім ретінде ескеріле алады. Егер ол сату ретінде ескерілсе, сатушының үнемі қатысуы кірісті танып-қабылдауға кедергі жасауы мүмкін.

16. Сондай-ақ сатушы төлем қаражатын және сатушының толық төлеу ниетінің нақтылығын ескеруі тиіс. Мысалы, сатып алушының бастапқы төлемін қоса алғанда, алынған төлемдер сомасы немесе оның үнемі іске асырылатын төлемдері сатып алушының төлеуді аяқтау ниетінің ойдағыдай болмауын

қамтамасыз еткенде, ақшалай түсімі алынған ақша көлемінде ғана танылып, қабылданады.

17. 13-мысал - Орнату үшін ақы

Сатушы орнату бойынша жұмыстардың аяқталуына қарай кіріс ретінде белгілеу үшін ақыны танып қабылдайды (ақысы тауарды сату ақысына ілескен болып табылған жағдайлардан басқа), ал мұндай жағдайларда ол тауар сатылғаннан кейін танып қабылданады.

18. 14-мысал - Тауар бағасына енгізілген қызмет көрсету үшін ақы
Тауардың сатылатын бағасы кейіннен қызмет көрсетуге сәйкестендіру сомасын қамтығанда (мысалы, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын сату кезіндегі жетілдіру және сатудан кейінгі қолдау), сатушы осы соманы танып, қабылдауды кейінге қалдырады және оны кіріс ретінде қызмет көрсету кезеңі бойы танып қабылдайды. Кейінге қалдырылған сома - осы қызметтерге келіп түсетін пайданы ескере отырып, шартқа сәйкес қызмет көрсету үшін болжанатын шығындарды өтейтін сома.

19. 15-мысал - Жарнама үшін комиссиялық сыйақылар

Бұқаралық ақпарат құралдарының комиссиялық сыйақылары тиісті жарнама немесе жарнамалық ролик жұртшылыққа таныстырылған жағдайда танылып, қабылданады. Өндірістік комиссиялық сыйақылар жобаның аяқталу сатысына байланысты танылып, қабылданады

20. 16-мысал - Сақтандыру агенттігінің комиссиялық сыйақылары

Агенттің қосымша қызметтерін ұсыну қажет емес сақтандыру агенттігінің алынған немесе алынуға жататын комиссиялық сыйақылары тиісті сақтандыру полисінің қолданылу немесе жаңадан пайдалану күніне кіріс ретінде танылып қабылданады. Алайда, агент полистің қолдану мерзімі бойы қосымша қызметтер көрсетуге мәжбүр болған ықтималдығы болса, агент комиссиялық немесе олардың бөлігін танып, қабылдауды кейінге қалдырады және олар кіріс ретінде полистің қолдану мерзімі бойына танылып қабылданады.

21. 17-мысал - Кіру үшін ақы

Сатушы көркем-шығармашылық көріністерден, банкеттерден және басқа да ерекше іс-шаралардан келіп түсетін кірісті іс-шара өтіп жатқанда танып қабылдайды. Бірқатар іс-шараларға абонементті сату кезінде сатушы олардың әрқайсысына әрбір іс-шарада қызметтердің орындалу деңгейін көрсететін негізде ақыны бөледі.

22. 18-мысал - Оқу үшін ақы

Сатушы оқу кезеңі бойындағы кірісті танып, қабылдайды.

23. 19-мысал - Бастапқы, кіріс және мүшелік салымдар

Кірісті танып, қабылдау көрсетілетін қызметтердің сипатына байланысты. Егер жарналар тек мүшелікке ғана қатысты болса, ал барлық басқа қызметтер

немесе өнімдер жеке төленсе, немесе егер жеке жылдық абонемент қарастырылса, оларды алуға қатысты елеулі күдік тумаған жағдайда жарна кіріс ретінде танылып, қабылданады. Егер жарна мүшеге мүшелік кезеңі бойы қызметтермен және жарияланымдармен пайдалануға немесе мүше емес адамдар үшін тағайындалатын бағалардан төмен бағалар бойынша тауарлар немесе қызметтер сатып алуға құқық берсе, жарна берілген пайдалардың мерзімдерін, сипаты мен құнын көрсететін негізде танылып қабылданады.

24. Франшиза үшін ақы

Франшиза үшін ақы бастапқы және кейінгі қызметтерді, жабдықтарды және басқа материалдық активтерді және ноу-хауды ұсынуды қамтиды. Тиісінше франшиза үшін ақы кіріс ретінде бұл ақы алынатын шеңбердегі мақсат негізінде танылып қабылданады. Төменде франшиза үшін ақыны танып, қабылдаудың қолжетімді әдістері аталады.

25. 20-мысал - Жабдықтарды және басқа да материалдық активтерді жеткізу кезінде франшиза үшін ақы

Франшиза беруші түсім ретінде активтерді жеткізу немесе меншік құқығын беру сәтінде сатылған активтердің әділ құнын танып, қабылдайды.

26. 21-мысал - бастапқы және кейінгі қызметтерді көрсету кезінде франшиза үшін ақы

Франшиза төлеуші төлем бастапқы немесе жеке болатынына қарамастан, қызмет көрсетуіне қарай кіріс ретінде үнемі қызмет көрсеткені үшін ақыны танып қабылдайды. Жеке төлемнің мөлшері үнемі қызмет көрсеткені үшін нақты шығындарды өтеу және пайданың ақылға қонымды үлесін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болса, үнемі қызмет көрсету үшін шығындарды өтеу және ақылға қонымды пайданы қамтамасыз етуге жеткілікті бастапқы төлеу бөлігі кейінге қалдырылуы және қызмет көрсетуіне қарай кіріс ретінде танылып қабылдануы тиіс.

27. Франшиза шартында франшиза беруші басқа сатып алушыларға тағайындайтын бағадан төмен баға бойынша немесе осы сату бойынша ақылға қонымды пайданы қамтамасыз етпейтін баға бойынша жабдықтарды, артық қорларды немесе басқа да материалдық активтерді жеткізу көзделуі мүмкін. Мұндай жағдайларда осы бағадан асыра жасалған есептік шығындарды өтеу және осындай сату бойынша ақылға қонымды пайданы қамтамасыз ету үшін жеткілікті бастапқы ақының бөлігі кейінге қалдырылуы және франшиза алушыға тауарлар сату көзделген кезең бойы танылып, қабылдануы тиіс. Бастапқы төлем сомасы барлық бірінші қызметтер және шартта көзделген франшиза беруші міндеттемелері (орналасу жерін таңдау, қызметкерлер құрамын оқыту, қаржыландыру және жарнама сияқты) негізінен орындалғаннан кейін кіріс ретінде танылып қабылданады.

28. Франшизаның аумақтық шарты бойынша бастапқы және басқа да міндеттемелері осы өңірде белгіленген жеке сауда орындары санына байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда бастапқы қызметтерге қатысты ақы бастапқы қызметтерді көрсету негізінен аяқталған сауда орындары санына үйлесімді кіріс ретінде танылып-қабылданады.

29. Егер бастапқы төлем ұзақ кезең бойы алып отыруға жататын болса және ол толық көлемде алынуына нақты белгісіздік бар болса, ақшалай жарналардың алуына қарай танылып, қабылданады.

30. 22-мысал - Франшиза үшін ақы: франшиза үшін ағымдағы төлемдер
Шарт бойынша берілетін құқықтарды үнемі пайдалану үшін немесе осы шарттың қолданылу мерзімі бойы берілетін басқа да қызметтер үшін алынатын ақы қызмет көрсету немесе құқықтарды пайдалануға қарай кіріс ретінде танылып қабылданады.

31. 23-мысал - Франшиза үшін ақы: делдалдық әрекеттер
Франшиза беруші және алушы арасында біріншісі негізінен франшиза алушының агенті ретінде іс-қимыл жасайтын әрекеттер іске асырылуы мүмкін. Мысалы, франшиза беруші өзіне түсетін пайдасыз тауарға тапсырыс бере алады және оны франшиза алушыға жеткізуді ұйымдастыра алады. Мұндай әрекеттер түсімнің болуына әкелмейді.

32. 24-мысал - Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын әзірлеу
ү ш і н а қ ы

Бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын әзірлеуші сатылудан кейін сервистік қолдау бойынша қызметтерді қоса алғанда әзірлеуді аяқтау сатысына байланысты кіріс ретінде арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын әзірлеу үшін ақыны танып қабылдайды.

33. 25-мысал - Лицензиялық төлемдер мен роялти
Лицензиар кәсіпорын активтерін (сауда таңбалары, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары, музыкалық шығармаларға авторлық құқықтар, жазбаларының түпнұсқалары және кинофильмдер сияқты) пайдаланғаны үшін төленген сыйақылар мен роялтиді көбінесе шарт мазмұнына сәйкес танып қабылдайды. Практикалық тұрғыдан танып, қабылдау шарттың қолдану мерзімінің тікелей негізінде жүзеге асырылуы мүмкін (мысалы, лицензиаттың айқындалған уақыт кезінде белгілі технологияны пайдалану құқығы болғанда).

34. Лицензиатқа бұл құқықтарды еркін пайдалануға рұқсат беретін және олар бойынша лицензиар барлық міндеттемелерді орындаған күші жойылмайтын шарт бойынша бекітілген сыйақыға немесе өтелмейтін кепілдіктерге құқықтарды беру негізінде сату болып табылады. Жеткізуден кейін лицензиар ешқандай міндеттемелерге сай келмеген жағдайда бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалануға лицензиялық келісім осындай беру мысалы болып

табылады. Басқа мысал: лицензиар кинофильмдерді көрсетуді жүзеге асыратын кәсіпорынды бақылау мүмкіндігі жоқ және әрі қарай билеттен кассалық түсімдерді алуды күтпейтін жағдайда кинофильмдерді коммерциялық мақсаттарда көрсетуге құқығын беру. Мұндай жағдайларда түсім сату сәтінде танылып қабылданады.

35. Кейбір жағдайларда лицензиялық сыйақы немесе роялти алу алдағы уақытта болатын қандай да бір оқиғаға байланысты. Бұл жағдайларда түсім осы сыйақылар немесе роялти алыну ықтималдығы болған жағдайда ғана танылып қабылданады, бұл көбінесе аталған оқиғаның орын алған кезінде болады.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 жылғы 2 1 маусымдағы
N 2 1 7 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының күші жойылған кейбір қаулыларының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есепке алу әдіснамасы департаментінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 239 болып тіркелген).

2. "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 14 қарашадағы N 4 қаулысы.

3. "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 15 қарашадағы N 5 қаулысы.

4. "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 21 қарашадағы N 7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 240 болып тіркелген).

5. "5 "Кіріс" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "6 "Негізгі құралдардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "7 "Тауарлық-материалдық қорлардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына өнімнің (жұмыстар мен қызметтердің) өзіндік құнына енгізілетін

шығындардың құрамы мен сыныптамасын қалыптастыру бөлігінде әдістемелік ұсынымдар", "7 "Тауарлық-материалдық қорлардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына тауарлық-материалдық қорлардың өзіндік құнына енгізілетін және кезеңнің шығыстары болып танылатын шығыстарды қалыптастыру бөлігінде әдістемелік ұсынымдар", "8 "Қаржылық инвестициялардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "9 Шетелдік валютадағы операциялардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "10 "Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "11 "Табыс салығы бойынша есеп" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "12 "Күрделі құрылысқа арналған мердігер шарттары" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар", "20 "Мұнай-газ өңдеу қызметінің есебі мен есептілігі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 21 мамырдағы N 7 бұйрығы.

6. "14 "Тәуелді шаруашылық серіктестікке инвестициялардың есебі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 23 желтоқсандағы N 85 бұйрығы.

7. "24 "Бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандарты" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 455 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 455 болып тіркелген).

8. "17 "Жалға беру есебі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 456 бұйрығы

9. "5 "Кіріс" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар күмәнді борыштар бойынша резерв қалыптастыру тәртібі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 457 бұйрығы.

10. "13 "Шоғырланған қаржылық есептілік және инвестицияларды еншілес серіктестіктерге есепке алу" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 458 бұйрығы

11. "15 "Бірлескен қызмет бойынша қатысу үлесінің қаржылық есепке алуда көрінуі" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 459 бұйрығы.

12. "Заңды тұлғалардың мүлік пен міндеттемелерді түгендеу жүргізуі тәртібі туралы 24 "Бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандартына әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 6 наурыздағы N 47 бұйрығы.

13. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания тарапынан жүргізілетін есеп-қисап және есеп беру тәртібі" 25-ші Бухгалтерлік есеп Ережесін (стандарт) Бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 16 сәуірдегі N 61 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 515 болып тіркелген).

14. "Брокерлік және дилерлік ұйымдардың есебі мен есептілігі" 26-шы Бухгалтерлік есеп ережесін (стандарт) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 6 шілдедегі N 108 бұйрығы.

15. "27 "Есепті кезеңнің күнінен кейін болатын күтпеген жағдайлар мен оқиғалар" бухгалтерлік есеп ережесін (стандартын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 14 шілдедегі N 113 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 576 болып тіркелген).

16. "26 "Брокерлік және дилерлік компаниялардың есебі мен есептілігі" бухгалтерлік есеп ережесіне (стандартына) әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 30 қазандағы N 161 бұйрығы.

17. "27 "Есепті кезеңнің күнінен кейін болатын күтпеген жағдайлар мен оқиғалар" бухгалтерлік есеп ережесіне (стандартына) әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 185 бұйрығы.

18. "Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 15 қарашадағы N 5 қаулысымен бекіткен 16 "Зейнетақымен қамсыздандыру шығындарының есебі" және 19 "Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорының есеп беруді жасауы және есебі" бухгалтерлік есеп стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 182 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 828 болып тіркелген).

19. "Бухгалтерлік есептің 29 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу ережесін (стандартын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 210 бұйрығы.

20. "Бухгалтерлік есептің 29 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу ережесіне (стандартына) әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 7 қыркүйектегі N 485 бұйрығы.

21. "Бухгалтерлік есептің 29 "Материалдық емес активтерді есепке алу" ережесін (стандартын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 490 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 935 болып тіркелген).

22. "Қазыналық кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен есептілігінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын операцияларды көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 маусымдағы N 266 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1191 болып тіркелген).

23. "Қазынашылық кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен есептілігінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын операцияларды көрсету ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 104 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1507 болып тіркелген).

24. "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1977 болып тіркелген).

25. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Бухгалтерлік есептің 29 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу" ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" N 824 тіркелген 1999 жылғы 19 мамырдағы N 210 және "Бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" Ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" N 935 тіркелген 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 490 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2059 болып тіркелген).

26. "239 нөмірмен тіркелген "Бухгалтерлік есептің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық

комиссиясының 1996 жылғы 15 қарашадағы N 5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2060 болып тіркелген).

27. "239 нөмірмен тіркелген "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 14 қарашадағы N 4 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2099 болып тіркелген).

28. "30 "Қаржы есептілігін беру" бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 14 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2182 болып тіркелген).

29. "31 "Есеп саясатындағы елеулі қателер мен өзгерістер кезеңі үшін таза кіріс (шығын)" бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 27 қаңтардағы N 25 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2183 болып тіркелген).

30. "239 болып тіркелген "Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2160 болып тіркелген).

31. "455 болып тіркелген "24 Бухгалтерлік қызметтерді ұйымдастыру" бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 455 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 101 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2225 болып тіркелген).